Балалардың жас ерекшеліктігінде қарай, сабақ құрылымын айқындай отырып, әр кезенде оқытудың тиімді әдістерін қолдану.

7.Білім беруді басқару және көшбасшылық.

Білім берудің кез келген жүйесіндегі тұрақты даму мен өзгерістердің сырттан енгізілуі мүмкін емес, олар нақты сыныптардағы мұғалімдердің тәжірибесі мен түсініктеріндегі өзгерістерден бастау алу керек деген тұжырымға сияды. Қандай жағдай болмасын, өзіңіздің өмірлік ұстанымызды таңдай білу, адамдық көшбасшылыққа негізделеді.

Оқытудың ақпараттық технологиясын оқу үрдісінде тиімді қолдану үшін мүмкіндігі шектеулі оқушыларының оқу іс-әрекеті, психологиялық тұлғалық әлеуметтік және физиологиялық даму ерекшеліктерін есепке алу керек. Оқушыларының өз мүмкіндігін көрсете білу үшін, ақпаратты өзіндік іздеу, жоспарлау, біріктіру, суреттеу, жалғастыру және тиімді пайдалану. Өз іс-әрекетінің дұрыстығын тексеріп, бақылау икемділігін бойына сіңіру әлде қайда маңызды.

Шығармашылық ойлау мен өз ойын еркін жеткізе білу икемділіктерінің дамуы негізінде оқушыларының дүниетанымы мен дарындылығы жетіле түседі. Мәселен, басқа пәндермен ұштастыра отырып оқушылардың алған білімдерін өмірде қолдана білуге құштарлығы басым екендігі айқын көрінеді.

Жаңа технология түрлерін сабақ үрдісінде пайдалану, оқушының шығармашылық, интеллектік қабілетінің дамуына, өз білімін өмірде пайдалана білу дағдыларының қалыптасуына әкеледі.

Жаңа педагогикалық технология мақсаты – оқытуды ізгілендіруі, яғни оқу құралдары оқушылардың өздігінен танымдық іс-әрекетін жүргізе алатындай болуы керек. Жаңа педагогикалық технология түрлері өте көп.

1.Ойын технологиясы. Педагогикалық ойындар технологиясы дегеніміз педагогикалық жұмысты ойын түрінде ұйымдастырудың әдістері мен тәсілдерінің жиыны. Ойын түріндегі жұмыстар сабақ үстіндегі қолайлы деген жағдайларда пайда болып, оқушыларды қызықтырушы құрал ретінде қолданылады.

2.Проблемалы оқыту технологиясы. Проблемалы оқыту – мұғалім басшылығы мен қиын мәселелерді туғызу және оқушылардың белсенді түрде өз беттерімен мәселелерді шешу. Қорытындысында олардың ойлау қабілеттері дамып, шығармашылық іскерліктері мен дағдылары қалыптасуына жағдай жасайды.

3.Сын тұрғысынан ойлау технологиясы. Мақсат пен міндеттердің орындалуы мынадай ұзақ жоспарлар арқылы іске асады: ассоциация; бірлестік қызмет; көзқарасын талдау мен дәлелдеу түрінде қорғау.

Бұл технология бойынша:

1. оқу үрдісінде қызығушылық артады;
2. оқушының өз бетімен білім алуына мүмкіндік беруі туады;
3. оқушының ақпараттық тіл байлығы жетіледі.

4. Деңгейлік саралау технологиясы. Саралап оқыту технологиясы, оқыту процесінің белгілі бөлігін қамтып, ұйымдастырудың шешімдері, оны оқыту құралдарының жиынтығы түрінде көрінеді. Сыныпты, топтарды оқытуға әртүрлі қолайлы жағдай туғызуды қажет етеді; әдістемелік педагогикалық-психологиялық және ұйымдастыру-басқару шаралары біріктіріледі.

Деңгейлеп оқыту технологиясының мақсаты: әрбір оқушы өзінің даму деңгейінде оқу материалын меңгергенін қамтамасыз етеді.

1) Деңгейлеп оқыту әр оқушыға өз мүмкіндіктерін пайдалана отырып, білім алуына жағдай жасауға мүмкіндік береді;

2) Деңгейлеп оқыту әр түрлі категориядағы балаларға, олармен саралай жұмыс істеуге мүмкіндік береді.

3)Деңгейлеп-саралап оқыту құрылымында білімді игерудің бірнеше деңгейі қарастырылады: ең төменгі деңгей (базалық), бағдарламалық, күрделенген деңгей сондықтан әрбір оқушы меңгеруі тиіс.

6. Жекелеп оқыту технологиясы. Жекелеп оқыту – оқу процесін ұйымдастырудың мына түрлері мен үлгілерін қарастырады.

- мұғалім бір ғана оқушымен жұмыс істейді;

- оқушы тек оқу құралдары мен өзара қатынаста (оқулықтар, компьютер, т.б) болады. Жекелік оқудың басты жетістігі баланың қабілетімен оқу қызметінің желісін әдісі мен мазмұнын өз қабілетіне қарай бейімдеуіне мүмкіндік береді.

7. Топтық технология. Бұл сыныпта оқу жұмысын ұйымдастырудың үшінші және төртінші деңгейі. Бұндай жұмыс белгілі-бір тапсырманы бірлесіп шешуі үшін сыныпты уақытша топтарға бөлуді қажет етеді. Оқушылардың өзіндік ерекшеліктерін ескеріп, бірлесіп үйренуге мүмкіндік береді.

8.Кезеңдеп оқыту технологиясы

1.Дидактикалық бірлікті ірілендіру (ДБІ) Әдістемелік құрылымның түзгіші негізіне мұғалім мен оқушы қызметін байланыстырушы ретінде математикалық жаттығу ұғымы алынған, әрі тұра, кері ұғымдары мен қағидалары бір кезде оқытылады.

ДБІ технологиясының ашушы түзгіші – жаттығу – үшен сабақтардың бірінде қаралады: - қазіргі тапсырма; - кімге арналғандығы; - жинақтау.

2.Ойлау қызметін кезеңдер бойынша қалыптастыру, мақсаттың бағытталу технологиясы – бағдарлық білім, шеберлік және дағдыны әсерлі меңгеру. Бұл технология әрбір оқушының жұмыстарды, әрбір қадамын мұғалімнің бақылауын қажет етеді. Сабақ меңгерудің барлық кезеңдерінде бақылап отыру – технологияның ең маңызды құраушыларының бірі болады. Ол оқушыны қателесуден сақтандыруға бағытталады.

9.Жеке пәндік педагогикалық технология.

Ерте және ыждағатты сауаттылыққа оқыту технологиясы. Технология мазмұны оқу процесі бала миының танымдық қуатын жан-жақты жандандыра отыра, қызметі мен қатынастары арқылы баланың табиғи ойлауына негізделген.

Әсерлі сабақтар жүйесіне негізделген технология.

Мақсаттық бағыттары:

- қалыпты білім, шеберлік дағдыны меңгеру;

- ойлау қызметіне математикалық тәсілдерді меңгеру;

- қабілетті балаларды дамыту;

10.Өзіндік дамыту технологиясы (М. Монтессори)

Мақсаттық бағыты: - жан-жақты дамыту; - жекелікті тәрбиелеу; - бала санасында ойлау қызметі мен пәндер түзгіштерін біріктіру.

Басты мақсаты – оқыту дағдысы: қолдағы ұсақ моториканы дамыту, есті дамыту.

11.Дамыта оқыту технологиялары.

1.Л.В. Занковтың дамыта оқу жүйесі. Оқыту қызметінің негізгі мотивациясы танымдық қызығушылық. Занков әдісі әртүрлі қызметтерге тарту, дискуссия, дидактикалық ойындарда оқытуда, пайдалану, сол сияқты есті, ойлауды, елестетуді, сөйлеуді байыту бағытындағы оқыту әдісі.

2.Д.Элькони – В.Давыдовтардың дамыта оқыту технологиясы. Элькони – Давыдов техноло-гияларындағы дамыта оқыту ең алдымен оның мазмұны, теориялық білімге негізделе отыра құрылған. Білімнің теориялық негізі терең түрдегі жинақтаудан тұрады.

Дәстүрлі технологиялардан өзгешелігі дамыта оқыту оқу қызметін басқаша бағалайды. Оқушының орындаған жұмыстары мен сапасы оқушыға білімнің жетімділігі мен қабілетінің жететіндігін мұғалімнің көзқарасы бойынша бағаланбай, оқушының өз мүмкіндігі тұрғысынан қаралады.

3.Жеке бас шығармашылығын дамытуға бағытталған дамыта оқыту жүйесі. Іздену, ойлап табу қызметтері процестері оқытудың негізгі мазмуны болады.

Дамыту мазмұны жақыннан орташаға, сонан кейін қашықтағы мақсаттық келешекке көшуден тұрады. Бұл технологияда ұжымдық жұмыс әдісі кеңінен қолданылады; ойға шабуыл, ұйымдастыру – қызмет ойыны, еркін шығармашылық пікірталасы.

12. Модульдік оқыту технологиясы. Модуль дегеніміз – қандайда бір жүйенің, ұғымның нақтылатын, біршама дербес бөлігі. Оқу модулі қайта жаңғыртушы оқу циклі ретінде үш құрылымды бөліктен тұрады. Кіріспеден, сөйлесу бөлімінен және қорытынды бөлімнен тұрады. Әр оқушы оқу модулінде сағат саны әртүрлі болады. Бұл оқу бағдарламасы бойынша сол тақырыпқа, тақырыптар тобына немесе тарауға бөлінген сағат санына байланысты.

Жаңа технологияны қолдануда оқушылардың пәнге деген қызығушылығын арттырып қана қоймай, үлкен ізденіспен, шығармашылыққа жетелеуге де болады.

Нәтижесінде оқушы:

-Оқыту процесінде жаңа технологияларды қолдана отырып білімін шыңдайды;

-Жаңа оқыту үрдісін қалыптастырады;

-Өздігінен ізденімпаздық қабілеті артады.

Ал өзімнің іс-тәжірибеме жаңа әдіс-тәсілдерді үйрету технологиясын қолдану арқылы мақсатты түрде күткен нәтижеге жетуге болатындығын, тиімділігін әрекетті зерттеу барысында көз жеткіздім. Ал соның ішіндегі сыни тұрғыдан ойлау көбінесе қарсы пікір айтуға, баламалы шешімдерді қабылдауға, ойлау және іс-әрекетімізге жаңа немесе түрлендірілген тәсілдерді енгізуге дайын болуға, ұйымдастырылған қоғамдық әрекеттерге және басқаларды сыни тұрғыдан ойлауға баулуды көздейді.

Менің пікірімше сабақтың тиімділігі: оқушы шығармашылық деңгейге мұғалім арқылы емес, өз іс-әрекеті арқылы жетуі. Жаңа әдіс-тәсілдердің ұтымдылығы да осында. Технологияны пайдалану шығармашылық тұлға қалыптастыруға алып келеді. Біз сабақтың басында мақсат қойғанда да осындай нәтиже күткен едік. Дәстүрлі өткізіп жүрген сабақтарды салыстыра отырып, жаңаша тәсілде өткен сабақтан мынадай айырмашылықтарды таптым.

Дәстүрлі сабақ үрдісінде - өзімнің әдістерім, яғни, мұғалім әрекеті.

1.Тақырыпты түсіндіремін.

2.Есепті бере отырып меңгертемін.

3.Есепті анықтап беремін, талдаймын.

4.Есеп шығаруды тапсырамын.

Оқушының әрекеті:

1.Түсінгенің айтып береді.

2. Тақырып бойынша мұғалімнің түсіндіргенімен байланыстырып айтады.

3.Дайын шаблон бойынша шығарады

Жаңа оқыту технологиясы негізінде өткізілген сабақ үрдісінде өзімнің іс әрекетім:

1.Миға шабуыл жасап, ой қозғау.

2.Тақырыпқа қызықтырып бағыттауу

3.Шығарманы талдауға пікірталас ұйымдастыру.

4.Өзекті мәселелерге оқушы көзқарасын анықтау.

5.Шынайы өмірмен байланыстыру арқылы баға беруге бағыттау.

Оқушы белсенділігі:

1.Топтарда жұмыс жасайды.

2.Тапсрымамен өздері танысады.

3.Әр түрлі әдістер арқылы тапсырманы саралайды.

4.Түсініп талдайды, зерттейді.

5.Ой қорытып, оны қорғайды.

К.Д.Ушинскийдің - «Мұғалім - өзінің білімін үздіксіз көтеріп отырғанда ғана мұғалім, оқуды, ізденуді тоқтатысымен оның мұғалімдігі де жойылады» – деген.

Бұл —Ұстаз! атты ұлы сүрлеуге соқпағын салып жол тартқан көкірегі ояу, көзі ашық әрбір адамға берілген елеулі ескерту. Сабақты тартымды өткізіп, оқушылардың қызығушылығын арттыру үшін әр сабағымызды түрлендіріп отыру шарт. Ол үшін тек бір технологиямен шектеліп қалмай, әртүрлі технологияның элементтерін пайдалану қажет.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Нұрғалиев Р. Оқыту технологиясы.- Алматы, 2007 ж.
2. Бабанский Ю.К. Оптимизация учебно воспитательного процесса. Методические основы. Москва, 1982.
3. Оқу мен жазу арқылы сын тұрғысынан ойлауды дамыту. Әдістемелік құрал.Алматы, 2000.
4. Баспа беттері, интернет ресурстары.

ҚАЗІРГІ УАҚЫТТАҒЫ БАСТАУЫШ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ КӨРНЕКІ-БЕЙНЕЛІК ОЙЛАУ ҚАБІЛЕТТЕРІН ДАМЫТУ
РАЗВИТИЕ НАГЛЯДНО-ОБРАЗНОГО МЫШЛЕНИЯ МЛАДШИХ ШКОЛЬНИКОВ В СОВРЕМЕННЫХ УСЛОВИЯХ
THE DEVELOPMENT OF VISUAL AND IMAGINATIVE THINKING OF YOUNGER SCHOOLCHILDREN IN MODERN CONDITIONS

А.Н. Шевченко
КГУ «Мирненская общеобразовательная школа», Казахстан
Alenka91sh@mail.ru

АННОТАЦИЯ: Мақалада бастауыш мектеп жасындағы көрнекі-бейнелі ойлауды дамыту ерекшеліктері ашылады, тұжырымдаманың мәні, бастауыш мектеп жасындағы балаларда көрнекі-бейнелі ойлауды дамыту мақсаты, бастауыш сынып оқушыларында көрнекі-бейнелі ойлауды дамытуға мүмкіндік беретін заманауи әдістер мен технологиялар анықталады.

Түйінді сөздер: кіші оқушы, бастауыш мектеп, көрнекі-бейнелі ойлау, педагогикалық технологиялар, белсенді әдістер, инновациялар.

АННОТАЦИЯ: В статье раскрыты особенности развития наглядно-образного мышления в младшем школьном возрасте, представлена сущность понятия, цель развития у детей младшего школьного возраста наглядно-образного мышления, определены современные методы и технологии, позволяющие развивать наглядно-образное мышление у младших школьников.

КЛЮЧЕВЫЕ СЛОВА: младший школьник, начальная школа, наглядно-образное мышление, педагогические технологии, активные методы, инновации.

ANNOTATION: The article reveals the features of the development of visual-imaginative thinking in primary school age, presents the essence of the concept, the purpose of developing visual-imaginative thinking in primary school children, defines modern methods and technologies that allow developing visual-imaginative thinking in younger schoolchildren.

KEYWORDS: junior high school student, elementary school, visual and imaginative thinking, pedagogical technologies, active methods, innovations.

Создание новой системы начального обучения вытекает не только из новых общественно-экономических условий жизни нашего общества, но и определяются противоречиями в системе образования, которые сложились и ярко проявились в последние годы. В современных условиях модернизация казахстанского образования

находится на пути реформирования, включающего изменения в содержании обучения и воспитания школьников. Данные положения закреплены в национальном проекте «Качественное образование «Образованная нация», где отражены 4 направления, 5 задач, 15 показателей и 26 мероприятий, в которых большое внимание будет уделяться повышению качества обучения, будут приняты комплексные меры по снижению разрыва в качестве знаний учащихся [1].

В данной связи существенные изменения касаются и начальной школы, являющейся основой системы среднего образования. Так, в законе «Об образовании» Республики Казахстан в ст. 11 приоритетными задачами системы образования являются:

1) создание необходимых условий для получения качественного образования, направленного на формирование, развитие и профессиональное становление личности на основе национальных и общечеловеческих ценностей, достижений науки и практики;

2) развитие творческих, духовных и физических возможностей личности, формирование прочных основ нравственности и здорового образа жизни, обогащение интеллекта путем создания условий для развития индивидуальности;

3) внедрение и эффективное использование новых технологий обучения и т.д. [2].

Нормативные документы в области образования свидетельствуют о качественно новом подходе к обучению младших школьников, когда во главу угла ставится качество обучения, ориентация создание среды учения, которая была бы наиболее благоприятной для развития способностей ребенка.

Проблема развития мышления в младшем школьном возрасте сегодня является актуальной, поскольку оно развивается на основе усвоенных знаний, и если нет последних, то и нет основы для развития мышления, и оно не может созреть в полной мере. Но, как показывает практика, распространенным примером преподавания является организация учителями действий учащихся по образцу: излишне часто учителя предлагают детям упражнения тренировочного типа, основанные на подражании, не требующие мышления. В этих условиях недостаточно развиваются такие качества мышления, как глубина, критичность, гибкость, которые являются сторонами его самостоятельности.

На основании многочисленных исследований (А. Валлон, Ж. Пиаже, Г.Ш. Блонский, Л.А. Венгер, Л.С. Выготский, П.Я. Гальперин, В.В. Давыдов, А.В Запорожец, А.Н. Леонтьев., В.С. Мухина, Н.Н. Поддъяков, Н.Г. Салмина, Е.Е. Сапогова, Л.С. Сахарнов и др.) установлено, что наиболее сензитивным в отношении развития наглядно-образного мышления является младший школьный возраст, когда формируются основы личности ребенка.

Представим характеристику понятий «мышление», «наглядно-образное мышление» в психолого-педагогической литературе.

Мышление – процесс познавательной деятельности индивида, характеризующийся обобщенным и опосредствованным отражением действительности [3].

Наглядно-образное мышление – совокупность способов и процессов образного решения задач, предполагающих зрительное представление ситуации и оперирование образами составляющих её предметов, без выполнения реальных практических действий с ними [4].

Наглядно-образное мышление – процесс познавательной деятельности, направленный на отражение существенных свойств объектов (их частей, процессов, явлений) и сущности их структурной взаимосвязи [5].

Таким образом, наглядно-образное мышление не есть данность от рождения. Как всякий психический процесс, оно нуждается в развитии и корректировке. Успешность решения наглядных задач зависит от уровня сформированности зрительных образов, мыслительных операций [6].

Главная цель развития у детей младшего школьного возраста наглядно-образного мышления заключается в том, чтобы с его помощью формировать умение рассматривать

разные пути, разные планы, разные варианты достижения цели, разные способы решения задач. Реализация данной цели возможна через инновационную работу в начальной школе.

В настоящее время распространено обучение, центрированное на учащегося, когда преподаватель на уроке «отступает в сторону» и весь процесс учения проходит в режиме самоорганизации.

В конкретной степени это связывается с отказом от классических стандартов в обучении, с зарождением гибкой вариативной образовательной среды, воплощением идей постоянного образования, осуществлением его социально-культурной, национально-региональной, экологической и информационно-технологической ориентации.

Преобразуя традиционное обучение на основе продуктивной деятельности учащихся, определяем разработку моделей преподавания через реализацию педагогической инновации как инициируемую учащимися освоения нового опыта для развития их наглядно-образного мышления.

Для определения уровня наглядно-образного мышления в начале 2022-2023 учебного года мы провели исследование, для этого нами были подобраны 10 постепенно усложняющихся матриц Равена. Ребенку предлагается серия из десяти усложняющихся задач одинакового типа: поиск закономерностей в расположении деталей на матрице и подбор одного из восьми рисунков, недостающей части матрицы. За каждый правильный ответ даётся 1 балл. Время неограниченно, максимальный балл – 10, что говорит о высоком уровне развития наглядно-образного мышления.

В исследовании приняли участие 20 младших школьников. С помощью данной методики были получены следующие результаты, которые представлены на рисунке 1.



Рисунок 1 - Результаты исследования уровня развития наглядно-образного мышления (сентябрь 2022 г.)

Исследование показало, что очень высокий уровень развития в данном коллективе отсутствует. Высокий уровень выявлен у трех человек (15%). Средний уровень развития выявлен у двенадцати испытуемых (60%). У остальных учащихся (25%) уровень развития низкий, на них необходимо обратить особое внимание, так как они не могут использовать наглядные представления и образы для решения ситуаций и задач.

При развитии наглядно-образного мышления мы использовали нетрадиционные методы, педагогические технологии, обеспечивающие создание на уроке личностно-ориентированной ситуации.

Метод чтения вслух. Задача учителя при работе данным методом – ставить перед детьми проблему. Приведем пример, на уроке литературного чтения во втором классе по теме «Я познаю мир» используем упражнение «Запутался».

Сания прочитала своему маленькому братику Данияру рассказ о том, как поют птицы. Однако Данияр забыл, кто как поет и все перепутал. Вот что у него получилось.

Ворона гогочет, воробей поет, голубь кудахчет, жаворонок крякает, кукушка курлычет, журавль каркает, курица щебечет, гусь кукует, утка воркует.

Помогите Данияру распутать текст.

Метод творческого самочувствия включает в себя игры и задания, которые способствуют развитию навыков произвольного поведения, воображения, наблюдательности коммуникабельности. Особое место здесь занимает использование элемента «театрализации» и «драматизации». Метод ведет к проявлению творческой

активности и самостоятельности, дает основу для развития способности к анализу проблемных ситуаций.

Так, например, на уроке естествознания в втором классе по теме «Я - исследователь» используем упражнение «Вещи на столе».

На столе педагога разложены: блокнот, авторучка, футляр от очков, бумага, монеты.

- Подойдите к столу и «сфотографируйте» своим внутренним зрением все предметы. «Фотографировать» будем с короткой выдержкой – на счет пять.

- ...Четыре, пять! Теперь отвернитесь или закройте глаза и «проявите фотографию» на своем экране внутреннего зрения. Расскажите: какие предметы лежат на столе, в каком порядке? Вспоминаете их?

Или, например, ученику даётся два слова, он должен подумать и ответить как эти два слова можно между собой связать. Например, самолёт – яйцо, самолёт похож на птицу, а птица несет яйца.

Метод дискуссии. Урок-дискуссия включает в себя постановку проблемы, индивидуальную работу с текстом, коллективное обсуждение версий, выбор или составление единой общей версии. Формы её подачи – устный ответ, график, инсценировка, опорный конспект.

На уроке русского языка во втором классе по теме «Воспитание характера» мы предлагаем детям алгоритм понимания высказывания:

1. Внимательно выслушиваю до конца мысль говорящего.
2. Повторяю мысль говорящего: «Правильно ли я тебя понял, (имя), что…».
3. Соглашаюсь или не соглашаюсь с мыслью: «Я согласен, что…» или «Разреши с тобой не согласиться, потому что…».
4. Объясняю своё понимание тактично.
5. Слушаю, как автор понял мою точку зрения.

Этот метод решает многие внутриличностные проблемы ученика, играет большую роль в развитии ребенка, в организации его самопознания.

Игровые методы. Игра – характерная и своеобразная форма активности ребенка, благодаря которой он учится и приобретает опыт. Она побуждает в ребенке самые высокие эмоциональные переживания и активизирует его. Игровые методы развивают самопознание учащихся, происходит их личностный рост, рост осознания учениками себя, ученики учатся рефлексировать, анализировать свое поведение.

Приведем пример дидактической игры «Школа вежливости», которую мы использовали на уроке «Познание мира» в третьем классе по теме «Школа и школьное сообщество»:

- Учитель повторяет с детьми вежливые слова, которые им известны. Затем дети встают в круг, что обозначает их присутствие в Школе вежливости. Учитель даёт задание придумать фразу с использованием вежливых слов в различных ситуациях: в магазине, на улице, на детской площадке и т.д.

Проектные технологии позволяют решать задачи формирования интеллектуальных умений и творческого развития детей. В проектном обучении он имеет замечательные возможности реализовать себя, достичь успеха, продемонстрировать другим свою компетентность. Этот метод применим к изучению любой школьной дисциплины и особенно эффективен, когда ученики открывают для себя новые факты, а не получают их от учителя в готовом виде.

На уроках естествознания мы с учащимися разработали 4 коллективных проекта по следующим темам: «Черепаха», «Мой класс и моя школа», «Волшебное вещество – соль, «Овощи и фрукты – полезные продукты!».

Для проверки эффективности использования нетрадиционных методов, педагогических технологий для развития наглядно-образного мышления в конце третьей четверти 2022-2023 учебного года, мы провели повторное исследование. Для проверки

развития наглядно-образного мышления младших школьников мы использовали те же методики, что и в начале учебного года (матрицы Равена). Были получены следующие результаты, которые представлены на рисунке 2.



Рисунок 2 - Результаты исследования уровня развития наглядно-образного мышления (март 2023 г.)

Исследование показало, что очень высокий уровень развития в данном классе теперь имеет 1 младший школьник, что составляет 5%. Высокий уровень выявлен у пяти человек (25%), что на 2 человека или 10% больше, чем в начале учебного года. Средний уровень развития снизился до 55%. У остальных трех учащихся (15%) уровень развития низкий, что на 2 человека меньше по сравнению с исследованием, проведенным в начале учебного года.

Результаты данной методики в целом показали удовлетворительные результаты в конце третьей четверти, мы можем сказать, что большинство детей научились оперировать в уме образами и наглядными представлениями при решении учебных задач.

Таким образом, работая в русле инновационного образования, учителя на современных уроках в начальных классах школы существенно повышают уровень развития наглядно-образного мышления по сравнению с традиционным обучением, так как современные методы и технологии позволяют: актуализировать учебный материал; обеспечивать наличие дополнительного и сопутствующего материала к уроку; создавать эстетичность и наглядность электронных пособий; углубленно изучать темы, помогающие узнать ученику больше; повышать мотивацию обучающимся к учебе через игровую и практическую деятельность; структурировать организацию деятельности учителя и ученика.

ЛИТЕРАТУРА

1 Об утверждении национального проекта «Качественное образование «Образованная нация». Постановление Правительства Республики Казахстан от 12 октября 2021 года № 726 // https://adilet.zan.kz/rus/docs/P2100000726

2 Закон об образовании Республики Казахстан (с изменениями и дополнениями) // https://adilet.zan.kz/rus/docs

3 Краткий психологический словарь. – Ростов-на-Дону: «ФЕНИКС», 2010. – 670 с.

4. Словарь-справочник по педагогической психологии. – М.: Юрайт, 2017. – 550 с.

5.Энциклопедический словарь по психологии и педагогике // https://psychology.academic.ru/searchall.php

6. Смирнова А.С., Левицкая Л.В. Особенности развития мышления в младшем школьном возрасте // Молодой ученый. 2016. – № 11 (115). – С. 1783-1785.

ШӘКӘРІМ ҚҰДАЙБЕРДІҰЛЫНЫҢ ЛИРИКАЛЫҚ ШЫҒАРМАЛАРЫН ОҚЫТУДЫҢ ЗАМАНАУИ ӘДІС-ТӘСІЛДЕРІ

Зеймуллаева Торгын Сабитовна, қазақ тілі мен әдебиет пәні мұғалімі
Павлодар облысының білім беру басқармасы Железин ауданы білім беру бөлімінің
«Міржақып Дулатұлы атындағы №3 жалпы орта білім беру мектебі» КММ,
zeimullaeva@mail.ru

Аңдатпа. Шәкәрім Құдайбердіұлы шығармаларында лириканың 4 мазмұндық түрі де кең кездеседі. Мақаламызда лираканың барлық түріне ақын шығармаларынан мысал келтіріп, оны заманауи білім беру кеңістігінде жеңіл әрі ұтымды оқытудың әдіс-тәсілдерін бөлістік. Шәкәрім шығармаларындағы табиғат лирикасының Абайдың мезгілді суреттеуімен ұқсас тұстарына мысал келтіріп, қос ақынның шығармашылық үндестігін оқушыға үйретудің тәсілін атап көрсеттік.

Түйін сөздер: Ар ілімі, Шәкәрім Құдайбердіұлы, сөз өнері, шумақ, әдіс-тәсілдер, өлең,мазмұн,лирика,әңгіме-дебат

Шәкәрім – ақын, эпик, философ, ойшыл, дана, аудармашы, сазгер. Оның қазақ сөз өнерінде салған соқпағы тың идеялармен астасып, адамзатқа ортақ құндылықтарды насихаттауға ұласады. Лирикалық өлеңдердегі өрнегі үлкен-кішіні «ар ілімінен» аттамай «жан ілімін» жете түйсінуге шақырады. Ақын шығармалары ұйқасы бір қалыпқа сыймайды, буын өлшемдері сан алуан өзгеріп құбыла түседі, мағыналық мазмұны терең, образдары құр қиял-ғажайыпқа құрылмайды. Өлеңдерінде бұрын қалыптасқан бейнелі тіркестер де кездеседі, сонымен бірге қазақ сөз өнерінің тың қырларын құлпырта ашатын теңеулер, эпитеттер, метафоралар, шендестірулер, нақыл сөздер мол. Шәкәрім бабамыздың тіршілігінде танытқан сегіз қырлы өнерін көрнекті әдебиеттанушы Қайым Мұхамедханұлы: «*Абай Шәкірттерінің ішінде көп жазғаны да, көп жасағаны да – Шаһкәрім. Ол – әрі лирик, әрі ақын және прозаик, ол композитор және музыкант, орыс және шығыс классиктерімен қазақ оқушыларын таныстырған шебер аудармашы, ол – терең ойшыл, әрі бармағынан бал тамған «сегіз қырлы өнерпаз – үлкен мәдениет қайраткері*», деп сипаттайды. [1,11] Бұл синкретті тұлғаға бірілген бағаның бастамасы. Шәкәрімтанушылар М.Әуезов, Қ.Мұхамедханов, С. Негимов, Б. Әбдіғазиұлы, Т. Шаңбай, Б. Рахымжанов, Н. Сыздықбай, Е.Сыдықов, Д.Қамзабекұлы т.б ғалымдар ақынның шығармалары мен адамдық болмысын сан тұстан зерделеген.

Ақын өлеңінің өн бойы философиялық ойды ширатуға құрылып, тұлғаны заманына ілесетін, үлгілі, көкірек көзі ашық, құндылықтарға қол сермемейтін жан болуға үндейді. Шәкәрім өз өлеңдерінің – өмірдегі үлгісі. Жырына жоқты емес, жақыннан көргенін, бойына жиғанын арқау етеді. Адамдықты, адалдықты, хақты, әділетті, ғылымды, әдепті, өнерді, сүюді сөз еткен лирикалық өлеңдері оның аппақ арынан туған. Бұл туралы ойшылдың ұлы Ахат Шәкәрімұлы: «*Шәкәрімнен артық адал адам жоқ болатын. Ол өмірінде балағат сөздерді білген жоқ. Бірде бір адам оған ренжіп кеткен емес. Мен оның ұрыларды қолынан жетелеп жүріп ұрлықтан бас тартуға үйреткенін көзім көрді*», [2, 98]деп естелік қалдырады. Ақын өлеңдерімен қатар, өзі өмір сүрген қоғамның бел ортасында болыс бола жүріп, жамандықтан жиренуді шынайы көрсетті. Көпшілік – ойлантады, әрекет тілейді. Қоғамдағы қаралау, алдап-арбау, надандық, білімге ұмтылмайтын қамсыздық, еңбекке еріншектік таныту ақынды өлең арқылы, сөз құдіреті арқылы бағыт беруге бастады. Бұл ақынға алдыңғы аға, ұлы ақын Абай салған дәстүр, Абай салған даңғыл, Абай ұсынған шешім еді.

Оқушыларға Шәкәрімнің даналығын, ойшылдығын таныту, оның күрделі ой толғамдарын таныту үлкен ізденісті, шығармашылық еңбекті қажет етеді. Психолог-педагог Жүсіпбек Аймауытұлы тұжырымдағандай: «*Білім берудегі әдіс-тәсілдер – оқытушыдан жаңаны тілеп тұратын процес*». Сондықтан Шәкәрім Құдайбердіұлының лирикалық шығармаларын оқытуға, оқушы санасына жеңіл сіңіру үшін заманауи методикаға сүйенген абзал. Бүгінгі ұрпақ жаңа білімді - эстетика, визуалды әсемдік пен нақты аудио-материал, интеграциялық ойындар мен интервью-әңгімелер, дебат-талдаулар арқылы алуға бейім. Демек, Шәкәрім шығармаларындағы лирикалық сарынды осы нұсқалар арқылы ұғындырып, олардың талғамы мен талабына сай ұсыну ұстаздарға артылар жауапкершілік.

Шәкәрім шығармаларындағы лирикалық өрнекті сипаттамай тұрып, «лирика» ұғымын түсініп алсақ. «**Лирика**–көркем әдебиеттің негізгі саласының, жанрының бірі,

басты ерекшелігі – адамның көңіл-күйін, сезім дүниесін тікелей бейнелеп көрсетеді. Лирикада ой мен сезім бірлесіп, терең қабысады. Егер эпикалықжанрдың ең басты ерекшелігі уақиғаның қалай баяндалып, суреттелгеніне байланысты болса, лирикалық шығарманың күші, қуаттылығы алдымен адамның көңіл-күйін, өмірдегі жағдай, құбылыстан алған әсерін бейнелеп жеткізу шеберлігімен ұштасады». [3, 358б] Лирикалық шығармалар ішкі мазмұнына қарай: саяси-әлеуметтік лирика, философиялық лирика, көңіл-күй лирикасы, табиғат лирикасы деп топтастырылады.

Шәкәрім Құдайбердіұлының әдеби мұрасы өте бай. Оның ішінде аудармалар, тарихи-ғашықтық жырлар, шежірелермен қатар, лирикалық шығармалары бір төбе. Басым көпшілігі лирикалық өлеңдер топтастырылған алғашқы жинағы «Қазақ айнасы» деп аталып 1912 жылы «Жәрдем» баспасынан жарық көрді.

Ақын бабамыздың философиялық лирикасы төрт шумақтың түбіне батпан ой тықса да әсерлі, әдемі суреттеумен ұйқасады.

Ақыл құсы адаспай аспандаса,
Әлемде нәрсе болмас оған таса,
Жеті көк жерден оңай басқыш болып
Ғарышқа қол жетеді қармаласа, деп басталатын өлеңінде «ақылды – аспан әлемімен» шендестіреді. Терең ой, сау ақылмен харекет қылған жанға жерден баспалдақ пайда болып, яғни мәселенің шешімі оңай табылып, ғарыштай бағындыру арман болған дүние уысыңызға түседі дегенді меңзейді.

Шәкәрім Құдайбердіұлының саяси-әлеуметтік лирикасы шырмауықтай шырмалып, сананы саққа, ойды онға бөледі. Профессор айтқанындай «Шәкәрім заманы болған жоқ. Ол ғұмырын қудалауда өткізіп, жалғыз күн кешті». Адамнан алыс, қоғамнан қарыс тіршілігінде де пенденің теріс мінезін, кезеңнің кесір-кесапат мінезін, қулық-сұмдығын анық көрді. Жиреніп қана қоймай, бойды аулақ ұстаудың жолын нұсқады. Батыс, Шығыс шайырларын бағдар етіп, оқуға көңіл бергенде, иманды жүрекке салғанда қоғамның құртына айналған дерттердің дауасы табылады деп түйді. «Ғылымсыз адам – айуан...» өлеңінде:

Бақ, мансапқа сыйынып,
Болма боран, жел, дауыл.
Аса сәнді киініп,
Қуыршақ болма сәкәкүл.
Тікенің болса байында,
Ауырса да, өзің жұл.
Сергек болсын ойың да,
Еріншек болма құр масыл – деп жырлап біртұтас қоғамға ортақ мінді тарқату тек әр адамның өз қолында екенін айқын көрсетеді. [4, 43]

Ойшылдың табиғат лирикасы тақырыбы аясындағы толғаулары да терең. Қоршаған ортаның ғажайыптарын, әр мезгілдегі тіршілікті шебер суреттейді. Табиғатқа тіл бітірудегі таланты мен еңбегі 46 жыл қасында жүрген Абай ағасының туындыларынан да ұшталған деуге толық негіз бар. «Жаз келер» өлеңінде:

Жаз келер, қыстыгүнгі қысым өтіп,
Қар, суық, аяз, боран – бәрі кетіп.
Қасықтай қар, тобықтай тоң қалмайды,
Табиғат барша жанға рахым етіп.
...Бота, құлын, бұзау, лақ, қозы туып,
Қуанып ойнақтайды, олар да өсіп.
Сүйтсе де адам көзі бір тоймайды,
Құдайым берсе-дағы қанша нәсіп. [4, 79]

Осы тұста оқушыларға Шығыста туған қос шайырдың шығармашылық үндестігін екі өлеңді қатар қойып «Текстологиялық тексеріс» әдісі арқылы анықтауға ұсынуға болады.

Мәселен, Шәкәрімнің «Жаз келер» өлеңінің алғашқы шумағы Абай Құнанбайұлының «Жазғытұры» өлеңіндегі мына шумақпен мәндес. *Жазғытұры қалмайды қыстың сызы,*

Масатыдай құлпырар жердің жүзі.
Жан-жануар, адамзат анталаса,
Ата-анадай елжірер күннің көзі.
...Түйе боздап, қой қоздап – қорада шу,
Көбелекпен, құспенен сай да ду-ду.

Сабақ барысында топтық, жеке тапсырма бере отырып, аталған әдіс арқылы қос ақынның шығармаларының ой тұрғысынан қабысатынын, жаппай жырларының құрылымымен қатар таныстыруға мүмкіндік. Бұл әдіс балаларды жан-жақты ойланып, өткен сабақтарда айтылған ақпараттарды еске түсіріп, жадында сақтауға, салыстыра білуге дағдыландырады.

Шаһкәрім Құдайбердіұлы қуғында күн кеше жүріп, жалғыз болды. Бұл тағдыр талқысы ақынның көңілін сан саққа жүгірткені анық. Осы жайы турасында «Өкінішті өмір» өлеңінде ащына сөйлейді.

Құры тілмен зарланып сайраулымын,
Қол-аяғым бос емес, байлаулымын.
Улы жүрек, долы тіл сөйлеп отыр,
Ыза қысып тісімді қайраулымын. [4, 126]

Ақын шығармаларындағы лирикалық сарын ұшан-теңіз. Осылай топ-тобымен нақты дәйек келтіруге болады. Сол лирикалық шығармалардағы мағыналық үндестік, астарлы ой мен бір-біріне ұқсамайтын өлең құрылымдарын оқушыларға қызықты етіп үйрету маңызды. Осы мақсатта «Паралель» әдісін қолдануға болады.

Өлең	**Синоним**	
«Жастық туралы»	«Жастарға»	1
«Жолама, қулар маңайға»	«Партия адамдары»	2
«Дін»	«Иманым», «Тәңірі мен жан»	3
«Дүние мен өмір»	«Өкінішті өмір»	4
«Ғылымсыз адам - айуан»	«Насихат»	5

Яғни, оқушылар Шәкәрім шығармаларын сабақ програмасынан тыс, қосымша ізденіп, өлеңдеріндегі мағынаны түсініп, мәндес өлеңдерді топтастыруды, шешім қабылдауды үйренеді.

«Төрт қадам» тәсілі - сабақ соңында оқушылардың жұмыс жасау деңгейі мен тақырыпты қаншалықты түсінгенін анықтау үшін қолданылады. Сабақты қорытындылар тұста ортақ шешіммен Шәкәрім Құдайбердіұлының бір өлеңі таңдалады. Сыныппен кезектесе оқу арқылы өлең толық, мәнерлеп оқылады.

1. Пікір. Оқушы өлеңде айтылған мағынаға өз пікірін білдіреді.
2. Дәлел. Пікірін өлең ішіндегі бір тармақпен дәлелдейді.
3. Мысал. Өз пікіріне қатысты өмірлік, практикалық не БАҚ-тан оқыған білгені арқылы мысал келтіреді.
4. Қорытынды.Өлеңнен түйген ойын қорытындылайды.

Шәкәрім өлеңдерінің түпкі ойын түсіну, соған сай амал ету маңызды. Мұндай күрделі процесті жоғары сынып оқушылары үшін «әңгіме-дебат» форматында жеңілдетуге болады. Мәселен, Шәкәрімнің «Партия адамдары» өлеңі шеңберінде бір топ «мықты бай», келесі топ «қарапайым халық» рөлінде қоғамның айлалы болуына уәж айтып, ойын дәлелдеп көруге тырысады. Екінші айналымда рөлді ауыстыруға болады. Осылайша оқушылар проблеманың шығу төркініне үңіліп, екінші тараптың сөзіне сыни көзқараста қарап, өз ойын дәйекті айтуға дағдыланады.

Шәкәрім Құдайбердіұлы шығармалаларындағы лирика тілі кейде жатық, байыппен сөйлесе, кейде надан қоғамның кем-кетігін кесіп айтар ащы сынмен сөйлейді.Бейнелі

тіркестері қазақ сөз өнерінің мәйегінен бастау алса, кейде ақын жанынан жаңа толымды тіркес құрайды.Сол сияқты «қабағынан қар жауған бұлт», «дәлелсіз сөз – соққан жел, ұшқан тозаң, таза ақылдың алдында жоқ қой құны», «қаламым, қарындашым, жан жолдасым», «жарылыс басы - қозғалыс», тағы басқа осы сияқты бейнелі тіркестер қазақ көркем сөзінің кейбір тың қырларын ашады, адамның рухани әлемін көңіл-күйін, мұң-арманын, жүрек тынысын, ой иірімдерін білдіруде, табиғат көріністерін бейнелеуде Шәкәрім бабамыз үлкен суреткерлік таланттылық танытта да, қазақ образы ой жетелеуіне дәнекерлесті. Оның лирикасына, философиялық ой толғауларына берілу, ұшқыр қиялменен шарықтау, жеке көріністерден жинақтау, түйіндеу жасау тән, бұл қазақ поэзиясының қоржынын толтырған ақындық қасиет-қабілет. Ақын шығармаларындағы осы ерекшеліктерді саналы түрде екшеп, білім беру ісінде білім алушыға заманауи әдіс-тәсілдер арқылы жеткізу, ақын өлеңдерін, биографиясын, тарихи, шежірелік туындыларын үйрету тәсілін ылғи жетілдіріп отыру маңызды. XXI ғасырда жаңалық пен оны жеткізу тәсілі көз іліспей жылдамдықпен өзгеріп, құбылуда, Бұл қатарда білім беру ісі де бар. Сондықтан қазақ әдебиетінің қайнарларын қалыс қалдырмай заманауи жүйеде оқыту өткенді ұмытпайтын, есті ұрпақ тәрбилеудің басты құралы.

Пайдаланған әдебиеттер:

1. Шәкәрімтану мәселелері: Сериялық ғылыми жинақ. 2 –т. – Алматы: Раритет, 2007. – 376 б – Атамекен сериясы
2. «Шәкәрім оқулары» атты республикалық ғылыми-теориялық конференцияның материалдары| -Семей: 2008. – 496 б.
3. Әдебиеттану терминдерінің сөздігі. Алматы: Ана тілі баспасы, 1998. – 384 б.
4. Құдайбердіұлы Ш. Анық пен танық – Алматы: Мазмұндама, 2022. - 284 б

ЖАС ПЕДАГОГ-ЖАҢА БУЫН

Сағатбек Гүлназым Жарқынқызы
Ғани Мұратбаев атындағы гимназиясы, бастауыш сынып мұғалімі
Жамбыл облысы, Байзақ ауданы, Сарыкемер ауылы
gulnazymsagatbek@mail.ru

Ел болашағы қазіргі жас педагогтар қолында.

«XXI ғасыр – білім мен біліктің дәуірі. Әр адам өзін үздіксіз жетілдіріп, жаңа кәсіптерді игеріп, үнемі заман ағымына бейімделу арқылы ғана бәсекелік қабілетін арттыра алады. Білім мен технология, жоғары еңбек өнімділігі ел дамуының басты қозғаушы күші болуға тиіс» деп Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев болашақты айқындап беріп отыр. Олай болса педагог мамандығын танымал етуге мүмкіндік зор.

Мектеп – үйрететін орта, оның жүрегі - мұғалім. Ізденімпаз мұғалімнің шығармашылығындағы ерекше тұс - оның сабақты түрлендіріп, тұлғаның жүрегіне жол таба білуі. Ұстаз атана білу, оны қадір тұту, қастерлеу, арындай таза ұстау - әр мұғалімнің борышы. Жан-Жак Руссоның «Педагог болу – өз уақытыңды аямау, басқаның бақытын аялау» дегеніндей, ұстаз тек шәкіртіне білгенін үйретуші ғана емес, тұла бойы тұнған өнеге, ақ тілеулі ана тәрізді барлық адамның бойынан жақсылық іздейтін ізгі ниет иесі. Өмірдегі көп мамандықтардың ішінде жан-жақты білімділікті, икемділікті, шеберлікті, ерекше мейірімділікті қажет ететін мамандық та педагог. Олай дейтініміз, педагог еңбегі, біріншіден, адамзат қоғамы тарихында жинақталған ғылым негіздерінен білім беруге тиіс

болса, екіншіден, үнемі шәкірттерімен қарым-қатынаста болып, білсем, үйренсем деген бала арманы мен оның сырлы тағдырына басшылық етуді мойнына алған маман. Осындай қызығы мен қиындығы мол мамандық иелері, яғни бүгінгі педагогтер шәкіртіне ғылым негіздерінен мәлімет беріп қана қоймай, оны дүниежүзілік білім, ақпарат, экономика кеңістігіне шығуға, яғни қатаң бәсеке жағдайында өмір сүруге тәрбиелеуі керек. Ол нағыз педагогтың ғана қолынан келеді. Педагогтердің ұлы атасы Ы.Алтынсарин: «Педагогикалық мамандық – бұл адамтану, адамның күрделі және қызықты, шым-шытырығы мол рухани жан дүниесіне үңіле білу. Педагогикалық шеберлік пен педагогикалық өнер даналықты жүректен ұға білу болып табылады», – дегені педагогтердің ұстанымы болуы тиіс.

Нарық жағдайындағы мұғалімге қойылатын талаптар : бәсекеге қабілеттілігі, білім беру сапасының жоғары болуы, кәсіби шеберлігі, әдістемелік жұмыстағы шеберлігі.Осы айтылғандарды жинақтай келіп, жаңа формация мұғалімі- рефлекцияға қабілетті, өзін-өзі жүзеге асыруға талпынған әдіснамалық, зерттеушілік, дидактикалық - әдістемелік, әлеуметтік тұлғалы,коммуникативтілік, ақпараттық және тағы басқа құдыреттіліктердің жоғары деңгейімен сипатталатын рухани- адамгершілікті, азаматтық жауапты, белсенді, сауатты, шығармашыл тұлға.

«Ұстаз болу — жүректің батырлығы, ұстаз болу — сезімнің ақылдығы, ұстаз болу — мінездің күн шуағы, ұстаз болу — адамның асылдығы» - деп Ғафу Қайырбеков айтып кеткендей, бұл мамандық иесі атану жүректілікті талап етеді екен. Ақылы мен ұстанымы ұштасқан ұстаз ғана нағыз маман атанбақ. Қызығы мен қиындығы қатар жүретін мамандықты қоғамның бағаламауы қынжылтады. Мұғалім мамандығының қоғам алдындағы деңгейін көтеру жастардың , яғни біздердің қолымызда.Болашақты тәрбиелейтін де біз.Ертеңіміз жарқын болсын десек, бүгіннен еңбектенуіміз керек.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Синица И.Е. Педагогтың әдеп және ұстаздық шеберлік. А 1987.
2. Табылды Ә. Ұстаз тәлімі- Алматы: «Білім», 2006.- 248 бет.
3. Шыныққбекова Э.И. Ұстаздық қызметтегі педагогикалық этика. А 1987.

ТАБЫСТЫ МЕНЕДЖМЕНТТІ ҚАЛЫПТАСТЫРУДАҒЫ САПАЛЫ БІЛІМ БЕРУДІҢ РОЛІ.
РОЛЬ КАЧЕСТВЕННОГО ОБРАЗОВАНИЯ В ФОРМИРОВАНИИ УСПЕШНОГО МЕНЕДЖМЕНТА
THE ROLE OF QUALITY EDUGATION IN SHAPING SUCCESSFUL MANAGEMENT.

Алиякпарова Ж.К.
КГУ « Средняя общеобразовательная школа №2 им.А Текенова» а. Тереңкөл»
aliakparovazanar23@mail.ru

Аннотация: Бұл мақала білім беру сапасының маңыздылығын табысты басқарудың ажырамас құралы ретінде ,қазіргі басшыларға білім берудің қажетті негізгі дағдылар мен білімді қалай қалыптастыратынын қарастырады. Білім берудің стратегиялық шешімдер қабылдауға, көшбасшылық қабілеттерге және тез дамыған бизнес ортаға бейімделу қабілетіне әсер етеді.

Аннотация: данная статья рассматривает важность качества образования как неотъемлемый инструмент успешного менеджмента, как образование формирует ключевые навыки и знания, необходимые современным руководителям. Освещаются

влияние образования на принятие стратегических решений, лидерские качества и умение адаптироваться к быстро развивающемуся бизнес-окружению.
Abstract: This article considers the importance of quality education as an indispensable tool for successful management, how education forms key skills and knowledge necessary for modern managers. It highlights the impact of education on strategic decision making, leadership skills and the ability to adapt to a rapidly evolving business environment.

Цели статьи:

- Изучение влияния образования на менеджерские навыки; формирование образовательного фонда на управленческую компетентность и способность принятия обоснованных решений.
- Выявление важности лидерских качеств; развитию лидерских качеств, необходимых для построения успешных команд и достижения корпоративных целей.
- Развитие стратегического мышления у менеджеров, помогая им адаптироваться к изменениям в бизнес-среде и прогнозировать тенденции.

Данная статья позволит более глубоко понять, как качество образования играет ключевую роль в формировании успешного менеджмента и в чем заключается его вклад в разнообразные аспекты корпоративного управления.

Негізгі терминдер:
1. Білім сапасы.
2. Менеджмент дағдылары.
3. Көшбасшылық қасиеттер.
4. Стратегиялық ойлау.
5. Өзгерістерге төзімділік
Ключевые термины:
1. Качество образования.
2. Менеджерские навыки.
3. Лидерские качества.
4. Стратегическое мышление.
5. Устойчивость к переменам.
Key terms:
1. The quality of education.
2. Managerial skills.
3. Leadership qualities.
4. Strategic thinking.
5. Resilience to change.

Качественное образование играет важнейшую роль в формировании успешного менеджмента, предоставляя будущим лидерам не только теоретические знания, но и ключевые компетенции для эффективного руководства. Обучение высокого уровня обеспечивает менеджеров необходимыми инструментами.

Качественное образование развивает навыки планирования, координации и принятия решений, что является фундаментом для успешного управления организацией, на котором строятся ключевые навыки, лидерские качества и стратегическое мышление руководителя, обеспечивая способность вдохновлять и мотивировать команду.

Оно не только отражает текущие стандарты знаний, но также развивает критическое мышление и способность видеть долгосрочные перспективы, что становится ключом к долгосрочному успеху в мире менеджмента, формирует этические принципы и социальную ответственность, что становится основой принятия обоснованных решений.

Образование готовит менеджеров к работе в глобальной среде, где они могут эффективно взаимодействовать с многообразными культурными контекстами, предоставляет практические навыки управления проектами, командами и ресурсами через кейс-стади и практические задания.

Роль качественного образования в формировании успешного менеджмента не ограничивается передачей знаний – оно выступает в качестве катализатора для развития управленческих навыков, лидерства и стратегического мышления, обеспечивая лидерам необходимую уверенность и компетентность в сложной и динамичной среде бизнеса.

Качественное образование внушает ценность непрерывного обучения и саморазвития. Это способствует готовности менеджеров к постоянному совершенствованию своих навыков и адаптации к новым вызовам.

Программы обучения включают в себя освоение современных технологий и цифровых инструментов, что становится неотъемлемой частью компетентности успешного менеджмента в цифровой эпохе.

Образование создает возможности для сетевого взаимодействия и обмена опытом с коллегами, что способствует обогащению знаний через опыт других профессионалов; обучает методам оценки результативности, что позволяет менеджерам эффективно измерять и улучшать свою профессиональную деятельность.

Обучение ориентировано на формирование у менеджеров способности внедрять инновации в практику, стимулируя творческое мышление и поиск новых подходов к управлению.

В целом, роль качественного образования превращается в динамичный и творческий процесс, обеспечивающий менеджеров всеми необходимыми инструментами для не только успешного руководства в текущих условиях, но и готовности к вызовам будущего. Это инвестиция в разностороннее развитие личности и компетентность в мире, где менеджмент сталкивается с постоянными изменениями и возможностями для роста.

А также качественное образование способствует пониманию важности инклюзивного образования в организациях, обучая менеджеров создавать рабочую среду, где уважение к разнообразию является ключевым аспектом успешного управления.

В области инклюзивного образования менеджмент, как рукодитель играет критическую роль в создании среды, где разнообразие и потребности всех учащихся учитываются и поддерживаются. Разрабатывает и внедряет политику инклюзивности, определяя стандарты и ценности, поддерживающие участие всех учащихся в образовательных процессах. Отвечает за создание и поддержание условий, обеспечивающих доступность образовательных ресурсов для всех учащихся, включая адаптированные материалы, технологические средства и физическую инфраструктуру. Организует обучение и профессиональную разработку педагогического персонала, чтобы укрепить их навыки работы с разнообразными потребностями учащихся и создать в классах инклюзивную образовательную среду. Поддерживает разработку индивидуальных образовательных планов (ИОП) для учащихся с особыми образовательными потребностями, обеспечивая персонализированный подход к обучению. Поощряет активное участие родителей и опекунов в образовательном процессе, создавая открытую и доверительную обстановку для взаимодействия. Способствует формированию культуры взаимопонимания, где уважение к различиям является основополагающим принципом, а понимание и принятие разнообразия становятся частью образовательного процесса. Разрабатывает системы оценки и мониторинга, которые учитывают индивидуальные достижения и прогресс каждого учащегося, обеспечивая адекватное измерение успеха в инклюзивной среде, стратегии управления конфликтами и решения проблем, включая вмешательство в случае необходимости, чтобы обеспечить гармоничную образовательную среду. Сотрудничает и взаимодействует с общественностью, обеспечивая информированность об инклюзивных инициативах и создавая партнерства с различными заинтересованными сторонами. А также обеспечивает наличие необходимых ресурсов и поддержки для реализации инклюзивных программ, включая финансовую, техническую и педагогическую поддержку.

Роль менеджмента в создании и поддержании инклюзивных образовательных практик очень важна, особенно, где каждый учащийся имеет возможность полноценного участия и развития

В области кейс-метода обучения играет ключевую функцию в направлении и поддержке студентов в процессе анализа и решения кейсов. В процессе обсуждения кейса, обеспечивает четкую структуру и определение задачи, чтобы студенты были направлены на основные аспекты анализа. Стимулирует активное обсуждение в группе, поощряя студентов предоставлять свои точки зрения и вносить вклад в решение проблемы.В начальной стадии, руководитель может направлять внимание студентов на важные аспекты анализа, помогая им выявить ключевые проблемы и факторы. Руководитель предоставляет обратную связь, обсуждает результаты и помогает студентам провести рефлексию, выявляя ключевые уроки и возможности для улучшения.

Помогает подготовить презентацию результатов и обеспечивает эффективное представление перед группой.

Роль руководителя в кейс-методе обучения заключается в создании поддерживающей, стимулирующей и структурированной образовательной среды, в которой студенты могут эффективно развивать свои навыки анализа, принятия решений и коммуникации.

При организации эффективной структуры менеджмент занимается разработкой и поддержанием структуры организации рабочей среды, учитывающей эффективное распределение обязанностей и четкие линии коммуникации между коллегами. Формированием ценностей и норм, поощряющих сотрудничество, уважение и инновации, создание корпоративной культуры, способствующей участию и взаимопониманию. Предоставляет возможности для профессионального развития и обучения, стимулирует сотрудников к достижению новых высот в карьере. Поддерживает открытой и эффективной коммуникации, включая регулярные обмены мнениями и обратную связь для улучшения взаимопонимания и вовлеченности.

Эффективно управляет конфликтами, предоставляя им инструменты для разрешения споров и поддержка гармоничных взаимоотношений. Содействует созданию политик, способствующих балансу между рабочим временем и личной жизнью, что способствует благоприятному психологическому климату.

Поощряет и поддерживает инициативы и творчества сотрудников, что способствует стимуляции мотивации и улучшению общего настроения в коллективе. Предоставляет ресурсы и программы для эффективного управления стрессом, создание условий для психологического благополучия сотрудников. Создает условия для развития инноваций, поощрение идей и предложений сотрудников, что способствует психологическому комфорту в коллективе.

Менеджмент способствует созданию положительного психологического климата в коллективе, что в свою очередь может повысить удовлетворенность, мотивацию и производительность сотрудников.

ЛИТЕРАТУРА:

1. Анализ влияния школы научного управления на развитие менеджмента: многоаспектный подход// Стратегии бизнеса;
2. Актуальные проблемы и перспективы применения методов и инструментов менеджмента качества в организациях//Дискурс;
3. Взаимодействие семьи и школы в условиях инклюзивного образования// вестник Северо – Казахстанского университета имени М. Козыбаева;
4. Баранова, Е. А. (2015). Менеджмент в образовании: Учебное пособие. Москва: Издательство Юрайт.
5. Васильева, Е. В. (2017). Инклюзивное образование: теория и практика. Москва: Издательство Юрайт.

ҚАЗАҚ ТІЛІ МЕН ӘДЕБИЕТІ САБАҒЫНДА АҚПАРАТТЫҚ ТЕХНОЛОГИЯНЫ ҚОЛДАНУ АРҚЫЛЫ БІЛІМ САПАСЫН АРТТЫРУ

Артықбай Шырайлым Әкемғалиқызы
Әлихан Бөкейхан атындағы №15 тірек мектеп-лицейі, Жамбыл облысы, Қазақстан
shyraiym1998@bk.ru

Аңдатпа: Қазіргі заманда білім беру саласында педагогикалық кадрларға жаңа талап қойылуда. Олардан жаңа технологияны жетік меңгерген, жаңаша ойлайтын, интеллектуалдық, кәсіптік, адамгершілік, рухани және де басқа да көптеген адами келбеті қалыптасқан бәсекеге қабілетті педагог болу талап етілуде. Бұл баяндамада ақпараттық технологияны сабақта қолданудың тиімді жолдары қарастырылған.
Аннотация: В настоящее время в сфере образования предъявляются новые требования к педагогическим кадрам. От них требуется стать конкурентоспособным педагогом, владеющим новейшими технологиями, мыслящим по-новому, обладающим интеллектуальной, профессиональной, нравственной, духовной и многими другими человеческими обликами. В данном докладе рассмотрены эффективные способы применения информационных технологий на уроках.
Annotation: In modern times, new requirements are imposed on teaching staff in the field of Education. They are required to be a competitive teacher who knows new technologies, thinks in a new way, has an intellectual, professional, moral, spiritual and many other human qualities. This report discusses effective ways to use information technology in the classroom.
Түйінді сөздер:ақпараттық технология, электронды оқулық, интербелсенді тақта, ACTIVstudio программасы.

Қазіргі білім берудің мақсаты - шығармашылық қабілеті бар жан-жақты дамыған жеке тұлғаны тәрбиелеу және оқыту.

Қазақ тілін мектепте, жоғары оқу орнында, мемлекеттік қызметкерлерді оқыту курстарында оқыту жүйесі, жекелеген сабақ, бір қарағанда, күнделікті өтіп жататын жағдай сияқты. Бірақ тұтас оқыту жүйесі сияқты, бір сабақты өткізу барысында танымдық үдерістің небір күрделі түрлері өтіліп, адамның рухани әлемі қалыптасып жатады. Сонысымен де оқу үрдісінің танымдық үдеріс ретіндегі сыртқа қарапайым, ал ішкі мазмұны адам қалыптастыратын мүмкіншілігі айқындала түседі.

Жаңа технологияларды қолдана отырып, оқыту барысында тіл үйренушілердің қазақша ойлауы мен жақсы сөйлеу тілін дамытуда қазақ тілін оқытудың өзіндік ерекшеліктері айқындалуы тиіс. Әрбір берілген ұғым мен оның мазмұнын құрайтын білімдік ақпарат — оқушының ой-санасын өзгертуші, дамытушы құрал. Бірақ оқушылардың даму барысында көп сүйеніп, талдаулар жасай беруге, білім мазмұнын жөнсіз көбейтуге немесе күрделендіруге болмайды. Тіл үйренушінің даму ерекшелігін оның жас ерекшелігімен байланыстыра қарау қағидаты басты назарда болуға тиісті. Қазақ тілін жаңаша технологиямен оқыту — тіл үйренушілердің шығармашылық қызметін, сапалы білім ала білуін қалыптастыратын үдеріс. Тіл үйренушінің саналылығы қазақ тілінің төл дыбысының, сөзінің сөз тіркесінің, сөйлемнің өзіндік болмысын танып-білу барысында ғана және сол үшін ғана емес, жүйе теориясының заңдылықтарын ғылымның барлық саласында қолдану жолдарын меңгеру қажет екенін түйсігімен түйсінуі барысында ғана қалыптасады. Бұл ретте мұғалімнің дұрыс қойған талаптары мен тапсырманы орындау алгоритмдерінің бірізді тәртіптелген жүйесі оқушыны саналылықпен білім алуға дағдыландырады.

Қазақ тілі сабақтарының әдістемелік сценарийлерін әзірлеуде оқытудың технологиялық жабдықталуы да үлкен орын алатыны белгілі. Бұл ретте компьютерді қолданудың да маңыздылығы айқын. Оқушының өз бетімен жұмыс істеуін

ұйымдастыруда, білімін тексеруде, білімін бағалауда сабақтың компьютерлік жабдықталуы үлкен орын алады. Мектептерді компьютерлендіру туралы бағдарлама қазақ тілін оқытуды сапаландыруға, оқушылардың ойлау дәрежесін өсіруге заман жетістіктерін дұрыс пайдалана білуге бастайды. Сондықтан қазақ тілін оқытуда бұл бағыт та мүмкіндігінше қолданылғаны дұрыс. Қазақ тілін оқытудың технологиялық жабдықталуы мен техникалық құралдарды қолдану турасында екі бағыт бар: «техникалық құралдар — жанды оқу процесінен артық емес» деген болса, екіншісі — «техникалық құралдар — қазіргі кезеңдегі оқу процесінің басты жетекшісі» деп келеді. Екі бағыттың бірін ұстау — біржақтылыққа алып кететіні белгілі. Оқу-танымдық қызметті белсендіруге, оқушының теориялық ойлау дәрежесін дамытуда техникалық құралдардың беретін көмегі мен мүмкіншіліктерін пайдалану бар да, оларға тым әуестеніп кетпей, орындылық пен қолдану тәртіптілігін сақтай білу бар. Сонымен, қазақ тілін оқытудың дидактикалық негіздерін талдай келе, мынадай қорытындыға келдік. Жалпы, тілді оқыту теориясы адамның тілді меңгеруінің жалпы немесе жекелеген заңдылықтарын білдіреді. Осы ретте қазақ тілін оқыту теориясы, дидактикалық негіздері қазақ тілін оқыта отырып, қазақша сөйлеу мен сауатты жазу әдістерінің, оқыту мазмұны мен мақсат-міндеттерінің, уәжінің оқыту заңдылықтары жүйесіне шоғырлануын бейнелейді. Бағдарламалық өнімнің деңгейі оны қолдану кезіндегі нақты жұмыс істеу қабілеті мен оның қауіпсіздігін қамтамасыз етумен анықталады.

Оқыту технологиясы немесе білім беру технологиясы оқыту әдістерін белгілі бір жағдайларға, уақытты, орынды, нақты білім беру пәндерін, ұйымдастырудың шарттары мен педагогикалық процестің ұзақтығын ескере отырып, әзірленген ережелерді қолдану жүйесіне «байланыстыру» болып табылады. Сондықтан біз технологияның тиімділігі туралы жалпы емес, тек белгілі оқушылар мен оқытушыларға қатысты айтуға болады. Әр мұғалім, тіпті қарыз алу мәселесінде де технологияны жасаушы. Технологияны құру шығармашылықсыз мүмкін емес.

Біздің практикамызда қазіргі қоғамдағы оқушылардың жетістіктеріне ықпал ететін балалардың негізгі құзіреттіліктерін қалыптастыруға ықпал ететін инновациялық технологияларды енгізу қажет. Осы жерде ақпараттық технологияны айтуға болады.

Қазіргі кезде қазақстандық білім беруде ақпараттың жылдам даму қарқыны арасында қарама қайшылықтың жайылуы, ақпараттық орта мен динамика мазмұнында белгілі консерватизм арасында сипаттың күрделенуі, оқытуды ұйымдастырудың формалары мен әдістері болып табылады. Мұның салдарлары жоғары оқу орындарының түлектерінің кәсіби іс-әрекеті сипатталатын әлеуметтік ситуацияда білім беру мәселелері болып табылады. Олардың шешімін табудың бірден бір жолы жоғары білім беру жүйесін оқушылардың ақпараттық мәдениетін қалыптасу деңгейінде қамтамасыз етілетін пәндер арқылы, оқушылардың қазіргі ақпараттық ортада дұрыс бағдар ұстануды қамтамасыз ететін белгілі бір білім мен біліктерді меңгеруі негізінде жүзеге асыру болып табылады.

Сонымен, АТ оқу үдерісін қамтамасыз етуге қолдану тиімді екені анық, ал қазіргі таңда бұл қажеттілікке айналды. Заманауи мұғалімдер ақпараттық технологияларсыз өз өмірлерін елестете де алмайды. Дегенмен де оның денсаулықты қорғау ұстанымына сай жүзеге асырылғаны және жұмыс берушілердің тарапынан оның қадағалануы қажет деп ойлаймыз.

ӘДЕБИЕТТЕР

1.Обновленное содержание образования – веление времени. Анохина Е.Л.
2.Обновление образования. Вебер В.А.
3.Обновленная программа – новое содержание образования. Пиржанов А.З.
4.«Қазақстан-2050» Стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты Қазақстан Республикасының Президенті – Елбасы Н.Ә. Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауы. - Астана, 2012, желтоқсан - 14.

ИННОВАЦИОННЫЕ ТЕХНОЛОГИИ НА УРОКАХ РУССКОГО ЯЗЫКА И ЛИТЕРАТУРЫ КАК СРЕДСТВО ПОВЫШЕНИЯ КАЧЕСТВА ОБРАЗОВАНИЯ

Молдаханова Назгуль Макеевна
КГУ « Средняя школа имени М.В.Ломоносова»
отдела образования по Зайсанскому району
Управления образования Восточно-Казахстанской области
nazgul_kozhekenova_71@mail.ru

Статья посвящена новейшим педагогическим технологиям, используемым в современной школе при преподавании русского языка и литературы. Использование инновационных технологий в учебном процессе является необходимым условием интеллектуального, творческого и нравственного развития обучающихся.
Ключевые слова: образование, технология, обучение, воспитание, процесс, эффективность, формирование.
Мақала қазіргі мектепте орыс тілі мен әдебиетін оқытуда қолданылатын ең жаңа педагогикалық технологияларға арналған. Оқу процесінде инновациялық технологияларды қолдану білім алушылардың зияткерлік, шығармашылық және адамгершілік қасиеттерінің дамуына ықпал етеді.
Түйінді сөздер: білім, технология, оқыту, тәрбие, процесс, тиімділік, қалыптастыру.
The article is devoted to the latest pedagogical technologies used in teaching Russian language and literature in a modern school. The use of innovative technologies in the educational process is a necessary condition for the intellectual, creative and moral development of students.
Keywords: education, technology, training, upbringing, process, efficiency, formation.

Сегодня основная цель обучения - это не только накопление учеником определённой суммы знаний, умений, навыков, но и подготовка школьника как самостоятельного субъекта образовательной деятельности.

Одним из возможных путей развития образования являются инновации – педагогические новшества, направленные на содержание образования, организацию и управление учебным процессом, повышение его качества, совершенствование технологий обучения, воспитания и оценки.

Основными целями инновационного обучения являются:

– развитие интеллектуальных, коммуникативных, лингвистических и творческих способностей учащихся;

– выработка умений, влияющих на учебно-познавательную деятельность и переход на уровень продуктивного творчества;

– формирование ключевых компетентностей учащихся.

Чтобы развивать у учащихся внутреннюю мотивацию к изучению русского языка и литературы, использую различные инновационные технологии: информационно-коммуникационные технологии, технологии разноуровневого и дифференцированного обучения, технологии проектного обучения и исследовательской деятельности, технологии развития критического мышления.

Использование ИКТ на уроках русского языка и литературы позволяет разнообразить формы работы, деятельность учащихся, активизировать внимание, повышает творческий потенциал личности. Построение схем, таблиц в презентации позволяет экономить время, более эстетично оформить материал. Задания с последующей проверкой активизируют внимание учащихся, формируют орфографическую зоркость. Использование кроссвордов, иллюстраций, рисунков, различных занимательных заданий, тестов, воспитывают интерес к уроку, делают урок более интересным.

Уроки с использованием ИКТ развивают умение учащихся работать с компьютером, самостоятельно решать учебные задачи.

Технологии разноуровневого и дифференцированного обучения. Понятие “дифференцированное обучение” в переводе с латинского “different” означает разделение, разложение целого на различные части, формы, ступени. Дифференцированное обучение - это форма организации учебного процесса, при которой учитель работает с группой учащихся, составленной с учетом наличия у них каких-либо значимых для учебного процесса общих качеств. Целью дифференцированного обучения является организация учебного процесса с учетом индивидуальных способностей и особенностей ученика или, иными словами, обучение каждого на уровне его возможностей и способностей, что дает ребенку возможность получить максимальные по его способностям знания и реализовать свой личностный потенциал. Данная технология позволяет сделать учебный процесс более эффективным. Задачи дифференцированного обучения: понять, увидеть и сохранить индивидуальность ученика, помочь ребенку поверить в свои силы, обеспечить его максимальное развитие.

Дифференцированный подход организационно состоит в сочетании индивидуальной, групповой и фронтальной работы. Он подходит на всех этапах обучения, а также на всех этапах усвоения знаний, умений. Чтобы добиться правильного дифференцированного подхода в обучении, необходимо правильно подбирать дифференцированные задания. Они должны отличаться простотой, краткостью и точностью.

Последнее время в школьной практике всё чаще используется метод проектов, особенно, в деятельности учителей русского языка и литературы. Нередко приходится сталкиваться с такими ситуациями, когда у учеников отсутствует читательский интерес, они не хотят анализировать и обобщать изученный материал. В таком случае, чтобы заинтересовать учащихся учитель реализует системно - деятельностный подход, основной целью которого является воспитание личности, а также активная, разносторонняя, познавательная самостоятельная работа учеников.

Особенность проекта в том, что при его выполнении школьники, работая индивидуально и в группах, развивают исследовательские навыки, самостоятельно ориентируются в потоке информации, обобщают и анализируют материал, учатся сопоставлять факты, делать выводы и заключения по изученной теме. Следовательно, основной целью проектной деятельности на уроках русского языка и литературы является формирование активной самостоятельной и инициативной позиции учащихся в развитии исследовательских, рефлексивных, самооценочных учебных умений и навыков.

Тема проекта может быть связана с какой-то одной предметной областью. При подборе темы проекта учитель ориентируется на интересы и потребности учащихся, их возможности и личную значимость предстоящей работы. Выполненный проект может быть представлен в самых разных формах: статья, альбом, коллаж, рекомендации и многие другие. Разнообразны и формы презентации проекта: доклад, конференция, конкурс, праздник, спектакль. Главным результатом работы над проектом будут актуализация имеющихся и приобретение новых знаний, навыков и умений, их творческое применение в новых условиях.

Применение приемов технологии критического мышления дает воз-можность вырабатывать у обучающихся надпредметные умения, такие как:

- умение работать в группе;

-умение графически оформить текстовый материал; умение творчески интерпретировать имеющуюся информацию;

-умение распределить информацию по степени новизны и значимости; умение обобщить полученные знания;

-формирование культуры чтения, включающей в себя умение ориентироваться в источниках информации, пользоваться разными стратегиями чтения, адекватно понимать

прочитанное, сортировать информацию с точки зрения ее важности, «отсеивать» второстепенную, критически оценивать новые знания, делать выводы и обобщения.

Использование приемов технологии развития критического мышления делает уроки разнообразнее, обеспечивает деятельность учащихся на каждом этапе урока. Мне обычно в ходе урока удаётся применить несколько видов деятельности учащихся. При составлении кластера, синквейна, написании эссе школьники имеют возможность общаться через парную или групповую работу, проявлять своё творчество. Выполняя задания самоконтроля и самооценки, работая с инструктивными карточками, ученики развивают навыки самоорганизации и саморегуляции, навыки самоанализа, критического отношения к себе.

Таким образом, применение новых технологий помогает мне сделать урок эффективным, результативным, а процесс получения знаний для учащихся – интересным и продуктивным.

ЛИТЕРАТУРА

1. Алексеева, Л. Н. Инновационные технологии как ресурс эксперимента/ Л. Н. Алексеева// Учитель. - 2004. - № 3.
2. Павлова А.И.О технологии развития критического мышления учащихся на уроках русского языка. Русский язык в школе.-2009.
3.Никишина И.В. Инновационные педагогические технологии и организация учебно-воспитательного и методического процессов в школе. Издательство «Учитель», Волгоград, 2008.

АУЫЛ МЕКТЕБІНДЕГІ ОҚЫТУ МӘСЕЛЕЛЕРІ ЖӘНЕ ОЛАРДЫ ШЕШУ ЖОЛДАРЫ
ПРОБЛЕМЫ ОБУЧЕНИЯ В СЕЛЬСКОЙ ШКОЛЕ И ПУТИ ИХ РЕШЕНИЯ
PROBLEMS OF EDUCATION IN RURAL SCHOOLS AND WAYS TO SOLVE THEM

Ж.Г. Журтукова
Кгу «Крымская Общеобразовательная Школа Отдела Образования Денисовского Района» Управления Образования Акимата Костанайской Области
Село Крымское Денисовского Района
zhurtukova75@bk.ru

АННОТАЦИЯ: Мақалада ауылдық жерлерде білім берудің негізгі мәселелері келтірілген. Ауыл мектебінің ерекше мақсаты және оны одан әрі дамыту үшін оңтайлы шешімдер қабылдаудың маңыздылығы бір ауылдық шағын жинақты мектептің мысалында көрсетілген
АННОТАЦИЯ: В статье перечисляются основные проблемы образования в сельской местности. Подчеркивается особое предназначение сельской школы и важность принятия оптимальных решений для ее дальнейшего развития на примере одной сельской малокомплектной школы
ANNOTATION: The article lists the main problems of education in rural areas. The special purpose of a rural school and the importance of making optimal decisions for its further development are emphasized on the example of one rural small school
ТҮЙІНДІ СӨЗДЕР : шағын жинақталған мектеп, ауыл мектебі, жеке көзқарас, жаһандық мәселелер, белсендіру, қабылдау, шешу жолдары
КЛЮЧЕВЫЕ СЛОВА: малокомплектная школа, сельская школа, индивидуальный подход, глобальные проблемы, активизация, приемы, пути решения

KEYWORDS: small school, rural school, individual approach, global problems, activation, techniques, solutions

Малокомплектными школами принято считать школы с малым контингентом обучающихся. Многие педагоги, работающие в школах, в которых обучаются более двухсот человек думают, что обучать на уроке 5-6 человек не составляет особого труда. А вот 29 человек обучать намного сложнее. Вроде простая Еарифметика. Любой городской учитель уверенно скажет, что результаты обучения в селе должны быть выше. Я работаю в школе 25 лет. Из них 15 лет я разделяла мнение городских коллег. Уже 10 лет , как работаю в сельской школе , придерживаюсь иного мнения. Работа в сельской школе – это тяжелый труд даже в век технического прогресса. Сельский учитель сталкивается с «вагоном» проблем.

Одна из главных проблем – перегрузка учащихся. Педагог в течение урока неоднократно спрашивает каждого ученика. Вроде это плюс. Но чаще всего 40 % обучающихся «выгорают» уже в среднем звене. Практически в каждом классе есть обучающиеся, у которых формируется постоянная боязнь ошибки, накапливается усталость. Это иногда приводит к конфликтным ситуациям.

Вторая проблема –отсутствие выбора. Сухомлинский говорил, что «каждый ребенок талантлив по – своему, только нужно разглядеть его, помочь ему проявиться, найти свой путь, поверить в себя». Но на практике, увы, не так. Талант развить нечасто, к сожалению. Все учителя-предметники хотят воспитать, обучить одаренного ребенка, чтобы показать результаты на уровне района, области, Республики. Педагогическое чутье не подводит. Они с точностью определяют предпочтения и склонности ребенка. И вот приходится одного ребенка практически «разрывать». Допустим, ребенка-гуманитария между русским языком, английским, казахским и историей, как в басне Крылова.

Третья проблема – расстояние от села до районных центров, области. Конечно, сейчас практикуются онлайн-олимпиады. Однако поездки случаются. Они в прямом смысле «выматывают» и учителя- предметника, и администрацию.

Четвертая проблема – отсутствие материально-технической базы, которая дает возможность организовать дополнительные образовательные услуги, проводить культурные мероприятия. Наличие одного мультимедийного кабинета и двух кабинетов, оснащенных интерактивными досками делает жизнь педагога не столь яркой, как они того ожидали, устраиваясь на работу в селе.

К глобальным проблемам нужно отнести и отсутствие возможности культурного досуга. Обучающиеся редко посещают музеи, кинотеатры и другие развлекательные центры. А в театре вообще не бывали, к сожалению.

По этому поводу есть изречение одного неизвестного автора, которое гласит: « Как бы трудно вам не было - никогда не меняйте красоту своей души на мертвый холод камня! Даже если вас сломали - прорастайте заново». Складывается ощущение, что этот человек хорошо знал сельского учителя.

В нашей сельской школе предпочитают использовать приемы "бесконфликтной" педагогики, сочетают индивидуальную , групповую , коллективную деятельности учеников. Преподавание в школе строится на основе систематического изучения индивидуальных особенностей и возможностей учащихся, осуществляется дифференцированный подход в обучении. Педагоги тесно сотрудничают между собой, совместно находя пути решения проблем, возникающих в начальном, среднем , старшем звене.

В нашей школе индивидуализация обучения - главная особенность методики преподавания в классах с малой наполняемостью. Индивидуальная работа на уроке дает возможность диагностировать причины ошибок. В связи с перегрузкой обучающихся особое внимание уделяют учителя-предметники перемене деятельности ученика в процессе урока, разнообразию заданий и включению в урок занимательного материала.

Все это способствует снятию напряжения, активизации умственной деятельности учащихся. Я на уроках русского языка использую старые игры на новый лад, ролевые игры, ведение дневников, нестандартные домашние задания , связанные в Интернет - играми, где они находят синонимы, омонимы, правильное написание слов. (Благо, запущена широкополосная сеть Интернет для всех сельских жителей)

Частое проведение спаренных интегрированных уроков способствует решению нескольких проблем: развитию интереса к дисциплинам, целесообразному комплексному использованию мультимедийного кабинета , активизации умственной деятельности и расширению кругозора обучающихся. Интегрируя уроки русского языка с уроками музыки, истории, информатики, я ставлю перед собой задачу: привлечь детей к миру искусства, культуры, развивать их творческие способности, воображение, образное мышление, эмоциональную отзывчивость. Особый интерес у учащихся вызвали интегрированные уроки: «Вода на Земле. Экологические проблемы и ресурсы Земли» География и русский язык в 10 классе, «Роль музыки в повести Куприна «Гранатовый браслет». Музыка и русский язык в 9 классе. Особое внимание уделяю работе по развитию речи. С 5 класса пишем заметки, сочинение-миниатюра о природе. В среднем звене обучающиеся 7 класса создали Лэпбук «Наречие как самостоятельная часть речи», сборник лингвистических сказок В старших классах творческие работы приобретают исследовательский характер. Написание легенды об озере Кок-коль стало началом создания сборника «Легенды нашего края».

Тема малой Родины тонкой нитью переплетает не только темы одной дисциплины, но и дисциплины между собой. В нашей школе педагогами организовываются фотовыставки, посвященные родному селу, конкурсы сочинений и историй нашего села.

Так как сельские дети тонко чувствуют природу, и братья меньшие занимают особое место в их жизни, педагоги нашей школы ежегодно совместно с обучающимися организовывают фестиваль, посвященный животным и птицам нашего края. Обязательное условие – этот вид птиц и животных должен обитать в наших краях. В положении указываются совершенно разные направления. Это и авторские произведения, и презентации, и художественный номер, и театрализованное представление, и рисунки , и фотовыставки, и поделки , и т.д.

Таким образом, по своему составу, условиям жизни и работы сельское учительство значительно отличается от учителей городских школ, что необходимо учитывать будущим педагогам в процессе общепедагогической подготовки в стенах высших и средних педагогических учебных заведений

ЛИТЕРАТУРА:

1. Л.В. Байбородова. Сельская малочисленная школа: какая она сегодня. М., 2002. – 356 с.
2. Бондаревская Е.В. Ценностные основания личностно-ориентированного воспитания: Ростов-на-Дону, 2000.
3. Государственная программа развития образования Республики Казахстан на 2010 – 2020 годы.
4. 4.Альмурзаева Б.К. Социокультурная направленность процесса обучения в сельских школах Республики Казахстан (на примере малокомплектных школ) [Текст] / Б.К Альмурзаева, А.А. Жайтапова, О.А. Шункеева, Д.Г. Наурызалина, К.Т. Сатыбалдина, Ш.И. Тулегенова // Международный журнал экспериментального образования. - 2015. - № 8-3. - С. 384-387.

КВАЛИМЕТРИЯ: ПЕДАГОГТЕРДҢ КӘСІБИ ДАМУЫНЫҢ ӨЗГЕРІС КӨРСЕТКІШІ

Темирова Бекзада Амангелдиевна
Жалпы білім беретін Томан бастауыш мектебі, Атырау облысы,
Исатай ауданы, Қазақстан
Bekzada_85@inbox.ru

Аннотация: Квалиметрия өлшем құралы педагогтардың кәсіби дамуын бағыттау мен басқарудың алгоритмі. Алдын-ала талдауға негізделген бұл жоба, педагогтардың нақты, шынайы, өзекті деген мәселелерін шешу қажеттілігінен туындаған. Жобада жұмыстың алғашқы қадамы сауалнамадан бастап, анықталған мәселелерді шешу жолдарын қамтитын жұмыстар мен нәтижелілігін көрсететін өлшемді қолдану арқылы кейінгі жұмысты жоспарлау мүмкіндігіне негізделген. Мектепте сапалы білім беру негізгі мақсат болса, педагогтарды табыстылыққа бағыттау осы жұмыста көрсетілген.
Түйін сөздер**:** кәсіби даму, қолдау, өзгеріс, тәжірибе, квалиметрия, өлшеу, сыни көзқарас

Жаңа миллениум ұрпақтарының қажеттіліктеріне орай білім беруді оңтайландыру процесі белең алғанына да бірнеше жыл болды. Жаңартылған білім беру бағдарламасы білім саласына көптеген өзгеріс алып келгені барлығына мәлім. Өзгерістер толқынын қабылдаушы тарап педагогтар болғандықтан біз де тәжірибемізді жақсартудың барлық амалдарын жасап жатырмыз.

Басшы лауазымына келген соң, «Бүгінгі білім алушыларымызға жарқын әлем құру үшін қандай білім, дағдылар мен құндылықтар қажет болады?» деген сұрақ ойландырды. Бірқатар сұрақтар тізбегін қойып, жауап іздедім.

Барлық мұғалімде оңтайлы өзгеріс бар ма?

Педагогтің өзіндік даму траекториясы құрылған ба?

Даму бағытында көмекті қажет ететін әріптестерім үшін қандай пайдалы құрал ұсынамын? дегендей сұрақтар зерттеудің бастау қажеттілігін туғызды.

Сан-саққа кеткен ойларды бір сұраққа тоғыстырып, «Педагогтердің кәсіби дамуын немен өлшеймін?»

- Зерттеуді бастауға негіз ақпараттық деректер тәжірибеге енгізу идеясы қайдан пайда болды деген сұраққа жауап беріп кетсем...

Зерттеу тақырыбы: «Квалиметрия: педагогтердің кәсіби дамуының өзгеріс көрсеткіші»

Зерттеу мақсаты: Мектеп басшылығының педагогтерді кәсіби дамуын қолдау қызметіндегі өзгеріс траекториясының сапасын Квалиметрия өлшем құралы арқылы іске асыру әдістемесін ұсыну.

Зерттеу әдістері: Аналитикалық (ғылыми, әдістемелік әдебиеттерді талдау, жіктеу, жүйелеу, жалпылау, бағалау критерийлері т.б.).

«Даму траекториясын» анықтау. (Проблемалар мен қайшылықтарды шешу, Жаңа құндылықтарды құру, Даму)

Квалиметрия өлшем құралы арқылы даму фокустарын анықтау және өзгеріс бағытын бағдарлау.

Практиканы іске асыру:

Квалиметрия өлшем құралын қолдануды жүзеге асыру тетіктері:

SWOT /талдау/

- мектептегі педагог қызметіне кері байланыс беруші респонденттер;
- кәсіби сұхбат;
- МІБ қорытынды хаттамалары;

Даму траекториясы /проблеманы анықтау/

1. Пәндік білімі

2. Теориялық білімі
3. Әдістемелік білім

Step by step /проблеманы шешу жолдары/

I. Self-research
II. Work zone
III. Unpacking

Зерттеу нәтижелері:

Квалиметрия өлшем құралы арқылы мұғалімдердің кәсіби дамуының өзгеріс көрсеткіштері алынды. «Бүгінгі білім алушыларымызға жарқын әлем құру үшін қандай білім, дағдылар мен құндылықтар қажет болады?» деген сауалға жауап беретін жұмыс ұйымдастырылып, іс-әрекет нәтижесінің бағдары бойынша бағалау жүргізілді.

1. Квалиметрия өлшем құралы не себепті тиімді болуы мүмкін?
2. Қандай критерийлерді негізге аламыз?
3. Осы құрал нәтижесінде мұғалімдердің даму өзгерісін қалай бақылай аламыз?

Квалиметрия өлшем құралын қолдануды жүзеге асыру тетіктері негізінде талдау, мәселені анықтау, мәселені шешу кезеңдерінде қызмет ету аясы сапасын, санмен нақтылауда төмендегідей формуланы қолдандым.

$$\text{Квалиметрия (ӨК)} = \frac{\text{Балдың нақты саны}}{\text{Балдың максим.саны}} *100$$

Формулада қандай көрсеткіштер болады?

	Кәсіби даму көрсеткіші	**Талдау**			**Даму траекториясы**			**Step by step**		
		РКБ	КС	МІБ	ПБ	ТБ	ӘБ	Sr	Wz	Un
Бастапқы	Дағдарысты деңгей 20-49%	2		2			2	2	2	2
	Орташа деңгей 50-69%	5	7	6	6	6	6	6	6	6
	Жеткілікті деңгей 70-89%	1	1		2	2				
	Оңтайлы деңгей 90-100%									
Өзгеріс көрсеткіші	Дағдарысты деңгей 20-49%									
	Орташа деңгей 50-69%	3	3	3	3	3	3	4	3	3
	Жеткілікті деңгей 70-89%	4	5	4	4	4	4	3	4	4
	Оңтайлы деңгей 90-100%	1		1	1	1	1	1	1	1

Әр зерттеу тетіктеріндегі көрсеткіштерді санға, санды сапаға айналдыра отырып, әдістемелік қолдау жұмысымыздағы осал тұстарды нақтылаудың тиімді көрсеткіші болумен қатар, қай мәселеге назар аудару керек деген риторикалық сұраққа жауап болатындай әдістемелік құрал бола білді.

Қорытынды мен ұсыныс:

Квалиметрия өлшем құралы арқылы педагогтердің кәсіби дамуындағы олқылық пен өзгерістерді нақтылауға мүмкіндік болды. Құрал педагогтердің қызметіндегі өзгерісті бағалай алды. Бұл әр педагогтың даму көкжиегі мен болашақта даму бағдарын достық қарым-қатынас арқылы шынайы тәжірибе алмасу алаңын ашуға әкелді.

LESSON STUDY ТӘСІЛІ АРҚЫЛЫ ОҚУШЫЛАРДЫҢ БЕЛСЕНДІЛІГІН АРТТЫРУ
ПОВЫШЕНИЕ АКТИВИЗАЦИИ УЧАЩИХСЯ С ПОМОЩЬЮ ПОДХОДА LESSON STUDY
INCREASING STUDENTS ' ACTIVITY THROUGH the LESSON STUDY APPROACH

Аманжолова Жулдыз Жумажановна
Ұлытау облысы, Жаңаарқа ауданы, Ақтүбек ЖББ мектебі
бастауыш сынып мұғалімі, педагог-сарапшы
zul-aman-83@mail.ru

АННОТАЦИЯ**:** Мақалада «Lesson study» тәсілінің жүргізілу барысы, қолданылған әдістердің тиімді,тиімсіз тұстары жазылған. «Lesson study» әдісінің білім сапасын арттыруда, оқушылардың белсенділігін арттыруда, мұғалімдердің тәжірибе алмасуына көп көмегі тиетіндігін дәлелдеп, қорытынды жасаған.

В статье изложен ход проведения подхода «Lesson study», эффективные, неэффективные моменты применяемых методов. Доказали, что метод Lesson study» очень помогает в повышении качества образования, активизации учащихся, обмене опытом учителей.

The article describes the course of the" Lesson study " approach, the effective and ineffective aspects of the methods used. He proved that the method of" Lesson study " helps a lot in improving the quality of education, increasing the activity of students, and sharing the experience of teachers.

Басқаларды үйрете жүріп біз өзіміз үйренеміз.
Сенека.

Сабақты зерттеу–сабақтағы іс-әрекеттерді зерттеу негізінде мұғалім тәжірибесіне өзгеріс енгізе отырып, білім беруді жетілдіру арқылы сапалы білімді қалыптастыруға бағытталған ерекше педагогикалық тәсіл. Бұл әрекет XIX ғасырдың 70-жылдарында Жапонияда «Lesson study» әдісі деп бастау алып, қазіргі таңда біздің елде де жүргізіліп келеді. [1,2-б.]

Біздің мектепте «Lesson study» бірнеше жылдар бойы жүргізіліп келеді. Биылғы жылы да бастауыш шығармашылық топ жұмысын жалғастырды, бірінші отырыста бастауыш сыныптағы проблема таңдалып, одан сұрақ туындады.

Проблемасы: мәтінді түсініп оқу. Топ мүшелері ақылдаса келе алға мақсат қойды.

Мақсаты: оқу-тәрбие үдерісінде білім алушылардың оқу дағдыларын үздіксіз жетілдіру арқылы сапалы білімге қол жеткізу»

Проблеманы шешу үшін «Оқушылардың мәтінді түсініп оқу дағдыларын қалай жетілдіреміз?», «Ол үшін қалай жұмыс жасаймыз?», «Қандай әдіс-тәсілді қолданамыз?» – деген сұрақтар айналасында талқылау жасалынды.

Топ мүшелері проблеманы шешу үшін 1-зерттеу сабағын жоспарлады. Пәні, тақырыбы және сол сыныптағы зерттелетін А, В, С оқушылары таңдалды. Қысқа мерзімді жоспарды топ мүшелері әдіс-тәсілдерді таңдай отырып бірлесе құрды.

Тізбектелген сабақ бойынша бірінші сабақ 3-сыныпта «Түбір мен қосымшаның жазылуы» тақырыбында өтті.

Психологиялық дайындық жасаудан басталған сабақ оқушыларды топқа бөлумен жалғасты. Үй тапсырмасын «Сағатпен дос бол» әдісі арқылы сұрау тиімді болды. «Ой қозғау» арқылы мұғалім жетелеуші сұрақтар қойды. Жаңа сабақтың тақырыбын ашу мақсатында мұғалім «Болжау» әдісін ұтымды қолданды.

Жаңа сабақта топтық жұмыс берілді. 1-топ: Мәтін неліктен «Жоғалтып алған күн» деп аталған? Өз ойларыңмен бөліс.

2-топ: Егер бір күннің ішінде пайдалы жұмыс бітірмесең,онда «бұл күніңді босқа өткіздім деп есептей бер» нақыл сөзінің мәнін топта талқыла.

3-топ:Мәтіндегі қарамен жазылған сөздерге назар аудар.Түбір сөздерге қосымшалардың жуан, жіңішке болып жалғану себебі неде деп ойлайсың? деген тапсырмалар берілді. 1-топта отырған А деңгейлі оқушы жұмысты бірден қолға алып, көшбасшылық қабілетін көрсетті.(1-сурет) 2-топта отырған С деңгейлі оқушы құрдастардың пікіріне құлақ түріп, өз ойын қосқанын байқадық. (2-сурет)

Бұл жерде Л.Выготский бойынша, ЖАДА — оқушының өз бетінше шешкен міндеттердің көмегімен анықталған өзекті даму деңгейі мен үлкендердің басшылығымен және анағұрлым қабілетті жолдастарымен бірігіп шешілген міндеттер арқылы анықталатын болжамды даму деңгейі арасындағы қашықтық екендігі белгілі болса ЖАДА-да көмек алып нәтижеге жеткен балада жаңа бір мүмкіндік әлемі ашылады.[2.8-б] Мұны сезінген бала психологиясы даму аймағына мақсатты түрде бойлай береді. Өйткені, ол өзі алғашқы қадамнан-ақ білім шыңын бағындырмаса да, ЖАДА арқылы алынбас асу қалмайтынын түсінеді. 3-топтың жұмысын ортаға шығарып талқылап, мұғалім жаңа сабақпен байланыстырып кетті. «Жұптас, орында» әдісі арқылы жұптық жұмыс берілді. Рефлексияға «SMS» әдісі қолданды. (3-сурет)Оқушылар өз түсінгендерін ұялы телефон бейнеленген суреттің артына жазды.

Сабақ соңында әр оқушы өз-өзін 10 баллдық жүйеге сәйкес дөңгелекшелермен бағалады.

Сабақ соңынан А,В,С деңгейіндегі оқушылардың үнін тыңдау мақсатында топ мүшелері сұрақтар қойды. Өтілген сабақты топ мүшелері бірден талқылап, таңдап алынған әдістердің тиімді, тиімсіздігін айтып, ортаға салды. Келесі сабақты жоспарладық. Топтық жұмыс жасау оқушыларға тиімді болды. Осы кезде топ мүшелері оқушылардың түсінгенін өз сөзімен жеткізе білу дағдыларының төмендігін байқағандарын айтты. Келесі сабақта осы проблеманы да жою мақсатында жұмыстарды таңдап алу қажет екендігін ортаға салды. Топтық жұмысты қорғағанда ортаға шығып, басқа топтың оларды тыңдап, дескриптор арқылы бағалау керектігі айтылды.Келесі топта оқушылардың қырын ашатындай әдістерді қолдану туралы ұсыныс айтылды.

2-зерттеу сабағы «Түбір мен қосымшаның жазылуы» тақырыбында өтті.

Екінші сабақтан зерттеу барысында мынандай қорытынды шығардық: А оқушының көшбасшылық қабілетін дұрыс жолға қойып, шыңдау үшін келесі сабақта өзге стратегия қолдану керек. В деңгейіндегі оқушы мінезі тұйық, топта жұмыс жасағанда ақпаратпен бөлісуге баяу қимылдауы кедергі жасады. Жалпы оқушыны келесі сабақтарда басты назарда ұстап, сабаққа деген қызығушылығын арттыруға жұмыс жасау қажет деп шештік.

С оқушының бойынан сабақ басында қызығушылық оянғанын байқадық. Топта жұмыс жасады, өз ойын айта білді. 3-зерттеу сабағы «Жүйрік минуттар» әдісі арқылы ой қозғау жасалып, оқушылар өткен сабаққа шолу жасады. Жаңа сабақ тыңдалым дағдысын қалыптастыру мақсатында мұғалім өлеңді оқыды, оқушылардың түсінгендіктерін тексерді. Осы кезде оқушылар өз ойларын жеткізе білді.Топтық жұмыста «Құмсағат» тобы «күнұзақ» сөзінің мағынасын ашу, «Сусағат» өлеңді іштей оқып, уақытқа байланысты берілген сөздерді теріп жазу, «Күнсағат» өлең мазмұны бойынша сұрақтар құрастыру сәтті өтті. Дескриптор арқылы бір-бірін бағалауы жақсы көрініс тапты.

«Шығармашылық үзіліс» тапсырмасында оқушылар пішіндерді сәйкестендіріп, өлең құрап жазды. Осы әдіс арқылы оқушылардың логикалық ойлау қабілеті дамыды деп айтуға болады. Бекіту кезінде «Бинго» ойыны өте қызықты өтті. (4-сурет) Оқушылар қызыға қатысып, бекітуге арналған сұрақтарға жақсы жауап берді.

Біздің проблемамыз мәтінді түсініп оқу болғандықтан осы мәселе шешуін тауып, оқушылар топтық жұмыс жасауда мәтінді түсінді. Оқушылардың барлығы өз ойларын айтып, сөйледі. С деңгейіндегі оқушымыз белсенділігі артып, өз-өзін көрсете білді.

Бірлескен топтық жұмыс көрініс тапты. Оқушылар өз-өздерін бағалауға жақсы дағдыланды.

Алаштың аймаңдай тұлғасы, қазақ қара сөзінің құлжасы Ж. Аймауытұлы 1929 жылы жазған «Комплекспен оқыту жолдары» атты еңбегінде «Балалардың білгені, тапқан-таянғаны өмірге жанасып, жарыққа шығып отырып, барлық жұмысты балалардың белсене, құлшына өздері істеуі шарт. Өзі еңбектеніп, өзі бейнеттеніп тапқан білім берік болады. Өмірінше ұмытпайды», - деп көрсеткен.

Демек, бірлесе әрекеттеніп, нәтижеге бағыттай, мақсатты түрде құрылған әр сабақ оқушыларға «XXI ғасыр дағдысы» деп жиі айтылып жүрген кең ауқымды құзіреттілікке жол ашады.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Lesson Study: нұсқаулық Пит Дадли
2. Нұсқаулық «НЗМ» ДББҰ ПЩО ӘК 2012 жыл
3.Ж.Аймауытов «Комплекспен оқыту жолдары», 1929 жыл

АУЫЛ МЕКТЕБІНІҢ ҚАЗІРГІ ЖАҒДАЙЫ: МӘСЕЛЕЛЕРІ МЕН ШЕШУ ЖОЛДАРЫ

Абенова Светлана Кусаиновна
Қарағанды облысының білім басқармасының
«Қарқаралы ауданы білім бөлімінің»
Ақтерек ауылының
Ахмет Байтұрсынов атындағы № 26 негізгі орта мектебінің директоры,
тарих пәнінің оқытушысы
venkar84@mail.ru

Аннотация: «Ауыл мектебінің қазіргі жағдайы, мәселелерімен шешу жолдары» атты ғылыми –практикалық конференциясына қатысудағы мақсатым ауыл мектептерінде білім сапасын арттыру жолдары ,ауыл мектебінде білім беру қызметін тиімді ұйымдастыру бойынша іс-тәжірибеммен бөлісу. Конференцияның негізгі бағыты «Үздіксіз білім беру жүйесіндегі оқытудың тиімді тәсілдері мен инновациялық технологиялары». Мектеп директоры ретінде әрбір мұғалімнің зерттеумен айналысып, үздіксіз білм алуына қолайлы орта, жағымды мәдениет қалыптастырған жағдайда өмірге қажетті үздіксіз білім беру жүзеге асыра алатынымды түсіндім. Ауыл мектебінің мүмкіндігіне қарай оқытудың тиімді тәсілдерін қолдана отырып сапалы білімге қол жеткізу керектігін дәлелдеу.Сіздерге оқыту мен оқуды жақсартуда оқытудың тиімді тәсілдері мен инновациялық технологияларды қолдану жолдарын, іс-тәжірибемді ұсынамын. Оқытудың жаңаша әдіс-тәсілдері 7 модульды практикалық түрде қолдану арқылы оның артықшылықтарына көз жеткіздім. Білім беру мен білім алудағы жаңа тәсілдер, сыни тұрғыдан ойлауға үйрету, білім беру үшін бағалау мен оқуды бағалау, Білім ақпараттық–коммуникациялық технологияларды пайдалану,талантты, дарынды балаларды оқыту,оқушылардың жас ерекшеліктеріне сәйкес білім беру және оқыту, білім берудегі басқарудағы көшбасшылық осы әдіс-тәсілдерді қолдану жолдарын,мектепке іске асыру көрсетілді. LS. «Сабақты зерттеу» тобы деп аталатын мұғалімдер қауымдастығы құрылып, білім сапасын арттырудағы жұмыс түрлеріне тоқталдым. Үздіксіз білім беру жүйесіндегі оқытудың тиімді тәсілдері мен инновациялық технологияларына тоқталып , сол технологиялардың білім сапасына қаншалықты әсері болғаны жазылды. Осы орайда әрбір мұғалімді бақылау арқылы мектептің даму деңгейіне әсер еткен, өз тәжірибемізде оң нәтиже көрсеткен әдіс-тәсілдерге тоқталдым. Ауыл мектептерінің сапалық деңгейін

арттыруда мектепте төмендегідей өзгерістер жүйелі енгізілсе өз нәтижесін береді. Оқушы үні, ата-ана үні, LS Сабақты зерттеу, Коучинг үдерісі ,бөлінген көшбасшылық, мұғалімдердің көзқарасы, өз тәжірибемізді жетілдіру,қоғамдастық құру* (мектепшілік, мектептен тыс ,ата-аналар)оқушы үні,ата-ана үнін ескере отырып жұмыс ұйымдастырылса жұмыс тиімділігін береді. Мұғалімнің міндеті оқушының қажеттілігін қамтамасыз ету. Мектепте идея тудыру, әдістерді тиімді пайдалану, жаңа мүмкіндіктерге ашық болу. Мұғалімнің кәсіби дамуы –білім беру жүйесін жаңартудың негізі. Үздіксіз білім беруде оқыту мен оқуды жақсату үшін кең ауқымды дағдылар қалыптасу керек. Табысқа жету жаңа идеялармен бірлесе әрекеттесу. Ұлт Ұстазы Ахмет Байтұрсынұлы «Басқадан кем болмас үшін білімді, бай, күшті болуымыз керек, білімді болуға оқу, бай болу үшін кәсіп, күшті болуға бірлік осы керектердің жолында жұмыс істеу керек» деген сөзімен түйіндегім келеді

Түйін сөздер: инновация, технология, ұстаз, модуль, идея, білім жүйесі;

«.... Есікті жауып алып, өз сабағын бере беретін мұғалімдер кенеттен: «Тұра тұрыңдар,бұл мен үшін сондай-ақ сабақтағы балалар үшін пайдалы ғой . Мен істеп отырған нәрсе менің сыныбымның ғана емес, бүкіл мектептің нәтижесін көрсетпейме!?» деп ойлануы мені расындада таң қалдырды әрі қуантты»

Бүгінгі таңдағы оқыту үрдісі жаңа әдіс- тәсілдерді,жаңаша идеяларды қолдануды талап етеді. Жалпы ауыл мектебінің қазіргі жағдай қала мектебінің арақашықтықтығында қатты алшақтық жоқ деуге болады.Интернет жылдамдығы,ақпаратты жылдам дер кезінде қабылдап іске асыруда қиындықтар кездеседі.Ауыл мектептеріне арналған олимпиадалар, ғылыми жобалар, «Мың бала» ауыл балаларына арналған т.б мемлекет тарапынан мүмкіндіктер қарастырылған.Білім жүйесінде ауыл мен қала мектептерінің алшақтықтарын жоюда іс-шаралар атқарылуда.

Атап айтсам , біздің мектебімізде «Мың бала-2021» байқауында 3 оқушы Қарқаралы ауданы бойынша жеңімпаз болды.Облыстық, аудандық ғылыми жобаларда жүлделі орындар иеленуде.Қазіргі оқытудың басты негізі -құндылықтарға тәрбиелеу. Ауыл мектебі нағыз құндылықтар сақталған орта десек болады. Өз елінің патриоты болу - ол әркімнің ауылының тарихын,сол ауылда еңбек еткен тұлғаларды танып, білуден басталады десек, әр ауылдың өз тарихы бар . Жалпы ғылыми жобалар қорғауда,түрлі зерттеулер жүргізуде,жаңалық ойлап табуда ауыл мектебінде мүмкіндіктер жетерлік.Осындай мүмкіндіктерді іске асыруда ауыл балаларының мәртебесін арттыру әр мұғалімнің шеберлігіне байланысты екені айқын. Сіздерге оқыту мен оқуды жақсартуда мектептегі үздіксіз білім беруде оқытудың тиімді тәсілдері мен инновациялық технологияларды қолдану жодарын, іс-тәжірибемді ұсынамын .

Оқыту мен оқуды жақсарту мұғалімнің педагогикалық шеберлігін жетіру арқылы іске асады. Әр мұғалім іс-тәжірибесінде көптеген кедергілерге кездеседі заман көшіне ілесу үшін өз білімін жетілдіріп отыруы қажет. Оқытудың жаңаша әдіс-тәсілдері 7 модульды практикалық түрде қолдану арқылы оның артықшылықтарына көз жеткізедім.

1.Білім беру мен білім алудағы жаңа тәсілдер

2.Сыни тұрғыдан ойлауға үйрету.

3.Білім беру үшін бағалау мен оқуды бағалау.

4.Білім ақпараттық–коммуникациялық технологияларды пайдалану.

5.Талантты,дарынды балаларды оқыту

6.Оқушылардың жас ерекшеліктеріне сәйкес білім беру және оқыту.

7.Білім берудегі басқарудағы көшбасшылық.

Мұғалім педагогикалық қызметте үнемі жетілдіруді,тәжірибе жинақтауды қажет етеді. Тәжірибе уақытында әріптестеріміздің сабақтарына қатыса отырып,әдіс алмасуды,қатысқан сабақтарымызға сын көзбен қарап, сабақтың түпкі нәтижеге жетуге сондай-ақ әдіс-тәсілдерді сабақ барысында тиімді қолдану оқушылардың сабаққа қызығушылығын арттырудың бірден бір жолы екендігін айтты.Өз тәжірибемнен айтсам

Ауыл мектептерінің сапалық деңгейін арттыруда мектепте төмендегідей өзгерістер енгізілсе өз нәтижесін береді.

- Оқушы үні
- Ата-ана үні
- LS Сабақты зерттеу
- Коучинг үдерісі
- Бөлінген көшбасшылық
- Мұғалімдердің көзқарасы
- Өз тәжірибемізді жетілдіру
- Қоғамдастық құру (мектепшілік, мектептен тыс ,ата-аналар)

Білім алушылардың оқылым дағдысын жақсарту үшін ең алдымен мұғалімдердің оқылым дағдысын жетілдіру қажет. Осы мақсатпен мұғалімдермен бірлесе отырып оқуға тапсырма берілді. М. Жұмабаев. Педагогикасы.1.Ақыл тәрбиесі 2. Құлық тәрбиесі 3. Сұлулық тәрбиесі 4. Дене тәрбиесі . жан-жақты саралап, түсініп оқуға тырысып, ой бөлісті. Ағартушы еңбегі 4 бағытта жүргізіледі, егер адам баласына осы тәрбие түгел берілсе, оның тәрбиесі түгел болады. Баланы дұрыс тәрбие қылу үшін әркімнің өз тәжірибесі жетпейді. Тәуелсіз ел мектебін құруда Мағжанның тәрбиелік идеяларын қолданғанымыз жөн.

Адам Флетчер. Венн диаграммасы, Кластер, Менталдық карта, Графикалық кесте т.б құралдар баланың оқуын жеңілдетеді.Мәтін бойынша 3 сұрақтан, 5 сұраққа дейін деңгейіне қарай саралау.Білім алушылардың оқу дағдысын қалыптастыруда диалогтік оқыту маңызды.

Білім алушылардың оқу дағдысын дамыту үшін 3 қадам:

1. Өзім оқу 2. Қадам алмасу 3. Содан не аламыз ? Талқылау.

Кез-келген адам өзін дамыту керек.Өзінде қалыптасса балаға үйретеді Баланың оқылым дағдысын дамытады.

Мұғалімдермен топтық жұмыс. Мерсер негідемесі бойынша диалогтік оқытудың 3 түрін қолдана отырып:

– Әңгіме-дебат, кумулятивті , зерттеушілік

Әңгіме-дебат ой- пікірлерде алшақтық болады,әрқайсысы өз шешімдерінде қалады.Кумулятивтік- айтылған пікірлермен келіседі.

✓ Зерттеушілік қатысушылар бір-біріне сұрақ қояды,қатысушылар айтқандарын дәлелдейді. Әңгіме-дебат: «Жаздағы үш айлық демалыс қыс айларына ауыстырылады екен» , Жағдаят.

✓ Мәселе: Баланың хаты,бала өлімі.

✓ Талқылау. Мәселе неге туындады?

Зерттеушілік : «Жауынгердің хаты». «Фишбоун» құру.

Әңгіме –дебат көзқарасты қабылдамайды

Кумулятивті- бір-бірін сынамайды.

Зерттеушілік –қарсы дау айтылады.Тапсырмаларды орындату арқылы мұғалімдер бойынан өткізеді,осы диалогтік оқытуды сабақта қолданады.

Тәжірибенің ең ұтымды тұсы біріншіден «Сабақты зерттеу» тобы деп аталатын мұғалімдер қауымдастығы құрылды . Оның ішінен 5- мұғалімнен .тұратын шағын белсенді топтарда ішкі механизм жұмыс істей бастады. Олардың бірі сабақ бере отырып,қалған мұғалімдер бақылаушы болып, Сабақ зерттеу циклін толық аяқтады.Екіншіден,бір сыныпқа сабақ беретін әртүрлі пән мұғалімдерінің сабақтары бірлесе жоспарлауы жүзеге асты. Үшіншіден,оқушы үнін тыңдау арқылы оқушының қажеттілігіне сай жұмыс істеуді үйрендік.Төртіншіден мұғалімдерде бақылау және зерттеу дағдылары қалыптасты. Бесіншіден,басты нысандағы оқушыларға оқу мақсатын қоя отырып,оқытуда саралау жүргізілді. Алтыншыдан,оқушы білімін оқытудың әр сатысында бағалау жан-жақты жүргізілді.

Сабақты зерттеу кезінде туындаған қиындықтардың бірі-мұғалімдердің зерттеушілік дағдыларының жетіспеушілігі. Бұл деректерді жинауды жоспарлау және оларды талдау,ал деректер зерттеу сабағын бақылау кезінде жинақталады.Сондықтан бұл кедергіні жоюда мұғалімдер назары оқушылардың білімді қалай игеріп жатқанына шоғырланған кезде ғана оқыту мен оқу тәжірибесі жақсарады деп ойлаймыз. Бақылау дағдыларын арттыру үшін алдымен мұғалімдерді бақылауды зерттеу тәсілі ретінде қарастыратын ақпаратпен қамтамасыз ету керек екенін білдік. Қоучинг сабақтарында бақылау дағысын қалыптастару бойынша тақырыптар қойылды.1.Педагогтің арнайы ұйымдастырылған іс-әрекетінің болуы. 2.Рефлексиялық ортаның болу 3.Рефлексиялық әрекеттестікке қатысушылардың арасында тұлға аралық қарым-қатынасты күшейт 4.Мұғалім рефлексиясының өзектілігі . Бірінші циклде бар жауапкершілікті тек сабақ беретін ұстазға артып қойғанымызды,бақылауға алынған оқушыларға табыс критерийлерді нақты белгілемегенімізді,бақылайтын оқушыларды жақсы танитын болғанымызбен,ол оқушы туралы жан-жақты деректер болмағанын білдік.

Сондай– ақ, айта кету керек, бірлескен зерттеу нәтижесінде мұғалімдердің кәсіби құзіреттілігін анықтауға бақылаулар жасалып мұғалімдердің қажеттіліктері анықталғаннан кейін бөлінген көшбасшылық тиімді әрекет ете бастады. Яғни мұғалімге не қажет, қай жағынан әдістемелік көмек қажет, қандай әдіс-тәсіл керек ететіндігіне қарай үйрету жұмыстары жүргізіле бастады. Басты нүкте сабақты өзгертуге, оқушылардың білімін әділ, нақты бағалау тәсілін өзгертуге, сабақты нақты, қолжетімді негізде жоспарлауға қойылды.

Жоғарыда көрсетілген басымдықтарды шешу мақсатында мұғалімдерге өз басымдықтары бөлініп беріліп, жасақтаған жоспарлары тәлім алушыммен екеуіміздің арамыздағы отырыстарда талданып, бекітіліп, бөлінген көшбасшылық іске асып келеді. Осы негізде тәлімгерлік жұмыстары да қатар жүрігізілді. оқушылардың қажеттіліктері ескеріле отырып ақпараттық технологияларды қолдануды жетілдіруге, оқушыларды шығармашыл ойлауға бағыттауға, бағалауда критериалды бағалауды жетілдіруге, сабақтарда оқушылардың тақырыпты терең түсіну қабілетін дамытуға, коучинг сессияларды тереңірек дамытып, жоғары сапалық деңгейге көтеру, іске асыру жөнінде шешім қабылдай білуге, коучтарға сұрақ қою техникасын жетік меңгеріп, коучингке қатысушыларды рефлексиялық диалогқа түсіре білуге, өзара және мұғалімнің өзінің сұрақ қою техникасын жетілдіру, сол арқылы оқушыларды диалогтық әңгімеге бағыттауды жетілдіруге, сындарлы оқытудың тиімді әдістерін қолдануды дамытуға басты назар аударуымыз қажеттілігі айқындалды.Осы іс-шараларда мұғалім мен оқушы көшбасшылығы – мұғалім жеті модульді тиімді пайдаланып нәтижеге қол жеткізуі-мұғалімнің көшбасшылығы, ал топта белсенділік танытқан оқушы-көшбасшы, оның басқа оқушыға көмектесіп, соған жауап бергізуге тырысып өзін ғана емес сыныптастары мен топты алға сүйрегенін бақыладық. .Мұғалім нақты бір іс-қимылға оқушыларды жұмылдыру үшін оларға берілетін тапсырмалар түрін тиімді ойластырған. Әсіресе, бұрынғыдай дайын әдіс-тәсіл түрін көрсетпей, оқушылардың өздігінен білім алуына жағдай жасады, өздеріне жұмыс түрін таңдатып, талдауда еркін ойын айтуда дұрыс әдіс, тәсіл қолданды. Сабаққа қатысқан мұғалімдер топтық жұмысты ұйымдастырудағы жаңа әдістерді, оның ерекшеліктерін және қалыптастырушы бағалауды тиімді қолдану жолдарын үйренді. Шағын топта жұмыс істей отырып, әңгіме барысын әртүрлі бағытта талқылауы олардың әңгіме-дебат, шығармашылық жұмыс түріндегі іс-әрекетке әкеліп отырғандарын оқушылардың өздері де аңғармай қалған сәттері де болды. Мұғалім болашақта әр мұғалімнің өз сабақтарында оқушыларға осындай жұмыс түрлерін ұйымдастыру арқылы нәтижеге жетуге болатындығын көрсетті. .Осы сыныптың оқушыларымен сұқбаттасқанда да олардың өз ойын ашық дәлелді түрде айтатынын байқады. Ең басты өзгеріс ол оқушылардың өзін-өзі, қасындағы достарының іс-әрекетін әділ бағалау. Сонымен қатар оқушылар өзі сияқты сыныптастарының білім мен дағдыларын бағалау кезінде түсіністікпен қарайтыны, бізді қуантты. Осыдан біздің

таңдаған жолымыз дұрыс екенін сездік, егер мұғалімдер тарапынан оқушылардың алдына нақты мақсаттар мен өлшемдер қойылса онда барлығын өздігінен істеуге болатынын білді. Мен жұмыста мұғалімдердің, ата-аналардың және оқушыларымның да осындай көңіл күйде болуларын қалаймын, соған әрекет жасаймын. Осы бағытта мен өзгеріс енгізу тобымен бірге мектепте жылы атмосфераны орнату мақсатында әр түрлі іс-шара ұйымдастырылады.Сонымен қатар коучингтер басымдыққа сай және коучтер бір тақырыпта дайындалып өткізетін болды. Коучтар жоспар құрып дайын болған соң, мектепте мұғалімдерді 4 топқа бөліп «Оқытудағы жаңа әдіс-тәсілдері», «Әдістемелік жұмысты жақсарту», «Оқыту мен оқудағы 7 модулды оқыту», «Оқытудағы жаңа тәсілдер», «Қалай оқу керектігін үйренудің мәні», «Диалог арқылы оқыту мен қалай оқу керектігін үйрету» тақырыбында коучингтер өткіздік. Өткен соң көшбасшылар, коучтер жиналып талдадық. Коучингтер мұғалімдер тарапынан үлкен қолдау тапты. «Бұл өте тиімді коучинг болды, біз әр минутымызды осы жаңа әдіс-тәсілдерді толық үйреніп сабақта тиімді қолдануға арнауымыз керек»,«Енді бізге қалыптастырушы бағалау жайында ақпарат берсеңіздер»деген ойлар айтылды. Сұранысқа сай «Оқу үшін бағалау, оқуды бағалау» коучингте ең бастысы мұғалімдердің сабақ басында бағалау туралы не білетіндерін анықтап алдық және сабақ соңында не білгендері туралы рефлексия жасатып салыстыру, өткізілген сабақтың маңыздылығын бағалау.Әр топ өз постерлерін қорғап, сұрақтардың анықтамасын алдық.Баға мен бағалау арасындағы айырма неде? Ойлану. Постерге түсіру. Баға – сандық көрсеткіш.

«Пікір бөлісу» алаңы. Сабақтарға қатысу нәтижесінде:

«БАСТАУЫШ СЫНЫПТАРДА ҚАЗАҚ ТІЛІН ҮЙРЕНУДЕ АКТ ҚОЛДАНУ ТИІМДІЛІГІ»
«ИЗУЧЕНИЕ КАЗАХСКОГО ЯЗЫКА В НАЧАЛЬНЫХ КЛАССАХ ЭФФЕКТИВНОСТЬ ПРИМЕНЕНИЯ ИКТ»
«LEARNING THE KAZAKH LANGUAGE IN PRIMARY SCHOOL THE EFFECTIVENESS OF THE USE OF ICT»

Ильясова Жансая Абдихажимкызы
Павлодар облысының
білім беру басқармасы
Железин ауданы білім беру бөлімінің
«№2 жалпы білім беру орта мектебі» КММ
Қазақ тілі мен әдебиет мұғалімі
E-mail: zhansaya.ilyasova@inbox.ru

Аннотация: XXI ғасыр — жоғары компьютерлік технологиялар ғасыры. Қазіргі балалар электронды әлемде өмір сүреді. Ақпараттық мәдениеттегі мұғалімнің рөлі де өзгеруде-ол ақпарат ағынын үйлестіруші болуы керек. Сондықтан мұғалім баламен бір тілде сөйлесу үшін заманауи әдістер мен жаңа білім беру технологияларын игеруі керек. Қазақ тілі сабағында АКТ қолдану тиімділігн қарастырып, нәтижелер шығардым. Бастауыш сыныптың оқушылары үшін ойын ойнау өте қызық, сондықтан жаңа тақырыптар өті барысында, жаңа сөздерді есте сақтау барысында әртүрлі ойындар, тапсырмалар құру арқылы оқушының сабаққа, қазақ тілін үйренуге деген белсенділігін арттырады. Оқушы ойындар ойнау арқылы берілген тапсырмаларды орындап екі жұмысты атқарып өтеді.

Компьютерлік технологияны қолдану - бұл білім беруді дамытудың қазіргі деңгейіне байланысты қажеттілік. Жаңа ақпараттық технологиялардың қарқынды дамуы және біздің елімізде енгізу қазіргі баланың жеке басының дамуына өз ізін қалдырды. Бүгінгі таңда "мұғалім – оқушы – оқулық" дәстүрлі схемасына жаңа буын – компьютер, ал мектеп санасына – компьютерлік оқыту енгізіледі. Білім беруді ақпараттандырудың негізгі бөліктерінің бірі-білім беру пәндерінде ақпараттық технологияларды қолдану-бейне ақпарат, анимация оқушыларға ұсынылатын оқу ақпаратының сапасын және оларды оқытудың сәттілігін күрт арттырады. Қазақ тілі күнделікті өмірде көп қолданылмайды, немесе тіпті қолданылмайды. Сондықтан қазақ тілін үйренуде сабақ барысында АКТ қолдану арқылы пәнге деген қызығушылықты арттырып, балаға ойындар, қызықты тапсырмалар ойнату арқылы жаңа тақырыпты меңгерту тиімділігі жоғары болады [3].

Дәстүр бойынша, бала бастауыш сыныпта сауаттылық алады, онда оны жазуға, оқуға және санауға үйретеді бұл солай әрине, бірақ та қазіргі қоғамға қызметтің жаңа тәсілдері қажет, бұл адамда қажетті ақпаратты іздеу, оны өңдеу, басқа адамдарға ұсыну, өз

іс-әрекеттерін дербес жоспарлау және құру дағдыларының тұтас кешенін дамытуды талап етеді. Оқу, жазу және санау дағдыларын үйретумен қатар, балаларға сандық техниканы бірінші сыныптан бастап оқу мен күнделікті өмірде жұмыс құралы ретінде қолдануға үйрету керек.

Оқу процесінде ақпараттық-коммуникациялық технологияларды қолданудағы мүмкіндіктер:

– сабақтарға презентациялар жасау;
– интернет ресурстарымен жұмыс;
– білім беру әсерінкүшейту;
– материалды игеру сапасын арттыру;
– оқушылардың жеке білім траекторияларын құру;
– оқуға дайындығы әртүрлі деңгейдегі оқушыларға сараланған тәсілді жүзеге асыру;
– әртүрлі қабілеттері мен мүмкіндіктері бар балаларды бір уақытта ұйымдастыру;
– әр түрлі қызықты ойын, әдістер арқылы тақырыпты меңгерту[2].

Ақпараттық-коммуникациялық технологияларды пайдалануға болатын сабаққе зеңдері:

1. Сабақтың тақырыбын белгілеу үшін. Сабақтың тақырыбы слайдтарда ұсынылған, онда талданып отырған сұрақтың негізгі тұстары жинақталған;

2. Жаңа материалды түсіндіру кезінде. Сабақтың басында зерттелетін тақырып бойынша сұрақтарды қолдана отырып, проблемалық жағдай туғызады. Суреттер мен бейнебаяндарды қолдануға болады;

3. Дағдыларды пысықтау және бекіту кезінде:

компьютерлік оқыту бағдарламалары, ребустар, компьютерлік ойындар, баспа, үлестірме материалдар (карточкалар, тапсырмалар, схемалар, кестелер, тесттер), баспа иллюстрациялық материалдар [1].

Интерактивті ойындар, тапсырмалар жасау үшін онлайн-сервистермен танысуды ұсынамыз. Олардың көмегімен сабақ барысында оқушылардың қызығушылығын оятып, зейінін арттыруға болады.

1. https://learningapps.org/ Интерактивті сабақтарды құруға арналған қызмет көрсету сайты. Бұл сайтта көптеген тапсырмалардың шаблон түрі берілген, осы үлгілер бойынша өзіңізге ұнаған шаблонды таңдап тапсырма құруға болады. Мысалға, “жұбын табу”, “пазл” “артығын табу”, “дұрыс жауапты таңдау викторинасы”, “кроссворд”, “кім миллионер болғысы келеді?” сияқты және тағы да басқа тапсырмалар құрастыру мүмкіндігі бар. Бұл сайтқа тіркеліп, менің жаттығуларым атты бөлімде жоғарыда көрсетілген тапсырмалар түрін жасай аласыз [4]. Қосымша 1

2. https://wordwall.net/ru бұл сервис интерактивті жаттығулар мен шағын ойындар жасауға мүмкіндік береді. 33 интерактивті шаблон және 21 басып шығару шаблоны бар, бірақ олардың бір бөлігі ақылы болып табылады, бәрі таңдалған тарифтік жоспарға байланысты. Бірақта тегін түрде құруға болатын тапсырмалар түрлері де бар. Олар: “кездейсоқ барабан”, “лабиринт”, “теле-шоу виктарина ” және т.б. тапсырмалар құра аласыз [5]. Қосымша 2

3. https://etreniki.ru/ бұл жаттығу тренажерларының онлайн-конструкторы. Интернет көмегімен сіз шағын веб-тренажер қосымшаларын конфигурациялай аласыз. Әрбір тренажер сайтта бірегей код алады және барлығына қол жетімді. Сілтемемен бөлісе аласыз. Бұл тренажерлар түрлерінің атауы заманауи тұрғыда болып табылады. Мысалы, “Картофан”, “Кокла”, “Криптон”, “Морфанки”, “НЛО” деп аталады. Бұл сайттың өзгешілілі тапсырмалар ойын секілді, карта түрінде дұрыс жауапты табу секілді жаттығуларды құрып оқушыларды қызықтыруға болады [6]. Қосымша 3

4. https://www.playfactile.com/Factile-"өз ойының" немесе "кім миллионер болғысы келеді" сияқты ойындардың қағидаты бойынша викториналар жасауға арналған онлайн-

сервис. Бұл сайттағы тапсырма құру түрі жасы кіші балалармен жасы үлкендеу балаларға да қызықты ойын түрі болып табылады [7].

5. http://www.umapalata.com/uschool/us.asp Үлгі бойынша қарапайым, бірақ қызықты ойындар жасауға мүмкіндік беретін сайт. Ойындардың 8 түрі ұсынылады: “перғауын”,“пойызға отыру ”,“ұры-мысық ”,“сиқырлы қамал” және т.б. құрастыруға болатын ойын түрлері бар. Әр ойынның сипаттамасын, тапсырмалар түрлерін және т. б. онлайн-сервистен табуға болады [8].

Қазіргі қоғам мұғалімдерге білім беруді ғана емес, оқушылардың жеке маңызды қасиеттерін дамыту міндетін қойып отыр. Пән мұғалімінің негізгі құзыреттілігі оның жаңартылған рөлі-білім жетекшісінің рөлі, шексіз ақпарат теңізінде жүруге көмектесетін өзіндік "навигатор" болу керек.

Сабақ барысында мен компьютерді оқытудың барлық кезеңдерінде қолдана аламын: жаңа материалды түсіндірген кезде; бекіту; қайталау; білімді, дағдыларды бақылау кездерінде. Слайд, презентация, бейнежазбалар, аудиожазбалар, тест, кросворд, викториналар мен әртүрлі ойын түрлерінде тапсырмаларды орындау арқылы балалар тақырыпты тиянақты меңгере алады.

Қосымша 1

Қосымша 2

Қосымша 3

ӘДЕБИЕТТЕР

1. М.Ғалымжанова, Информатика негіздері «Ақпараттық технологияларды сабақта қолдану» - №3, 2006 ж.
2. Мұхамбетжанова С.Т., Мелдебекова М.Т. Педагогтардың ақпараттық – коммуникациялық технологияларды қолдану бойынша құзырлылықтарын қалыптастыру әдістемесі. Алматы: ЖШС «ДайырБаспа», 2010 ж.
3. Новые педагогические и информационные технологии в системе образования. Е. С. Полат, М. Ю. Бухаркина, М. В. Моисеева, А. Е. Петров - М.: Издательский центр «Академия», 2004
4. https://learningapps.org/
5. https://wordwall.net/ru/myactivities

САЛАУАТТЫ ӨМІР САЛТЫ: ОҚУ ҮРДІСІ ЖӘНЕ САБАҚТАН ТЫС ЖҰМЫС МҮМКІНШІЛІКТЕРІ
ЗДОРОВЫЙ ОБРАЗ ЖИЗНИ: УЧЕБНЫЙ ПРОЦЕСС И ВОЗМОЖНОСТИ ВНЕУРОЧНОЙ ДЕЯТЕЛЬНОСТИ
HEALTHY LIFESTYLE: THE EDUCATIONAL PROCESS AND OPPORTUNITIES FOR EXTRACURRICULAR ACTIVITIES

Байдукешев Арман Жусыпович
Ақсуат МББК КММ
БҚО, Теректі ауданы, Ақсуат ауылы. Қазақстан
@ arman_7784@mail.ru

Аталған мақалада автор салауатты өмір салтын насихаттай отырып, оқушылардың спортқа қызығушылықтарын оятып, денсаулықтарын нығайту үшін сабақтан тыс уақытта

үйірмелер мен секциялар жұмысын жүргізудің маңыздылығын атап өтеді. Осы бағытта өзі жұмыстанып жүрген әдістемелік тақырыбының аясында іс-тәжірибесімен, оқушылардың сапалық қасиеттерін жетілдірудегі дене жаттығуларының түрлерімен, жұмыс нәтижелерімен бөліседі.
В данной статье автор отмечает важность проведения работы в клубах и секциях во внеурочное время с целью пропаганды здорового образа жизни, пробуждения интереса учащихся к спорту, укрепления их здоровья. В этом направлении он делится своим опытом, видами физических упражнений для улучшения физического состояния учащихся, результатами работы в рамках разрабатываемой методической темы.
In this article, the author notes the importance of work in clubs and sections after hours to promote a healthy lifestyle, generation students' interest in sports, improve their health. In this direction, he shares his own experience, types of physical exercises to improve the physical state of students, the results of work within the framework of the developed methodological theme.
Түйін сөздер: денсаулық, әдістемелік тақырып, спорт секциялары, үйірмелер, дзюдо, қозғалыс, салауатты өмір салты, т.б.

Кез келген елдің болашағы – оның халқының денсаулығына байланысты екендігі – дәлелдеуді қажет етпейтін шындық. Дені сау адам өзі үшін де, ол өмір сүріп жатқан қоғам үшін де керек. Адамның дені сау болуы салауатты өмір сүруді қалыптастырумен тікелей байланысты, яғни салауатты өмір салтын қалыптастыру – денсаулық кепілі. «Егемен еліміздің ертеңі – бүгінгі жас ұрпақ» десек, бүгінгі таңда біздің балаларымызда не бар? Дәрумендер жетіспеушілігі, күн тәртібінің сақталмауы, балалардың қозғалыс белсенділігінің барынша азаюы, бос уақыттарының көбірек бейнефильмдер көруге, компьютер қарауға арналуы, ал ғаламтор арқылы қарым-қатынас құрбыларымен қалыпты адами қарым-қатынасты айырбастауы - өзекті мәселе болып отыр. Бұл факторлардың барлығы оқушылардың денсаулықтарына әсер етпей қоймайды, көптеген қауіпті ауруды тудырады, соның нәтижесінде оқушылардың оқуына да кері ықпалын тигізеді. Оқушыларды салауатты өмірге тәрбиелеу тек сабақты сауатты ұйымдастырып, оны жоғары деңгейде өткізу арқылы ғана жүзеге аспайды. Сонымен қатар, сыныптан тыс жұмыстарды да қосымша жүргізу қажет.

Дене шынықтыру бойынша сыныптан тыс жұмыстың негізгі формалары: спорт секциялары мен үйірмелер, спорттық жарыстар, серуендер мен туристік жорықтар, дене шынықтыру және спорт мейрамдары. [1,8] Дене тәрбиесі бойынша сыныптан тыс жұмыстардың міндеттері: баланың денсаулығын нығайтуға көмектесу, ағзаны шынықтыру, оқушылардың жан-жақты өсіп жетілуіне, дене шынықтырудың оқу бағдарламасын ойдағыдай меңгеруге көмектесу, балаларды дене шынықтыру және спортпен үнемі шұғылдануға әдеттендіру, қозғалыс дағдысын арттыруға тәрбиелеу.

Үйірмелер мен секциялар оқушылардың кәсіби мүмкіндігі мен қызығушылығын арттыра отырып, еңбекке деген ынта-ықыласын көтеріп және болашақта кәсіби спортшы болуға, денсаулықтарын нығайтуға әсерін тигізеді. Сондықтан әдістемелік тақырыбымды да «Сабақтан тыс жұмыс арқылы оқушыларды салауатты өмір салтына баулу» деп алған болатынмын. Алға қойған мақсатым – оқушылардың денсаулығын нығайту, дене шынықтыру мәдениетін қалыптастыру, салауатты өмір салтын ұстанатын жеке тұлғаны үйлесімді дамыту.

Аталған мақсатқа жету үшін алдыма мынадай міндеттер қойдым:

1. Оқушылардың бос уақыттарын тиімді пайдалану үшін салауатты өмір салтына баулитын спорттық секция ашу;
2. Әдістеме саласындағы жаңалықтармен, озық тәжірибелермен танысу;
3. Жаңа педагогикалық технологияларды оқып- үйрену;
4. Оқушылардың дене шынықтыру жаттығуларымен ұдайы және жеке айналысуларына көңіл бөлу;

Осы жұмыстан күтілетін нәтиже қандай десек?

1) Оқушылар салауатты өмір салтын ұстанады және насихаттайды;

2) Аудандық, қалалық ашық турнир жеңімпаздары мен облыстық чемпионат жүлдегерлері шығады;

3) Физиологиялық және психологиялық дайындығы тұрақты жеке тұлға қалыптасады;

Осы тұрғыда мектепте «Дзюдо» секциясын жүргіземін. Оқу жылының басында өзім сабақ беретін сыныптардан күреске қабілеті бар оқушыларды іріктеп алдым. 3-10-сынып оқушыларынан іріктелген аралас топта жас ерекшеліктеріне қарай жаттығулар жасаймыз. Дене жаттығулары организмге дамытушы, жетілдіруші және оңдаушы әсер етеді. Ол омыртқа жотасының қисаюы, бүкірлік секілді мүсін кемшіліктерін жоюға мүмкіндік береді, дене шынықтыру жаттығуының жәрдемімен көкірек қабысыңқылығын, иық қушықтығын, бұлшық ет әлсіздігін оңдауға болады. Сонымен қатар, дене шынықтыру жаттығулары адамның психикалық күйін жақсартып, жалпы тіршілік тонусын арттырады.

«Дзюдо» күресіне қажет басты сапалық қасиеттер: күш, жылдамдық, төзімділік пен ептілік, т.б. [2,6]

Адамның күші оның бұлшық еттерінің дамып, жетілуіне байланысты болады. Бастауыш сынып оқушыларының бұлшық еттерінің күші аз болады. Сондықтан осы аталған бұлшық ет топтарын жетілдіру үшін мынадай арнайы жаттығулар орындау қажет:

- гимнастикалық жалпы дамыту жаттығулары;
- батпан көтеру және іші нығыздап толтырылған допты лақтыру;
- күшті молайтуға арналған ойындар ойнау: арқан тарту, жаяу тартыс (екі бала ат болып, екі бала соларға мініп алып, бір-бірімен тартысу), қолмен салмақ (жүк) көтеріп тұру;
- аралас жаттығулар орындау (гимнастикалық бөрененің үстімен жүру, допты қолды созған қалыпта ұстап тұру);
- ауыр және жеңіл батпандармен орындалатын, сондай-ақ күш пен жылдамдықты қатар жетілдіретін жаттығулар орындау;
- гимнастикалық құралдар (тартылу, биіктікке көтерілу жабдықтары) арқылы және акробатикалық жаттығулар орындау;
- алаңдарда өткізілетін жаттығуларды пайдалану (тас лақтыру, белгілі бір салмақты (жүкті) көтеріп отырып-тұру). [3,9]

Жылдамдық қабілетін жетілдіруге арналған жаттығуларға негізінен жүгірудің әрқандай түрлері және жылдамдықпен тікелей байланысты болып келетін қимыл-қозғалыс ойындары жатады.

Жылдамдық қабілетін жетілдіруге арналған жаттығулардың түрлері мынадай:

1) орындалуы қиындатылған жаттығулар: жотаға (дөңеске) 3-4 рет жылдам жүгіріп шығу немесе баспалдақпен көтерілу;

2) соқпақ жолда уақытты белгілей отырып жоғары карқынмен жүгіру;

3) жоғарыдан төмен қарайғы жақын қашықтыққа бар екпінмен жүгіру.

Жылдамдық қабілетін жетілдіру жаттығуларын орындау алдында бұлшық еттерді қозғап, қыздырып алу керек.

Төменгі сынып оқушыларының төзімділік қабілеті әлі жетілмеген күйде болады.Төзімділік қабілетін жетілдіре бастау үшін де арнайы жаттығулар орындау керек. Мысалы, әр түрлі қашықтыққа жүгіру, шаңғымен жүгіру және басқа да денеге күш түсіретін күрделі жаттығулар адамды төзімді болуға жаттықтырады. [4,15]

Сондай-ақ, тек жаттығулар жасатып қана қоймай, жыл бойы тек мектеп ішінде ғана емес басқа аудандық, қалалық ашық турнирлерге, облыстық чемпионаттарға оқушыларымды жиі қатыстырып отырамын. Бұндай жарыстарға қатысу оқушылардың өзара бір-бірімен тәжірибе алмасу, психологиялық дайындығының тұрақтануына, спортқа деген қызығушылықтарының артуына, салауатты өмір салтын ұстануға әсерін тигізеді.

Осы бағытта шәкірттерім әр түрлі аудан, облыс көлеміндегі жарыстарға қатысып, жүлделі орындарға ие болды. Атап айтар болсам,

1. Камидуллиев Жәнібек - қалалық ашық турнир мен облыстық ашық біріншіліктің II дүркін жеңімпазы;

2. Утебаев Әсет – аудандық турнир жеңімпазы, облыстық ашық турнирлер мен чемпионаттың жүлдегері;

3. Сабыржанов Тұрсын, Кеңес Бекзат, Ғұмар Мансұр, Кеңес Назар аудандық, қалалық турнирлер мен облыстық чемпионаттардың жүлдегерлері;

Жалпы, сабақтан тыс жұмыс жүргізу – оқушының дене күшін жетілдіріп қана қоймайды, оларды өмірге тәрбиелейді және мұғалім еңбегінің нәтижесін көрсетеді.

Сондықтан да, оқушыларымыздың осындай спорттық жетістіктерге жетуіне, дене дайындығының жоғарылауына, денсаулығының жақсаруына, салауатты өмір салтын ұстануына сабақтан тыс жұмыстардың маңызы өте зор.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Уаңбаев Е. Дене тәрбиесінің негіздері - Алматы “Атамұра” 2005ж.
2. Дзюдо.Система и борьба. Ростов на Дону «Феникс», 2006ж.
3. Тайжанов С., Қасымбекова С. Дене тәрбиесі 7 сынып -Алматы. “Мектеп” 2004ж.
4. Ю. Тілеуғалиев Қ., Адамбеков С., Қасымбеков Дене тәрбиесі-7 сыныпқа арналған оқулық. Алматы “Атамұра” 2003ж.

ҚАЗАҚ ТІЛІ МЕН ӘДЕБИЕТІ ПӘНІНЕН БЕЛСЕНДІ ОҚУ ӘДІСТЕРІ АРҚЫЛЫ ОҚУШЫЛАРДЫҢ ФУНКЦИОНАЛДЫҚ САУАТТЫЛЫҒЫН ДАМЫТУ

РАЗВИТИЕ ФУНКЦИОНАЛЬНОЙ ГРАМОТНОСТИ УЧАЩИХСЯ ЧЕРЕЗ АКТИВНЫЕ МЕТОДЫ ОБУЧЕНИЯ НА УРОКАХ КАЗАХСКОГО ЯЗЫКА И ЛИТЕРАТУРЫ

DEVELOPMENT OF FUNCTIONAL LITERACY OF STUDENTS THROUGH ACTIVE METHODS OF TEACHING KAZAKH LANGUAGE AND LITERATURE

Рамазанова Гулден Саматовна
Ақсуат МББК КММ
БҚО, Теректі ауданы, Ақсуат ауылы, Қазақстан
@ arman_7784@mail.ru

Бұл мақалада оқушылардың функционалдық оқу сауаттылығын дамытуда мәтінмен жұмыстанудың маңыздылығы туралы айтылған. Автор мәтінмен жұмыстануда оқушылардың талдау, жинақтау, бағалау секілді дағдыларын пайдалануына, дамытуына ықпал ететін тапсырмаларды қалай құрастыру қажеттігін мысал арқылы түсіндіреді.

В данной статье говорится о важности работы с текстом в развитии функциональной читательской грамотности учащихся. В работе с текстом автор объясняет, как составить задания, способствующие развитию и использованию учащимися таких навыков как анализ, обобщение, оценка.

This article discusses the importance of working with text in developing functional readership literacy in students. The author explains how to create tasks that promote the development and use of skills such as analysis, generalization, assessment.

Түйін сөздер: оқу сауаттылығы, функционалдық сауаттылық, мәтін, интерпретация, тілдік дағды, әдіс- тәсілдер, шығармашылық дағды, т.б.

«Мұғалімнің айналысатыны - үнемі қозғалып,
өзгеріп, өсетін, өркендейтін тірі адам (тұлға)
болғандықтан, біркелкі әдіске табан тіреп
шектеліп қалуға болмайды...»
Ж.Аймауытов.

Білім беру мазмұнын жаңарту шеңберінде мектеп оқушыларының функционалдық сауаттылығын дамыту білім берудің басым мақсаттарының бірі ретінде айқындалып отыр. Осы орайда Елбасымыздың өз Жолдауында: «Балаларымыздың, жалпы барлық жеткіншек ұрпақтың функционалдық сауаттылығына да зор көңіл бөлу қажет. Балаларымыз қазіргі заманға бейімделген болуы үшін бұл аса маңызды», - деген сөзі бүгінгі білім ордаларына аса үлкен жауапкершіліктер жүктейді. [1,18]

Функционалдық сауаттылық кеңінен алғанда, тұлғаның мектепте алған білімі, білігі мен дағдысын өмірлік жағдайда қолдана білуі, сонымен бірге тұлғааралық қатынастар мен әлеуметтік байланыстарда кездесетін тіршілік міндеттерін жан-жақты шеше білу қабілеті ретінде түсіндіріледі.[2,3]

Функционалдық сауаттылық – оқу және жазу дағдыларын әлеуметтік ортада қолдану (түрлі құжаттармен жұмыс, банкте сауалнама толтыру, түрлі ақпараттармен танысу), сыртқы ортамен тығыз байланысты орнату және оқушыларды тез әлеуметтенуіне бейімдеу. Оқушылар сыртқы ортада адамдармен, құрбыларымен, жанұясымен қарым-қатынас жасағанда оқу дағдысын қолданады, яғни ақпарат алмасу үшін, ақпарат беру үшін мәтінмен жұмыс жасайды. Оқу сауаттылығы – оқушылардың мәтін мазмұнын түсіне білу және оларға ой жүгірте білу, мәтін мазмұнын өз мақсаттарына жету үшін пайдалана білу, қоғам өмірінде белсенділік таныту мақсатында білімдері мен мүмкіндіктерін дамыту қабілеттері. Оқу жылдамдығы мен мәтінді дәлме-дәл түсіну бағаланбайды, мәтінге арналған рефлексия мен ұғым, өмірлік мақсаттарды жүзеге асыруға арналған оқығанын пайдалану бағаланады.

PISA зерттеулерінде оқу сауаттылығы мәтіннен қажет ақпаратты табумен бағаланады:

1. Мәтіннен қажет болатын көп ақпарат алу;
2. Мәтіннен ең қажетті ақпаратты табу;
3. Мәтіндегі ақпараттарды жіктеу;
4. Терең мазмұнды ақпаратты табу;
5. Күрделі мәтінді қорытындылау;
6. Мәтіннен ой түю.

Ал орта білім мазмұнын жаңарту аясында қазақ тілі мен әдебиетін оқи отырып, оқушылар негізгі төрт тілдік дағды, атап айтар болсақ, айтылым, тыңдалым, оқылым және жазылым бойынша түсініктері мен қабілеттерін кеңейтеді. Оқу сауаттылығы осы төрт дағды негізінде жүзеге асады:

Тыңдалым және айтылым бойынша:

- ✓ берілген ақпаратты түсіну;
- ✓ негізгі идеяны және түрлі жағдайлар тұрғысынан мәтіндегі көптеген көзқарастарды анықтау;
- ✓ тыңдалған материалға жауап беру;
- ✓ жасырын мәнді анықтау;
- ✓ қоғамдық және іскерлік жағдайлардағы тіл мәдениетін түсіну және іске асыру;
- ✓ тыңдаушылардың назарын аудару үшін әдеби тәсілдерді пайдалану;
- ✓ тыңдалған материалды бағамдау;
- ✓ мультимедиа ресурстарын пайдалана отырып, сөйлеу және тыңдау.

Оқылым бойынша:

- ✓ жазбаша ақпаратты түсіну;
- ✓ мәтіннің негізгі идеясы мен құрылымын анықтау;
- ✓ мәтіндегі лексиканың ерекшеліктерін түсіну;
- ✓ сұрақтарды тұжырымдау және бағамдау;
- ✓ мәтіннің түрлері мен стилін анықтау;
- ✓ әртүрлі оқылым стратегияларын пайдалану;
- ✓ түрлі ақпарат көздерінен қажетті ақпаратты алу;

✓ мәтіннің салыстырмалы талдауын жасау.

Жазылым бойынша:

✓ өз көзқарасын білдіре отырып мәтін жазу;

✓ тиісті стильді пайдалана отырып, алуан түрлі тақырып бойынша мәтін жазу;

✓ жоспар құру;

✓ өзіндік стильде мәтін құру;

✓ тыңдалым, оқылым және аудиовизуалды материал мазмұнының үдесінен шығу үшін шығармашылық түрде жауап жазу;

✓ түрлі жанрда мәтін құру;

✓ мәтіндерді салыстыру;

✓ мәтіндерді түзету және түрлендіру;

✓ оқырманның қызығушылығын оятып, оны сендіру үшін жазу;

✓ эссе жазу; [3,27-28]

Бұл тұрғыда, қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімінің алдында тек балаға оқу мен жазуды үйретіп қана қоймай, мәтіннен ақпарат алу мақсатында оқушының оқылым және жазылым дағдыларын еркін қолдана білу қабілетін, ал ақпаратты таратуда, жеткізуде тыңдалым, айтылым дағдыларын дамыту міндеті тұр. Себебі тіл арқылы жалпы адамзаттық құндылықтар бағаланады, жеке тұлға тәрбиеленеді, тілдің көмегімен баланың танымдық қабілеті дамиды. Қазақ тілі мен әдебиеті сабағында бүгінгі таңда өмірлік маңызы бар мынадай білік-дағдылар қалыптасады:оқығанын түсіндіре білу, әр түрлі дереккөздердегі ақпараттарды ажырата білу, БАҚ пен ғаламтордағы ақпараттарды табу және сыни тұрғыдан баға беру, өз көзқарасын білдіру, т.б.

Оқушыларды функционалдық сауаттылыққа баулуда, рухани жан-дүниесін, шығармашылық дарын көзін ашуда, оқушының танымын дамытуда жаңа технологияларды пайдалану маңызды рөл атқарады. Зерттеу әдістері, пікірталас, миға шабуыл, СТО технологиясы, топтық жұмыс түрлері, т.б әдістер оқушының шығармашылық белсенділігін арттырып қана қоймай, ойлауға, өз көзқарасын дәлелдей білуге, оқу материалын тереңірек түсінуге көмектеседі.Осы орайда қазақ педагогикасында өзіндік орны бар белгілі ұстаз Қ.О.Бітібаева: «Ой, ойлану, ойланту барлық пәндерге керек. Ойсыз өмір сүру мүмкін емес. Бірақ бұл жердегі ерекше бір еске алатын мәселе – өзіндік ойлау, өзіндік пікірде жатыр. Әдебиетті оқытуда мұғалім оқушыларға көркем туынды туралы оқулық авторы, не ғалымдар пікірін қайталауда, не соны қаз-қалпында мазмұндатуды мақсат етпеуі керек, ең бастысы, сол көркем туынды туралы оқушы пікірі, ойына ерекше көңіл бөлген жөн. Бұл пәннің басқа пәндерді оқытудан өзгешелігі де, күрделілігі де осында»,-деп әр сабақта оқушыларды функционалдық сауаттылыққа баулу, яғни жеке тұлғаны көркем мәтінді тұшынып оқуға ғана емес, сол мәтіннен келешек өміріне өмірлік жағдаяттардан ой туғызып, өмірлік сабақ алуға үйрету қажеттігін айтады.[4,7]

Оқушылардың функционалдық сауаттылығын дамытудың және оның оқушы бойында қалыптасқандығын анықтаудың негізгі құралы - шығармашылық бағыттағы тапсырмалар.Өз сабақтарымда мәтінді толық түсіну, мәтіннен негізгі ақпаратты анықтай білу, мәтіндік және графиктік ақпаратты интерпретациялау сияқты оқу сауаттылығын арттыруға бағытталған мақсатты көздейтін тапсырмалар түрлерін пайдаланып отырамын. Бұл тұрғыда маған СТО технологиясының әдіс-тәсілдері көп көмегін тигізеді: «Ойлаудың алты қалпағы», «Бес жолды өлең», «Венн диаграммасы», «Түртіп алу», «РАФТ», т.б. Мысалы: 7-сыныпта қазақ тілі пәнінен «Денсаулық және қоршаған орта» бөлімін өткенде мынадай тапсырма ұсындым:

«Ақ қалпақ» – денсаулыққа әсер ететін факторлар туралы

«Сары қалпақ» - денсаулықтың адам тегіне байланысты болатыны

«Қара қалпақ» - денсаулыққа адамның өзі жауапты екені

«Жасыл қалпақ» - қоршаған ортаның денсаулыққа әсері

«Қызыл қалпақ» – айтылған ойлардың ұнағаны мен ұнамағанын

«Көк қалпақ» - айтылған ойлардың пайдалысы мен маңыздыларын айтады. Бұл әдіс тыңдалым, айтылым дағдыларын жетілдіре отырып, оқушының ойлау қабілетін арттыруға, өз ойын еркін жеткізе білуге, шығармашылыққа баулиды.

Сыныпта сұрақ қою маңызды дағдылардың бірі болып табылады, себебі сұрақ дұрыс қойылған жағдайда оқытудың тиімді құралына айналады және оқушылардың оқуына қолдау көрсетіп, оны жақсарта және кеңейте алады. Оқушылардың тақырыпты түсінуіне қол жеткізу үшін «Жуан және жіңішке сұрақтар» әдісін пайдаланған тиімді. Жіңішке сұрақтар бір ғана жауапты талап етсе, жуан сұрақтар бір біріне ұқсамайтын әр алуан жауаптардан тұрады. Мысалы:

Жіңішке сұрақтар:	Жуан сұрақтар:
Кім?	Неліктен?
Не?	Неге солай ойлайсыз?
Қашан?	Айырмашылығы қандай?
Мүмкін	Егер, …….. не болар еді?
Қандай?	Егер, былай болса, ….

Жуан сұрақтар оқылым дағдысын жетілдіре отырып, оқушыны ойландырып, өз ойын, көзқарасын ашық айтуға дағдыландырады.

Мәтін үзінділерін тыңдай отырып, оқиғаның дамуы мен аяқталуын болжау мақсатында «Болжау» әдісін пайдалануға болады. Бұл стратегияның мақсаты – оқиға мазмұны арқылы оқушыны қиялдату, ойын, сыни көзқарасын дамыту, проблемалық мәселе туғызу. Ол үшін оқушыға немесе топқа бұрыннан таныс емес бір мәтіннің не оқиғаның үзігі ғана тыңдатылады, оқушы сол үзіндіні тыңдап, ондағы оқиға желісін өз қиялымен жалғастыруға тырысады. Өз болжамдарымен оқиғаны жалғастырып әңгімелеп болған соң, оқушыларға үзіндінің, яғни мәтіннің жалғасы беріледі. Толық нұсқасымен танысып болған соң берілген «Болжау» кестесінің соңғы бөлімі толтырылады, яғни автордың пікірі жазылады.

Не болады деп ойлайсыз?	Сізде оған қандай дәлел бар?	Не болды?
Оқушы үзіндіні оқып болған соң осы бағанға оқиғаны өз қиялымен өрбітіп жазады.	Өз ойын дәлелдеп, түсіндіреді.	Бұл баған мәтіннің не оқиғаның қалған бөлігімен танысқаннан кейін толтырылады.

Сонымен қатар, «Қазақ әдебиеті» пәнінен шығармадағы көркемдегіш құралдардың (символ, синекдоха, қайталау түрлері: эпифора, анафора, аллитерация, ассонанс, риторикалық сұрақ) қолданысын талдау мақсатын жүзеге асыруда «Балық қаңқасы» әдісін пайдалануға болады.Бұл әдісті қолдану барысына тоқталар болсам, топтық немесе жұптық тапсырма ретінде оқушыларға ұсынуға болады. Мысалы, балық қаңқасының:

басы – тақырыптың мәселесі;
үстіңгі сүйектері – көркемдегіш құрал түрлерін жазу;
астыңғы сүйектері – көркемдегіш сөздерге мәтіннен тапқан мысалдарды жазу;
құйрығы – шығарманың көркем тілі жайлы түйінді сөз жазу тапсырылады.



Оқу - тәрбие үдерісінде мұндай стратегияларды ұйымдастырғанда оқушылар бір-біріне көмектесетіндей, бір-бірімен бірігетіндей жағдай жасау керек. Сонда сабақ тек білім беру қызметін ғана емес, тәрбиелеу қызметін де атқарады. Мұндай сабақтардың өтілуі нәтижесінде оқушыларда бір-бірімен сөйлесе білу мәдениеті, тәртіптілік, топқа

және бір-біріне жауапкершілік сезімнің болуы, менмендік және жалқаулықтан безу қасиеттері қалыптасады. Оқыту барысында оқушыларға егжей –тегжейлі мәтінді түсінуге, кейіпкерлердің рөлін сомдауға, дұрыс түсінуге және алған білімдерін тәжірибемен байланыстыра қолдана білуге, пәнаралық байланыстарды іске асырып отыруға мүмкіндік береді.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Назарбаев Н.Ә.Әлеуметтік-экономикалық жаңғыру – Қазақстан дамуының басты бағыты. Қазақстан халқына Жолдауы. –Астана, 2012.
2. Оқушылардың Функционалдық сауаттылығын дамыту жөніндегі 2012-2016 жылдарға арналған ұлттық іс-қимыл жоспары. ҚРҮ 2012ж.25.06 №832 Қаулысы.// http://adilet.zan.kz/rus/docs/P1200000832
3. Мұғалімге арналған нұсқаулық // Назарбаев Зияткерлік мектептері ДББҰ, 2016.- 27-28б
4. Бітібаева Қ.О. Әдебиет пәнін оқытудың тиімді жолдары. Әдістемелік құрал. – Астана, 2009. – 7б

ОРЫС ТІЛІ МЕН ӘДЕБИЕТІ САБАҚТАРЫНДА ОҚУ ЖАЗУ АРҚЫЛЫ СЫН ТҰРҒЫСЫНАН ОЙЛАУДЫ ДАМЫТУ ТЕХНОЛОГИЯСЫН ПАЙДАЛАНУ
ИСПОЛЬЗОВАНИЕ ТЕХНОЛОГИИ РАЗВИТИЯ КРИТИЧЕСКОГО МЫШЛЕНИЯ ЧЕРЕЗ ЧТЕНИЕ И ПИСЬМО НА УРОКАХ РУССКОГО ЯЗЫКА И ЛИТЕРАТУРЫ
USING TECHOJOGU FOR DEVELOPINGCRITICAL THINKING THROUGHREADING AND WRITING IN RUSSIAN LANGUAGE AND LITERATURE LESSONS

Исаева Куралай Андреевна
Кгу «СОШ №2 имени Агзама Текенова» Теренколь
Isaevakuralaj725@Gmail.Com

Мақалада орыс тілі мен әдебиеті сабақтарында «Оқу мен жазу арқылы сыни тұрғыдан ойлауды дамыту» технологиясының әдіс-тәсілдерін қолдану тәжірибесі қарастырылған.Автор осы оқу пәндерінің әр түрлі тақырыптары бойынша тапсырмалардың мысалдарын келтіре отырып , оқушылардың оқу мен жазу қабілеттерін дамытуға мүмкіндік береді. Әртүрлі ақпарат көздерімен жұмыс істеу, алынған білімдеріне талдау жасау,ақпаратты түрлендіру және зерттеу нәтижелерін түрлі формада ұсынуға бағытталған.Барлық ұсынылған тапсырмалар оқушылардың сыни тұрғыдан ойлауын дамытуға мүмкіндік береді. Автор бұл технологияда орыс тілі мен әдебиетін оқуға деген қызығушылықты дамытады, оқу үдерісін мазмұнды және белсенді етеді деп тұжырымдайды.

В статье рассмотрен опыт использования методов и приемов технологии «Развитие критического мышления через чтение и письмо» на уроках русского языка и литературы Автором представлены примеры заданий по разным темам указанных учебных дисциплин, позволяющих развивать умение работать с разными источниками информации, анализировать полученные знания, преобразовывать информацию и представлять результаты изучения в разных видах. Все предложенные задания позволяют формировать критическое мышление у учащихся. Автор делает вывод о том, что данная технология развивает интерес к изучению русского языка и литературы, делая процесс обучения осмысленным и деятельностным.

The article discusses the experience of using methods and techniques of the technology “Development of critical thinking through reading and writing” in Russian language and

literature lessons. The author presents examples of tasks on various topics of these academic disciplines, which allow developing the ability to work with different sources of information, analyze acquired knowledge, and transform information and present the results of the study in different forms. All suggested tasks allow students to develop critical thinking. The author concludes that this technology develops interest in studying the Russian language and literature, making the learning process meaningful and active.

Развитие критического мышления – одна из общепризнанных в педагогике целей. Характерными особенностями развитого критического мышления являются оценочность, открытость новым идеям, целостное рассмотрение ситуации, поиск альтернатив, выбор точки зрения.

Каким образом технология развития критического мышления связана с чтением и письмом? Многие слишком буквально понимают её как обучение чтению или письму и потому связывают исключительно с начальной школой. А что означает вдумчивое чтение или вдумчивое письмо? Если сопоставить эти понятия с критическим мышлением, ответить на этот вопрос будет проще. Чтение и письмо — это и инструменты, и продукты нашего мышления. Чтение служит для анализа, сравнения, сопоставления и оценивания того, что мы уже знаем, и неизвестного. Такое чтение в процессе критического мышления становится направленным, осмысленным, нелинейным. Ученики не просто строку за строкой читают новый материал, они сами формулируют вопросы и сразу ищут на них ответы, определяют пробелы в тексте. А письмо — важнейший инструмент для выражения наших мыслей.

Существует определенный алгоритм формирования критического мышления, предполагающий ответы на следующие вопросы.

✓ Какова цель данной познавательной деятельности? Цели могут включать в себя выбор одного из вариантов решения, выработку решения при отсутствии вариантов; обобщение информации; оценку надежности аргументов; оценку вероятного развития событий; проверку достоверности источника информации: количественную оценку неопределенности.

✓ Что известно? Это отправной пункт направленного или критического мышления. Этот этап также включает в себя нахождение недостающей информации.

✓ Что делать? Какие навыки мышления позволяют достичь поставленной цели? Знание того, как добраться от начальной до конечной точки маршрута, - движущая сила критического мышления. Здесь как раз и предполагается использование сформирован ных ранее интеллектуальных умений.

✓ Достигнута ли поставленная цель? Точность при выполнении заданий является решающим фактором успеха. Имеет ли смысл принятое решение? Для чего?

Таким образом, критическое мышление означит «искусство суждения, основанное на критериях». Базовая модель РКМЧП полностью соответствует данному алгоритму

Базовая модель технологии развития критического мышления (КМ).

В технологии КМ выделяют три стадии:

1. Стадия вызова.
2. Стадия осмысления новой информации.
3. Стадия рефлексии.

Первая стадия – вызов. Ее присутствие на каждом уроке обязательно. Эта стадия позволяет:

1. актуализировать и обобщить имеющиеся у ученика знания по данной теме или проблеме;

2. вызвать устойчивый интерес к изучаемой теме, мотивировать ученика к учебной деятельности;

3. сформулировать вопросы, на которые хотелось бы получить ответы;

4. побудить ученика к активной работе на уроке и дома.

На стадии вызова происходит актуализация имеющихся знаний по объявленной теме, т.е. еще до знакомства с текстом (под текстом понимается и письменный текст, и речь преподавателя, и видеоматериал) ученик начинает размышлять по поводу конкретного материала. На первом этапе включаются механизмы мотивации, определяется цель.

Вторая стадия – осмысление. Здесь другие задачи. Эта стадия позволяет ученику:

1. получить новую информацию, осмыслить ее;
2. соотнести с уже имеющимися знаниями;
3. искать ответы на вопросы, поставленные в первой части.

На стадии осмысления происходит непосредственная работа с текстом - чтение, которое сопровождается действиями ученика: маркировкой с использованием значков «v», «+», «-», «?» (по мере чтения ставятся на полях справа), составлением таблиц, поиск ответов на поставленные в первой части урока вопросы и др. В результате этого ученики получают новую информацию, соотносят новые и имеющиеся знания, систематизируют полученные данные.

Таким образом, ученик следит за собственным пониманием самостоятельно.

Третья стадия – рефлексия. Здесь основным является:

- целостное осмысление, обобщение полученной информации;
- присвоение нового знания, новой информации учеником;
- формирование у каждого из учащихся собственного отношения к изучаемому материалу.

На стадии рефлексии происходит обобщение информации, возрастает роль письма. Письмо помогает не только разобраться в материале и поразмышлять над прочитанным, но и высказать новые гипотезы.

Базовая модель «вызов — осмысление содержания — рефлексия» отражает три стадии единого процесса движения учителя и его учеников от поставленных целей к результатам обучения по освоению новой темы, тематического блока или даже всего школьного курса.

Технология развития критического мышления может быть использована как для построения целого урока, так и его отдельных фрагментов.

Технология развития критического мышления через чтение и письмо дает возможность личностного роста школьника, приобщает ребенка к духовному опыту человечества, развивает его ум, индивидуальность. Технология открыта для решения большого спектра проблем в образовательной сфере. Она представляет собой набор особых приемов и стратегий, применение которых позволяет выстроить образовательный процесс так, чтобы обеспечить самостоятельную и сознательную деятельность учащихся для достижения поставленных учебных целей. РКМЧП помогает учителю заменить пассивное слушание и пересказ на активное участие учащихся в образовательном процессе, и тем самым повысить эффективность занятий.

Поиск решения выявленных мною проблем заставил еще более углубиться в изучение опыта известных ученых, педагогов, моих коллег практиков. Все это привело меня к убеждению, что указанные проблемы учащихся позволит решить использование технологии «Развитие критического мышления через чтение и письмо» (ТРКМ) на уроках русского языка и литературы.

ТРКМ основывается на следующих идеях:

1. Дети от природы любознательны, они хотят познавать мир, способны рассматривать серьезные вопросы и выдвигать оригинальные идеи.

2. Роль учителя – быть вдумчивым помощником, стимулируя учащихся к неустанному познанию и помогая им сформировать навыки продуктивного мышления.

3. Критическое мышление формируется, прежде всего, в дискуссии, письменных работах и активной работе с текстами.

4. Существует неразрывная связь между развитием мыслительных навыков и

формированием демократического гражданского сознания.

Основоположники, американские педагоги (Куртис Мередит, Чарльз Темпл и Джинни Стилл), а также российские (М.В.Кларин, С.И.Заир-Бек, И.О.Загашев, И.В.Муштавинская и др.), под критическим мышлением понимают совокупность качеств и умений, обусловливающих высокий уровень исследовательской культуры. Таким образом, критическое мышление — это способность анализировать информацию с позиции логики и личностно-психологического подхода с тем, чтобы применять полученные результаты как к стандартным, так и нестандартным ситуациям, вопросам и проблемам. Критическое мышление — способность ставить новые вопросы, вырабатывать разнообразные аргументы, принимать независимые продуманные решения.

Сама технология предполагает следующее логическое построение урока:

1. Стадия (фаза) вызова, в ходе которой учащимися активизируются знания, связанные с определенной темой урока (как правило, это знания, полученные на предыдущих уроках, а также знания, основанные на личном жизненном опыте учащихся); в традиционном построении урока это очень близко этапу актуализации знаний.

2. Стадия (фаза) осмысления, в ходе которой учащиеся знакомятся с новой информацией (темой урока), осмысливают ее, соотносят с тем, что знают об этой теме, вычленяют принципиально новое для себя; в традиционном построении урока это близко к этапу изучения новой темы.

3. Стадия (фаза) рефлексии, в ходе которой происходит систематизация узнанного на уроке, а также осмысление собственных действий на пути решения главной задачи на уроке; в традиционном построении урока это близко к этапу подведения итогов.

Каждой из стадий соответствуют определенные методы и приемы.

Апробирование выбранной мною технологии началось с использования ее элементов на уроках литературы .

Главная цель урока литературы – воспитание вдумчивого читателя, развитие читательского вкуса, умения видеть текст и осмыслять его. Для меня в ходе работы стало понятно, что наиболее эффективен здесь прием чтения с остановками. Главным требованием считается следующее: произведение должно быть незнакомым для учащихся, обладать динамичным сюжетом, небольшим объемом. Поэтому данный прием начала практиковать при изучении таких рассказов, как «Беда» М.М.Зощенко, «Размазня» А.П.Чехова, «После бала» Л.Н.Толстого, «Легенда о Данко» М.Горького, «Кусака» Л.Н.Андреева, «О чем плачут лошади» Ф.А.Абрамова, рассказы И.Э.Бабеля. Достоинства данного приема сложно переоценить: ученики с большим интересом вносят свои предположения о дальнейшем развитии сюжета, о чувствах и мыслях героев, мотивах их поступков и т.д., становясь внимательным и вдумчивым читателем (слушателем). Неважно, что их предположения могут не подтвердиться (здесь в принципе нет правильных и неправильных ответов), важно другое: каждый ученик вдумчиво относится к тексту произведения, тогда оно становится ему ближе, понятнее, ему хочется читать и слушать дальше, чтобы понять, почему именно так разворачиваются события, почему именно эти чувства испытывает герой.

Также эффективными оказались такие приемы, как чтение с пометами, заполнение бортовых журналов, двухчастных и трехчастных дневников. После изучения произведения или вводной темы (например, «Поэзия серебряного века» , «Поэзия Великой Отечественной войны» в 11 классе) я практикую написание синквейна. Возможности этого приема ценны тем, что создание его заставляет сворачивать информацию до заданного минимума. Заполняя строки синквейна, ученик учится отбирать из множества вариантов слов и сочетаний самые точные, яркие. Еще одно достоинство синквейна состоит в том, что он может являться и материалом для написания сочинения-миниатюры: в нем каждая строка позволяет удерживать мысль ученика в одном направлении, помогая раскрыть тему последовательно, логично, связно. Это актуально, так как дети не всегда умеют сосредотачивать мысль на главном, уходят от темы.

При изучении жизни и творчества писателя, поэта использую прием – таблицу «Знал – узнал – вопрос» в старших классах. В колонку «Знал» учащиеся заносят информацию, знакомую из предыдущих уроков или дополнительных источников, в колонку «узнал» — новую информацию в сжатом виде, в колонку «вопрос» — то, что оказалось непонятным. Данный прием позволяет развивать навык членения текста на знакомое, незнакомое, непонятное (то, что требует дополнительного пояснения или работы с дополнительными источниками).

На уроках русского языка работа по технологии «Развитие критического мышления через чтение и письмо» началась в 10 классе. Темы по русскому языку в 10 классе объемные (например, тема «Стили речи»). Поэтому я считаю целесообразным при их изучении использовать такие приемы, как «Мозговая атака», «Простые и проблемные вопросы», составление обобщающих таблиц, различных видов схем. Прием «Мозговая атака» позволяет учащимся за короткое время активизировать и сформулировать максимальный объем информации. Составление учащимися простых вопросов по тексту при чтении развивают навыки определения конкретных фактов, проблемные же выводят учащихся на новый уровень осмысления фактического материала. Составление обобщающих таблиц помогает в обобщении объемного материала. Схемы позволяют систематизировать знания, при этом учащиеся развивают навыки определения причинно-следственных связей между элементами, определения места элемента в системе.

В 7, 8 классах материалы учебника представлены в более сжатом виде. Для изучения новой темы я составляю список положений, которые учащиеся должны оценить как «Верно – неверно», так как необходимо учить детей распознавать верную и неверную информацию среди того, что им уже известно на подготовительном этапе. Учащиеся их оценивают, применяя знания, полученные на предыдущих уроках. И только после этого они приступают к изучению материала учебника.

При изучении таких тем, как «Причастие», «Деепричастие», «Производные и непроизводные предлоги» и др. в 7 классе практикую прием «Диаграмма сравнений». Этот прием очень эффективен, так как предполагает при изучении новой темы на стадии вызова (или осмысления, в зависимости от построения урока) активизацию знаний, полученных ранее. При изучении причастия происходит сравнение с тем, что уже известно о глаголе и прилагательном, при изучении деепричастия – о глаголе и наречии, при изучении производных и непроизводных предлогов – самостоятельных и служебных частях речи. Таким образом, учащиеся учатся применять полученные ранее знания в незнакомой ситуации.

На уроках-обобщениях самыми результативными стали составление схем, обобщающих таблиц, составление по теме (тексту) простых и сложных вопросов, где простые вопросы предполагают односложные ответы, сложные – развернутые, при этом составление сложных вопросов развивают навыки объединения информации в смысловые блоки.

Опыт работы показал, что использование на уроках русского языка и литературы технологии «Развитие критического мышления через чтение и письмо» позволяет оказать результативное воздействие на мыслительный процесс учащихся. Во время деятельности учащихся происходит следующее: они овладевают универсальными способами умственных действий, вступают в активную деятельность при выполнении мыслительных операций, реализуют собственные интересы и способности, вырабатывают собственное мнение в контексте учебной программы.

Таким образом, у учащихся развиваются способности анализировать явления, активизировать ранее приобретенные знания для применения в незнакомой ситуации, отслеживать причинно-следственные отношения между явлениями, признаками, мыслями, выдвигать и проверять гипотезы. Иными словами, учащиеся приобретают все мыслительные навыки и способности критического мышления.

Стало очевидным, что данная технология развивает интерес к изучению русского языка и литературы, делая процесс обучения осмысленным, деятельностным, при этом позволяет формировать и развивать такие ключевые компетенции учащихся, как ценностно-смысловые, общекультурные, учебно-познавательные, информационные, коммуникативные, компетенции личностного самосовершенствования.

Работа на уроках русского языка и литературы по технологии «Развитие критического мышления через чтение и письмо» в течение двух лет позволила достичь и главную цель – повышение качества знаний учащихся.

ЛИТЕРАТУРА

1. С.И. Заир-Бек, И.В. Муштавинская. Развитие критического мышления на уроке: Пособие для учителя. – М.: Просвещение, 2004.
2. Е.А.Козырь. Характеристика приемов технологии РКМЧП. //газ. “Русский язык”, 2009, №7.
3. И.О. Загашев, С.И.Заир–Бек. Критическое мышление: технология развития: Пособие для учителя – СПб; Альянс “Дельта”, 2003.
4. Е.А. Генике, Е.А. Трифонова Развитие критического мышления (Базовая модель) / Е.А. Генике, Е.А. Трифонова . — М.: БОНФИ, 2002
5. С.В. Столбунова, Как построить нетрадиционный урок русского языка / С.В. Столбунова // Русский язык – 2005. – № 19

«СОЗДАНИЕ ИНДИВИДУАЛЬНОЙ ТРАЕКТОРИИ РАЗВИТИЯ ОДАРЕННОСТИ У УЧАЩИХСЯ»
«ОҚУШЫЛАРДЫҢ ДАРЫНДЫЛЫҒЫН ДАМЫТУДЫҢ ЖЕКЕ ТРАЕКТОРИЯСЫН ҚҰРУ»
«CREATING AN INDIVIDUAL TRAJECTORY FOR THE DEVELOPMENT OF GIFTEDNESS IN STUDENTS»

Уахитова Елена Ивановна
Коммунальное государственное учреждение «Майкаинская средняя общеобразовательная школа № 2» отдела образования Баянаульского района, управления образования Павлодарской области
поселок Майкаин
melnik_elena_20@mail.ru

Аңдатпа: Біздің өміріміз өзгерді - ол серпінді, ақпаратқа бай болды және бірегей анықтауды тоқтатты. Сіз болып жатқан өзгерістерді жылдам шарлауға және бейімделуге қабілетті болуыңыз керек. Ал мектептің ендігі міндеті – оқушының өмірлік жағдаяттарды шешуде сауатты болуына көмектесу. Ал адамның мектепте алған білімі оның өмірлік мәселелерін шешуге құрал болуы керек
Аннотация: Наша жизнь изменилась – стала динамичной, информационно насыщенной, перестала быть однозначно заданной. Надо уметь быстро ориентироваться в происходящих изменениях, перестраиваться. И задача школы теперь помочь ученику стать грамотным в вопросах разрешения жизненных ситуаций. А знания, которые человек получает в школе, должны служить ему средством для решения его жизненных проблем
Annotation: Our life has changed - it has become dynamic, information-rich, and has ceased to be uniquely defined. You must be able to quickly navigate the changes that are taking place and adapt. And the school’s task now is to help the student become competent in resolving life

situations. And the knowledge that a person receives at school should serve as a means for him to solve his life problems

Ключевые слова: адаптация, знания, систематизированная, значимым результат.

В настоящее время школы переходят на новые образовательные стандарты. А значит, перед школой ставятся новые задачи по адаптации образования. И перед школой поставлена главная задача - помочь ученику стать грамотным в вопросах разрешения жизненных ситуаций. А знания, которые он получает в школе, должны служить ему средством для решения его жизненных проблем

Работаю учителем физики, поэтому готовлю учащихся и к предмету астрономия, а именно олимпиады и научно – исследовательские проекты в данных направлениях. На протяжения своей трудовой деятельности, я искала свое направление в педагогике. Приоритетным направлением для меня стала работа с детьми, а конкретно работа над научно – исследовательской деятельностью учащихся. Начала индивидуальную работу с учащимся в 2018 году, по итогу которой, ученик занимает 1 место на Республиканском этапе конкурса научных проектов (рисунок 1).

Первое место в республике вдохновило продолжить работу уже с группой учащихся. Поэтому была создана творческая разновозрастная группа среди учащихся, а также среде учителей нашей школы. К каждому конкурсу готовлю учащихся или команду учеников. Школа, в которой я работаю, общеобразовательная, и работу с учащимися начинаю всегда с младшего звена. Готовлю детей начиная со школьного уровня, далее принимаем участия на районом этапе, областном, республиканском и международном уровнях. Работу веду применяя различные методы и способы обучения. [1 стр 58] Но в основном, уделяю внимание работе в двух направлениях:

1) Развитие логического мышления. Для формирования элементарных умений и навыков по предмету, затем постепенно усложняются задачи. При помощи упражнений не только закрепляются, но и уточняются знания детей, формируются навыки самостоятельной исследовательской деятельности, идет постоянная работа с навыками высокого порядка.

Для детей младшего возраста использую нтеллектуальные игры, головоломки и развивающие сервисы. Игра для детей — способ познания мира. Играя с ребёнком в домино, шашки, шахматы, точки, эрудит и даже просто в слова, вы не только весело проводите время, но и развиваете мышление ребёнка.

Головоломки. Специализированные магазины предлагают ассортимент «игр для ума» на любой вкус и возраст — всевозможные лабиринты, пазлы, кубики Рубика и целые научно-исследовательские наборы. Во многих городах работают кружки любителей головоломок, где дети учатся их разгадывать и соревнуются в искусстве решения.

Развивающие сервисы. В Сети существуют специальные платформы, на которых собраны различные задачи на развитие логики у детей. Процесс их решения напоминает игру с разными уровнями сложности.

2) Развитие функциональной грамотности. Для развития способности учащихся использовать приобретенные знания для решения широкого диапазона жизненных задач в

различных сферах человеческой деятельности, общения и социальных отношений работаю над развитием функциональной грамотности.

Метод проблемного обучения Метод, в ходе которого подача нового материала происходит через создание проблемной ситуации.

Прием «Найди ошибку» Универсальный приём, активизирующий внимание учащихся. Учитель предлагает учащимся информацию, содержащую неизвестное количество ошибок. Учащиеся ищут ошибку группой, в парах или индивидуально, спорят, совещаются.

Исследовательский метод и Эксперимент Направлен на решение практических задач, результат выполнения – конкретный полезный предмет, модель и т.п. [2 стр 142]

Хочется отметить, не мало важные факторы, с которыми сталкивается учитель, при работе с учащихся:

Нереалистические цели. Учащиеся часто ставят перед собой очень завышенные цели. Не имея сил достичь их, они начинают переживать. Но с другой стороны, стремление к совершенству и лидерству и есть та сила, которая приводит к высоким победам и достижениям.

Сверхчувствительность. Учащиеся, которые являются конкурентом другому учащемуся, более восприимчивы и лучше понимают отношения и связи, они склонны к критическому отношению не только к себе, но и к окружающим.

Страх ошибки. Учителю всегда необходимо не только быть сдержанными неудачах ребенка, но и контролировать проявления собственных негативных эмоций. Ведь проигрыш – это тоже часть пути к победе.

Проблемы саморегуляции – занимаются только той деятельностью, которая достаточно интересна для них. Любую другую деятельность, которая не входит в сферу их склонностей, многие учащиеся избегают, пользуясь снисходительным отношением к этому учителей. В конечном итоге возникает различные ситуация в образовательном процессе.

По определению, проектное обучение по своей сути является личностно ориентированным, а значит, позволяет учащимся учиться на собственном опыте и опыте других. Это стимулирует познавательные интересы учащихся, дает им возможность получить удовлетворение от результатов своего труда, осознать ситуацию успеха в обучении.

Так же очень важно отметить тот момент, что любой конкурс - это событие, позволяющее выявить способности детей. Это не только проба сил, но и расширение мировоззрения ребёнка, предоставление ему возможности саморефлексии об участии, общения и выступления. С помощью творческих конкурсов ученики могут проверить знания, умения, навыки не только у себя, но и сравнить свой уровень с другими, узнать много нового. Именно поэтому конкурсная деятельность является значимым результатом образовательного процесса и важной частью целостного развития ребенка. В таблице ниже хочу продемонстрировать систематичность и результативность работы с учащимися (таблица 1), имея результаты на областных, Республиканских и Международных уровнях.

Областные конкурсы	- 2019 год ученица 4 класса, получила «Алғыс хат» за участие в областной выставке IT – проектов ЦИТ г. Павлодар - 2019 году ученица 4 класса заняла 3 место в областном конкурсе научных проектов «Зерде». г. Павлодар - 2019 год ученица 6 класса, заняла 3 место в областном конкурсе научных проектов «Зерде». г. Павлодар - 2019 год ученик 9 класса принял участие в областном конкурсе конструирования. - 2019 год ученица 6 класса приняла участие в областном конкурсе конструирования. - 2020 год ученица 9 класса стала победителем первого тура, республиканской олимпиады IQnat - 2021 год ученица 5 класса, заняла 3 место в областном конкурсе научных проектов «Зерде». г. Павлодар - 2021 год ученица 7 класса, заняла 3 место в областном конкурсе научных проектов «Зерде». г. Павлодар - 2022 год ученица 6 класса заняла 1 место в областном конкурсе научных проектов «Зерде». г. Павлодар - 2022 год ученица 6 класса заняла 1 место в областном конкурсе научных проектов «Зерде». г. Павлодар -2022 год ученик 10 класс участие в областной предметной олимпиаде. - 2023 год ученица 9 класса 1 место в областном конкурсе научных проектов 2023 год ученица 9 класс, 1 место в областном конкурсе научных проектов 2023 год ученица 9 класс, 1 место в областном конкурсе научных проектов 2023 год ученица 10 класс, 3 место в областном этапе Республиканского конкурса «Первый шаг к великому изобретению»
Республиканские конкурсы	- 2019 год ученик 11 класса, занял 1 место в республиканском конкурсе научных проектов г. Алматы -2019 год Встреча ученика 11 класса с президентом РК К.Токаевым, НИШ - 2020 год участники Назарбаев Университета и «STEM Academia ТОО», при поддержке акимата президента РК «STEM Олимпиада – Инновации в Образовании» Респуб. онлайн олимпиада. -2021 ученица 8 класса, участие в Республиканской олимпиаде по медиаграмотности. -2021 учащиеся 0 класса, 2 место в конкурсе Робоболапан. - 2022 ученица 6 класса, похвальная грамота в республиканском конкурсе научных проектов «Зерде». г. Боровое 2022 ученица 6 класса, похвальная грамота в республиканском конкурсе научных проектов «Зерде». г. Боровое -2022 год ученицы 8 класс номинация в Республиканском этапе KazRoboProjec -2023 год ученицы 8 класс номинация в Республиканском этапе KazRoboProjec

Международные конкурсы	- 2019 год, ученики 5 классов получили номинацию «Ғылымдағы алғашқы қадам» в 19 международной практической конференции имени К. Сатбаева. г. Павлодар - 2022 ученица 6 класса, участие в 22 международной практической конференции имени К. Сатбаева. г. Павлодар - 2022 ученица 6 класса, участие в 22 международной практической конференции имени К. Сатбаева. г. Павлодар 2023 год ученица 7 класса, 1 место участие в 23 международной практической конференции имени К. Сатбаева. г. Павлодар 2023 год ученица 7 класса 1 место участие в 23 международной практической конференции имени К. Сатбаева. г. Павлодар 2023 год ученица 9 класса, 1 место участие в 23 международной практической конференции имени К. Сатбаева. г. Павлодар 2023 год ученица 9класса 1 место участие в 23 международной практической конференции имени К. Сатбаева. г. Павлодар

таблица 1

Для повышения своего профессионального уровня, принимаю участия в различных семинарах и конференциях. Участвую в педагогических конкурсах. Регулярно прохожу курсы по предмету физика и развитие функциональной грамотности. Для развития и углубления курсов, которые преподаю, разрабатываю собственные программы, получая на них рецензии.

В современной педагогике и образовательной практике, обучение учащихся с высоко развитой естественно – научной грамотностью все чаще рассматривается как глобальная педагогическая задача. Поэтому все учащиеся, вне зависимости от типа образовательного учреждения, должны находить поддержку в сфере образования, где бы они ни родились и не жили. В настоящее время можно с высокой долей уверенности говорить о том, что внедрение в жизнь новых информационных технологий, позволит вывести решение проблемы объединения, глобализации образования учащихся на качественный уровень.[3 стр 54,96]

В заключении хочу сказать, что подготовка учащихся к конкурсам – это сложный, но творческий процесс, потому что он подразумевает, что учитель должен решать различные поставленные ситуации не стандартно. То есть, искать разные варианты, того, что бы продемонстрировать свои умения. Если же, нет возможности показать результат работы в олимпиаде, то можно найти его через участие в различных конкурсах.

ЛИТЕРАТУРА

1) Хилл Наполеон. Магическая лестница к успеху
2) Брайан Т., Шеелен Ф. М. Личность лидера. Перевод с английского Е. Г. Гендель.Минск: Попурри,.
3) Бакингем М. Заставьте свои сильные стороны работать: Шесть этапов к выдающимся результатам. Перевод с английского Е. Виноградовой. – Москва:

«РЕСУРСТЫҚ ОРТАЛЫҚ-ЗАМАН ТАЛАБЫ»
«СПРОС ВРЕМЕНИ-РЕСУРСНЫЙ ЦЕНТР»
«TIME DEMAND RESOURCE CENTER»

Муханова Ляйля Маданиятовна
Павлодар облысының білім беру басқармасы, Шарбақты ауданы білім беру бөлімінің "Абай Құнанбаев атындағы жалпы орта білім беру мектебі" КММ
Lyailya.muhanova@mail.ru

Аннотация: Жұмыста Қазақстанның ауылдық жерлеріндегі ресурстық мектептерді жаңғыртудың проблемалары мен перспективалары жан-жақты қарастырылған. Мұндай мектептердің жұмыс істеуінің дәстүрлі моделі және бар инфрақұрылымдық шектеулер талданады. Педагогикалық дәстүрлерді сақтай отырып, инновациялық технологияларды енгізу қажеттілігі дәлелденді.
Түйінді сөздер: ресурстық орталықтар, ауыл мектептері, инновациялар, даму, цифрландыру, сапа, білім беру.
Аннотация: В работе комплексно рассмотрены проблемы и перспективы модернизации ресурсных школ сельской местности Казахстана. Анализируются традиционная модель функционирования таких школ и имеющиеся инфраструктурные ограничения. Обосновывается необходимость внедрения инновационных технологий при сохранении педагогических традиций.
Ключевые слова: ресурсные центры, сельские школы, инновации, развитие, цифровизация, качество, образование.
Abstract: The work comprehensively examines the problems and prospects for modernizing resource schools in rural areas of Kazakhstan. The traditional model of the functioning of such schools and the existing infrastructural limitations are analyzed. The necessity of introducing innovative technologies while preserving pedagogical traditions is substantiated.
Keywords: resource centers, rural schools, innovation, development, digitalization, quality, education.

Қазақстандағы ауыл мектептері жақын маңдағы ауылдар үшін ресурстық орталық ретінде маңызды рөл атқарады. Олардың ерекшелігі, олар көбінесе айналадағы ондаған шақырымдағы жалғыз оқу орындары болып табылады.

Еліміздің кең-байтақ аумағына ауыл тұрғындарының шашыраңқы болуын ескерсек, мұндай мектептер тек білім беру ғана емес, мәдениет ошағы қызметін де өз мойнына алады. Оларда білікті оқытушылар құрамы, кітапханалар, спорт залдары және басқа да қажетті инфрақұрылымдар шоғырланған.

Шалғай ауылдардың балалары мектеп автобустарымен немесе қоғамдық көліктермен ресурстық мектептерге ондаған шақырым жол жүруге мәжбүр. Бұл көп күш-жігерді қажет етеді, бірақ толыққанды орта білім алуға мүмкіндік береді.

Бұл модельдің артықшылығына ауыл балалары үшін білімнің қолжетімділігі, ресурстардың бір жерде шоғырлануы есебінен бюджеттің үнемделуі, ауыл мектептерінің мәдени өмірдің орталықтары ретінде сақталуы жатады.

Сонымен қатар, кемшіліктер де бар. Ұзақ жолдар мен ұзақ сапарлар балалардың денсаулығы мен оқу үлгеріміне кері әсерін тигізеді. Қосымша білім алуға және мектептен тыс іс-шараларға қолжетімділік шектеулі. Шағын ауыл мектептерінің бірте-бірте жойылып, ауыл мұғалімдерінің жұмыс орындарының қысқару қаупі бар.

Бұл мәселелерді шешу үшін кешенді шаралар қажет. Бұған мектеп автобустарын жабдықтау, жатақханалар салу және қашықтықтан оқытудың цифрлық инфрақұрылымын дамыту кіреді. Сондай-ақ, мұғалімдер даярлайтын оқушыларды мақсатты түрде оқыту және әлеуметтік жеңілдіктер беру арқылы ауыл мектептеріне жас мамандардың келуін ынталандыру маңызды.

Қиындықтарға қарамастан ресурстық мектептер Қазақстанның білім беру жүйесінің ірге тасы болып қала береді. Олар білімге қолжетімділікті қамтамасыз етіп қана қоймай, жас ұрпақтың мәдени болмысын қалыптастырады. Оларды сақтау және дамыту – ауылдық аумақтардың тұрақтылығының кепілі.

Цифрлық технологиялар тараған сайын ресурстық мектептерде дәстүрлі мәселелерді шешудің жаңа құралдары болады. Онлайн сабақтар, виртуалды зертханалар және қала мектептерімен қашықтықтан өзара әрекеттесу дарынды балалардың білім алу мүмкіндіктерін кеңейтеді.

Ең бастысы, өскелең ұрпақты тәрбиелеу мен тәрбиелеудің ошағы ретінде ауыл мектептерінің озық дәстүрлерін сақтау. Оларды жаңғырту заман талабына сай болуы керек, бірақ қазақстандық мұғалімдердің көптеген буындарының баға жетпес тәжірибесіне сүйенуі керек. Сонда ресурстық мектептер өздерінің ең маңызды миссиясын орындауды жалғастырады.

Технологиялық қарқынды даму жағдайында ресурстық мектептердің алдында білім сапасын арттырудың инновациялық тәсілдерін енгізу міндеті тұр. Цифрландыруға және қашықтықтан оқытуды пайдалануға ерекше көңіл бөлінеді.

2020-2021 жылдары пандемияға байланысты Қазақстанның барлық мектептері үшін қашықтан оқыту мәжбүрлі шараға айналды. Дегенмен, Интернетпен қамту проблемалары бар ресурстық мектептер үшін бұл үлкен қиындықтарға толы болды [1].

Қазіргі уақытта цифрлық теңсіздікті жою және ресурстық мектептерді жоғары жылдамдықты интернетпен қамтамасыз ету жұмыстары жүргізілуде. Бұл онлайн-платформаларды, цифрлық білім беру ресурстарын толық пайдалануға, ауруға немесе ауа райының қолайсыздығына байланысты сабақтан қалып қойған балаларды қашықтықтан оқытуды ұйымдастыруға мүмкіндік береді.

Тағы бір келешегі бар бағыт – ресурстық мектептердің жоғары сынып оқушылары үшін облыс орталықтарындағы мектептерде оқу сабақтарын өткізу. Көптеген ауыл мектептерінде оқушы санының аздығынан мамандандырылған 10-11 сыныптар жоқ.

Жоғары сынып оқушылары оқу жылында 1-2 апта ішінде 3 рет пән мұғалімдерімен бетпе-бет келіп, қалған уақытта қашықтықтан оқитын модельдің тиімділігін тәжірибе көрсетті. Бұл ауылдық жерлердегі кадр тапшылығы мәселесін шешеді.

Цифрландыру ауылдық мектептер базасында ресурстық орталықтарды дамыту үшін де қажет. Олар төңіректегі ауылдарға әртүрлі білім беру қызметтерін ұсына алады - мектеп сыныптарынан бастап ересектерге дейін.

Мысалы, бейнеконференц байланыс арқылы облыс орталықтарынан келген мұғалімдердің элективті немесе элективті курстарын өткізуге болады. Сіз шақырылған мамандарды тарта отырып, мұғалімдердің біліктілігін арттыруды немесе жоғары сынып оқушыларына кәсіптік бағдар беруді ұйымдастыруға болады.

Жаратылыстану ғылымдарын оқуда толықтырылған шындық технологияларын пайдалану үлкен перспективалар ашады. Бұл ресурстық мектептерге зертханалық жабдықтар мен көрнекі құралдардың жетіспеушілігін өтеуге мүмкіндік береді.

Әрине, ауыл мектептерінің материалдық-техникалық базасын жаңартпай жаңашылдық енгізу мүмкін емес. Ғаламтордан бөлек, компьютерлермен, проекторлармен, интерактивті тақталармен, физика, химия, биология пәндерінің сандық зертханаларымен жабдықталуы қажет.

Сонымен қатар, цифрландыру панацея емес. Сіз онлайн технологиялардың пайдасына дәстүрлі оқыту формаларынан толығымен бас тартпауыңыз керек. Ауыл мұғалімі мен оның оқушылары арасындағы жанды байланысты ештеңе алмастыра алмайды [2].

Сондықтан, қазақстандық педагогиканың озық дәстүрлерін заманауи әдістермен үйлесімді ұштастыру оңтайлы тәсіл болып табылады. Мысалы, сіз жеке ғылым сабақтарын виртуалды зертханалармен алмастыра аласыз.

Бұл тәсіл, бір жағынан, ауылдық ресурстық мектептердің мүмкіндіктерін кеңейтуге, ал екінші жағынан, Қазақстанның шет аймақтарында көп жылдар бойы жинақталған барлық құндылықты сақтауға мүмкіндік береді. Ең бастысы, инновациялар өз алдына мақсат емес, оқушылардың білім сапасын арттыру үшін қолданылады.

Ресурстық мектептердің тиімді жұмыс істеуі мен дамуы білікті педагогикалық кадрларсыз мүмкін емес. Сондықтан ауыл мектептерінің кадрлық әлеуетін күшейту міндеті басты басымдықтардың біріне айналуы тиіс.

Қазіргі таңда ауыл мұғалімдерін даярлау және қайта даярлау жүйесі күрделі жаңғыртуды қажет етеді. Инфрақұрылымдық және географиялық шектеулерді еңсеретін білім берудің жаңа формалары мен әдістерін іздестіру қажет.

Перспективалы бағыттардың бірі – қашықтықтан оқыту. Онлайн курстар ауыл мұғалімдеріне тұрғылықты жерінен шықпай-ақ жаңа білім алуға мүмкіндік береді. Цифрлық инфрақұрылымды дамыту жағдайында бұл біліктілікті арттырудың қолжетімділігін айтарлықтай арттырады.

Сондай-ақ ресурстық орталықтар негізінде жұмыс істейтін қысқа мерзімді курстар сияқты нысанды қолдану өзекті болып табылады. Бұл бірден бірнеше ауыл мектебіне мұғалімдерді дайындау үшін үздік лекторларды тартуға мүмкіндік береді.

Ауылдық жерлердегі ресурстық мектептер қазақстандық орта білім беру жүйесінің маңызды бөлігі болып табылады. Балалардың едәуір бөлігі үшін мектептегі білімнің қолжетімділігі мен сапасы көбінесе олардың одан әрі дамуына байланысты [3].

Ресурстық мектептерді жаңғырту озық педагогикалық дәстүрлерді ғылым мен техниканың озық жетістіктерімен оңтайлы ұштастыруға негізделуі керек. Бұл ауыл мектептерінің мәдени ерекшелігін сақтап қана қоймай, заман талабына сай ілгерілеуіне септігін тигізеді.

Қазақстандық ауыл мұғалімдерінің көп жылғы ұстаздық тәжірибесі ерекше құнды. Олардың оқушылармен және ата-аналармен тығыз байланысы, жергілікті дәстүрді терең білуі ешбір жаңашылдықпен алмастырылмайды.

Бұл үздік дәстүрлерді белсенді түрде пайдалану және дамыту қажет. Мысалы, үлкен оқушыларды кішілерден тәлімгерлік ету тәжірибесін енгізу, өлкетану материалдары негізінде мектеп оқушыларының жобалық қызметін ынталандыру. Бұл тәсіл ұрпақтардың мәдени сабақтастығын сақтауға көмектеседі.

Ресурстық мектептердің ең маңызды ресурсы – ауыл мұғалімдерінің өз ісіне деген ынта-жігері мен адалдығы. Олардың кәсіби құзыреттілігін шыңдап, әлеуметтік мәртебесін арттыру жаңғыртудың басты мақсатына айналуы тиіс.

Бұған қол жеткізу үшін ауыл мұғалімдерінің үздіксіз кәсіби дамуы үшін, оның ішінде қашықтықтан оқыту технологияларын пайдалану үшін жағдай жасау қажет.

Жас мамандарды баспанамен қамтамасыз ету, жеңілдіктер мен төлемдер жүйесі арқылы шағын ауылдардағы мектепке қабылдауға ынталандыру маңызды. Мұғалімдерді мектептегі әдістемелік бірлестіктердің жұмысына, озық тәжірибені таратуға, кәсіби байқауларға қатысуға белсендірек тарту қажет.

Кадрлық әлеуетті нығайту материалдық-техникалық базаны жаңғырту және инновациялық технологияларды енгізумен қатар ресурстық мектептерді сапалы жаңа деңгейге шығарады [4].

Ресурстық мектептерді цифрландыру және аралас оқытуды дамыту ерекше назар аударуды қажет етеді. Бұл технологиялар қосымша білім беру мүмкіндіктерін ашып қана қоймайды, сонымен қатар ауылдық жерлердегі инфрақұрылымдық шектеулерді жеңуге көмектеседі.

Дегенмен, жергілікті ерекшеліктер мен мектеп оқушыларының білім қажеттіліктерін ескере отырып, инновацияларды мұқият, біртіндеп енгізу қажет. Қалалық цифрлық шешімдерді ауылдық жерлерге механикалық көшіру де теріс салдарға әкелуі мүмкін.

Сондықтан технологиялық инновациялар әрбір нақты мектеп үшін «тапсырыс беру үшін» таңдалуы керек. Мысалы, бірінші қадам ретінде пән кабинеттерін мультимедиялық кешендермен жабдықтауға болады, содан кейін бірте-бірте онлайн элективті курстар мен қашықтықтан оқыту формаларын енгізуге болады.

Ресурстық мектептердің дәстүрлі құрылымының барлық күшті жақтарын сақтай отырып, ауыл оқушылары үшін білім сапасы мен қолжетімділігін арттыру инновациялар табысының негізгі критерийі болуы керек.

Осылайша, шетелдік тәжірибені соқыр көшіруден бас тарту, ауылдың нақты жағдайын ескере отырып, озық педагогикалық дәстүрлер мен технологиялық инновацияларды интеграциялау Қазақстандағы ресурстық мектептердің ұзақ мерзімді перспективада тұрақты дамуының кепілі болып табылады.

Бұл олардың ауылдағы білім ошағы ғана емес, мәдениет ошағы ретіндегі бірегей рөлін сақтайды. Ең бастысы – Қазақстан қоғамының болашағының негізі ретінде жас ұрпақты сапалы оқыту мен тәрбиелеуді қамтамасыз ету.

Жас мамандарды сақтап қалу үшін педагогикалық жоғары оқу орындарында оқушыларды мақсатты түрде оқыту маңызды. «Дипломмен – ауылға» мемлекеттік бағдарламасы аясында олар кепілдендірілген жұмыспен қамтылған ресурстық мектептерде жұмыс істеуге жеке тапсырмалар ала алады.

Ауыл мұғалімдерінің әлеуметтік мәртебесін көтеру де шет елдерге жаңа кадрлардың келуін ынталандырады. Бұл мақсатқа жету үшін жас мұғалімдердің тұрмыстық жағдайын жақсарту, әлеуметтік төлемдерді қамтамасыз ету, жалақыны көтеру қажет [5].

Осы бірлесе қабылданған шаралардың барлығы ресурстық мектептердегі кадрлық жағдайды түбегейлі жақсартуға мүмкіндік береді. Ал ең бастысы, олардың инновациялық негізде ұзақ мерзімді дамуының негізін қалау.

2030 жылға қарай ресурстық мектептер қазақстандық педагогиканың озық дәстүрлері мен озық цифрлық технологияларды үйлесімді үйлестіретін заманауи білім беру орталықтарына айналуы тиіс.

Кешенді жаңғыртудың арқасында олар ауылдағы білім ошағы ретіндегі рөлін сақтап қана қоймай, мүмкіндіктердің принципті жаңа деңгейіне көтеріле алады.

Біріншіден, ресурстық орталықтардың білім беру қызметтерінің ауқымы айтарлықтай кеңейеді - тереңдетілген мектеп бағдарламаларын енгізуден бастап ересектерге арналған әртүрлі курстарға дейін.

Екіншіден, жаңа технологиялар педагогикалық кадрлардың тапшылығы мәселесін түбегейлі шешеді. Облыс орталықтары мен қалалардағы оқушылар мен мұғалімдердің қашықтықтан өзара әрекеттесуі қалыпты жағдайға айналады.

Үшіншіден, интернет пен цифрлық жабдық ауыл оқушыларының білім беру ресурстарына тең қолжетімділігін, кәсіптік бағдар беру және шығармашылық даму мүмкіндіктерін қамтамасыз етеді.

Жалпы, ресурстық мектептер 2030 жылға қарай ауылдық жерлер үшін үздіксіз білім беру мен зияткерлік дамудың көпфункционалды орталықтарына айналуы тиіс. Бұл қазақ ауылының тұрақты дамуына берік негіз қалады.

Ресурстық мектептер Қазақстанның ауылдық жерлері үшін орта білімнің қолжетімділігі мен сапасын қамтамасыз етуде шешуші рөл атқарады. Оларды уақыт талабына сай жаңғырту – қазақ ауылының тұрақты дамуының ең маңызды шарты.

Технологиялық қайта жарақтандыруды, кадрларды нығайтуды, оқытудың инновациялық әдістерін енгізуді қамтитын кешенді тәсіл ресурстық мектептерге сапалы жаңа деңгейге шығуға мүмкіндік береді. Ең бастысы, отандық педагогиканың озық дәстүрлері мен алдыңғы қатарлы әлемдік тәжірибені ауыл-аймақтың шынайылығымен барынша тиімді ықпалдастыру.

Мұндай жаңғырту мектептегі білім сапасын арттыруға және ауылдық жерлерде білім беру қызметтерінің аясын кеңейтуге жаңа мүмкіндіктер ашады. Ауыл мектептері тек балаларға арналған білім ошағы ғана емес, сонымен қатар барлық тұрғындардың интеллектуалдық даму орталығы бола алады.

Бұл тәсілді жүзеге асыру Қазақстандағы ресурстық мектептерге болашаққа сеніммен қарауға және ауылдық аумақтарды инновациялық дамыту үшін кадр көзі болып қалуға мүмкіндік береді.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың Қазақстан халқына Жолдауы, 2022 жылғы 1 қыркүйек – Мәтін: электронды // Akorda.kz: [сайт]. – URL: http://www.akorda.kz (кіру күні: 08.01.2024).
2. Қазақстандағы ауыл мектептерін жаңғырту: мәселелері мен болашағы / З.А. Әлжанова, Д.Қ. Нұрланова // Қарағанды университетінің хабаршысы. Педагогика сериясы. – 2022. - No 2. – 34-39 б.
3. Ауыл мектептерін ақпараттандыру – мектептегі білім беруді жаңғыртудың басым бағыты / П.А. Омарова, Қ.Н. Балтабаева // атындағы ҚазҰПУ Хабаршысы. Абай. «Педагогика ғылымдары» сериясы. – 2021. - No1. – 249-255 беттер.
4. Аязбекова С.Ш. Ауылдағы білім беруді цифрлық трансформациялау болашағы // Ашық мектеп. – 2022. - №3. – 12-19 б.
5. Садвокасова З.М. Ауыл мектептерінің цифрлық трансформациясы үшін кадрлармен қамтамасыз ету // Гуманитарлық және жаратылыстану ғылымдарының өзекті мәселелері. – 2021. - No12-3. – 57-61 б.

БІЛІМ БЕРУДІҢ ЖАҺАНДАНУЫ ЖАҒДАЙЫНДА ОҚУШЫЛАРДА ҰЛТТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚТАРДЫ ҚАЛЫПТАСТЫРУ

Тургунбаева Б.А.
педагогика ғылымдарының докторы, профессор
Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті
Алматы қ.

Аширбаева У.Н.
Төле би атындағы №8 гимназия директорының ғылыми – әдістемелік ісі жөніндегі орынбасары
Тараз қ. Қазақстан

Аңдатпа: Мақалада «құндылық», «ұлттық құндылық» ұғымдарының мәні ашылып, мазмұнына сай жіктелген. Мектеп оқушыларын ұлттық құндылықтарды құрметтеуге тәрбиелеудің педагогикалық процесте іске асыру жолдары қарастырылған.
Аннотация: В статье раскрыты и соответствует контексту такие понятия как "ценность" "национальная ценность". Рассмотрены пути реализации в педагогическом процессе воспитание у школьников почитания и уважения национальных ценностей.
Abstract: The article reveals and corresponds to the context such concepts as “value” and “national value”. The ways of implementing in the pedagogical process the education of veneration and respect for national values among schoolchildren are considered.
Кілт сөздер: Құндылық, ұлттық құндылық
Ключевые слова: Ценность, национальная ценность
Keywords: Value, national value

Бүгінгі күні жаһандану біздің өміріміздің барлық салаларының даму бағытын анықтайтын процеске айналды. Жаһандық экономика жағдайында өмір сүре білу, тексерілмеген ақпараттың үлкен ағымына дұрыс жауап беру, жаһандық экономика жағдайында бәсекеге қабілетті болу – мұның бәрі бүгінгі білімнің мәнін анықтайды. Үлкен мүмкіндіктермен қатар, жаһандану біздің оқушыларымыздың этникалық, мәдени ерекшеліктерін сақтау үшін кейбір қауіп қатерді төндіруі әбден мүмкін. Сондықтан еліміздедің білім саласындағы қазіргі кездегі жаңғырту үрдістері ең алдымен XXI ғасыр тұлғасы ұлттық және трансұлттық білімдік кеңістіктердегі орны мен роліне, жаһандану жағдайында халықаралық өзара әрекеттестікке дайын болу тұрғысынан жүргізілуде.

Көптеген зерттеушілердің көзқарасы бойынша «жаһандану» ұғымы «өзара тәуелділік», «интеграция немесе кірігушілік» деген мағына береді және халықаралық экономикада, әлеуметтік және саяси салада жүйенің жаңа даму кезеңін сипаттайды [1]. Жаһандық жүйе өте күрделі және алуан түрлі. Оған дамудың әртүрлі деңгейлерінде тұрған, өздерінің ұлттық мәдениеттері мен дәстүрлері, діни идеялары мен нанымдары бар халықтар мен мемлекеттер қатысады. Мұның бәрі адамзат әлі түсінбеген және жаңа шындыққа сәйкес шешуді үйренбеген көптеген жаңа мәселелерді тудырады, жаһандық білім беруді өзекті етеді.

Ғалым В. Лысенконың пайымдауынша, жаһандық білім беру адамға әлемге кіруге, заманға сай өмірдің мәдени, әлеуметтік, экономикалық және басқа да деңгейлеріндегі өзара байланыс жүйесіне үйлесімді енуге көмектесетін маңызды негіздердің бірі болып табылады, оның міндеті әлемді тану мүмкіндігін кеңейту, өз елінің басқа елдермен өзара әрекеттестік механизмдерін, оның әлемдік қоғамдастықтағы алатын орнын түсінуге және әлемге басқа халықтар көзімен қарауды үйренуге ықпал ету болып табылады [2].

Жаһандану бұл тек технологиялар мен ғылыми техникалық жетістіктердің бәсекесі ғана емес, ол отаншылдық сезімі жоғары тұлғалардың арасындағы елдің қадір-қасиетіне жету, халықтың ойындағысын тап басып біліп, орындап отыру барысындағы бәсекелестігі десек те болады.

Әлемнің ешбір мемлекеті басқа мемлекеттермен байланыспай, оқшау дами алмайды. Ол байланыстар: қаржы,өндірістік, әлеуметтік, экономикалық, саяси және білім беру салаларында жүзеге асады. Бұл өз кезегінде ішкі және сыртқы саяси экономикалық, мәдени бағыттағы шекаралар пердесін алып тастайды. Ұлттық оқшауландыруға негізделген ұлттық даму ерекшеліктеріне қауіп төндіреді, сондықтан осы қалыптасып келе жатқан кеңістікке интеграциялану – ұлттық мүдделерді қорғаудың тиімді тәсілі болып келеді. Интеграциядан бас тарту – бұл толыққанды дамудан бас тарту деген сөз. Әлемдік экономикалық кеңістіктің бір бөлігіне айналмай, ешбір қоғам бәсекеге қабілетті бола алмайды. Алайда, мұндай интеграция бірқатар жағдайларда ұлттық ерекшеліктерді жоюға әкелуі де мүмкін, яғни жаһандану ұлттық экономика мен мәдениетімізге үлкен сынақ болып табылады.

Әдебиеттанушы Ш. Елеукенов туған тілін сүюден басталатын махаббат, елжандылықтан адамзатты шексіз құрметтеуге дейін өсетіндігіне тоқтала келе, жасынан туған халқының даналығымен сусындап, оның өсиетінен нәр алып, әдебиетті сүйіп, сол арқылы ұлтжанды азамат болып өсері хақ деген пікір білдіреді [3]. Өз ана тілін жетік білетін, туған елінің тарихын, ұлттық дәстүрлер бен мәдениетімізді ұғындыра отырып, жас ұрпақ байында ұлттық құндылықтарымызды дәріптей, сақтай аламыз. Осылай тәрбиеленген бала әлемнің қай жерінде де қазақ ұлтының баласы екенін таныта алатындығына шүбә келтіруге болмайды.

Бүгінгі таңдағы тәуелсіз еліміздің ең басты мақсаты – дамыған өркениетті елдердің қатарына ену, бүкіл әлемдік білім кеңістігінен орын алу болып табылады. Бұның өзі ұлттық білім беру жүйесінің даму бағыттарын жаңа арнаға, жаңа сапаға жеткізудің қажеттілігін алға тартады. Ұлттық ерекшеліктерімізді сақтаудың негізі тетіктері білім беру және тәрбиелеу үдерісі арқылы жүзеге асады. Бұл жерде мектептердегі атқарылатын жүйелі кешенді жұмыстардың маңызы зор.

Көтеріліп отырған осы тақырып ғылыми-теориялық және тәжірибелік тұрғыдан негіздеуді қажет ететіндігі ескеріліп, Жамбыл облысы білім басқармасының ұйымдастыруымен эксперимент алаңдары құрыла бастады. Атап айтар болсақ, Тараз қаласы Төле би атындағы №8 гимназиясында 2022-2023 оқу жылынан бастап «Қала мектебі жағдайында білім алушылардың жаһандық құзіреттіліктерін қалыптастыру» тақырыбында эксперимент жүргізілуде.

Эксперимент алаңының мақсаты: білім беру мен тәрбиелеу үрдісінде білім алушылардың жаһандық құзыреттіліктерін қалыптастыру моделін құру, тәжірибеге ендіру.

Эксперимент кезеңі 2022-2027 оқу жылдарын қамтиды. Эксперимент алаңы аясында білім алушылардың бойында оқу-тәрбие үрдістері арқылы жаһандық құзіреттіліктерін дамыта отырып ұлттық құндылықтарды қалыптастыру мақсатында бағдарлама, жұмыс жоспарлары даярланып жүзеге асуда.

Жаһандану үдерісінде оқушыларымыздың бойында ұлттық ерекшеліктерімізді сақтау және дамыту мақсатында Төле би атындағы №8 гимназиясында жүйелі жұмыстар іске асырылуда. Ол жұмыстар төмендегі бағыттарда жүргізіледі.



Сурет-1. Білім алушылардың жаһандық құзыреттіліктерін қалыптастырудың моделі.

Осы модельге сәйкес ең алдымен сыныптар бойынша жаһандық құзыреттіліктері қалыптасқан гимназия оқушыларының моделі жасалды. Бұл эксперименттік алаңның соңғы шығатын межесі, алатын нәтижесі болуы.

Сурет-2. Жаһандық құзыреттілігі қалыптасқан оқушы тұлғасының моделі.

Келтіріліп отырған оқушы тұлғасын қалыптастыру оқу бағдарламаларының мазмұнын қайта қарап толықтыру, оқу-тәрбие және оқудан тыс қызметті ұйымдастыру бағдарламаларын әзірлеу және тәсілдері мен ұйымдастыру формаларын жетілдіруді талап етті. Ұжым боп ұйымдастырылатын бұл шараларда тәрбие ортасының мүмкіндіктері ескеріліп, сондай-ақ барлық мүдделі тараптардың: отбасының, білім беру ұйымының, қоғамның кеңінен қатысуы арқылы іске асырылуы ойластырылды.

Тәрбие үдерісінде ұлттық құндылықтарды білім алушылардың бойына сіңіруде әртүрлі жобалар мен клубар жұмысының мәні зор. Бұл ретте, гимназияда «Адал ұрпақ», «Әке мектебі», «Ана мектебі», «Мектеп парламенті», «Жас кәсіпкер», «Ұшқыр ой алаңы», «Жас ақындар», «Түлектер қауымдастығы», «Жас қаламгер», «Жас актерлар», «Жас сарбаз», «Қыз жібек» клубтары жұмыс істейді, сондай-ақ, «Оқуға құштар мектеп», «Бірге оқимыз», «Дәстүр мен ғұрып», «Салауатты гимназия», «Отбасым – бақыт мекенім», «Қайырымды жүрек», «Домбыра-Дастан», «Туған өлке құндылықтары», «Табысты үштік», «Түлектердің жұлдызды күні», «Балалар мен театр», «Ұстаздар әлеміндегі бір есім», «Отандық кино сабағы», «Ата-ананың жұмыс орнындағы бір күн», «Туған жер», «Құқықтық мәдениет» жобалары мен клубтар жұмыстары жүйелі жүргізілді.

Жаһандық әлемге ұлт өкілі болып енуге, ұлттық ерекшеліктерді сақтауға даярлауда оқушыларға қосымша білім берудің маңызды зор. Осыған орай гимназияда «Алтынай» би, «Жас домбырашылар», «Шахмат», «Асық ату», «Тоғызқұмалақ», «Елтану», «Дебат», «Театр-сахна», «Дарын», «Жас тілші» үйірмелері жүреді. Аталған үйірме секциялар жұмысына 1002 білім алушы қатысады.

Шәкірттерге ұлттық құндылықтар негізінде тәрбиелеуде мектеп пен ата-аналардың өзара байланысы, балалардың мүддесі үшін ынтымақтастық аса қажет. Осы орайда, гимназиядағы «Әке мектебі», «Ана мектебі» клубтарының аясында тәрбие сағаттарын ата-аналар мектепке келіп өткізеді. Ted форматындағы кездесулер жүргізіледі. Мұндағы мақсат бала тәрбиесіндегі отбасының рөлін арттыру, қазақ баласын «ұят болады», «жаман болады», «обал болады» деген үш-ақ ауыз сөздің мағынасын ұғындыру юолып табылады.

Жалпы қоғамның басты байлығы адам болса, парасатты да тәрбиелі қыздар – қоғамның ортаймайтын ең құнды қазынасы. «Қоғамды тәрбиелеймін десең, қызыңды тәрбиеле» деген қағиданың мәні қаншалықты терең болса, мазмұны да соншалықты

салмақты. Жаһандану дәуірінде біздің қоғам үшін қыз тәрбиесіне ерекше назар аударуға тура келеді. Бұған себеп, соңғы кездердегі қоғамда болып жатқан қыздардың келеңсіз іс-әрекеттерін негізге алуға болады. Ата-бабаларымыз аңсаған тәуелсіздігімізге ширек ғасырдан асып, қазақ деген халықтың қандай екенін әлемдік қауымдастыққа жан-жақты танытатын кезеңде өзгенің қаңсығына өзеуремей, халқымызға тән құндылықтарды жаңғыртсақ нұр үстіне нұр болар еді. Өкінішке орай, қазір асылы мен жасығы араласып, сел болып жатқан ақпараттар ағыны ұрпақты баурап, «тәрбиелейтін» құралға айналғаны ешкімге құпия емес. Қыз баланың тәрбиесін қоғам болып қолға алмасақ, келешегіміздің кемел, болашағымыздың жарқын болары екіұдай... Жаһандану дәуірінде біз осы тұстан ұтылмауымыз қажет. Қыздың дұрыс тәрбиесі бұл ұлттың болашағының негізі. Мектебімізде бұл мәселеге де айрықша көңіл бөлінеді.

Жаһандану үдерісінде оқушыларымыздың бойында ұлттық ерекшеліктерімізді сақтау және дамыту білім мазмұны арқылы да жүргізілуі тиіс. Бұл бағытта гимназияда бастауыш сыныптарда «Тіл дамыту», «Әдеп әліппесі», «Әдеп негіздері», «Шешендік өнер», жоғары сыныптарда «Абайтану», «Жас көшбасшы» таңдау курстары жүргізіледі. Мұндағы мақсат тұлғаның ұлттық келбетін анықтайтын өзіндік санасы мен ұлттық құндылықтарға қатынасын көрсететін сенімі, көзқарасы, ұмтылыстары ашық, патриот тұлға тәрбиелеу.

Қорыта келе, жаһандану немесе түбегейлі жаңғыру және жаңа идеялар заманында заманында жас ұрпақтың болашағын баянды ете отырып ұлттық құндылықтары бойында қалыптасқан тұлға етіп тәрбиелеу ең басты қағидамыз болып қала бермек. «Ұлтыңды тәрбиелеймін десең ұлыңды тәрбиеле, қоғамды тәрбиелеймін десең қызыңды тәрбиеле» деген аз сөздің аясына мәні зор салмақты ойды сыйғызған халқымыздың дана дәстүрімен бүгінгі қоғамның заманауи жастарын тәрбиелеу еліміздің барлық білім беру ұйымдарының алдында тұрған зор міндет деген ойдамыз.

ӘДЕБИЕТТЕР

1.Оразбаева К.О. «Жаһандану жағдайында болашақ мұғалімдердің кәсіби құзыреттілігін қалыптастыру» Философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін дайындалған диссертация Алматы, 2016 ж

2. Лысенко В. Философию и практику глобального образования – российской школе // Народное образование, 2008, № 9-10. –10-16с.

3. Ш.Елеукенов, Замандас парасаты. Әдеби сын. Алматы: Санат, 1977 ж.

МАТЕМАТИКА САБАҚТАРЫНДА «GEOGEBRA» БАҒДАРЛАМАСЫН ҚОЛДАНУДЫҢ ТИІМДІЛІГІ

Нигиметова Гульбарам Султанқызы
Павлодар облысы, Екібастұз қаласы, №14 Жалпы орта білім беру мектебінің математика пән мұғалімі.
guma_31087@mail.ru

АННОТАЦИЯ**:** Педагогикалық идея мазмұны геометрияның стереометрия бөлімінде Geogebra бағдарламасын пайдаланудың мүмкіндіктерін көрсету және Geogebra бағдарламасын пайдалану арқылы стереметрия есептеріне деген оқушының қызығушылығын арттыру, кеңістікте ойлау қабілеттерін дамыту болып табылады. Geogebra бағдарламасының мүмкіндіктері өте көп, соның ішінде векторлардың координаталры, көпжақтардың жазықтықпен қималары және жазықтықтардың арасындағы бұрыш тақырыптарындағы есептер қарастырылған.

АННОТАЦИЯ: Содержание педагогической идеи - показать возможности использования программы Geogebra в решении задач стереометрии и с помощью программы Geogebra повысить интерес у учащихся к задачам стереометрии, развивать пространственное мышление учащихся. Программа Geogebra имеет множество возможностей. Среди них рассмотрены задачи на темы координаты векторов, сечения многогранников с плоскостями, углы между плоскостями, а также сделаны чертежы для этих задач с помощью программы Geogebra.
Түйінді сөз: GeoGebra, стереометрия, көпжақтар, векторлардың координаталры, қималар, айналу денелері.

Стереометрия есептерінде оқушыларға жиі қиындық тудыратын бірінші кезең, яғни есептің шартына сәйкес сызбасын сызу болып табылады, өйткені ол абстрактілі ойлау қабілетін көрсетуді талап етеді, бұл есептің шартын дұрыс түсінуге, шартқа сәйкес берілген денені ұсынуға және бейнелеуге және табу/дәлелдеу үшін не қажет екенін түсінуге мүмкіндік береді. Бұл кезеңде сызбаға ең маңызды орын беріледі. Оқушы сызбаны дәптерде сызып қана қоймай, оны дұрыс оқып, қағаздағы сурет зерттелетін дене туралы толық түсінік бермейтінін және көбінесе шартты екенін түсінуі керек. Оқушы жалпы сызбаға қарап, осы кеңістіктік денені елестете алуы және тапсырма шарты бойынша мәліметтерді анықтай алуы маңызды. Осы орайда Geogebra бағдарламасын қолдануда 3D график бетін қолдану өте тиімді болып табылады. Бұл стереометрия есептерінің сызбаларын барлық жағынан қарастыруға және олардағы кейбір қасиеттерді көрсетуге мүмкіндік береді, кейбір жағдайларда тіпті есептерді шешуге мүмкіндік береді.

GeoGebra әртүрлі нысандармен, мысалы, кестелермен, графиктермен, алгебралық теңдеулермен, геометриялық фигуралармен, арифметикамен және статистикалық мәліметтермен жұмыс істеуге мүмкіндік береді. Сондай-ақ, сіз интегралдармен, түбірлермен, графиктермен және басқалармен жұмыс істеуге мүмкіндік беретін қосымша функцияларды таба аласыз.

GeoGebra – Тегін таратылатын математикалық , (www.geogebra.org) геометрия және алгебраны байланыстыратын компьютерлік интерактивті бағдарлама. Құрамында геометрия, алгебра, кестелер, бағандар, статистика және арифметика секілді бөлімдері бар бағдарлама.

Мен сіздерге өзім қолданып жүрген сабақтардан бірнеше мысалдар келтірейін.

Геогебраның негізгі терезелеріне тоқтала кетсек,бағдарламаны ашып алғаннан кейін кез-келген терезені ашып алып,(төменде көрсетілгендей) керекті есепті шеше аламыз. (1 сурет)



1 сурет

1-мысал: Теңдеулер жүйесін ГеоГебрада шешу.

Бұл сабақты меңгеру арқылы сіз 6-11 сыныптардағы теңдеулер мен теңдеулер жүйесін, сол сияқты олардың графиктерін салуды үйренесіз. Теңдеулер жүйесі бойынша жаңа сабақ түсіндірмес бұрын алдында бір-екі мысал дайындап қойып «ойнау» батырмасымен көрсетсеңіз, оқушыларға әлдеқайда түсінікті әрі қызықты болады. Мысал келтірейік:Алгебра 9 сынып.

	4) Алдымен Геогебра бағдарламасын ашыңыз
Кіріс: x-y=2	5) КІРІС деген жерде x-y=2 теңдеуін жазып, ENTER басу
Кіріс: x+y=4	6) КІРІС деген жерде x+y=4 теңдеуін жазып, ENTER басу
	Енді екі түзудің қиылысу болатын Екі обьектінің қиылысу құралын таңдаңыз да, екі түзуді бір-бірден шертіңіз. Олардың қиылысуы болатын А нүкесі пайда болады.
	Кіріс алаңына кез-келген функцияны теру үшін КӨРІНІС терезесінен Пернетақта құралын пайдаланған дұрыс

2-мысал: Графиктерді түрлендіруді ГеоГебрада орындау.

Бұл сабақта сіз функциялардың графиктерін қарапайым түрлендіруді үйренесіз. 10 сыныптың алгебрасында кездесетін тақырыпты игеруге балаларға көмегін көп тигізеді.Ескерту: а,в,с айнымалының орнына бірден сан мәнін енгізу керек.

	Алдымен ГеоГебра бағдарламасын ашыңыз.
	2)**Слайдер** құралын таңдап, **Графиктер алаңындағы** бос жерге шертіңіз.
	3)Алдыңызда **Слайдер** терезесі ашылды.Онын аты автоматты түрде **а** болады. Ештенені өзгертпей **Қолдануды** басыңыз.4)Екінші рет бос жерді шертіп, **в** слайдерін 5)Үшінші рет бос жерді шертіп ,**с** слайдерін салыңыз.
Кіріс:y=a*x^2 +bx+c	6) **Кіріс** алаңына **y=a*x^2+bx+c** квадрат функциясын теріңіз де, **Енгер** басыңыз.
	7)**Жылжыту** құралын таңдап, слайдерлерден **а,в,с** шамаларын өзгертіп көріңіз.
	Сызбаны ыңғайлы қалыпқа келтіру үшін **Графикалық обьектіні жылжыту** құралын таңдаңыз.**Үлкейту, кішірейту** үшін тінтуірдің дөңгелегін айналдырыңыз.

3-мысал:Тригонометриялық функциялардың туындыларының графиктерін сызуды ГеоГебрада орындау. Алгебра 10 сынып.

	1)Алдымен ГеоГебра бағдарламасын ашыңыз
Кіріс:y=cos(x)	1) **Кіріс алаңына** y=cos(x) енгіземіз.
	3)Жаңа нүкте құралын таңдап, косинус графигінің бойынан бір нүкте таңдаңыз.Ол А деп аталады.
	4)Жылжыту құралын таңдап,А нүктесін жылжытып көріңіз.
	5)Жанама құралын таңдап,алдымен Анүктесін,содан косинус графигін шертіңіз.Сонда функцияның жанама сызығы сызылады.
	6)Бұрыштық коэффициент құралын таңдап,А нүктесін бір рет шертіңіз.
	7) Жылжыту құралын таңдап,А нүктесін жылжытып көріңіз.
Кіріс:B=(x(A),m)	**8) Кіріс** алаңына **B=(x(A),m)**жаңа нүкте салыңыз.Бұл жердегі у координатасыА нүктесі арқылы өткен жанаманың бұрыштық коэффициенті.
	9)Тінтуірдің оң жағын шертіп,**Із бар** таңдаңыз.
	10) Анүктесін жылжытып көріңіз.А нүктесі орнын өзгеткен сайын, В нүктесі де өзгереді, артынан із қалдырады.Бұл із-косинус функциясының туындысы болатын синус графигі

Сонымен қатар, 3Д көрінісін таңдау арқылы кеңістіктегі фигураларды және олардың жазбаларын салып, көрсетуге болады.Кубтың жазбасын алу үшін құралдар терезесінен жазба батырмасын таңдап алып , кубтың үстін шертсек, кубтың жазбасы шығады. Бұл жерде кубтың жазбасы «Жазықтық» және «Кеңістік» терезелерінің екеуінен де көрініп тұрады.

5-мысал: Куб салу ережесі. Құралдар терезесінен кеңістік терезесін ашып алып, одан екі нүктенің орнын шертеміз, онда куб салынғанын көреміз. 2 сурет

4-мысал: Пирамида салу ережесі. Пирамида салу және оның жазбасын алу дәл жоғарыдағы ережелермен орындалады. 3 сурет



3-суретте Oxy жазықтығына түсірілген перпендикулярдың табаны координаталарын көруге болады. 3-суретте Oyz жазықтығына түсірілген перпендикулярдың табаны координаталарын көруге болады. Ал 4- суретте Oxz жазықтығына түсірілген перпендикулярдың табаны координаталарын көруге болады. Бұл есептің толық 3D график бетінде көрсетілуін мына QR код арқылы немесе https://studio.youtube.com/video/mRm-VKKi7Uo/edit сілтемесі арқылы кіріп көруге болады.

11-сынып геометриясындағы «Кеңістіктегі түзулер мен жазықтық теңдеулерінің қолданылуы» таруындағы есептерде де Geogebra бағдарламасын тиімді пайдалануға болады. Екі жазықтықтың арасындағы бұрышты табу тақырыбындағы мынадай есеп қарастырайық:

ABCDA1B1C1D1 тікбұрышты параллелепипедінде AB=3, AD=2,AA1= 1. ABC жазықтығы мен ACD1 жазықтығы арасындағы бұрыштың косинусын тап.



4 сурет

Нәтижелігі**.** Сонымен, GeoGebra бағдарламасы мұғалімнің жақсы көмекшісі болып табылады деген қорытынды жасауға болады. Бағдарламаны сабақта қолдану математиканы оқытудың жаңа әдісін құруға, көрнекілігін арттыруға, оқушылардың қызығушылықтарын кеңейтуге, өзін-өзі бақылау дағдыларын дамытуға, пәндік және оқу тапсырмаларының көлемін кеңейтуге, оқудағы эмоционалдық стрессті төмендетуге мүмкіндік береді. Геометрия сабағында қалай қолдануға болса, алгебра сабағынан да қолдануға болады. График салуда, яғни алгебрада берілген формуланы еңгізе отырып, соған сай графиктік сызбасын көрсетіп береді. Геометрия сабағынан фигураларды салу, олардың ұзындықтарын, бұрыштарын анықтауға болады. Интерактивті тақтада осы бағдарламаны қолданып, керек есептерді тақтада орындай алады. Кез келген түзуді салатын болсақ, алгебралық терезеде түзудің ұзындығының сандық мәні шығып тұрады. Бұл есеп шығаруды тездетеді және ыңғайлы. Сабақта қолданып, оқушылардың компьютермен жұмыстануын, шығармашылықтарын дамытады. Көбіне оқушы сабақта бос отырып қалмай өз бетімен жұмыстарын, есептерін шығаруға өз пайдасын тигізеді. Қазіргі таңда онлайн режимде оқытқанда қолдануға болады.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Т.А. Алдамұратова, Қ.С. Байшоланова , Е.С. Байшоланов «Математика» Алматы «Атамұра» 2018 -6 сынып
2. В.А. Смирнов Е.А. Тұяқов « Дидактикалық материалдар» Геометрия Мектеп- 2018 - 7 сынып.
3. 11 сынып. Геометрия оқулығы
4. https://kk.wikipedia.org/wiki/GeoGebra
5. https://laweba.net/matematika-sabarynda-geogebra-bardarlamasyn-qoldanu

ЗАТТЫҚ ДАМЫТУШЫ ОЙЫНДАР АРҚЫЛЫ БАЛАНЫ ДАМЫТУ
РАЗВИТИЕ РЕБЕНКА ЧЕРЕЗ МАТЕРИАЛЬНО РАЗВИВАЮЩИЕ ИГРЫ
CHILD DEVELOPMENT THROUGH MATERIAL DEVELOPMENT GAMES

Жагипарова Ермек Кабылдиновна
«Шадыра жалпы орта білім беру мектебі» КММ
«Ақбота» шағын орталығы,
Павлодар облысы, Баянауыл ауданы,
Zhagiparovae@mail.ru

Аңдатпа: Аталған баяндамада балалар мекемелерінде заттық-дамытушылық ортаны ұйымдастыру арқылы балалардың танымдық іс-әрекетін қалыптастырып қана қоймай балалардың отаншылдығын, өзінің туған жері үшін мақтаныш сезімін,«шағын отан»

туралы түсініктері мен оған деген сүйіспеншілік сезімдерін қалыптастыруға бағытталған көзқарастар мақсатталады.

Аннотация: В данном докладе путем организации физкультурно-развивающей среды в детских учреждениях формируется не только познавательная деятельность детей, но и взгляды, направленные на формирование детского патриотизма, гордости за родную землю, понимания «малой Родины» и чувства любовь к этому.

Abstract: In this report, by organizing a physical and developmental environment in children's institutions, not only the cognitive activities of children are formed, but also the views aimed at forming children's patriotism, pride for their native land, understanding of "small homeland" and feelings of love for it.

Түйін сөз: заттық дамытушылық орта, инновация, модель, сенсорлық, шығармашылық, әлемуттік орта,субъектив

Ключевые слова: материальная развивающая среда, инновация, модель, сенсорная, креативная, глобальная среда, субъективная.

Keywords: material developmental environment, innovation, model, sensory, creative, global environment, subjective

Балалық шақ – адам өміріндегі оның субъективтілігінің қалыптасу болашағын анықтайтын құнды кезең. Мектепке дейінгі жаста іргетас қаланады, ол кейінірек балаға кез келген арнайы білімді сәтті меңгеруге мүмкіндік береді. Балаларда ойын әрекетінде психикалық процестер жақсы қалыптасады. Педагогтардың алдында әрбір баланың мектепке дейінгі балалық шақтағы бақытты және мазмұнды өмір сүруіне мүмкіндік беру міндеті тұр. Ойын баланың мүмкіндіктерінің шегінде оның қажеттіліктері мен сұраныстарын жүзеге асыру тәсілі ретінде түсіндіріледі.

Балабақшаның әр түрлі жас топтарындағы инновациялық тәсіл арқылы заттық-дамытушылық ортаны ұйымдастыра отырып, педагогтар балалардың ойын әрекетін дамытудың кезеңдік ерекшелігін, тәрбиенің жеке тұлғалық- бағытталған моделі қағидасын есте ұстаулары керек. Мектепке дейінгі ұйымдардағы заттық- дамытушылық орта белгілі талаптарға жауап береді: бұл, бәрінен бұрын, баламен тақырыпқа, ойын желісіне, сол немесе басқа ойыншықтарға, ойынның орны мен мерзіміне еркін жету. Сонымен бірге балалар белгілі оқыту бағдарламасы бойынша жұмыс жасайтын мектепке дейінгі ұйымда болатын сол жағдайды және мектепке дейінгі жастағы балалардың жас ерекшеліктерін ескермеуге болмайды. Бұл мектепке дейінгі ұйымда балалармен ойнау құқығын жүзеге асыру үшін жағдайлар құрып, пайдалы ойындардың әр түрлі түрлерін ұйымдастыру үшін оны әмбебап заттық ойындық ортамен жабдықтап, ойын үшін қажетті барынша ыңғайлы күн тәртібіндегі уақыт емес, сонымен бірге ыңғайлы орын бөлу.

Мектепке дейінгі ұйымдардың топтарында заттық-дамытушы ортаны ұйымдастыру кезінде күрделі, көп жоспарлы және жоғары шығармашылық әрекет қажет. Себебі ойыншықтардың алуан түрлі болуы баланың дамуына негізгі жағдай болып табылмайды. Сондықтан тәрбиешілер топты дұрыс стандартты емес жабдықтай білуі керек.

Біздің ортаның, топтың моделі екі қарапайым мақсатқа негізделді:

1.Балабақша – балалар үшін екінші үй, сондықтан оның ішінде балаларға қуанышты және жайлы болу керек;

2. Балалардың толық және жан-жақты дамуы үшін, ойнауға, демалуға және оқуға арналған ұйымдастырылған орта болу керек.

Кіші топтардың бағдарламаларын талдау нәтижесінде, дидактикалық және ойын материалдарының қандай болу керектігін ойластырып, балаларға олардың жас ерекшелігін ескере отырып, заттық-даму ортасын құру, әсіресе негізгі көңілді, балаларда сенсорикалық қасиеттерінің дамуына бөлу керек.

Балабақшаға алғашқы келген балаларды әдемі, ашық түсті, түрлі-түсті көмекші құралдармен, ойыншықтармен қызықтыру керек. Театр ілгіштен басталса, балабақшада шешінетін жерден басталады. Сондықтанда балаларды балабақшада қарсы алған кезде

кіреберістен бастап жайлы болуы керек. Балаларға түрлі-түсті полкаларда орналасқан ашық түсті, жұмсақ, сүйікті т.б. түрлі ойыншықтарды ұсынамыз. Үйдің образын балабақшада бөлменің интерьері қалыптастырады. Үйықтайтың бөлмеге кірген кезде балалар сенсорлы-түрлі түсті жолақтан өтіп, оны дене түйсігі арқылы сезінеді.

Сенсорлы бұрышты ұйымдастыру барысында біріншіден топтық мекеме ішіндегі орналасу орнын анықтау керек. Ол балаларға ыңғайлы жерде орналасуы керек. Бұрышқа сенсомоторлы объектілерді таңдауда ерекше көңіл бөлінеді. Олар балалардың өміріне және денсаулығына қауіпсіз объектілер болуы тиіс. Бұрыш сабақ тақырыбына және қажеттіліктерге байланысты енгізілетін, негізгі және қосымша объектілерден тұрады.

Біздің топтағы сенсорикалық бұрыш келесідей жабдықталған: достық ағашы, үй, жануарлар, көбелектер, құстар, шөп, гүл, күннің көзі салынған қабырға. Бала үйін сағынған кезде алақанын анасының салынған алақанына қоюын сұраймыз, осылай анасымен амандасып, оның жылуын және жақын екенін сезінеді.

Сонымен қатар сенсорлы тәрбие мәселелерін шешу үшін әр-түрлі тақырыпты қосымшалар алынады. Арнайы дайындалған ойыншық-тасбақалардың көмегімен балалар әр-түрлі қосымшалармен жұмыс жасайды. Табиғат мезгілдері құбылыстарымен таныса отырып, спектр түсін атауда, көңіл көтеріп, жаттығады.

Осындай үйдің формасы сияқты «Ковралин» - ойын арқылы оқыту құралы, осы үйге балалар түрлі-түсті жіптер, геометриялық пішіндер, қыстырмалар, жанында түрлі-түсті вагондары жабыстыра алады. Қолдың ұсақ моторикасын дамытып, заттардың қасиеттері, түстері, өлшемдермен таныстырады. [1.2]

Сөйлеу қабілеттерін дамыту үшін – қуыршақтарды, қолғап қуыршақтарды қолданып театр ұйымдастырады, туған күндерде, ерекше күндерде ертегілер ойналады. Бала ерекше қызығатын заттар туралы талдау жасау керек, сонымен қатар баланың, сөздерді дұрыс айтуын, сұрақтарға жауап беруін қадағалау, үйрету.

Көру қасиеттерінің дамуы үшін: түстерді атап, анықтайтын, контрастылы өлшемдерді (үлкен, кіші), формаларды қарастыратын ойындарды ойнау.

Біз келесі дидактикалық ойындарды қолданамыз:

Түске байланысты ойындар	«Кесеге сәйкес келетін қасық таңдау», «Ауа шарлары», «Қуыршақтарға моншақтар мен ойыншықтар таңдау», «Сиқырлы қапшық», «Әдемі қоршау», «Гүлді отырғыз», «Қоңыз адасты» және т.б.
Формаға байланысты ойындар:	«Кез келген затты құрастыр», «Құрлысшы», «Сиқырлы мозайка», «Түрлі-түсті пішіндер» және т.б.
Өлшемге байланысты ойындар	«Сиқырлы көбдиша», «Шарлар», «Құрлысшы», « Затты құрастыр» және т.б.
Қолдың ұсақ моторикасының дамуы үшін	«Моншақ жаса», «Қысқышты сыйла», «Жапырақтарды қой», «Сиқырлы таяқшалар», «Түймелі алаң», «Баулар», «Баланы ора» және т.б.
Құммен, сумен, қармен ойнау	балаларды осы материалдардың қасиеттерімен таныстырамыз (құм шашылады, сулы затты жабыстыруға болады, ыдыстағы суды шәшкелерге құямыз).
Балалардың қозғалу белсенділігін арттыру үшін, әр-түрлі жазу құралдары арқылы түрлі-түсті және қасиеті әр-түрлі	топ ішінің әр бұрышында әр түрлі материалдан жасалған ойыншықтар орналасқан. Балалар жұмсақ сырғымадан сырғанауды, әр-түрлі көлемдегі доптармен ойнауды, баспалдақтарға мініп, одан түсуді, гимнастика жасауды, тастармен ойнағанды, суарғанды, арам шөп жұлғанды, ойыншықтарды сүйрегенді жақсы көреді. Балалар бір заттың үстіне отырып жүргенді, сырғанағанды, музыкамен билегенді, қол және аяқ координациясын сақтауды да жақсы көреді. Сонымен қатар әр-түрлі қимылдар жасайтын ойындарды ұнатады:

заттардың бетіне жазу, қамырдан әр-түрлі заттарды жасауды үйрету.	«Допты қуып жет», «Өзен арқылы», «Ұшақтар», «Мені қуып жет», «Қақпаға», «Ақ қоян отыр», «Қайда дауыстайды», «Пойыз» және т.б.
Есту қабілетін дамыту үшін	әр-түрлі дауыс шығаратын ойыншықтар алу керек немесе мультфильмдерде айтылатын әндерді салу керек. Музыкалық қабілетін арттыру үшін, музыкалық аспаптарда ойнаймыз, музыкалы-дидактикалық ойындар ойнаймыз: «Үйде кім тұрады», «Динь-дон», «Қай аспапта ойнағанымды тап» және т.б.
Аннотация: Мақалада оқытудағы тиімді тәсілдер мен инновациялық технологияларды ұтымды қолдану туралы айтылған. Ауылдық мектептердегі білім сапасын арттыру мәселелері талқыланған. Өз тәжірбиесімен бөлісе отырып, ізденімпаздыққа, шығармашылыққа тәрбиелеуді жүзеге асыратын заманауи инновациялық технологияны ұсынған. В статье рассказывается об эффективных подходах к обучению и рациональном использовании инновационных технологий. Особое внимание уделено вопросам повышения качества образования в сельской школе. Автор делится опытом, предлагая современную инновационную технологию, позволяющую развивать у учащихся любознательность, творческие способности.
The article describes effective approaches to learning and the rational use of innovative technologies. The issues of improving the quality of education in rural schools were discussed. Having shared his experience, he proposed a modern innovative technology that promotes curiosity and creativity.
Түйінді сөздер: бағдарлама, технология, білім, мақсат, сауаттылық, кәсіби шеберлік, тұлға
Ключевые слова: программа, технология, образование, цель, грамотность, профессионализм, личность

«Ұстаздық еткен жалықпас, үйретуден балаға» - деп Абай атамыз айтып өткендей, ұстаз әрқашан ізденіс арқасында, өз білімінің жоғарғы деңгейде болуына үнемі назар аударып отыруы керек. Қазіргі жиырма бірінші ғасыр білім заманы. Басқа елмен тереземіз тең , біліміміз теңесу үшін, білім жолына өте көп назар аударылып жатыр. Болашақта өсіп келе жатқан ұрпағымызды көшбасшылыққа, өз ойын ашық түрде айта білуге, еліміздің туын көкке желбіретіп, оның өсіп өнуіне өз ықпалын тигізетін ұрпақ тәрбиелеуіміз керек.

Қасым-Жомарт Тоқаев «Сындарлы қоғамдық диалог–Қазақстанның тұрақтылығы мен өркендеуінің негізі» атты жолдауында, қала мен ауыл мектептері арасындағы орта білім сапасы алшақтап барады. Негізгі мәселе – ауылдық жерлердегі білікті педагог кадрлардың тапшылығы» деп атап көрсеткен болатын. Сондай-ақ қала мен ауыл мектептері арасындағы білім сапасының алшақтығының екінші үлкен себебі, заманауи сабақ өткізуге қажетті оқу кабинеттерінің толық жабдықталмауынан және интернет желісінің тұрақсыздығынан деп айтуғада болады. Сондықтан «ауыл ұстазының кәсіби шеберлігі төмен немесе ауыл баласы әлсіз» деген қоғамдағы жалған түсінікке қарсымын. Ауылдың ұстазы қалалық әріптесінен кем емес, тек қосымша ресуртермен қолдауға зәру десем орынды болар.

«Мұғалім-өзінің білімін үздіксіз көтеріп отырғанда ғана мұғалім, ал оқуды, ізденуді тоқтатқан кезде оның мұғалімдігі де жойылады» деп, К.Д.Ушинский айтқанындай мұғалім әрдайым білімін жетілдіріп отыру-сапалы білім кепілі болмақ. Бүгінгі таңда ауылды жерде білім саласында, әлі де толық шешілмей жатқан мәселелерге қарамастан, алдымызға келген оқушыға талмай еңбек етіп, сол еңбектің жемісін де көріп жатырмыз десек артық емес. Оның жемісі түлектеріміздің көбі грант иегерлері болып жатуының дәлелі. Ғылым мен білімге қояр талап артып, білім беру жүйесі күрделенген заманда қоғамдағы мұғалімдердің алдына жүктелер міндет еселене түсуде. Мұғалімнің басты

мақсаты – алдындағы оқушыларға тек білімді ғана беру емес, кәсіби бағыт-бағдар беру яғни, алған білімін өмірлік қажеттіліктеріне сай пайдаға асыра білуге бейімдеу болып табылады.

Қазіргі уақытта республикамыздың білім беру жүйесі түбегейлі қайта құрылып, оқытудың белсенді әдістері енгізілуде, оның барысында оқушылар өз бетінше функционалдық сауаттылықтарын дамыта отырып, белсенді түрде білім алады, достарымен қарым-қатынас жасауда коммуникативті дағдыларын және проблемаларды шешуде функционалдылық сауаттылығын қолданады.

Оқытудың белсенді әдістері: сабақты бастау, мақсат қою, жағымды психологиялық жағдай туындату, оқу материалын ұсыну, өзіндік жұмыс түрлерін ұйымдастыру, бағалау және қорытындылауды әр түрлі тиімді тәсілдермен, яғни балаға жақын әдіспен ұйымдастыру.

Бұл әдістердің әрқайсысы сабақтың белгілі бір кезеңінің нақты мәселелерін тиімді шешуге мүмкіндік береді. Қандай әдіс-тәсіл қолдансақта , жалпыға білім беру стандартынан және бағдарламадан ауытқымауымыз қажет.

Жаңартылған бағдарлама — білім берудің жаңа мазмұны. Оқушының сөйлеу әрекетінің төрт түрін: тыңдалым, айтылым, оқылым, жазылымды жетілдіруге бағытталған. Бұл сөйлеу әрекетінің түрлері бойынша түйінді дағдылар оқу жоспарында «спиральді» тәсілмен берілген. Қарапайымнан күрделіге қарай, бірте-бірте білім, білік пен дағдылары кеңейтіліп қалыптасады. Жаңартылған білім беру бағдарламасы - озық технологиялардың барлық қыр-сырларын білуге жетелейді.

Кез-келген сабақта отырған оқушы, сол сабақтың мақсатын түсіну керек. «Бұл не үшін керек, өмірде пайдасы бар ма» деген сұрақтың мағынасын түсінген бала ғана сапалы білім алуға кіріседі. Оқудың мақсатын және не үшін оқып жатқандығын оқушыға ұғындыру - ұстаздың басты міндеті. Нәтижеге жету- сапалы білім берудегі қиындықтарды жеңе білу деген сөз. Демек, менің сыныбымда пәнге қызығушылығы төмен, енжар, білім алуда қалыс қалып отыратын оқушы болмауы тиіс деген түйінді қабылдауымыз қажет.

Белсенді оқыту мен оқудың белгілі бір әдісін пайдаланардың алдында мұғалімдер өздеріне әртүрлі сұрақтар қойып, өзінің үдерістегі рөлі мен іс-қимылын ұдайы ойластырып отыруы керек.Ол қолданылатын әдіс жас ерекшелігіне сай ма және тәрбиелік құндылық мәні бар ма деген сияқты ойлардан өткізу қажет.

Қазіргі таңда кейбір ұстаздар сабақты хитқа айналдырып алғандай, оны интернет желілерінен жиі көріп жүрміз. Бір 45 минутта әр-түрлі әдіс-тәсілдерді көрсетеміз деп, соңында оқушының бүгінгі сабақтан не білім алғанын түсінбей қалатындарында байқап жатырмыз.Сондықтан оқытудің тиімді тәсілдерін зерттеп алып, сабақтың басында, ортасында және соңында әдіс-тәсілдерді мақсатқа сәйкес енгізіп отырсақ жеткілікті деп ойлаймын. Мұғалім актер сияқты. Кез-келген ситуациядан ұтымды шығу үшін, алдымыздағы мақсатқа сәйкес сол сценарийді ойнап бере алуымыз керек. Мысалы, менің қолданған әдіс-тәсілімді басқа мұғалім, дәл сондай қылып өз сабағында тиімді қолдана алмауы мүмкін. Сол себептен әр бір мұғалім еңбектеніп, ізденіп күнделікті сабағына сапалы дайындалуы қажет. Сондықтан көбінесе сабақтың құрылымына, сабақты өткізудің әдіс-тәсілдеріне және күтілетін нәтижесіне көп көңіл бөлемін. Негізі мұғалім сабақта қандай әдіс-тәсіл қолдансада, өзінің кәсіби шеберлігіне байланысты деп ойлаймын.

Жабдықталған оқу кабинеті-білімге апарар жолдың бірі, мұғалімге көмекші құрал, оқушылардың қызығушылығын арттыру көзі.Біздегі оқу кабинеттері заманауи құрылғыларымен жабдықталмағандықтан, балалардың қызығушылығын арттырудың жолдарын іздеудемін. Менің оқытудағы өз білімін жетілдіру тақырыбым: «Математика сабақтарында жаңа әдіс-тәсілдерді қолдана отырып, оқушылардың танымдық және шығармашылық белсенділіктерін арттыру». Осы мақсатта жаңашыл әдіс-тәсілдерді зерттей бастадым, өз идеямды қосып әдіс-тәсілдерді ойластырып сабағымда қолдандым. Өзімнің ютуб каналымды ашып «Ардақтының жаңашыл әдіс-тәсілдері» атты https://youtube.com/@_ardak_?si=8rHfq4PrSQL3inc1 , бұл жерде өз тәжірбиеммен бөлісуді

жөн көрдім. Бүгінгі таңда 2899 оқырманым бар. Өз қоржынымдағы жоғары бағаланған өзімнің әдіс-тәсілдерім : «Бағдаршам», «Қар кесегі», «Өрмекші шырмауы», «Математикалық алфавит», «Ұшақ», «Фигуралар», «Құпия хат», «Паравоз», «Кубизм, «Ашық хат», «Сымсыз телефон», «Сәтті сағат» әдістерін сабақтарымда жиі қолданамын. Нәтижесінде оқушыларымның сабаққа деген қызығушылықтарының арта түскенін байқадым.

Математика пәні күрделі пән болғандықтан, оқушылардың пәнге деген қызығушылығын ояту үшін, жеңілден күрделіге көшу мақсатында, яғни деңгейлеп оқыту технологиясын және ойын элементтерін қолданамын. Себебі математика оқулықтарының өзіде «А,В,С» деңгейі бойынша есептері құрастырылған.

Деңгейлеп оқыту технологиясының авторы Н.П.Гузик оқушыларды және соған сәйкес бағдарламаны да үш деңгейде оқытуды ұсынады.

«А» деңгейіндегі тапсырмалар базалық стандарт түрде белгіленеді.Оларды орындай отырып оқушы пән бойынша қайталау деңгейінде нақты материалды меңгереді.Материалды алғаш рет меңгеру материалдың сан рет қайталануын , мағыналық топтарды бөлу, негізгі ойды табу дағдысын, есте сақтау тәсілдерін білуді талап етеді.

«В» деңгейіндегі тапсырмаларды орындамастан бұрын «А» деңгейіндегі тапсырмаларды орындау міндетті.Бұл деңгей мәліметтер көлемін кеңейтіп, негізгі материалды терең түсінуге көмектеседі.

«С» деңгейінің тапсырмаларының орындалуы оқушыларды алған білімді шығармашылықпен қолданатын деңгейге көтереді.Бұл деңгей оқу жұмысы мен ой-әрекетінің тәсілдерін және деректі оқу материалын еркін игеруді көздейді. Оқушыға өзін қосымша жұмыста көрсетуге мүмкіндік береді.

Деңгейлеп оқытудың нәтижесінде әр оқушы жеке тұлға ретінде, өз деңгейіне байланысты білімі сатылап жоғарылай бастағынын байқадым. Осы тұста дарынды оқушылар анықталып, шығармашылық жұмыс жасау мүмкіндігі туады.Ары қарай дарынды оқушымен жұмыс жасай отырып,ғылыми жоба немесе олимпиадаларға қатыстыруға болады. Ұтымды пайдаланылған педагогикалық технология сапалы білім негізі бола алатынына сенімдімін.

Өз сабағымды Блум таксономиясы жүйесіне сүйене отырып құрастырамын. Блум таксономиясына қызығушылығым артып, кеңінен зерттеуге тырыстым. Себебі, Блум таксономиясы бойынша құрастырылған тапсырмалар өнімді болатынына көзім жетті. Блум таксономиясы-жаңартылған оқу бағдарламасының негізі деген ойға келдім. Б.Блумның білім берудегі маңызды үлесі ойлау әрекеттерінің деңгейлерін ұсыну, яғни фактілерді қарапайым жаңғыртудан талдау және бағалау, яғни күрделі деңгейіне жеткізу болып табылады. Сабақта күтілетін нәтижелер оқушы әрекеттеріне негізделеді. Блум таксономиясының өнімді (жоғары) деңгейі «бағалау» барлық деңгейлерді қамтиды. Әдетте мұғалімдер оқушылар білімін тексеру үшін сұрақтар қояды немесе тапсырмалар береді.Сол тапсырмалардың үнемі білу, түсіну деңгейінен аспай қалуы, оқушылардың шынайы қызығушылық сезімдерін, оқушылардың сыни ойлауына ықпал ете алмайды. Сондықтан оқушыларға берілетін сұрақтар мен тапсырмаларды оқу мақсаттарының деңгейлеріне сүйене отырып, нақты тапсырмалар дайындаған жөн.

Блум таксаномиясының оқу мақсаттарының деңгейлері:

1. Білім. Бұл категория нақты фактілерден толық теорияға дейін еске сақтау мен оқыған материалды еске түсіру.

2. Түсіну. Түсінудің көрсеткіші - материалды бір формадан екінші формаға өзгертіп көрсету, материалды түсіндіру, қысқаша баяндау (интерпретациясы), құбылыс пен оқиғаның әрі қарай барысы туралы ой болуы мүмкін.

3. Қолдану. Бұл категория оқыған материалдың жаңа ситуация мен нақты жағдайда қолдану іскерлігін көрсетеді.

4. Талдау. Бұл категория материалдың құрылымы анық байқалатындай, оны құрамды бөліктерге бөлу іскерлігі.

5. Синтез. Бұл категория жаңалықтың нышаны сезілетін элементтерді қиыстырып-құрастыру арқылы бүтінді алу іскерлігі.
6. Бағалау. Бұл категория қандай да бір материалдың мәнін бағалау іскерлігі

Блум таксономиясы бойынша тапсырма дайындаған кезде келесі мәселелер ескерілуі тиіс:
-тапсырмалар нақтылы қамтамассыз етілуі үшін қысқа болуы;
-тапсырма мазмұнында дұрыс етістіктердің қолданылуы;
-күтілетін нәтижелердің бағалауға икемді болуы;

Блум таксономиясы бойынша математика пәнінен 5 сыныпқа «Ондық бөлшектерді қосу және азайту» тақырыбы бойынша тапсырмалардың бір үлгісін көрсетейін.1 кесте.

Ойлау деңгейлері	Тапсырма	Оқушы іс-әрекеті	Бағалау
Білу	Ондық бөлшектерді оқыңыз: 0,2; 2,23; 25,0002	Ақпаратты таниды, біледі, оқиды	1б
Түсіну	Ондық бөлшек және жай бөлшек түрінде жазыңыз: $\frac{2}{10}$; $5\frac{3}{5}$; $2{,}25$	Материалды бір формадан екінші формаға өзгертеді.	2-3б
Қолдану	Координаталық сәулеге салыңыз: 0,5; 1,2; 1,5; 2,6	Алған білімін қолданады.	4-6б
Талдау	Амалдарды орындаңыз: 2,3+5,2; 25,02-1,121	Білімді жай қабылдамайды талдайды,саралайды.	7-9б
Жинақтау (синтез)	Амалдарды орындаңыз: $2\frac{1}{2}-\frac{1}{5}+3{,}25$	Алған білімнен жаңа өнім жасап шығарады.	10-14б
Бағалау	Тіктөртбұрыштың периметрі 16,6 см, ал ұзындығы 4,5см болса Тіктөртбұрыштың ауданын есептеңіз.	Өз пікірін білдіреді, сынайды,туындаған мәселенің шешім табады.	15-20б

Блум таксономиясы жеке тұлғаның біліктілік қасиеттерін шыңдай түсуге жол салады. Атап айтсам, өз бетімен жұмыс жасауы, ой ұшқырлығы артады, жаңаға ұмтылушылық және шығармашылық қабілеттері оянады, өзіндік ой – пікірлерге тұра білу, өзіне сын көзбен қарау, қисын ойлау, жаңаны сезгіштік, күмәншілдік, дұрыс шешім қабылдай білу сияқты. Блум таксономиясының негізінде жеке тұлғаның креативтілігі, шығармашылық дербестілігін қалыптастырады. Демек, блум таксономиясы- оқытуы арқылы жеке тұлғаны қалыптастыру, жеке тұлғаның сапалық қасиетін дамытатын рухани құндылықтарды игерудің бірден – бір жолы. Блум таксономиясы бір ізбен реттелген мақсаттар жүйесі арқылы оқушылардың білім деңгейлерін, шығармашылық деңгейге жетуді ұсынады.

Оқушылардың қызығушылықтарын ояту барысында цифрлық ресурстарды қолдануға тырысамын. Мысалы онлайн тақталарды: https://www.classroomscreen.com/, https://padlet.com/dashboard бұл платформада жұмыс жасау менің жұмысымды жеңілдетеді. Сол сияқты дидактикалық ойындар мен жаттығуларды құрастырушы платформаларды да қолданамын: https://flippity.net/, https://learningapps.org/, https://wordwall.net/ тсс. Ұтымды пайдаланылған педагогикалық технологиялар, тиімді әдістер және сол сияқты цифрлық ресурстар сапалы білім негізі бола алады.

Сабақта жаңа технология элементтерін тиімді пайдалану оқушылардың танымдық әрекеттерін, белсенділігін дамытып, оларды шығармашылыққа жетелейді. Баланың

логикалық ойлау қабілеті дамып, сабақтың сапасы артады. Ізденушілігін арттырып өз ісіне сенімін нығайтады. Егер оқытудың тиімді әдістерін сабақта өз дәрежесінде ұйымдастыра білсек, сөзсіз оң нәтижесін беретіні анық. Оқытудың осындай жаңа инновациялық технологияларын сабаққа енгізу бүгінгі таңда әрбір ұстаздың басты мақсаты болуы керек. Себебі, елімізге заман талабына сай жеке тұлға шұғыл шешімдер қабылдай білетін, белсенді, шығармашыл азаматтар қажет. Сабақта тек білімділік мақсаттарды шешіп қоймай, балалардың жекелік қасиеттерін, қабілеттерін дамытудың жолдарын қарастыру қажет деп ойлаймын. Мұғалім нақты жүйемен жұмыс жасағанда, үнемі оқушы санасында болып жатқан өзгерістерді бақылап, оның дамуын жан-жақты зерттей отырып, өз сабақтарын соған сай өзгертіп отыруы тиіс. Сонда ғана жаңа жүйенің құны болады деп есептеймін. Қатып қалған технология немесе әдістер жоқ, мұғалім өз кәсіби шеберлігіне байланысты кез-келген сабақты жоғарғы нәтижеде өткізуге болады. Мейлі, ауылда заманауи жабдықталмаған кабинеттер болмасада мақсат, мүдде ортақ. Сол айқын мақсатқа жету үшін талмай еңбек пен ізденістің үстінде, қала мектептерімен ауыл мектептерінің білімі теңесетініне сенімдімін.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Мұғалімге арналған нұсқаулық НЗМ, ПШО,2016ж
2. ҚР Білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы, Астана, 2010.
3. Мұхитанова с. Деңгейлеп оқыту тәсілімен . Қазақстан мектебі. №12. 2004, 51-52 бет.
4. Оқытудың жаңа технологиялары .Халық тәлімі арнайы басылым. — №1. — 2002, 3-7 бет
5. «Оқушылардың сыни тұрғыдан ойлауын дамыту нысандары мен әдістері » С. Мирсеитова, 2011 жыл.
6. «Қазіргі кездегі оқытудың педагогикалық технологиялары», К Өстеміров, 2007жыл.
7. «Интерактивті оқыту әдісін қолданып, сабақты жоспарлау және басқару», Ж.А. Жартынова, В.Н. Ким, Н.О. Қойлық, А.Ш. Орақова, 2009 жыл.

ГЕЙМИФИКАЦИЯНЫ ОҚЫТУ ПРОЦЕСІНДЕ ПАЙДАЛАНУДЫҢ ТИІМДІ ТӘСІЛДЕРІ
ЭФФЕКТИВНЫЕ СПОСОБЫ ИСПОЛЬЗОВАНИЯ ГЕЙМИФИКАЦИИ В ОБРАЗОВАТЕЛЬНОМ ПРОЦЕССЕ
EFFECTIVE WAYS OF USING GAMIFICATION IN THE EDUCATIONAL PROCESS

Бейсекеев Асылан Сансызбаевич
Павлодар облысы білім басқармасының, Баянауыл ауданы білім беру бөлімінің «Ш.Айманов атындағы жалпы орта білім беру мектеп - интернаты»
Павлодар облысы Баянауыл ауданы, Баянауыл ауылы
Aseke_bayanaul86 @mail.ru

Аннотация: Мақалада геймификацияның оқыту үдерісінде қолдану оқушылардың оқушылардың қызығушылықтары мен ынтасын арттыруы, бұл әдістің тиімділігі және болашақта күтілетін нәтижесі туралы, осы әдісті қолданудағы ұстаздардың кәсіби шеберлігі мен білім беруде қолдануы. В статье использованы примены геймификации в учебном процессе, которые повышают интерес и энтузиазм учащихся, примеры отражают эффективность этого метода и подтверждают ожидаемые результаты, приведены доказательства профессиональное мастерство учителей в использовании этого метода в образовании.

In the article examples of the use of gamification are provided in the educational process that increase the interest and enthusiasm of students, examples reflect the effectiveness of this method and confirm the expected results, and provides evidence of the professional skills of teachers in using this method in education.
Түйін сөздер: Геймификация, кәсіби шеберлік, инновациялық әдіс, іс – әрекет, оқыту үдерісі, нәтиже, платформалар

Қазіргі таңда біздің алдымызда екі кезең ұрпақтары отыр Z (1995-2009 ж.ж туғандар) және Альфа (ALFA) (2010 жылдан бастап туғандар). Альфа ұрпақтың ерекшеліктері, олар 2010 жылы, яғни Instagram іске қосылған және алғашқы iPad-тың тұсаукесері болған жылы дүниеге келе бастады... Кейбір әлеуметтанушылар бұл балалардың кітап пен сурет дәптерінен бұрын планшетке тезірек қол жеткізгенін, сонысымен жоспарланбаған жаһандық эксперименттің бір бөлігіне айналғанын айтады.

Сондықтан осы ұрпақпен жұмыс жасау мен оларды оқыту үшін біздер мұғалімдер бізден не қажет етілетінін білуіміз қажет. Білім әлемдік үдеріс. Бір елде алған білім өзге елде жарамсыз болмауы тиіс. Осы тұста білім стандартының әлемдік білім беру стандарттарымен мазмұндас болуы маңызды. Әлемдік тәжірибелерді зерттеу арқылы, қоғам сұранысы мен заман талабына сәйкес әр он жылдықта білім беру стандарты жаңартылып, толықтырулар мен түзетулер ендіріліп, немесе мемлекет алдындағы жаңа мақсат пен міндет, идеология негізінде білім саласына жаңа бағдар беретіндей стандарттар құрастырылып, қабылданып отырады.

Білім беру парадигмасының өзгеріске ұшырауына орай қазіргі таңда үздіксіз білім беру жолға қойылған. Сонымен қатар, балаға жалаң білім беріп қана қоймай, алған білімді күнделікті өмірде қолдана алу құзыреттіліктерін қалыптастыру, функционалдық сауаттылығын шыңдау маңызды рөлге ие

Күтілетін нәтижесі қандай болуы керектігін анықтасақ:

– Оқушы білім алуға ынталанған болуы тиіс (ынталандырушылық қызметі);

– Оқушы сапалы білім алуы тиіс (білімнің бәсекеге қабілеттілік ұстанымы);

– Оқушы өз білімін әлемнің кез келген жерінде қолдана алуы тиіс (білімнің жан-жақтылық ұстанымы);

– Теориялық білім мен дағдыға ие болуы тиіс (ғылымилық ұстанымы);

– Функционалдық сауаттылықты меңгеруі тиіс (нәтижеге бағдарлық ұстанымы); – Тұлғаның жан-жақты дамуы және оның базалық мәдениеті мен ұлттық құндылықтары қалыптасуы тиіс (тәрбиелік ұстанымы); [7]

Жас ұрпаққа білім беру барысында халқымыздың ежелден келе жатқан рухани қазынасын, ұлттық құндылықтарын заманауи қажеттіліктер мен заман талаптарына ұштастыра жеткізу, сонымен қатар бала бойында жаңа сапалар мен дағдыларды қалыптастыру, білімді өмірде қолдана алу икемділіктерін қалыптастыруда жаңа буын оқулықтары ерекше маңызды рөлге ие.

Әлемдік McKinsey компаниясының кеңесшісі, Ұлыбританиядағы білім сапасының сарапшысы М.Барбер «білім беру нәтижесін түбегейлі өзгертудің басты үш факторы бар, олар: педагогтік қызметке соған лайық адамдардың келуін қадағалау, оларды оқытушылық қызметін тиімді жүргізуге қажетті деңгейде даярлау және әрбір білім алушыға сапалы білім беруге қолайлы жағдай туғызу. [4]

Яғни педагогтердің оқыту үдерісінде инновациялық әдістерді тек игеруі ғана емес, оның жас ұрпақтың сапалы білім алуына тиімді қолдануы. Педагогикалық әдістер оқытушының негізгі қаруы. Жаңа инновациялық әдістерді меңгеріп, оқу үрдісіне енгізуі оқушылардың білім алуға қызығушылығын арттыруға септігін тигізеді. Сонымен қатар, оқушылардың білім алуын жеңілдету, олардың бойында сыни ойлау, шығармашылық қабілетін арттыру, топтық іс-әрекетке баулу сынды міндеттерді шешуде маңызды рөл атқарады. Осыған байланысты: «Егер балалар бірдемені түсінбейтін болса, онда оқытушы

оларды кінәлауға тиісті емес, оларға түсіндіре алмай отырған өзін кінәлауға тиіс» деп халқымыздың ұлы ағартушы, ұстазы Ы.Алтынсарин айтып кеткен болатын. [1]

Қазіргі таңда белең алған оқыту процесінде геймификацияны пайдалану. Геймификация идеясы өте ұзақ уақыт бұрын пайда болды, бірақ соңғы жылдары ғана танымал бола бастады. Оның тамырын ойын индустриясынан іздеуге болады, бірақ ойын методикасын оқыту үдерісіне алғаш рет Банчболдан Ричард Бреннер мен Ян Кенни енгізді. 2010 жылы олар танымал NBC веб-сайтында геймификация жүйесін іске қосты, онда пайдаланушылар әртүрлі онлайн әрекеттерге қатысқаны үшін ұпай жинап, сыйақы ала алады. [4]

Содан бері геймификация кәсіпкерлік, білім беруде, денсаулық сақтау, саясатта және тіпті экологияны қоса алғанда, қызметтің әртүрлі салаларына таралды.

Геймификацияның басты артықшылығы - ол қызықсыз және монотонды тапсырмаларды қызықты және танымды, әсерлі етуге мүмкіндік береді.

Геймификация сабақ барысында оңай тапсырмадан қиын күрделі тапсырмаларға дейін барлығын оңайырақ және қызықты ете алады. Тәсіл кез келген күрделі тапсырманы орындауда оқушының қиналмауы немесе қиын тапсырмадан жалығып кетпеуі үшін, ойын түрінде беріледі, және оны орындап нәтидесіне жеткенде оқушы өзінің қолынан барлығы келетінін сезінеді, қызығушылығы артады. Нәтижесінде оқушы осындай сабақтарға көбірек қатысуға талаптанып тұрады. Ол сондай-ақ берілген тапсырманың қиын деңгейін аяқтау қуанышымен мен қатар тапсырмаларды орындау қуанышын қосады. Оқушыларда қызығушылық, мотивация өседі. [1]

Неліктен геймификация пайдалы?

Егер сабаққа геймификация элементі қосылса, оқушылар пәнді жақсы көреді және сол пән бойынша тапсырмаларды қызығушылықпен орындайды. Геймификация тапсырмаларды аяғына дейін жеткізуге және оларды уақытында орындауға көмектеседі.

Бұл тәсілдің бірден-бір кемшілігі - ол барлық оқытуды толығымен алмастыра алмайды, бірақ кемшілігіне қарағанда мектептегі білімге тиімділігі қатысты. Ең бастысы сабақтарда түрлендіріп отыру керек, егер олай болмаған жағдайда тіпті белсенді оқушылар сабақ кезінде тұрақты ойындардан шаршайды.

Білімді геймификациялау балалардың да, ересектердің де оқуға деген қызығушылығын оятуға көмектеседі. Бұл барлық жастағы адамдарға жарамды әмбебап әдіс. Сонымен бірге ойын арқылы оқыту өз мақсатына жетеді: дұрыс әдіс-тәсіл арқылы білім алуға және оны тәжірибеде қолдануға үйренуге көмектеседі. Бұл тәсілдің тағы бір кемшілігі - ол барлық оқытуды толығымен алмастыра алмайды және бағдарламаның бір бөлігін ғана қамтуы керек, әсіресе мектептегі білімге қатысты. Тіпті ең белсенді балалар сабақ кезінде тұрақты ойындардан шаршайды. [8]

Білім берудегі геймификацияның негізгі идеясы, егер ол ойынның принциптері мен механизміне, мысалы, тапсырмалар мен марапаттау жүйесіне, ұпайлар мен жетістіктер сияқты прогресс белгілеріне негізделсе, оқу процесі тиімдірек болуы мүмкін. Мысалы, оқу жоспары әрқайсысы белгілі бір тақырыпқа немесе тестке сәйкес келетін әртүрлі деңгейлерді енгізеді. Барлық оқушылар барлық деңгейлерді аяқтауы керек. Барлығы бірдей аяқтаса да оқушылар әр деңгейде нәтиже беріп, әр түрлі марапаттарға ие болады және бір-бірімен бәсекелесу мүмкіндігіне ие болады. Оқушылар тапсырмаларды орындағаны үшін ұпай алады, оқушылар сабаққа белсенді қатысқаны, жақсы жұмыс жасағаны немесе сабаққа өз бетімен дайындалғаны үшін қосымша мадақтама алады.



Ұстаздар сабақтың мақсатына жетуі мен тақырып бойынша түсіну деңгейін анықтап, кері байланыс жасап, олқылықтарын жөндеу жұмыстарын жүргізеді. Мысал ретінде тарих немесе география сабақтарында геймификацияны қолдану арқылы мұғалім оқу үдерісін оқушыларға қызықты ету үшін қолдана алады. Бұл процесте мұғалім деңгейлі тапсырмаларды жасай алады, оларды аяқтағаннан кейін оқушылар ұпай жинайды, және сол сабақ бойынша алған білімінің бағасын алады. Егер мұғалім тек оқушы жинай алатын ұпай санына ғана назар аударса, оқушылар оқу материалына жеткілікті уақыт пен көңіл бөлмейді. Білім берудегі геймификация оқушылардың оқу тапсырмаларына қызығушылығын оятады және оқушылар виртуалды ортада әртүрлі тапсырмаларды орындай алатын, өз білімдері мен дағдыларын қауіпсіз тексере алатын, қарым-қатынас пен шешім қабылдауды дамыта алатын бола алады. География немесе тарих сияқты сабақтарда тақырыптарға тереңірек ену, кітаптар мен құжаттарды аудару, жекелендірілген және интерактивті карталар мен артефактілерді көру үшін пайдалана алады. [7]

Білім берудегі геймификацияның ең сәтті үлгісі қандай?

Joyteka сізге стандартты емес әдіспен сабақты немесе сабақтан тыс жұмысты өткізуге көмектеседі. Осы Joyteka платформасында квест тапсырмасын жасау түрі бар. Осы түрін жиі сабаққа пайдаланамыз. КВЕСТ –ағылшын тілінен аударғанда (іздеу, табу деген мағынаны білдіреді). Ойын барасында бірнеше міндеттер шешіледі. Баланың ойлау, танымдық, шығармашылық қабілеттерін, бірлесе әрекет ету іс-қимылдарын, тілдерді үйренуге деген қызығушылығы,ұйымшылдыққа, тапсырмалардың шешімін оңай және жылдам шешуге,топта жұмыс жасауға, өзіндік пікір қалыптастыруға жетелеуге. Сонымен қатар, ойын барысында әртүрлі әдіс-тәсілдерді, тапсырмаларды қолдануға болады. КВЕСТ ойынының ұйымдастыруда алдына белгіленген бір нақты мақсат қойылады, яғни (кейіпкерді құтқару, қазына табу, картамен жұмыс т.б.) Көмекшінің көмегіне жүгінуге болады. Яғни бала қиын тапсырмаларды орындауда қиындықтарды жеңу жолдарын үйренеді.

Wordwall интерактивті және кез – келген сабаққа арналған тапсырмалар дайындауға болатын, көп функциялы құрал болып табылады. Онлайн тапсырмаларға арнайы түрлі шаблон үлгілері бар және кез – келген жағдайда ватсап т.б арқылы сілтеме арқылы оңай таратылады, орындауға қол жетімді. Бұл платформада қазақ

тілінде тапсырма нұсқасын дайындау мүмкіндігі көптеген мұғалімдерді қуантады. Браузерде оңай тауып, автоматты түрде гуглаккаунт арқылы кірсеңіз сақталып тұрады.

Геймификация жеке оқушының мүмкіндіктерін, ойлау түрін, логикалық қабілеттерін дамытады. Осыған сүйене отырып, кәсіби мұғалім баланың белгілі бір іс-әрекетке бейімділігін дәл анықтап, оның дағдыларын одан әрі дамытуды дұрыс бағытқа бағыттай алады.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Білім беру үдерісінде SMART технологияларды қолдану бойынша әдістемелік ұсынымдар /Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы /АстанаҰБА-2015
2. Электрондық оқыту жүйесін қолдану бойынша білім алушыларға арналған практикалық ұсынымдар/Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы /АстанаҰБА-2018
3. Қазақстан Республикасының жалпы білім беретін мектептерінде қолданылып жүрген заманауи педагогикалық әдістер және технологиялар мониторингі /Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы/АстанаҰБА-2016
4. Оқытудың педагогикалық технологиялары: тәжірибе, инновациялар, енгізу /Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы/АстанаҰБА-2016
5. Сандық білім беру ресурстарының оқу үдерісінде қолдану бойынша әдістемелік ұсынымдар/Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы/АстанаҰБА-2018
6. Қазақстан мен әлемнің тәрбие дәстүрлеріне салыстырмалы талдау // Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ Хабаршы. «Педагогикалық ғылымдар» сериясы. – 2021. – №4(69). – Б. 130-136.
7. «Сапа», «білім беру сапасы», «білім беру сапасын басқару» ұғымдарының философиялық және педагогикалық алғышарттары // Қазақстанның ғылымы мен өмірі (Алматы, 2020. - №11(144) – Б. 165-171).
8. Орта білім сапасын арттырудың негізгі құрауыштары (салыстырмалы талдау) // Қазақстанның ғылымы мен өмірі (Алматы, 2020. - №6 – Б. 91-96).

"БІЛІМ САПАСЫН АРТТЫРУДАҒЫ ЗАМАНАУИ ПЕДАГОГТІҢ ЗЕРТТЕУ ТӘЖІРИБЕСІ"
«ИССЛЕДОВАТЕЛЬСКИЙ ОПЫТ СОВРЕМЕННОГО УЧИТЕЛЯ В ПОВЫШЕНИИ КАЧЕСТВА ОБРАЗОВАНИЯ»
"RESEARCH EXPERIENCE OF A MODERN TEACHER IN IMPROVING THE QUALITY OF EDUCATION"

Шокина Баян Рахымжановна
Павлодар облысының білім беру басқармасы,
Баянауыл ауданы білім беру бөлімінің
«Мұхтар Әуезов атындағы жалпы орта білім беру мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі, Майқайың, Қазақстан
bayanshokina@mail.ru

Аннотация: Білім сапасын көтеру үшін оқушылардың сабақтағы іс-әрекеттерін зерттеу жұмысы бойынша жазылған жұмыс болып табылады. Жұмыстың өзектілігі қазіргі кездегі білім саласында сапалы оқыту үшін мұғалім өз сабағына зерттеу жүргізу қажет болып отыр. Білімді сапалы ету мақсатында нысан ретінде бір сынып алынған. Негізгі мақсаты тарих сабағында оқушылар мәтінді оқып қоймай талдауға, сыни ойлауға, өз пікірін еркін жеткізуге, кез-келген тапсырманы өздігімен орындауға, еске сақтауға үйрету. Мұғалім зерттелген сабақтан материалдар ұсынып, қорытынды жасаған.
Аннотация: Данное исследование проводилось среди учащихся на уроках истории в целяхулучшить качество знаний по предмету. Актуальность работы: учитель исседует ход урока и активность учащихся для качественного обучения в современном образовании, где объектом является один класс. Основная цель: научить учащихся на уроках истории анализировать ест, критический мыслить, высказывать свое мнение по пройденной теме, выполнять работу самостоятельно, запоминать изученный материал (тему). Учитель предоставил материалы из изученных уроков, исходя исселдований сделая вывод.
Annotation: This work is based on the study of students ' activities in the classroom and aimed to improve the quality of education.The relevance of the work is due to the fact that for high-quality teaching in the field of modern education, the teacher needs to conduct a study of his lesson. In order to make knowledge qualitative, one class is taken as an object. The main goal of History lessons is to teach students to analyze the text without reading it, to think critically, to express their opinion freely, to perform any task independently, to memorize information. The teacher presented materials from the studied lesson and made a conclusion.
Түйін сөздер: зерттеу, әдіс-тәсілдер, сауалнама, диалог, білім сапасы, ойлау дағдылары, бағалау.
Ключевые слова: исследование, методы, опрос, диалог, качество образования, мыслительные способности, оценка.
Key words: explore, methods, questionnaire, dialogue, quality of knowledge, thinking skills, evaluation

Қазіргі білім беруде әр мұғалім өз сабағын зерттей отырып, оқушылардың білім деңгейін көтеру өзекті болып саналады. Сыныптағы оқушылардың ойлауы және жаңа мәліметтерді қабылдау деңгейлері әртүрлі. Сол себепті сабақтағы іс-әрекеттерді зерттеу арқылы мұғалім оқушылардың білім материалдарын игерудегі қажеттіліктерін анықтай алады. Өз пәнін жан-жақты зерттеген мұғалім сабақты түрлендіріп, білім алушыға қызықты етіп, есте сақтауға қолайлы жолдарды табады. Ал оқушылардың пәнге қызығушылық танытуы білім сапасын көтереді. Сабақты зерттеу дұрыс әрі тиімді жүргізілсе онда сыныпта қалыс қалатын оқушы болмайды деп ойлаймын. Сабақтағы іс-әрекетті зерттеу бірнеше қадамдардан тұрады. 1-қадам білім сапасы төмен сыныпты алып,

оқушылардың сабаққа ынтасын қалай арттыру керек? деген сұрақ қоямыз. 2-қадам оқушыларға қызығушылық тудыратын сұрақтардан тұратын сауалнама алу қажет. Сол сауалнаманың нәтижесінде оқушылар үшін қандай әдістер, тапсырмалар, сұрақтар тиімді екенін анықтау. Бұл жерде Lesson Stady зерттеуі сияқты үш оқушы таңдамай, сынып оқушыларының түгелін қамту керек. Оқушылар жауап берген сұрақтар нәтиженде мұғалім нәтиже алатын тапсырмалар, сұрақтар, әдіс-тәсілдер алады. 3-қадам алғашқы сабақ пен зерттеудің әр сабағынан кейінгі жетістіктерді салыстыру және нәтиже бар немесе жоғын анықтау. 4-қадам әр сабақтағы жетістік пен кедергілерді байқап, оларды жариялау және әріптестермен бөлісу. Сабақты зерттеу үшін мұғалім өзіне сыншы дос ретінде әріптесін алуға болады. Әрине сондай жағдайда әр сабақта әріптесінің сабақ кестесіндегі сәйкестік болуы мүмкін. Сол себепті сабақты зерттеу алдымен пән мұғалімін қызықтыру қажет.

Сабақтағы іс-әрекетті зерттеудегі мақсатым: тарих сабағында оқушылар тек қана оқып қоймай, мәтінді талдауға, сыни ойлауға, өз пікірін еркін жеткізуге, кез-келген тапсырманы әр оқушы өздігімен орындауға, игерілген материалдарды еске сақтап бағалау кезінде қолдануға үйрету болды. Сабақтағы іс-әрекетті зерттеу үшін нысан ретінде 8-сыныпты алдым, сыныпта 20 оқушы. Сабақты зерттеудің алдында оқушылардан сауалнама алдым. Сауалнамада оқушылар қиын, оңай, орташа деген жауаптар берді. Сауалнама келесі сұрақтардан тұрды: оқулық мәтінін оқып түсіну, деңгей бойынша тапсырмаларды орындау, оқушылар алдында мәтіндегі ойды еркін айту, сұрақтарға жауап беру, мәтінді жұпта немесе топта оқып түсіну, сабақтың соңында рефлексия жасау, сабақта өзін немесе өзара бағалау жүргізу, сабақта ойын түріндегі тапсырмаларды орындау, логикалық тапсырмаларды орындау. Осы сауалдарға оқушылар жауаптар берді және сауалнама нәтижесі шығарылды.



Сауалнама нәтижесі бойынша зерттеу сабақтың тақырыбы «Оқушыларды диалогтік оқыту арқылы білім беруді жақсарту» алынды. Тарих пәнінде 8-сынып оқушылары білу, түсіну, қолдану, талдау, зерттеу дағдыларын меңгеру қажет. Ал оқушыларға пәнді жан-жақты үйрету үшін қалай оқыту керек? деген сұрақ негізінде ең тиімді әдіс диалогтік оқыту әдісі деп шештім. Диалогтік оқыту мұғалім мен оқушы арасында тығыз қарым-қатынас қалыптастырады. Бірлесе отырып ақпаратты іздеп тауып, талдап, оқушылар арасында талқыға салады. Оқушы еркін сөйлеп, өз ойын жеткізеді және сөздік қоры артады. Диалогтік оқыту әдісінің сабақта әңгіме дебат және зерттеушілік әңгіме түрлерін алдым. Бұл әңгіме түрлерін, сабақтың барлық кезеңдерінде қолданамын. Оқушылар тапсырма орындау барысында бір-бірлерімен сұхбаттар, пікірталастар, зерттеу жүргізе отырып әңгімелейді. Дәстүрлі сабақта оқушылар көбі қалыс қалып, тек тыңдаушы ғана болса, зерттеу сабағында диалог әдісі арқылы сынып оқушыларының барлығы қатысады. Сабақтағы іс-әрекетті зерттеудің тиімділігі де осында. Тиімді ұйымдастырылған сабақтағы іс-әрекеттер оқушыларды қызықтырады. Сабақ үдерісінде оқушылардың барлығы белсенді жұмыс жасауын қамтамасыз ету үшін тек бір әдіс қана емес бірнеше

әдістерді қолданып, салыстырмалы түрде бақылауға болады. Мысалы сабақтағы іс-әрекетті зерттеу барысында рөлдік ойындар, қадамды сұхбат, кезбе тілші, автор орындығы т.б. әдістер арқылы сынып оқушыларын әрекетке тартып, жұппен, топпен, дара жұмыстар жасауға үйретіп, бір-бірімен еркін диалог орнатуға септігін тиігіземін. Оқушылар бірлесе отырып, әртүрлі тапсырмаларды орындау тиімділігін көрсетті. Оқушылар бір-бірін жетелей отырып, сыныптастарының да тақырыптарды түсінуіне көмегін тигізеді. Сұрақтарға жауап беруге қиналатын оқушыларға тиімді сұрақтар қою арқылы ойлау, сөйлеу дағдыларын дамыту керек. Күнделікті сабақта қолданатын «ашық» және «жабық» сұрақтармен қоса альтернативті сұрақтар қойылады. Мысалы «Ә.Бөкейханов, А.Байтұрсынов, М.Дулатовтар либерал-демократтар ма, әлде революционерлер ме?» деген сұрақтар оқушыны ойландырады. Сонымен қоса шығармашылық сұрақтар қойылады. Мысалы: «Егер сен 1916 жылғы ұлт-азаттық көтерілістің басқарушысы болсаң, қандай әрекеттер жасар едің?» сұрақ арқылы оқушы сыни ойлау арқылы болжамдар жасай алады. Риторикалық сұрақтар, нақтылаушы сұрақтар, жетелеуші сұрақтар арқылы оқушылардың сабақта ойлау және есте сақтау қабылеттерін дамыту. Деңгей бойынша тапсырмаларды орындауға қиналатын оқушылар үшін жоғары деңгейлі тапсырмалардың жеңілдетілген түрлерін ұсынып, оны оқушы өзі орындай алатынына көзін жеткізу. Бұл оқушының өзіне деген сенімін арттырады. Осындай тапсырмалар жинағы жасадым. Әр сабақта оқушыларға тапсырмалар жинағынан тапсырмалар беріледі. Оқулықтағы мәтінді оқып өздігенен түсіне алмайтын оқушыларға түсінікті болатын бейне сабақтарды ұсынамын немесе қосымша тарихи құжаттарды оқып талдау тиімді екенін көрсетемін. Мәтін түсінікті болуы үшін оқушыларға христоматиядағы қосымша деректерді талдау арқылы немесе тарихи фильм арқылы түсінуге болатынын байқатты. Тарихи деректерді пайдалану оқушыларға жаңа сабақты зерделеу барысында тарихи оқиғаларға баға беру, ой қалыптастыруға көмек береді. Оқушылардың танымдық белсенділігін дамуына мүмкіндік береді. Сабақ соңында оқушылар рефлексия жасауға сегіз оқушы қиналады. Рефлексия теориялық білімдегі проблемаларды талқылауда және практикада жүзеге асыруда қолдану өте тиімді. Оқушылар өз әрекеттерін үнемі рефлексия жасап отыруы, белгілі бір нәтижеге жеткізетінін түсіну керек. Кейде оқушылар дұрыс рефлексия жасамауының салдары алған білімін қолдана алмауына алып келеді. Сондықтан рефлексия жасаудан қиналатын оқушыларға жазбаша немесе қысқа мәтінді талдау ретінде беруге болады. Мысалы «Сатпаев – жан-жақты ғалым» тақырыбын өткен кезде, сабақта оқушыларға рефлексия жасау үшін «Қазіргі уақытта Қ.И.Сатбаев есімін өз деңгейінде ардақтап жүрміз бе?» деген сұрақ бойынша шағын авторға хат жазуды ұсындым. Оқушылар авторға хат жазу барысында осындай нақты сұраққа жауап беру арқылы өзінің алған білімдерін көрсетті. Осындай рефлексия түрін тиімді деп алдым. Сабақта іс-әрекетті зерттеу кезінде байқағаным, оқушылар рефлексия жасауға алдыңғы сабақтардан қарағанда өз қиыншылықтарын жасырмай көрсете алды. Зерттеу барысында оқушыларды бағалауда өзін-өзі бағалау және өзін бағалауда қиындықтар туындайтынын оқушылар сауалнамада көрсеткен болатын. Әр сабақта оқушыларды объективті бағалау үшін, қалыптастырушы бағалау кестесін жасалды. Оқушылар тапсырма сайын өзара бағалау жүргізеді. Сабақ соңында оқушылардың бағалауын мұғалім бағалауымен салыстырылады. Бағалаудың осындай түрі ашықтықты көрсетеді. Сабақта ойын түрінде тапсырмалар беріледі. Ол ақпараттық технологияларды қолдана отырып, kahoot, learningapps, google.forms, т.б. тапсырмалар орындау оқушылар үшін тиімділігін көрсетті. Оқушылар осындай тапсырмаларды қызығушылықпен орындады. Логикалық тапсырмалар бойынша оқушылар қиын екенін сауалнамада көрсетті. Логикалық тапсырмаларға менталды картаны, балық қаңқасын қолданамын. Тарихи оқиғалардың себеп, салдары және қорытындыларын жазып, бір-бірлеріне сұрақтар қояды.

Қорыта келгенде сабақтағы іс-әрекетті зерттеу өз нәтижесін беруде. Жыл сайын сыныптың білім сапасы көтеріліп, пәнге деген қызығушылықтары артты. 2023-2024 оқу

жылында да зерттеуімді жалғастырып келемін. Оқушыларымен сабақта әртүрлі әдіс-тәсілдерді қолданып, білім сапасын арттыруға үлесімді қосудамын.



Мектепішілік, аудандық семинарда осы сыныппен әртүрлі форматта сабақтар өткізіп келемін. 2023-2024 оқу жылында пән бойынша ауыл олимпиадасының облыстық кезеңінде оқушым II орынға ие болды. Әр мұғалім өз сабағын жақсы көріп, дұрыс зерттеу жүргізсе, нәтижесі көрінеді. Мұғалім-білгенін үйретуші ғана емес, оқушы бойынан ізденімпаздықты, шығармашылықты, дарындылықты анықтай алатын ерекше тұлға.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Мұғалім қызметіндегі педагогикалық рефлексия. Астана 2015ж.
2. Тиімді сұрақтар арқылы оқушылардың ойлау дағдыларын дамыту. Астана 2016 ж.
3. Тарих сабағында деректермен жұмыс істеудің кейбір әдіс-тәсілдері. Астана 2014 ж.

«ЕРЕКШЕ БІЛІМДІ ҚАЖЕТ ЕТЕТІН ОҚУШЫЛАРДЫ ОҚЫТУДА НЕЙРОЖАТТЫҒУЛАРДЫ ТИІМДІ ҚОЛДАНУ»
«ИСПОЛЬЗОВАНИЕ НЕЙРОУПРАЖНЕНИЙ В ОБУЧЕНИИ ДЕТЕЙ С ООП»
«USING NEUROEXERCISES IN THE EDUCATION OF CHILDREN WITH SPECIAL EDUCATIONAL NEEDS».

Молдасарина Гульжихан Канатовна
Баянауыл ауданы білім беру бөлімінің
«Ш.Айманов атындағы жалпы орта білім беру
мектеп - интернаты» КММ
gulzhikhan.isinamoldasarina.73@mail.ru

Аннотация: Сабақтарды зерттеу барысында педагогтар қолданатын түрлі ойын әдістерінің тиімділігі анықталады. Бұл мақалада психологиялық дамуы тежелген оқушыларды оқыту процесіне нейрожаттығуларды енгізе отырып, 3 түзете - дамыту сыныбында сабақтарды зерттеу барысында қандай нәтижеге жетуге болатыны көрсетілген. Нейрогимнастика - бұл әмбебапты жаттығулар жүйесі, ол кез келген жастағы балаларға да, ересек адамдарға да тиімді. Бірақ, оқуда қиындықтары бар балаларға кинезиологиялық жаттығуларды қолдану аса өзекті болып тұр. Сабақты зерттеу нәтижесінде нейрожаттығулар баланың ақыл-ойын дамытады, оқуға, жазуға және сөйлеуге үйретеді.

Аннотация: В процессе исследования уроков можно определить результативность игровых методов, которые используют педагоги в своей работе. В данной статье описывается использование нейрогимнастики для обучения детей с задержкой

психического развития. Положительные результаты были выявлены в ходе исследования уроков в 3-ем коррекционном классе. Нейрогимнастика - это универсальная система упражнений для детей любого возраста. Но для детей с трудностями в обучении использование кинезиологических упражнений особо актуально. Нейроупражнения развивают мышление, восприятие, помогают учить детей писать, читать и говорить.
Annotation: During the course of the research, it is possible to determine the effectiveness of teaching methods employed by educators. This article describes the use of neurogymnastics in instructing children with developmental delays, showing positive outcomes observed in the lessons conducted in the 3rd correctional class. Neurogymnastics is a versatile system of exercises suitable for children of all ages, with particular relevance for those facing learning difficulties. These neuroexercises contribute to cognitive development, perception, and assist in teaching children writing, reading, and speaking.
Түйін сөздер: ерекше білімді қажет ететін балалар, нейрожатығулар, психикалық дамуы тежелген, нәтижесінде, қорытынды.

Ерекше білімді қажет ететін балаларды оқыту - қазіргі кездегі ауыл мектептерінде өзекті мәселелердің бірі болып табылады. Себебі ауыл мектептерінде ондай балаларды оқыту үшін қолайлы жағдайлар толық жасалмаған және оларды оқытуда тиімді тәсілдер әлі де зерттелуде.

Ш.Айманов атындағы ЖОББМ-интернатында 2012-2013 жылдан бастап түзете-дамыту, кейіннен инклюзивті сыныптар ашылып, ерекше білім қажет ететін оқушылармен арнайы мамандардың жұмыс жасауына жағдай жасалған. Ағымды тәжірибеге сүйене отырып, қазіргі кезде дамуында комплекстік ауытқушылығы бар, оқуда қиындықтары бар, бейімделу қиындықтары бар, психикалық дамуы тежелген, гипербелсенді және зейінсіз балалар саны көбейюде деп айтуға болады. Сонымен қатар сөйлеу қызметінде кемшіліктері бар балалар саны аз емес.

Біздің мектепте түзете –дамыту сыныптарында көбінесе психикалық дамуы тежелген балалар оқиды.

Психикалық дамуы тежелген балалар (бұдан әрі ПДТ)–оқыту бағдарламасын меңгеруде қиындықтарға кездесетін үлгермеуші оқушылар. ПДТ оқушылар қалыпты дамушы құрбыларынан шаршағыштығымен, жұмысқа қабілетінің төмендігімен ерекшеленеді. ПДТ оқушылардың қоршаған орта туралы түсініктері фрагментарлық, зейіндері тұрақсыз, тұтас қабылдау мүмкіндігі бұзылған, қимыл-қозғалыс координацияларының т.б. жалпы психикалық үрдістерінің дамуында бұзылыстар байқалуда. Сондықтан ПДТ оқушылардың танымдық қызмет саласының дамуындағы ауытқулар оқу процесінде нақтылы қиындар туғызады. Бұл біріккен психологиялық-педагогикалық қызметінің басты мақсаты–ерекше білімді қажет ететін оқушыға психологиялық-педагогикалық қолдау көрсету.

Олардың бойындағы ауытқушылықтарды жеңу үшін, патологиялық жағдайлардың алдын алу үшін, психикалық денсаулығын нығайту үшін жүйелі психокоррекциялық жұмыс жасау керек. Сондай жұмыстың негізгі бөлшегі ретінде нейрожаттығуларды басқаша айтқанда кинезиологиялық түзету жаттығулары болып табылады.

Нейрожаттығуларды қолдану ақыл-ой процесттердің дамуын жақсартады, еңбекке қабілеттілігін жоғарлатады, ойлау әрекеттері жақсарады, бас мииының жартышарларының жұмыстары бір мезгілде бірдей әрекетке түсуге жаттығады, шаршауы төмендейді, сөйлеу қызметі қалыптастырылады, иммундық жүйе жұмысы жоғарлайды, есте сақтау, зейін қою, ойлау қабілеттері жақсарады.

Психология мен нейрофизиология саласында жүргізілген ғылыми зерттеулер бойынша , белгілі физикалық жаттығулар адамның интеллектісінің дамуына әсер ететіні анықталды. Американдық психологтар Пол және Гейл Деннисон оқыту кинезиологияның

теориялық негізінде нейрогимнастика –«Ми гимнастикасы»атты бағдарламасын құрастырды. Бұл физикалық жаттығулардың көмегімен ми жұмысының табиғи механизмдерін белсендіру, қимыл мен ойдың бірігу әдісі болып саналады. Арнайы таңдалған жаттығулардың көмегімен адам ағзасы оң және сол жақ жартышарлардың жұмысын реттейді және дене мен ақыл-ойдың өз-ара қарым-қатынасын дамытады. Нейрожаттығулардың әр бір жаттығуы мидың белгілі бір бөлшегін қоздыртып, ой мен қимылдың бірігу механизімін қыстырады. Соның нәтижесінде жаңа оқу материалы бірегейлі және табиғи түрде, яғни ой және денесімен қабылданады. Сондықтан есте жақсы сақталады. Сонымен қатар, ми жаттығулары қозғалыстар координациясы және психофизикалық қызметтерінің дамуына әсер етеді.

Нейрогимнастика - бұл әмбебапты жаттығулар жүйесі, ол кез келген жастағы балаларға да, ересек адамдарға да тиімді. Бірақ, оқуда қиындықтары бар балаларға кинезиологиялық жаттығуларды қолдану аса өзекті болып тұр.

Нейрожаттығулар сабақтары 6-12 жастан бастап беріледі және әрі қарай жалғастыруға болады. Мектепке дейінгі жастағы балалармен де өткізуге болады. Нейрожаттығулар баланың ақыл-ойын дамытады, оқуға, жазуға үйретеді.

Мидың сол жақ жартышарын қалай дамытуға болады?

Мидың сол жағы логиканың дамуына жауапты. Тілге қабілеттілігі, логикалық есептерді шешуі, математикалық есептер, тұтас және бөлшек седармен санау, уақытты есептеу – бұның барлығы мидың сол жартысының жұмысы.

Сол себептен балалардың оқу үлгерімін жоғарлату және жалпы дамуын жақсарту үшін, мидың сол жағын дамыту керек.

Ол үшін не істеу керек? Келесі ұсыныстарды жүйелі және үнемі орындауға болады.

- Логиканы дамытуға жұмыс істеу керек – математикалық алгоритмдерді оқу, логикалық ойды жаттықтыру;
- Күрделі геометриялық есептерді шығаруға арналған тапсырмалар орындау. Математика тәрізді ғылымды оқу, мидың сол жақ жартышарының жақсы дамуынсыз мүмкін емес.
- Сөзжұмбақтар, кроссвордтар, жұмбақтарды шешуге жаттығу. Сөздерді құрастыру және әрекеттерді талдау барысында, сол жақ жартышар он жақтан гөрі жақсы жұмыс істейді.
- Сол жақ қолымен жазатын адамға басқа нәрселерді он жақ қолымен көбірек істеу керек: жазу, сурет салу, қасықты ұстау, тіс тазалау, тігу т.с.с. дененің он жағын қимылдату керек.
- Мидың жұмысын жақсартатын витаминдер ішу керек.

Мидың оң жақ жартышарын қалай дамыту керек?

Жоғарыда, біз сол жақ мидың жартысы не үшін жауапты екенін қарастырдық. Енді шығармашылық ойлау және интуитивтік қабілеттерді дамыту үшін әрекеттену керек.

Мидың оң жағы, сезім мүшелерінен түсетін ақпаратты өңдеумен айналысады. Ол басымызда бұрыннан бар ақпаратқа синтез жасайды, сол себептен адам жұмбақтарды шеше алады және құрылған шаблон бойынша емес, өзі ойлап тапқан жоспар бойынша әрекеттене алады. Оң жақ миды дамыта отыра, біз өзімізде әлемге деген тұтас көзқарасымызды және шынайылықты қабылдауды (сыртқы дүниенің нақтылығын) тәрбиелейміз.

Мидың оң жақ жартышарын қалай дамыту үшін келесі ұсыныстар берілген:

- Музыка тыңдау – ол рок немесе попса емес, классикалық музыка болу керек.
- Армандау, қиялдау, жалғыздықта медитация жасау.
- Сурет салу, олең жазу, музыка шығару, мүсіндеу, ән айту, билеу. Кез келген шығармашылық жұмыс мидың оң жақ жартысын дамытуға әсер етеді.

Мысалы, кез келген нейрожаттығуларды музыкамен орындауға болады.

Ерекше айтып кететін болсақ, қазіргі кезде балалар «Tik-Tok», «You Tube» әлеуметтік жүйедегі түрлі би қимылдарын қайталап істегенді ұнатады. Ол қимылдарды зерттей келе, билерде қолданатын қимылдарды нейрожаттығуларға жатқызуға болады. Ендеше неліктен ол билерді оқушылармен бірге билемеске?

Нейрожаттығуларды күнде жасау керек. Ол жаттығуларды психолог қана емес, түзете – дамыту сыныптарында сабақ беретін кез келген пән мұғалімдері өткізе алады - сабақтың басында, немесе сергіту сәті ретінде сабақтың ортасында.

Нейрожаттығуларды жасау барысында келесі ережелерді ұстану керек:

- Босатпай, өз еркімен күнде жаттығу керек. Аз жаттығулар жасауға болады, бірақ дұрыс, сапалы жасау керек.
- Жаттығу ұзақтығы – 5-7 минуттан аспау керек. Стандарттық шеңбермен шектелуге болмайды. Балаға қызықты болады егер бүгін жаттығулар сабақта орындалса, ал келесі күні олар далада жаттығатын болса. Жаттығулардың қолайлығы кез келген орында және уақытта орындауға болатындығы.
- Баланың жеке ерекшеліктеріне байланысты жаттығуларды біртіндеп күрделендіруге болады, мысалы, жаттығудың жасалуын жылдамдату немесе түрлендіру.
- Әр жаттығуды нақты және дұрыс орындау өте маңызды болып саналады.
- Балалар қызығушылықтарын жоғалтпау үшін, жаттығуларды қиыстыруға және орындарымен ауыстыруға болады. Барлығын және бірден жасату мүмкін емес, сондықтан бір сабақта 4-5 сапалы орындалған жаттығулар жеткілікті. Балалардың жас ерекшеліктеріне байланысты келесі кестені жасадым.

Түзете-дамыту сыныптар	1-жартыжылдық		2- жартыжылдық	
	Уақыт \мин	Жаттығу саны	Уақыт \мин	Жаттығу саны
1 сынып	5 мин	1-2	7-10 мин	2-3
2 сынып	10 мин	2-3	12- 15 мин	3-4
3 сынып	15 мин	3-4	17-20 мин	4-5
4 сынып	20 мин	4-5	22-25 мин	5-6

Нейродинамикалық гимнастикасына 4 топ жаттығулары жатады. Әр топты жеке қарастырайық.

Мағынасы	Нәтижесі	Жаттығулар үлгісі
Дененің орта сызығымен қиылысатын жаттығулар		
Екі қол, екі аяқ, екі көздің бір уақытта жұмыс жасауына, яғни мидың екі жартышары бірігіп әрекеттенуіне бағытталған.	Қимыл –қозғалыс үйлесімділігі, графикалық моторлық дағдыларының дамуы. Қосымша энергия алады. Үздіксіз, тұрақты жаттықанда баланың бойында кеңістікте бейімделу дағдысы қалыптасады.	«Жұдырық – қабырға – алақан», «Түлкі мен қоян», «Айқасқан марш жүрісі», «Капитан», «Жалқау сегіздіктер», «Ұлы дирижер» , «Шатақ» ойыны
Күш-қуат беретін жаттығулар	Жүйке жүйе процестерінің белгілі бір жылдамдықпен жүруін қамтамасыз етуге бағытталған. Эмоция мен өз-өзін реттелуін жақсартады. Жүйелі жасалатын жаттығулар ойлау қабілетін жақсартуға көмектеседі, саналы оқу жылдамдығын арттыруға әсер етеді, зейінді дамытады.	Дене ырғағын жақсартатын, өз-өзін бақылауды және ықтиярлықты дамытатын тыныс алу жаттығулары: «Шыраққа үрлеу» «Баспен шайқау» «Мұрынмен дем алу» «Сүңгігіш» «Шарды үрле»
Созушы	Бұлшықеттің ширығуынан құтылуға және	«Аққала», «Ағаш»,

жаттығулар	сіңірлердің босаңсыуна көмектеседі. Күйзелістен шығарады. Зейін қоюды, шоғырлануы жақсаруына әсер етеді, жазба жұмыстарына пайдалы.	«Марғау», «Соқыр қадамдар», «Піл», «Лимонды домалату», «Қолдарды белсен-діру» т.с.с.
умственного развития. Развитие языка и словарного запаса ребенка таким образом, чтобы они знали богатство моего родного языка, является одним из важнейших элементов личностного развития, приобщения детей к ценностям национальной культуры, и было тесно связано с умственным, нравственным, эстетическим, развитием, главным преимуществом языка, а также образованием и обучением младших школьников. Ожидается, что в настоящее время активно разрабатываются различные методы, признание развития образовательного процесса, направленного на развитие коммуникативных навыков, развитие личности в творческом процессе мышления, эмоционального мира ребенка, формирование положительного отношения к обучению. Речь - это человеческая деятельность, использование языка для общения, выражения мыслей, чувств. Речь разнообразна. Это разговор между друзьями, монолог артистов, голосовой вызов, ответ ученика на уроке и научная работа. Для развития речи необходим целый ряд методов и ресурсов. В то же время условия обучения и вербальные мотивы часто меняются. Затем ученики свободно говорят, затем выполняют задание, которое дисциплинирует мышление и направляет их речевую деятельность в строго определенном направлении. Эти два фактора должны быть объединены в развитии речи. Хорошо развитая речь является одним из важнейших средств активной деятельности человека в современном обществе, а для младшего школьника - средством успешного обучения.

ЛИТЕРАТУРА

1.Агаркова Н.Г. «Обучение письму как основа речевого развития младшего школьника.»
2.Львов М.Р. «Речь младших школьников и пути ее развития» -М. Просвещение, 2005
3.Лернен И.Я. «Дидактические основы методов обучения» -М., 1981г.18-21
4.Жиренко О. Е., Лапина Е. В., Яровенко В. А. Инновационные технологии обучения в современной начальной школе. — Воронеж, 2008

ПЕДАГОГТІҢ КӘСІБИ ДАМУ ЗЕРТХАНАСЫ ЖӘНЕ ЖЕЛІЛІК ӨЗАРА ІС-ҚИМЫЛ

Кенжакараева Жанат Дуканбаевна
Бастауыш сынып мұғалімі, Ә.Бөкейхан атындағы
№15 тірек мектеп-лицейі, Жамбыл облысы, Қазақстан
kenjakaraeva@bk.ru

Бүгінгі таңда әрбір мұғалімге өзінің шығармашыл әлеуетін дамытып, көзқарасын қалыптастыру маңызды. Біліктілікті арттыру бағытында мұғалім жаңашылдықты қабылдай отырып, өзінің тәжірибесіне қорытынды жасап оқыту шеберлігін нығайтады.
Сегодня каждому учителю важно развивать свой творческий потенциал и формировать видение. В направлении повышения квалификации учитель укрепляет навыки преподавания, принимая инновации и делая выводы о своем опыте.
Today, it is important for every teacher to develop their creative potential.In the direction of professional development, the teacher strengthens teaching skills by accepting innovations and drawing conclusions about his experience.

Мұғалімнің кәсіби дамуы - тынымсыз ізденіс барысында мұғалім оқыту мен оқудағы өз құзыреттіліктерінің өзектілігін,тәжірибелік маңыздылығын түсінеді.

Мұғалімнің кәсіби дамуы – білім беру жүйесін жаңартудың негізі

Қазіргі таңда оқушының білім алуына, мұғалімнің де үздіксіз білім көтеруіне, жұмысының сапалы, әрі нәтижелі болуына жан-жақты жағдайлар жасалынған. Себебі,

бүгінгі талап - оқушыларды ойландыру, сезіндіру, ақпаратты құралдар арқылы өз беттерінше еңбектеніп оқуға баулыту. Оқушының ой қабілеті шынықса, білім көлемдері де артады, тереңдейді және сапалы тиянақты болады. Мұғалім оқушылардың шығармашылығын, ізденушілігін дамытып, әрқайсысына жеке тұлға ретінде қарап, олардың өздеріне деген сенімін, білімге ынтасын арттыруға мүмкіндік туды. Осы тұрғыдан алғанда мұғалім білім жолында үнемі ізденісте болып, білімін шыңдап отыру, өзге әріптестерімен үнемі байланыста болу – кәсіби дамуына мүмкіндік береді. Біздің тың өзгерістеріміз оқушылардың қызығушылығын арттырып, өздігінен білім алуына, өзін-өзі және бір-бірін бағалауға, өз ойын ашық айтуға бағытталған. Жақсыдан ғибрат ала білгеннің ісі оңға басады» деп Қожа Ахмет Иассауи айтқандай, әріптестерім курстың маңыздылығын түсініп, өз тәжірибелерінде іске асырып, сәтті сабақтардың туындауына жол ашты.

Мұғалім өзінің білімін үздіксіз көтеріп отырғанда ғана білімді, педагогика, методикадан хабардар, жақсы оқыта білетін мұғалім бола алады. Расымен де, өмірдегі сан түрлі мамандық бар, адам баласы өзі таңдап алған кәсібінің майталманы болуы керек, ал сол кәсібінің майталманы болу үшін не керек? Әрине, еңбек керек, ізденіс керек, өзін - өзі жан - жақты адам ретінде, тұлға ретінде үздіксіз дамыту керек.

Мектептің жаны, мектептің жүрегі – мұғалім деп айтып та, естіп те жатамыз. Ахмет Байтұрсыновтың «Мектептің жаны – мұғалім. Мұғалім қандай болса, мектеп сондай болмақшы. Яғни, мұғалім білімді болса, ол мектептен көбірек білімді тұлғалар шығады. Солай болған соң, ең әуелі мектепке керегі – білімді, педагогика, методикадан хабардар, жақсы оқыта білетін мұғалім» деген сөзінде қаншама ой, қаншама түйін жатыр. Расымен де, өмірдегі сан түрлі мамандықтардың ішінде білімділікті, кәсібилікті, тәрбиелілік пен шеберлікті аса қажет ететін мамандықтың бірден - бірі – мұғалім мамандығы. Сондықтан да ұрпақ тәрбиесі мен білімі мәселесі кезек күттірмейтін, егеменді еліміздің болашағын айқындайтын ең маңызды міндеттердің бірі. Осы міндетті шешу педагогтың еншісінде. Олай болса, қоғам педагогқа үлкен үміт артып, ел тағдырын сеніп тапсырып отыр және одан жоғары жауапкершілікті талап етеді. Осындай күрделі мәселенің шешімін табу жолында педагогика ғылымының көптеген ғалымдары талмай ізденіп, зерттеулер жүргізіп, өз кезегінде білім беру саласына жаңалықтар мен өзгерістер енгізуде. Ал педагогтар болса, өз педагогикалық іс - әрекетінде сол жаңалықтарды, инновациялық технологияларды, әдіс – тәсілдерді жете ұғынып, тәжірибеде ұтымды қолдана білулері керек.

Мұғалімнің өзіндік дамуында ол "Неліктен осындай жағдай орын алды? немесе алмады?", "Кемшіліктерімді қалай жетістікке айналдырамын?", "Келешекте іс - тәжірибемді қалай жақсартамын?" деген сұрақтарды үнемі қоя отырып, кәсіби рефлексия жүргізе білуі керек. Рефлексия деңгейінен тез арада шығып біз дами бастайтынымыз сөзсіз. Біз өз кәсіптік деңгейіміз туралы ойлануымыз керек, себебі жаңа уақыт жаңа талап қойып отыр. Бұрыңғы "дәстүрлі" сабақ өз күшін жоюда, оқушылар өздеріне керекті мәліметтерді, информацияларды интернет жүйесінен алу дәрежесіне жетті. Бәрі де ойлай алады, бәрі ойдан басталады. Қазіргі жаңа формация педагогінің - "рефлексивті практик" деп атауға болады деп есептеймін, яғни ондай педагог - өзінің оқыту және оқу тәжірибесін дамыту, өзгерту және жетілдіру әдістерін мұқият және үнемі ойластырып жүретін педагог. Жаңа технологиялардың әдіс - тәсілдерін сабақтарымызда қолдана отырып, олардың тиімділігін айқындап, біз оларды меңгереміз және жаңа технологияларды меңгеру біздің интеллектуалдық, кәсіптік, адамгершілік, рухани, азаматтық және де басқа көптеген адами келбетінің қалыптасуына игі әсер тигізеді, өзін - өзі дамытып, оқу - тәрбие үрдісін тиімді ұйымдастыруымызға көмектеседі. Әрбір сабақта әртүрлі жаңа технологияларды, әдіс - тәсілдерді қолдана отырып, біз өз - өзімізді дамытып, оқу - тәрбие үрдісін тиімді ұйымдастыруға үйренеміз. Әрине, жұмысымызда қиыншылдықтар да кездеседі, дегенмен оларды өту барысында біз тәжірибе жинақтаймыз, жаттығамыз, мақсатқа жетуге ұмтыламыз. Алдымызға қойған мақсатқа жетуде оқу - тәрбие жұмысындағы әдіс -

тәсілдерді қолдана отырып, оқушылардың ақыл - ойын дамытуды мақсат ететін болғандықтан олардың дара ерекшеліктерін біліп, санасып отыруымыз керек. Бұл - әрбір ұстаздың парызы.

Мұғалім өзіндік дамуына кәсіби рефлексия жасай отыра, жаңа әдіс - тәсілдерді жетік меңгеруге қалыптасады, сапалы нәтижеге жетуге мүмкіндік береді. Өз жұмысымызда рефлексия жасап, заман талабына сай дағдыланамыз, үйренеміз, біз өз әрекетіміз арқылы ғана дамимыз. Мұғалімдер өздеріміздің біліміміз бен кәсіби дайындықтарымызға сәйкес, өздеріміздің жұмысымыз туралы толғаныста болуымыз керек. Рефлексивті ойды шешуге жататын мәселелерді зияткерлендіру тұрғысынан қарастыра отырып, идеялар мен болжамдарды дамытып, практикалық жағдаяттардың зерттеулеріне бастама жасап және іске асыруымыз керек. Осылайша оқытуға ерекше ықпал етіледі.

Кәсібилік – ұстаздың психолого - педагогикалық, ғылыми - пәндік білім - біліктің мәдени - адамгершілік ұстанымдарымен үйлесудің жоғары деңгейі. Кәсіби құзыреттілік – өз бетінше және жауапты әрекет жасауға мүмкіндік беретін белгілі бір психикалық жағдай, арнайы білімнің болуы, жалпы және арнайы эрудицияның болуы, ғылыми - кәсіби дайындығын үнемі жетілдіру, күнделікті іс - әрекетте міндеттерді шешу үшін еңбек субъектісінің кәсіби дайындығы және қабілеті. Ал мұғалімнің кәсіби құзыреттілігі білім беру нәтижесін қамтамасыз ететін шешуші фактор, өз кезегінде, тіпті қоғам жағдайының сапалы өзгеруіне әсер етеді. Міне, сондықтан да, қазіргі педагог білім беру үрдісін ұйымдастырудың көпқырлылығы туралы білуі шарт. Яғни, педагог өз қызметіне қатысты инновацияларды, технологияларды, өзгерістерді жақсы меңгерген болуы қажет. Сонымен қатар, қазіргі кезде мұғалімге деген дәстүрлі көзқарастар өзгерді. Кез келген педагог кәсіби және тұлғалық өсудің бірден бір жолы – кәсіби өзін – өзі жетілдіру екенін түсінгені дұрыс. Ұстаздың жеке тұлғалық қасиеттері педагогикалық іс - әрекеттің ішкі мазмұнын құрап, шебер - ұстаз болып қалыптасуға аса қажет. Қазіргі таңдағы көптеген педагогтар өзінің кәсіби жетілуіне көп мән бермейді. Оны әртүрлі жағдайлармен байланыстырып жатады. Дегенмен, жоғарыда айтып кеткен қоғамымыздағы шешімін күтіп тұрған мәселелер ешқандай сын көтермейді.

Жаңа ғасырдағы жаңа талаптар педагог қызметінде жаңа бағыттарды, жаңа мақсаттар мен міндеттерді белгілейді.Оларға қол жеткізу жалғыз мұғалімге оңайға соқпауы мүмкін, бірақ білім процесіне жаңа тұрғыларды енгізіп жүрген тәжірибесі бар және сол тәжірибесімен бөлісуге даяр мұғалімнің көмегімен бұл жағдайдан шығуға болады. Мұғалім тәжірибесіне компьютерлік технологиялардың енгені соншалық, педагогтер оларды күн сайын пайдаланып қана қоймайды, сонымен бірге оларда озат тәжірибені тарату және жинақтауға, пәндерді оқытудың өзекті мәселелерін талқылауға, педагогикалық идеялармен алмасуға, тез дамитын ақпараттық-коммуникациялық технологиялардың әлеуетін қолдануда болатын жаңа мәселелерді талқылап, шешуге қажеттілік пайда болады.Педагогтердің желілік қоғамдастықтары, интерактивті әдістемелік кабинеттер — кәсіби ортаны қалыптастыратын бірден-бір нәрселер. Бүгінгі күні педагогтер мен білім беру процесіне қатысушылардың желілік белсенділігі оқу жүйесін ақпараттандыру процесімен байланысты өзекті тақырыптардың бірі. Педагогтердің желілік қоғамдастығы – бұл желідегі кәсіби әрекетті ұйымдастырудың жаңа формасы, бұл желідегі бір пән саласы немесе ортақ проблемамен айналысатын кәсіби қызмет аясында жұмыс жасайтын мамандар тобы. Кәсіби желілік қоғамдастық жұмысына қатысу бір елдің түкпір-түкпірінде және шет елде тұратын мұғалімдерге өзара қарым-қатынас жасауға, кәсіби мәселелерді шешуге, өзін іске асыруға және кәсіби деңгейін арттыруға мүмкіндік береді.

«Адамдардың ең жақсысы – басқаларға пайдасы тигені» демекші, мектебімде ұстаздарымыз коучинг, әдістемелік семинар түрінде жаңалықтарымен бөлістіп отырады. Әріптестеріміз өздерінің пәндеріне қарай берілген әдіс-тәсілдерді түртіп алды. Әсіресе, топқа бөліну, топпен, жұппен жасаған жұмыстары, сергіту сәттері көңілдерінен шықты.

Бұл жерде ақпараттық коммуникациялық технологияның мүмкіндігін пайдаланып, көп нәтижеге қол жеткізуге болатынын аңғардым.

Қазіргі талап – үздіксіз білім алу, білім шыңдау. Ұстаз қашанда ізденіп, заман ағымына қарай өзгере отырып жұмыс жасаса, оның еңбегі жемісті болмақ. Сабақта жас ерекшелікке сәйкес оқушылардың танымдық қабілетін дамыту, соның ішінде оқуға деген қабілеті мен зейінін, сөз сөйлеу дағдыларын, ойлау қабілеттерін қалыптастыруды алға қойған жөн. Оқушылардың жеке сұраныстарын, дамуы мен мүддесін әр сабақта ескере отырып, ойын еркін айтуға, пікірімен санасуға мүмкіндік береміз. Өзім жұмыс атқарып келе жатқан мектеп-лицейде үнемі әр сабағыма жаңалық енгізе отырып сабақтарымды өткіздім. Шынында да, оқушы бойында білімге деген құштарлық, өздерін еркін ұстау, ойын ашық айту, бір-біріне деген оң көзқарастың қалыптасуы байқалды. Адам өз өмірінің мәнділігін, толыққандылығын тек басқалармен қарым-қатынас жасау арқылы өлшейді. Мектепте ұстаздар мен оқушылардың бір-біріне деген сенімділігі, түсініспеншілігі, белсенділігі, т.б. артып, ауызша және жазбаша сөйлеу әрекеттері артады. Үнемі диалог орнату арқылы төмендегі әдіс-тәсілдерді қолданып, оқушының пәнге қызығушылығын арттырып, өздігінен білім алуына, ізденуіне, шығармашылығының шыңдалуына жол аштым. Бұл арада курс кезінде алған әдіс-тәсілдерді қолдана отырып бір-бірін үйретіп, «бағдаршам», «автор орындығы»,т.б. тәсілдермен оқыту қажет деп білемін. Топпен, жұппен қарым-қатынас жасау арқылы сол ортаға бейімделе бастайды. Оқушылар толығымен жаңа мәліметтерді бірін-бірі оқыту, толықтыру арқылы игереді. Сабақта жас ерекшеліктерін ескере отырып сабақ беру орын алған. Оқушылардың қызығушылығын, пәнді игерудегі құлшынысын СТО технологияларының әдіс-тәсілдері, ойын технологиясы, т.б. қолдана отырып арттыруға көп күш жұмсауға болады. Осыған дейін барлық ақпаратты мұғалім өзі оқушы санасына жеткізгісі келсе, баланың пікірін ескермей, уақыттың жетегіне кетіп, «мен» деген сөздің аясында жұмыс істесе, ал қазір қарым-қатынасты нығайту арқылы жаңа өмірге деген көзқарасы күрт өзгереді. Оқушының өз бетімен қабылдауына жол ашылды. Мұғалім – бақылаушы, оқушының қандай бағытта жұмыс жасап жатқанын қадағалап, кей жағдайда ғана өз ықпалын жасайды.

Курстан алған білімді қолдана отырып оқушылардың қызығушылығын арттыру мақсатында игі жұмыстар жасалды. Сабақта СТО технологиясының әдістері, АКТ, дарынды және талантты оқушыларды дамыту, көшбасшылық, оқыту үшін бағалау және оқуды бағалау, т.б. Өз тәжірибемде оқушылардың еркін сөйлеуі, ойын ашық айтуы, бір-бірінің пікірін құрметтеуі үшін әрекет жасай отырып, сөз байлығын және ой өрісін кеңейту үшін, шығармашылық қабілетін арттыру және пәнге қызығушылығын арттыру үшін жұмыстар ұйымдастырдым, әрі қарай алдағы уақытта да жалғастыруды басты міндеттерімнің бірі деп ойлаймын. Қазіргі таңда қай мектеп болмасын мұғалімнің кәсіби өсуіне, ұжым мүшелерінің жұмысқа қатысты жасалған шараларын үнемі қолдап, көмектерін беріп отырады. Мектептердің желілік қоғамдастықтары үздіксіз бірлескен жұмыстар мен жаңа әдістемелердің жекелеген мектептерден тысқары таралуына мүмкіндік беру арқылы мұғалімдерге және мектептің басқа қызметкерлеріне педагогикалық әдістемелерді зерделеу мен жетілдіру мақсатында оқуға және бірлесе жұмыс істеуге жағдай жасайды. Әр түрлі мектептердің қызметкерлері арасында құрылымдалған өзара әрекеттестік қоғамдастық ішіндегі жұмыстың тиімді түрі болып табылады.

Қорыта айтқанда, мұғалімнің кәсіби дамуында кері байланыс, кәсіби рефлексия - маныызды екендігі сөзсіз. Қазіргі кезде қоғам дарынды, қабілетті адамдарды қажет етеді. Үздіксіз жаңалық енгізу білім беру саласында мектеп жұмысының дамуының ең басты фактор болып отыр. Әр мұғалім өз іс - әрекетінде қажетті өзгерістерді, әр түрлі тәжірибелер жөніндегі мағлұматтарды, жаңа әдіс - тәсілдерді дер кезінде қабылдап, дұрыс пайдаланып, кәсіби дамып отыруы тиіс.

«Халық пен халықты, ел мен елді теңестіретін — білім» деп жазушы Мұхтар Әуезов айтқандай, еліміздің жаңғырып, жаңа әлемнен лайықты орын алуы үшін бәсекеге қабілетті әлемдік қалыпқа сай кәсіби білімділікке қол жеткізетінімізге сенім мол!

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Т.Мейірманқұлова. Білім берудегі инновациялық технологиялар. Алматы., 2005.
2. Қ.А.Сарбасова. Инновациялық технологиялар. Алматы., 2006.
3. С.Әбдіманапов. Елдік өркендеу және инновациялық даму. // Егемен Қазақстан, 2007, 28 сәуір
4. К.Өстеміров. А.Айтбаева Қазіргі білім беру технологиялары Алматы, 2006, 4-бет
5. Мұғалімдерге арналған нұсқаулық
6. А.Әлімов. Интербелсенді әдістемені ЖОО-да қолдану мәселелері. Оқу құралы. Алматы-2013
7. Мұғалімге арналған нұсқаулық. 85-86 бет

БІЛІМ САПАСЫ: ТАБЫСТЫ МЕНЕДЖМЕНТ (БАСҚАРУ) ҚҰРАЛДАРЫ.

Кабылбеков Суинжан Курманович
Директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары, тарих пәнінің мұғалімі,
Ә.Бөкейхан атындағы №15 тірек мектеп-лицейі, Жамбыл облысы, Қазақстан
suinjan@mail.kz

Педагогикалық менеджмент – мектептің тиімді және сапалы қызметін жүзеге асыру мақсатындағы интелектуалдық, материалдық ресурстарын жұмылдыру бойынша білім және іс-әрекет. Нақты нәтижелерге қол жеткізудің басты шарты –ұжым мүшелері мен оқушылар арасында жағымды, тиісті қарым – қатынас орнату.

Педагогический менеджмент-образование и деятельность по мобилизации интеллектуальных, материальных ресурсов в целях осуществления эффективной и качественной деятельности школы. Главное условие достижения конкретных результатов – установление позитивных, соответствующих отношений между членами коллектива и учащимися.

Pedagogical management is education and activities aimed at mobilizing intellectual and material resources in order to carry out effective and high-quality school activities. The main condition for achieving concrete results is the establishment of positive, appropriate relationships between team members and students.

Мектептің дамуын жоспарлауда негізгі басымдық: оқушының қажеттілігі және оның ата-анасының сенімінен шығу.

Педагогикалық менеджментте білім беру сапасын басқару**.**

Білім сапасы - білім түрлерінің (заңдар, теориялар, қолданбалы, әдіснамалық, бағалау білімдері) білім мазмұны элементтерімен және меңгеру деңгейлерінің арақатынасы. Әрбір-білім оны қолдану тәсілімен потенциалды түрде байланысқандықтан ол шығармашылық процеске қатсып қандай да бір маңызға ие болғандықтан мұндай арақатынасты белгілеу қажет.
Білім сапасы адамның білімді меңгеруімен түрлі іс-әрекетте қолданудың көп жақты талдауы нәтижесінде айқындалады және толықтық, тереңдік, жүйелілік, шапшандық, икемділік, нақтылық, түйіндеу сипатына ие болады.
Сол сияқты ол түйінделу және өрістелу, сапалылық және беріктігімен сипатталады.

Білімнің барлық сапасы өзара байланысты және өзінше дербес, себебі бірін-бірі алмастырмайды.

Қазіргі қоғамдағы еліміздегі өзгерістер, тұрақты дамудың жаңа стратегиялық бағыты, қарқындылығы, қоғамның ашықтығы, жедел ақпараттануы білім беруге қойылатын талаптарды түбегейлі өзгертті. Сондықтан білім беруді дамытуға байланысты Қазақстан Республикасының әлемдік білім беру кеңістігіне енуі – білім ұйымы басшыларына басқаруды жүзеге асыруда жаңаша көзқарасты және инновациялық қызметті талап етеді. Осыдан жаңарған орта білім беру мазмұнын жүзеге асыру басшы кадрлардың кәсіби деңгейіне, олардың жауапкершілікті түсінуі мен білім беру үдерісіндегі көптеген мәселелерді шешуге қосқан үлесіне байланысты. Білім берудің барлық деңгейлерін жаңа сапаға көтеру, педагогикалық қызметкерлердің еңбегін ынталандыру, оған мемлекеттік қолдауды күшейту және білім жүйесін басқаруды дамыту - бүгінгі таңдағы өзекті міндет.

Оқыту үрдісіне қазіргі заманғы әдістемелер мен технологияларды енгізу уақыт талабы екенін ұғынатын мезгіл жетті. Қазіргі нарық заманында мектеп қабырғасында, оқу орындарында оқып жүрген өскелең ұрпаққа көптеген жаңа пәндер келіп қосылуда.Оқушы алған теориялық білімін іс жүзінде қолдана отырып, оны өмірмен, өзінің іс-әрекетімен байланыстыра білгенде ғана бүгінгі таңда ақпарат ағымының ұлғаюына және ақпараттық-коммуникативті технологиялардың дауына байланысты білім алу формаларының жаңа түрлері пайда бола бастады. Білім кеңістігінің аясы өрістеуіне орай кез келген адамның формальды емес және информальды білім алуына мүмкіндік туды. Қазіргі кезде әлемде 100 миллионнан астам интернет сайттар тіркелген. Қазақстанның даму қарқыны жыл санап екпінді серпін алып келе жатқаны өз елімізде ғана емес, әлемдік деңгейде де ашық айтылып отыр. Қазіргі қоғамда болып жатқан саяси және экономикалық өзгерістер кез келген қызмет саласында жаңартуды қажет етеді. Бұл үдерісте білім беру жүйесін басқару, соның ішінде мектеп менеджментінің алатын орны ерекше.

Педагогикалық менеджмент негізіндегі мектепті басқарудың ұстанымдары:

Біріншіден – кез келген мектеп жекеленген түрде өмір сүрмейді, мектеп республикадағы білім беру жүйесінің бөлігі болып табылады. Сондықтан мектеп басшылары мектеп ішіндегі және оны қоршаған ортамен байланыстарды нығайтып, ынтымақтастық ортасын құрып, мектептің дамуын жүзеге асыруы қажет.

Екіншіден – кез келген мектеп өзінің миссиясын, философиясын, саясатын, стратегияларын анықтаумен мықты. Осы және басқа да өзекті әрекеттің қалыптасуы мектеп менеджментінің ғылыми негізін құрайды. Сондықтан аталған түйінді мәселелер мектептің нормативті – құқықтық құжаттары: Тұжырымдамасы, Ережесі, Даму бағдарламаларынан өтуі тиіс.

Үшіншіден – бүкіл мектеп жүйесінің орталық діңгегі: мектеп түлегінің тұлғасы – білім берудің басты мақсаты болып есептелінеді. Сондықтан мектепті басқаруда түлек тұлғасы – мектеп басқаруда күтілетін нәтиже ретінде қабылданады.

Төртіншіден – нақты нәтижелерге қол жеткізудің басты шарты – білім беру үдерісі барысында ұжым мүшелері арасында жағымды, тиісті қарым – қатынас орнату. Соған байланысты басқарудағы қарым-қатынастың қазіргі уақыттағы әдіс-тәсілдерін: біріктірілген, стратегиялық, жүйелі-кешенді қатынастарды қолдану.

Сонымен, жоғарыда аталған мектеп менеджменті ұстанымдарына байланысты мектеп басшыларының қызметінде жаңа талаптар қойылады.Қазіргі мектеп басқаратын адамды басқару үдерісін кәсіби, сауатты жүргізуші, білікті басшы – менеджер деп айтуға болады.

Қай халық болсын өзінің әлемдік деңгейде қол жеткізер ұлттық тағдырының құнды қасиет көріністеріне үңіледі. Ел ертеңін, ұрпақ келешегін ойлаған басшы еңсесін көтеріп,санасын саралап, ел ертеңі жастардың болашағын ойлап алаңдайтыны анық. Себебі жерінің бүтіндігі, елінің түгелдігін қорғайтын бүгінгі жас

ұрпақ. Егінші дәнді өсіреді, малшы малды көбейтеді, ал мұғалім жас ұрпақтың бойына елдік қасиеттерді сіңіріп, сапалы білім береді.

Мақсат пен нәтижеге жетуде заман талабана сай ұрпақ тәрбиелеп өсіру-мұғалімнің біліктілігіне байланысты. Қай кезең, қай қоғамда болмасын жеке тұлғаның қалыптасуы ұстаздан басталады.Бүгінгі күні білім саласы түбегейлі өзгерген. Бұл өзгеріс мұғалімнің кәсіби біліміндегі жаңашылдықты талап етеді. Жаңашылдықтың жаршысы болып, мұғалім жұмысының тиімділігін бақылау - директордың міндеті деп түсінемін. «Ұстаздық ұстаздың ғана қолынан келеді» демекші жаңа технологиямен қаруланған шығармашыл мұғалім бала жүрегіне әрқашан жол таба біледі деп ойлаймын.

Оқушылардың оқу-танымдық процестерін оқытушымен басқару проблемасын жақсартудың бірден-бір шарты олардың жете білушілігі мен оқытушыға лайықты кәсіби шеберліктермен қамтамасыз ету.Менеджмент субъектісі ретінде оқытушының жете білушілігі оның кәсіби функцияларын орындау даярлығымен, әлеуметтік құрылулармен үйлесімді бірлікте болуымен және оның психо-педагогикалық дайындалуымен сипатталады. Мұндағы ең бастысы – педагогикалық шеберлік.Зерттеулердің негізінде «педагогикалық шеберлік» түсінігіне біз келесі мағыналарды кіргіземіз:

- мұғалімнің оқу мақсаттарын, тәрбилеудің және олардың диалектикалық өзара байланыста және бірлікте дамуын шеше білу;
- оқушылардың назарын аудару және оқылатын материалмен қызықтырып әкету;
- оқушылардың жас және психологиялық ерекшеліктерін есепке алу,сонымен қатар олардың даму дәрежесін ескеріп сол негізінде дара және дифференцияланған күтіммен қамсыздандыру;
- адамгершілікте және демократиялық негізде оқушылармен өзара қарым-қатынас құра білу;
- ең қиын және оқушылардың күтпеген сұрақ қою кездерінде өзін жоғалтып алмау;
- оқыту барысында теория мен тәжірибені біріктіре білу;
- өз жұмысында алдыңғы жаңа педагогикалық ғылымдар мен тәжірибелерді сауатты қолдана білу;
- «еңбек қаруын» пайдалана білу- сөзбен,сөйлеумен;
- Сын ойлай білу және айқын белсенді позициялы болу, қиындықтардың алдында ойыннан қалыс қалмау және оқушыларға сөздердің органикалық бірлігін,сенімділікті және істі көрсете білу;
- өз сабақтарын түрлендіре білу.

Педагогикалық үрдісті басқару – қойылған мақсатқа сәйкес шешім қабылдау, ұйымдастыру, бақылау, басқару объектісін зерттеу, алыған ақпараттарды талдау және қорытындылау іс-әрекеті болып табылады. Мектепішілік басқару – тиімді нәтижелерге қол жеткізу мақсатында тұтас педагогикалық үдерістің объективтік заңдылықтарын тануға негізделген оған қатысушылардың мақсатты, саналы өзара әсерлесуі. Тұтас педагогикалық үдеріс қатысушыларының оны басқарудағы өзара әсерлесуі өзара байланысты: педагогикалық талдау, мақсат қою және жоспарлау, ұйымдастыру, бақылау, реттеу мен түзету тәрізді әрекеттер мен функциялардан тұрады.

Қазіргі білім беру жүйесінің дамудағы бір ерекшелік – білім беру мемлекеттік-қоғамдық басқару болып табылады.

Білім беру жүйесін мемлекеттік басқару сипаты мындай қағидалар принциптер жиынтығымен анықталады:

- білім берудің ізгілік сипатта болуы;
- біліім беру жүйесінің ұлттық мәдениеттерді және салт-дәстүрлерді мемлекеттік тараптардан қорғауы;
- білім берудің жалпыға бірдейлігі;
- білім берудің зиялылығы;
- білім берудегі еркіндік пен плюрализм;
- білім берудің демократиялық сипатта болуы;

Мектеп педагогикалық жүйеге жатады, себебі ол бірқатар жүйе құраушы факторлармен, қызмет көрсету жағдайларымен, құрылымдық және функционалдық компоненттер жиынтығымен сипатталады. Жүйе құраушы факторлар рөлін мақсаттар мен нәтижелер атқарады; қызмет көрсету жағдайлары - әлеуметтік-педагогикалық және уақытша байқалатын жағдайлармен; құрылымдық компоненттер – басқарушы (педагогикалық ұжым) және басқарылушы (оқушылар ұжымы) жүйелермен, педагогикалық іс-әрекет мазмұнымен, құралдармен, нысандармен және әдістермен; функционалдық компоненттер – педагогикалық талдаумен, мақсат қою және жоспарлаумен, ұйымдастырумен, бақылаумен, реттеу және түзетумен анықталады. Мектепті педагогикалық жүйе және басқару объектісі ретінде қарастыру оны басқарушылардың басқару іс-әрекеті бір мезгілде мақсаттар анықтау мен олардың нәтижелеріне қол жеткізуге, педагогикалық және оқушылар ұжымдарын қалыптастыру жағдайларын жасауға, оқу-тәрбие жұмысы мазмұнын таңдап алу мен құралдарын, нысандарын, әрекетін қолдануға мүмкіндік береді. Мұндай амал педагогикалық жүйе мақсаттылығын сақтай отырып, оны құрайтын компоненттерді жаңартуға тиімді әсер етеді.

Педагогикалық жүйенің әлеуметтік –педагогикалық жағдайларын жалпы және арнайы жағдайлар деп екіге бөлуге болады. Жалпы жағдайларға әлеуметтік, экономикалық, мәдени, ұлттық, географиялық жағдайлар, ал арнайы жағдайларға оқушылардың әлеуметтік-демографиялық құрамы, мектептің туған жері, материялдық мүмкіндіктері, жабдықтар, ол тұрған жердегі қоршаған ортаның тәрбиелік мүмкіндіктері жатады. Педагогикалық үрдістің тиімділігін көрсететін маңызды көрсеткіштер – педагогикалық және оқушылар ұжымдарындағы моральдық-психологиялық климат, ата-аналар мен оқушылардың педагогикалық деңгейлері болып есептеледі.

Педагогикалық жүйенің уақытша сипаттамалары үш өзара байланысты кезеңдермен анықталады: бастапқы жалпы – 1-3 (4) сыныптар; негізгі жалпы – 4 (5) – 9 сыныптар; орта (толық) жалп білім беру – 10 (11) сыныптар. Жалпы білім берудің әрбір сатысы өзінің ерекше міндеттерін жүзеге асырады, бірақ жалпы мақсатқа – оқушы тұлғасын дамытуға – бағытталады. Педагогикалық жүйенің құрылымдық элементтері педагогикалық ұжым және оның жетекшілерінің немесе басқарушы жүйенің іс-әрекеті негізінде анықталады.

Басқарушы жүйе құрылымы төрт деңгейге бөлінеді:

Бірінші деңгей мектеп директоры, мектеп кеңесі, оқушылар комитеті, қоғамдық ұйымдар жетекшілерінен тұрады. Бұл деңгей мектепті дамытудың стратегиялық бағытын анықтайды.

Екінші деңгей – мектеп директорының орынбасары, мектеп психологы, әлеуметтік педагог, қоғамдық пайдалы еңбекті ұйымдастырушы, аға вожатыйлар, мектеп директорының шаруашылық жөніндегі көмекшісі, өзін-өзі басқаруға қатысатын органдар мен бірлестіктер.

Үшінші деңгей – мұғалімдер, тәрбиешілер, сынып жетекшілері.

Төртінші деңгей – оқушылар, сынып және жалпы мектеп оқушыларының өзін-өзі басқару органы. Бұл деңгейдің бөлінуі мұғалімдер мен оқушылардың арасындағы қатынастың субъект-субъектілік сипатын көрсетеді. Оқушы өзара ісерлесу объектісі бола отырып, өзінің дамуына субъект рөлін атқара алады.

Қазіргі заман жағдайында жалпы білімдік немесе қалаған басқа да оқу-тәрбие мекемелерінің педагогикалық жүйесін әрқайсысы өз алдына күрделі жүйе бөлімшелері болып есептелетін төмендегідей жүйешелер (подсистемы) бірлігі ретінде қарастыру қабылданған:

- дидактикалық. Бұл жүйеше өз ішіне сабақ және сабақтан тыс оқу-тәрбие жұмыстарын; міндетті және факультатив дәрістерді; оқу процесін ұйымдастырудың негізгі формасы – сабақты (сабақтағы оқушы және мұғалімдердің жұмыс орындау әдістемелерін) әрбірін өз алдына жүйе бірліктері ретінде қамтиды;

- тәрбиелік – үлкен жүйе бола тұрып, келесідей сыныптан тыс және мектептен тыс тәрбие жұмыстары, отбасы тәрбиесі, қоғамдық мекемелердегі тәрбие және өзіндік тәрбие жүйешелерінен құралады;

- оқушылардың қарым-қатынастары және олардың мектептегі өзіндік басқару жүйешесі (мұның құрамына енетіндер: сыныптағы өзіндік басқарым, әрқилы іс-әрекет бағыттары бойынша кіші жүйешелер);

- мектептің әкімшілік жүйесі: оқу процесін басқару, тәрбие жұмыстарына жетекшілік, басқа да жұмыс түрлерін алып бару жүйешелерінен құралады.

Әкімшілік жүйенің қажеттігі – дидактикалық, тәрбиелік, материалды-техникалық жүйешелер мен оқушылардың өзіндік басқару жүйешелерінің басын қосып, үлкен біртұтас жүйелікке келтіру мақсатынан. Оқушылардың жан-жақты тәрбиесі мен дамуына қатысты міндеттердің шешілуі , яғни жүйенің тиімді жұмыс атқарушы барша жүйелік бірліктердің іс-әрекеттері бір бағытта орындалып бару шартына байланысты. Тұлға бөлшектеніп қалыптаспайды. Бұл кешенді де (комплексті) әрі педагогикалық жүйелерді басқарудың өзіндік ерекшелігін танытады. Басқаруға тән және бір сипат - бұл жұмысқа баршаның: әкімшілік, мұғалімдер, оқушылар – араласуы. Мұндай жағдай басқару қызметінің мазмұны мен нәтижесіне үлкен әсерін тигізеді, себебі бұл істің қалаған сатысында қай деңгейде болмасын, басқарушы адам өз әрекетінің кез-келген сәті мен жүйенің қалпы тек оның шешіміне тәуелді болмайтынын мойындауы тиіс.

Білім жүйесінде қалаған деңгейдегі басқару қатынастары тәрбиелік қызметті де атқарады. Тәрбиеленушілерді басқарушы болып есептелетін педагог - тәрбиешілер оларға жетекшілік етеді, ал тәрбиеленушілер осы жетекшілік қатынастарды пайдалы ұғымдар ретінде игереді, яғни тәрбиелік қызметтің орындалып жатқаны. Осыдан да басшының, тәрбиешінің, мұғалімнің моральдық, әдептілік кейпіне жоғары талаптар қойылады. Кәсіби іс-әрекетті әрқилы деңгейде бірдей тең басқару – бұл да педагогикалық жүйелерді басқарудың өз алдына ерекшелігі. Өз тұлғасын қалыптастыру барысындағы оқушы іс-әрекетін тәрбиешінің бір өзі басқармайды, бұған бірнеше пән мұғалімдері, сынып жетекшісі және басқа да күнделікті ықпал жасаушы мектептің барша қызметкерлері араласады. Сондай-ақ, мұғалімдердің, сынып басшыларының қызметтеріне мектеп директоры мен директордың оқу, тәрбие және сыныптан тыс жұмыстар бойынша орынбасарлары әкімшілік басқару жүргізеді. Мұғалімдер бір уақытта бірнеше қызмет атқарады. Ол – сынып басшысы, пән мұғалімі, әдістемелік бірлестік мүшесі.

Мектеп - мемлекеттік (немесе онымен тығыз байланысқан) құрылым. Отбасы, қоғам, мемлекет араларындағы бірлікті іс-әрекеттердің ұштаса орындалуынан тәрбиенің жалпы мақсаттары іске асып барады. Мұндайда өзара байланыстар міндетті түрде жүйелі басқарымда болуы шарт. Бұл да педагогикалық жүйелерді басқарудың өз ерекшелігі. Білім берудегі мектеп жағдайы «мұғалім-оқушы» қарым-қатынасына тәуелді екенін ескеретін болсақ, білім жүйесін басқарудың келесі ерекшеліктерін де біліп қойған жөн: әртүрлі жас деңгейіндегі балалар бірлестіктеріне басшылық; материалдық ынтадан гөрі моральдық ынтаның басым болуы; басқарушының өз басқарымындағылармен жеке таныс болу қажеттігі, білім саласын басқаратын тұлғаның жоғары дәрежеде білікті, білімді болуы.

Қорыта келе, бағдарлама аясында жаңаша ойлау, ойлауға сыни тұрғыдан қарау, іс-әрекетті жоспарлау және оның даму барысын меңгере отырып, оқушылардың, мұғалімдердің, мектеп дамуына ықпал ететін басшылардың да осы мақсатты іске асыруда қоян-қолтық бірге жұмыс жасауы ғана нәтижелі іске бастайтынына сенімім мол! Өйткені тек шынайы жауапкершілікпен жұмыс жасайтын ортаны қалыптастыру – тиісті нәтижеге жеткізеді.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. «Тәуелсіздік белестері», Алматыы «Атамұра» 2003 жыл.
2. Еуразия жүрегінде», Атамұра2005жыл.

3. «Қазақстан жолы», Астана 2007 жыл.
4. «Жылдар мен ойлар», «Алматы кітап» ЖСШ,2013 жыл.
5. «Қазақстан-2050» қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты»Тараз қаласы,2014
6. «Жылдар мен ойлар», «Алматы кітап» ЖСШ,2013 жыл
7. «Қазақстан-2050» қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты»Тараз қаласы,2014
8. Аудандық «Құлан таңы» газеті №18 2017 жыл
9. Аудандық «Құлан таңы» газеті № 21 2018 жыл
10. К.Табей: «Қайсар рухты қазақ», Алматы 1994 жыл
11. «Қазақ тарихы», 2001 жыл, №6.
12. «Жас Алаш», 1999жыл, №4

ОЙЫН ОҚУ САПАСЫН АРТТЫРУ ФАКТОРЫ РЕТІНДЕ ИНФОРМАТИКА САБАҚТАРЫНДА
ИГРА КАК ФАКТОР ПОВЫШЕНИЯ КАЧЕСТВА ОБУЧЕНИЯ НА УРОКАХ ИНФОРМАТИКИ
GAME AS A FACTOR FOR INCREASING THE QUALITY OF LEARNING AT COMPUTER SCIENCE LESSONS

А.Ж.АХМЕТОВА
КГУ «Средняя общеобразовательная школа №2 имени А.Текенова» отдела образования района Тереңкөл, управления образования Павлодарской области, район Тереңкөл, Казахстан
e-mail: alija-akhmetova@mail.ru

Аннотация: Ойын информатика сабағында оқу сапасын арттырудың тиімді факторы болып табылады. Мақалада мен балаларды жаңа материалды оқу және меңгеру процесіне қалай белсенді тарту керектігін айтамын.
Аннотация: Игра - эффективный фактор повышения качества обучения на уроках информатики. В статье рассказываю, как активно вовлекать в процесс обучения и усвоения нового материала детьми.
Annotation: The game is an effective factor in improving the quality of learning in computer science lessons. The article showed how to actively involve children in the learning process and learn new material.
Негізгі сөздер: ойын, ойын технологиялары, бағдарламалау, IT технологиялар
Ключевые слова: игра, игровые технологии, программирование, IT-технологии
Keywords: game, gaming technologies, programming, IT technologies

Пандемия коронавируса нанесла огромный отпечаток не только на обыденную жизнь, но и на образовательный процесс в целом. Этот период позволил открыть для всех нас новые возможности, особенно в развитии IT-технологий. Традиционные методы обучения не могли в полной мере отвечать на все требования и на первый план выдвигаются активные формы обучения. Основной задачей внедрения активных форм на уроках - это воспитание личности, конкурентноспособности и развитие творческой личности.

В последнее время всё чаще учителя прибегают к использованию на уроках интерактивных методов обучения, а, ученики, чувствовали эту разницу на себе. Интерактивный подход - это определенный тип деятельности учащихся, связанный с изучением учебного материала в ходе интерактивного урока [1]. И в этот период, на уроках информатики я стала отдавать приоритет играм. Для любого ученика, игра - это

простой способ узнать что-то новое и дополнение к традиционным формам обучения, что, собственно, ученикам и нравилось.

Вместо традиционного подхода, где учащиеся просто слушают и записывают, игровой подход позволяет им активно участвовать в процессе обучения, принимать решения, решать задачи и экспериментировать. Такой интегративный подход к обучению с использованием игр способствует глубокому пониманию материала и развитию критического мышления. Кроме того, игра на уроках информатики создает благоприятную атмосферу в классе, где ученики чувствуют себя комфортно и уверенно. Они вовлечены в активный диалог, обсуждают стратегии и тактики, соревнуются друг с другом и совместно исследуют новые концепции и идеи. Такой коллективный подход укрепляет взаимодействие между учениками и преподавателем, способствуя развитию коммуникативных и социальных навыков. Более того, игра на уроках информатики дает возможность учащимся применять свои знания и навыки в реальных ситуациях. Они могут применять свои компетенции в создании программ, решении сложных задач и разработке программного обеспечения. При этом ученики развивают навыки работы в команде, креативности и самостоятельности.

Изучив особенности младшего подросткового возраста, сложность изучения тем в дистанционном формате и проанализировав анкетирование, я подтвердила свой вывод, что игра на уроке поможет заинтересовать детей и дать те самые знания, которые прописаны в государственном стандарте.

Также, важным доводом использовать игры на уроке стало и то, что дети в 5-9 классах уверены, что компьютер нужен только лишь для игр, особенно киберспорт.

Игра для детей - это способ научиться тому, чему их никто не учит. Игра имеет значение и для формирования дружного коллектива, и для формирования самостоятельности, положительного отношения к труду, для исправления некоторых отклонений в поведении отдельных детей и многого другого.

Привлекательность игры столь велика и игровой контакт людей друг с другом столь полон и глубок, что игровые содружества обнаруживают способность сохраняться и после окончания игры, вне ее рамок. Игра дает элемент неопределенности, который возбуждает, активизирует ум, настраивает на поиск оптимальных решений. Игра дает понятие о чести, о самоограничении и самопожертвовании в пользу коллектива. Игра дает развитие воображения, поскольку оно необходимо для создания новых миров, мифов, ситуаций, правил игры. Игра дает развитие психологической пластичности. Игра далеко не одно только состязание, но и театральное искусство, способность вживаться в образ и довести его до конца. Неслучайно все наиболее удачные обучающие компьютерные программы построены с использованием игровых методик [2].

За несколько лет обучения по данной технологии, на уроке информатики стали выполняться такие задачи, как:

- развитие и расширение познавательных интересов;
- воспитание компьютерной и информационной культуры;
- развитие творческих и интеллектуальных качеств;
- повышение уровня усвоения и качества знаний;
- формирование устойчивого интереса к предмету информатики;
- воспитание духа сотрудничества на уроках информатики;
- снижение нагрузки в процессе обучения.

Считаю, что использовать на уроках технологию игры можно на этапах повторения, систематизации и закрепления материала. Что касается предметов, то это может быть как русский язык, так и информатика, главное, правильно подобрать элементы игровых технологий.

В нашем случае, на уроках информатики мы стали больше «играть». В первый год после пандемии, учащиеся 6 класса отнеслись к этой форме урока с большим интересом, ведь игра на уроке стала неким стимулом для того, чтобы пройти тот или иной уровень.

Тогда мы уже немного познакомились с игрой Compute IT (https://compute-it.toxicode.fr/), а точнее с основами алгоритмизации: выполняли команды, которые приводили к конечному результату, что является главной целью алгоритма. Интерфейс и командный блок был интуитивно понятен и прост. Ко всему прочему, дети изучали команды на английском языке, что позволило с легкостью перейти на этап программирования на языке Python. Например, были использованы самые простые команды направления движения: LEFT, RIGHT, UP, DOWN, а из программирования и алгоритмизации: REPEAT, WHILE, IF, IF…THEN (рис. 1)



Рисунок 1 - прохождение игры Compute IT

В 7 классе, при изучении темы «Программирование на языке Python», я предложила детям познакомиться с этим языком программирования через браузерную игру CODECOMBAT (https://codecombat.com/). Конечно, интерес к программированию вырос, активность на уроках при такой подаче материала носит длительный характер и, было видно, с каким желанием ученики приходили на уроки [3].

Для прохождения уровней нужно было пройти регистрацию и выбрать своего героя Hero. На Карте (рис. 2) можно было отслеживать свои достижения. В общем, на начальных уровнях команды (методы) были схожи с предыдущей игрой Compute IT, только добавлялось описание параметров и дети понимали, что это движение (move): moveRight, moveLeft, moveUp, moveDown, а дальше сложнее и интереснее: Say, Attack, FindNearestEnemy, Build.

Рисунок 2 - карта

На прохождение 18 уровней игры и участия в итоговой битве ученикам потребовалось не так уж и много времени, но тот интерес, желание быть первым и вывести своего героя на первую позицию - позволило окунуться в мир программирования.

По моему мнению, игры на уроке представляются интересным и эффективным подходом. Данный подход позволяет не только доступно, понятно объяснить сложные темы и понятия, но и способствует повышению познавательной активности на уроке и во внеурочной деятельности.

Используя игровые технологии на уроке информатики, я повышаю заинтересованность и мотивацию у детей, что подтверждается результативностью моих учеников. Например, Орленко Руфина приняла участие в XII Республиканской научно-практической конференции и заняла 1 место, а Зинковская Юлия приняла участие в международном конкурсе «InfoMatrixAsia-2022» и получила бронзовую медаль.

Новые технологии, игра на уроках расширяет возможности ребенка, открывает для него свободу и вызывает интерес узнавать предмет с другой стороны. Это позволяет ученикам уверенно ориентироваться в мире технологий, уметь находить знания для себя. Раньше рамки образования состояли из учебника, а сейчас учащийся может узнать и закрепить новые знания через игру.

Итак, внедрение игровых элементов в образовательный процесс на уроках информатики в сельской школе имеет большую важность и положительные эффекты. Они не только способствуют повышению качества обучения, но и активизируют учащихся, помогают применять знания на практике, развивают социальные навыки и мотивацию. В результате, обучение информатике становится более эффективным и интересным для учащихся в сельской школе.

ЛИТЕРАТУРА

1 Николаева Л. С., Лесных Л. И. Использование нетрадиционных форм занятий. // Специалист. 1992. — № 2. С. 5-6.

2 https://infourok.ru/interaktivnomultimediynaya-igrakrossvord-dlya-uchaschihsya-klassov-ustroystva-kompyutera-302060.html [дата обращения 27.08.2023].

3 https://spb.coddyschool.com/courses/python_i_javascript_igrovoe_programmirovanie_v_codecombat/ [дата обращения 27.08.2023].

БАСТАУЫШ БІЛІМ – ТҰЛҒА ҚАЛЫПТАСТЫРУДЫҢ НЕГІЗІ
НАЧАЛЬНОЕ ОБРАЗОВАНИЕ - ОСНОВА ФОРМИРОВАНИЯ ЛИЧНОСТИ
PRIMARY EDUCATION IS THE BASIS OF PERSONALITY FORMATION

Н.М.Спивакова
КГУ «Средняя общеобразовательная школа №2 имени А.Текенова» отдела образования района Тереңкөл, управления образования Павлодарской области, с.Теренколь, Казахстан
e-mail: spivakovanata@mail.ru

Аннотация: Мақалада балалардың оқуда және мектептен тыс уақытта білім алу және табысты болу қабілеттерін дамыту үшін ауыл мектептеріне инновациялық технологияларды енгізу мәселелері қарастырылған.
Аннотация: В статье рассматриваются вопросы внедрения инновационных технологий в сельской школе для формирования у детей умения учиться и стать успешными в школе и вне школы.

Annotation: The article discusses the issues of introducing innovative technologies in rural schools to develop children's ability to learn and become successful in school and outside of school.
Негізгі сөздер: бастауыш мектеп, ақпараттық технология, денсаулық сақтау технологиялары, табыс, сәтсіздік, инновация, ауыл мұғалімі.
Ключевые слова: начальная школа, информационные технологии, здоровьесберегающие технологии, успешность, неуспеваемость, инновации, сельский учитель.
Key words: primary school, information technology, health-saving technologies, success, failure, innovation, village teacher.

Ещё совсем недавно начальная школа представляла собой замкнутый цикл обучения элементарным практическим знаниям и навыкам. Чтение, письмо, простые арифметические операции и задачи, элементарные сведения о явлениях природы и жизни общества составляли основное содержание обучения. Современный уровень развития общества сегодня предполагает иное качество образования, обеспечивающее подготовку человека не столько к индустриальному обществу, сколько к обществу экономики, построенной на знаниях. Образование в информационном обществе имеет своей целью наиболее полное удовлетворение образовательных потребностей личности, которые являются выражением не только ее стремления к наиболее полной самореализации, но и воздействия условий быстро меняющегося мира. В последнем случае перед человеком встаёт необходимость постоянно пополнять свои знания, чтобы комфортно чувствовать себя в изменяющемся мире. Приоритетной целью образования в современной школе становится развитие личности, готовой к правильному взаимодействию с окружающим миром, самообразованию и саморазвитию.

Начальная школа является фундаментом дальнейшего образования, и от успешности этого периода во многом зависит судьба человека, его профессиональная карьера. Именно на этом этапе обучения успехи ребенка приобретают социальный смысл. Начальная школа – это целый мир; годы, проведенные в 1-4 классах, должны остаться в памяти человека как годы приобщения к взрослой жизни, в которой все было впервые – и победы, и поражения. Главное, чтобы побед было больше, а поражения не оставляли бы травму на всю оставшуюся жизнь[1].

Особенности начального образования в сельской школе обусловлены условиями, в которых оно осуществляется. В сельской школе начальное образование приобретает свои уникальные и специфические черты. В этом контексте, предоставление образования на ранней стадии формирования личности ребенка в сельской местности приобретает еще большую значимость. Ведь сельские школы сталкиваются с уникальными вызовами и возможностями, которые отличаются от тех, что характерны для городских школ. Среди этих особенностей могут быть ограниченные ресурсы, небольшое количество учащихся. Все это влияет на то, как начальное образование организовано и предоставляется в сельской школе. Однако, несмотря на эти уникальные условия, цель начального образования остается неизменной - помочь детям развиться и стать целостными личностями, оснащенными знаниями, навыками и ценностями, которые позволят им успешно вписываться в общество и достигать своих целей[2].

Новые образовательные стандарты нацелены на формирование у детей умения учиться и стать успешными в школе и вне школы.

«Успешный» - заключающий в себе успех, удачный.

В понятие «успешный ученик» вкладывают:

- способность к усвоению образовательных программ;
- способность продемонстрировать свои знания, умения, навыки;
- высокие школьные баллы;
- способность использовать полученные знания, умения, навыки в жизни;

- положительная мотивация к обучению, положительное отношение к школе, сохранение познавательного интереса;
- позитивные отношения между учеником и учителем;
- хорошее физическое и психическое здоровье;
- адекватно-позитивная самооценка – ребенок сам должен чувствовать себя успешным;
- чувство благополучия, защищенности в семье и школе.

Какие факторы успешности являются главными?

Одним из факторов успешности является готовность ребенка к школе. Это не только умение читать, писать, считать, но и социально-психологическая и личностная готовность, которая проявляется в умении найти общий язык со сверстниками, навыки самообслуживания[3].

К сожалению, не все дети готовы к школе. Не всегда мы видим ученика «владеющего основами умения учиться, способного к организации собственной деятельности».

Основной проблемой в современной школе, являются трудности в обучении. Определение неуспеваемости содержится и в работе А.М. Гельмонта, который выделил три вида неуспеваемости в зависимости от количества учебных предметов и устойчивости отставания:

I – общее и глубокое отставание по многим или всем учебным предметам длительное время;

II – частичная, но относительно стойкая неуспеваемость по одному – трем наиболее сложным предметам (как правило, математика, русский, английский и казахский языки);

III – неуспеваемость эпизодическая – то по одному, то по другому предмету, относительно легко преодолеваемая.

Во всех случаях, А.М. Гельмонт, имеет в виду фиксированную неуспеваемость. К неуспевающим он относит тех учащихся, которые «приходят к концу четверти с грузом неудовлетворительных оценок».

В чем причина?

<u>Социальные:</u>

- материальная необеспеченность семьи;
- недостаток любви и заботы;
- педагогическая безграмотность родителей.

<u>Педагогические:</u>

- низкий интерес к учебной деятельности;
- пропуск занятий;
- низкая эффективность деятельности.

Все причины социально-педагогического характера и биопсихические, в конечном счёте, сводятся к психологическим причинам. К неуспевающим детям относят не только «двоечников», но и «троечников», которые некачественно, поверхностно, с пробелами усваивают школьную программу[4].

В качестве показателей неуспеваемости выступают следующие недостатки в овладении содержанием обучения:

1) не владеет минимально необходимыми операциями творческой деятельности, комбинирование и использование в новой ситуации имеющихся знаний, умений и навыков;
2) не стремится получать новые знания теоретического характера;
3) избегает трудностей творческой деятельности, пассивен при столкновении с ними;
4) не стремится к оценке своих достижений;
5) не стремится расширять свои знания, совершенствовать умения и навыки;
6) не усвоил понятий в системе.

Указанные черты составляют признаки понятия «неуспеваемость» для тех учебных предметов, в которых ведущая роль принадлежит деятельности творческого характера, основанной на знаниях, умениях и навыках.

Неуспеваемость характеризуется наличием всех перечисленных показателей творческой деятельности. В процессе же обучения могут возникнуть отдельные элементы неуспеваемости, они-то и предстают как отставания.

Для того чтобы детям на уроке было интересно и комфортно, чтобы не было в классе отстающих учеников необходимо свою работу строить следующим образом:

- внедрять инновации;
- повышать уровень компетентности;
- осваивать и внедрять в работу новейшие информационные технологии;
- определять причины типичных затруднений школьников и их коррекцию;
- выявлять уровень сформированности системы качества знаний учащихся;

Задача современного педагога не преподносить ученику готовые знания, а организовывать самостоятельный познавательный процесс через технологию компетентностно-ориентированного обучения в урочной и внеурочной деятельности.

Огромную положительную роль в современной образовательной системе играет использование информационно-компьютерной технологии. Конечно же, происходит это при условии грамотного использования компьютерной техники.

Применение различных технологий и информационно-компьютерной, в особенности, нужно обязательно использовать в комплексе со здоровьесберегающими технологиями (физминутки, гимнастики для глаз, упражнения на релаксацию, нейроупражнения, танцевально-ритмические паузы под музыку, оздоровительные игры на переменах, рефлексии), так как формирование ответственного отношения к здоровью подрастающего поколения – важнейшее и необходимое условие успешности современного человека. Данная технология должна проходить красной линией через все этапы урока[5].

И, конечно же, особая роль отводится учителю, так как он является главной движущей силой качественного образования, и он должен обладать определенными качествами, такими, как:

- владение современными образовательными технологиями;
- способность делать учебный материал доступным пониманию;
- творческое применение методов обучения;
- способность организовать детский коллектив;
- интерес к детям;
- яркость речи, такт, связь с жизнью, способность к внеклассной работе.

Учителя в сельской школе должны быть особенно терпеливыми и находчивыми, чтобы эффективно работать с ограниченными средствами и приспосабливать свои методы обучения к индивидуальным потребностям каждого ребенка. Они могут столкнуться с ограниченной библиотекой книг, недостаточным количество компьютеров или интерактивных учебных материалов. Однако это не должно препятствовать прогрессу и развитию детей. Важно развивать и использовать все доступные возможности для обучения и развития детей, включая привлечение внешних ресурсов, проведение групповых проектов и организацию посещений местных музеев или предприятий.

Проявление креативности и умения находить альтернативные пути образования помогут преодолеть ограничения и улучшить качество образования в сельской школе[6].

Из всего сказанного можно сделать следующий вывод:

Чтобы повысить качество образования и стремиться к тому, чтобы каждый ученик был «успешен» следует:

- использовать разнообразные методики и технологии;
- применять информационно-коммуникационный подход в процессе обучения.

- использовать инновационные технологии.

В завершении, необходимо подчеркнуть, что начальное образование в сельской школе является превосходной фазой формирования личности каждого ребенка. На успешность ребенка влияет множество факторов – это не только применение инновационных технологий, но и мастерство и профессионализм учителя, который любит своих учеников, сотрудничество родителей, ребенка и учителя, организация режима дня. При соблюдении этих факторов существенно повышается эффективность обучения, формируются интерес к предмету, а, значит, образование младших школьников становится качественным, отвечающим требованиям новых образовательных стандартов.

ЛИТЕРАТУРА

1. Программа «Перспективная начальная школа». Москва, Академкнига/Учебник, 2007.
2. Наумов Н.Г. Теория и практика развития образования в сельском районе в новых социально-экономических условиях. – М., 2001.
3. Словарь С.И.Ожегова, 2003.
4. Психолого-педагогическая литература о сущности неуспеваемости и причинах ее появления.
5. Селевко Г.К. Современные образовательные технологии: Учебное пособие. – М.: Народное образование, 1998.
6. Гузеев В.В. Образовательная технология: от приема до философии / М.: Сентябрь.

«ОҚУШЫЛАРҒА ҚАЗАҚСТАН ТАРИХЫ ПӘНІН ҚЫСҚА МЕРЗІМДЕ ОҚЫТУДЫҢ ТИІМДІ ТӘСІЛДЕРІ»

Арыстанов Мукат Кайыржанович
Тарих пәні мұғалімі, педагог-шебер
Қ.Мырзалиев атындағы жалпы білім беретін орта мектеп,
БҚО, Сырым ауданы, Жымпиты ауылы
kaz.tarih@mail.ru

Аннотация: Баяндамада автордың өзі құрастырған «Қазақстан тарихы (оқушылар мен талапкерлерге арналған ҰБТ-ге дайындық бойынша тест, кесте, карталар жинағы» атты оқу құралы арқылы тарих пәнін тиімді оқытудың жолдары көрсетеді. Оқу құралындағы кесте, карта, бейнероликтер мен тесттер ауылдық жерлердегі жалпы білім беретін мектептердің А,В,С деңгейіндегі барлық оқушыларын қысқа мерзім ішінде тарих пәні бойынша жүйелі білім алуға, мемлекеттіліктің даму сабақтастығын есте сақтауға, тарихи оқиғаларды тұтас көруіне, шапшаң логикалық ойлауына мүмкіндік береді. Ауыл балалары үшін күнделікті сабаққа, емтихан мен ҰБТ-ге өз бетінше сапалы дайындалуын қамтамасыз етуді көздейді.

Біздің әрбіреуіміз өзімізді мектебіміздің білікті, білімді ұстаздары деп есептейміз. Әйтсе де, оқушы түлектеріміз әлеуметтік желілер мен онлайн курстар арқылы ҰБТ-ге дайындалғанды жақсы көреді. Ол жерде оқушыларға сабақ беріп жатырғандардың көпшілігі күні кеше ғана мектепті бітірген, қазіргі кездегі 2-3 курс, әрі кетсе 4 курс студенттері. Курс жүргізушілердің арасында өзімнің де түлектерім бар. Қалай ойлайсыздар, неліктен оқушылар мектептегі мұғалімдерден гөрі, осындай онлайн-курс арқылы ҰБТ-ге дайындалғанды жақсы көреді?

Оқушыларымды Қазақстан тарихы пәнінен ҰБТ-ге дайындау барысында 2012-2017 жылдар аралығында жастар арасында сол кезеңде кең таралған VK-әлеуметтік желісіндегі түлектердің ҰБТ-ге арналған түрлі топтарының арасына өзімді оқушы ретінде тіркеп,

бірнеше жыл бойына оқушылардың дайындалу процесін бақылап отырдым. Мені қызықтырғаны «Оқушылар ҰБТ-ге қалай дайындалғанды ұнатады?» деген сұраққа жауап алу еді. Бақылау кезінде менің түйгенім, оқушылар дайындық барысында қысқа уақыт ішінде нақты, тез, сапалы, жаттанды емес логикалық білім алғанды ұнататын болып шықты. Ал сабақ беруші студенттер ақылы курстар арқылы өздерінің оқуға түсер кезіндегі ҰБТ-ге дайындалу барысында жинаған тәжірибелерімен бөлісетін болып шықты.

Идеяның өзектілігі: Шындығы керек, еліміздегі жалпы білім беретін мектептердегі басты проблема, ол оқушылардың 5-9 сынып аралығында алған білімдерін 10-11 сыныпқа келген кезде кем дегенде 70-80%-ын ұмытып қалатындығы болып отыр.

Сондықтан, 2012-2017 жылдар аралығында өз мектебімнің және Сырым ауданының мектеп бітіруші түлектеріне жыл сайын апробациядан өткізе отырып жасаған іс-тәжірибемнің нәтижесі ретінде екі бөлімді «Қазақстан тарихы (оқушылар мен талапкерлерге арналған ҰБТ-ге дайындық бойынша тест, кесте, карталар жинағы. Әдістемелік құрал)» атты жеке авторлық кітабым жарыққа шықты. 2018 жылдан бастап БҚО барлық ауданына таралса, осы кезеңнен бастап Астана қаласындағы «ISTUDY» оқу орталығы арқылы республиканың оқушыларына танымал болды. (1 сурет)

Менің алға қойған мақсатым, Қазақстан тарихы пәнінен 5-9 сынып аралығында өткен тақырыптар бойынша ауыл балаларын ҰБТ-ге және мемлекеттік емтиханға 6 ай уақыт мерзімінде сапалы дайындау болды.

Ол мынадай міндеттерді шешу қажет болды**:**

- ✓ А, В, С деңгейіндегі барлық оқушыларды жаттандылыққа емес, нақты, сапалы біліммен қамтамасыз ету;
- ✓ Тарихи жүйелілікті, мемлекеттіліктің кезеңдерінің сабақтастығын есте сақтау;
- ✓ Тарихи оқиғаларды тұтас процесс ретінде көре білу;
- ✓ Шапшаң логикалық ойлау қабілеттерін дамыту.

Оқушылар ендігі кезекте 5 жыл бойы Қазақстан тарихы пәнінен оқыған қалың кітаптарының ішіндегі 90% негізгі білімді бар-жоғы кішкентай екі кітапшаға кесте және карталар түрінде енгізіп жібердім. Кітаптың 1-ші бөлімі 5-6 сынып бойынша 26 кесте , 19 картадан, ал 2-ші бөлімі 7-9 сынып бойынша 24 кесте, 8 картада тұрады. Кітап ішіндегі кестелерге оқушылардың дайындық процесі кезінде жасаған сызбаларын тәжірибелі ұстаз ретінде толықтырып, жүйелеп, әрі түсіндірудің нақты, қызықты әдіс-тәсілдерін ойлап таптым. Әрине, кестелер мен карталарды жасауда 1995 жылдан бастап шыққан барлық Қазақстан тарихы пәні оқулықтарын, энциклопедияларды және интернет мәліметтерін анықтауға, карта сызып үйрену өнеріне машықтануға тура келді. Карталар мен кестелер жыл сайын қайта толықтырылып немесе оқушы ыңғайына сай қайтадан түзетіліп отырды.

Кітаптың оқушылар мен мұғалімдер арасында кеңінен танымал болуына мынадай ерекшеліктері себеп болды:

1) Тарихи уақыт рим цифрларымен есептеледі. Кейбір оқушылар 11 сыныпқа келсе де рим цифрларын ажырата алмай жатады. Сондықтан, рим цифрларын есте сақтаудың қарапайым әдістері, жылды ғасырға айналдыру, б.з.д. және б.з. жыл санауын уақыт сызығына салу және ғасырға айналдыру әдістері көрсетілген.

2) Кестелер мен карталар бір бетте берілген. Бұл оқушының кестедегі мәліметтерді, оқиғаларды картадан қатар көріп отыруына жағдай жасалды. Мысалы: сақ тайпаларының археологиялық ескерткіштерін оқумен қатар ескерткіштердің қай тайпаның мәдениеті екендігі, қай жерде орналасқандығы, ерекшеліктері, барлық сақ тайпаларының мекендеген аумақтарын ажырата алатындығына ыңғайлы. Тасмола мәдениетінің орналасқан жері Орталық Қазақстан аумағы және исседон тайпасының мәдениеті, археолог М.Қадырбаев зерттеген екендігі кестеде және картада анық көрсетілген.

3) Қазақстан тарихының кезеңдерін, мемлекеттер арасындағы өзара сабақтастықты бір беттегі кесте арқылы көруіне мүмкіндік алады. Оқушы ерте орта ғасырлық мемлекеттер тарихын толық оқып шығу үшін оқулықтың кем дегенде 30 бетін қарауы керек, ал кестеде бір ғана беттегі мәліметтер осы 30 беттің ішіндегі мәліметтерді толық

қамтиды. Сонымен бірге, мемлекеттердің өмір сүру реттілігі, оқиғалардың тізбектілігін табуда есте сақтауға ыңғайлы болды. Кестедегі мәліметтер арқылы мемлекеттік емтиханға, күнделікті сабаққа да ауызша дайындала алатын болды. Мысалы: 1.Түргеш; 2. Қарлұқ; 3. Түрік; 4. Батыс Түрік қағанаттарының өмір сүру хронологиясына сәйкес реттілікпен орналастырыңыз немесе өмір сүру кезеңдерімен А) 552-603 ж.; В) 756-940 ж.; С) 704-756 ж; Д) 603-704 ж. сәйкестендіріңіз деген сұрақтарға логикалық түрде жауап табуға тиімді. (3 сурет)

4) Тарихи карталардың барлығында қазіргі Қазақстан мемлекетінің территориясы көрсетіле отырып салынды. Себебі, оқушылардың қазіргі мемлекеттік шекарамызды көз алдына елестете отырып есте сақтайтыны белгілі болды. Картадағы тарихи атаулар оқушылар үшін керемет мүмкіндік. Мысалы: Түргештердің мекендеген жері Жетісу десе, оқушы Балқаш көлінің төменгі бөлігі немесе Әмір Темір мемлекетінің аумағы Мауераннах десе, Сырдария мен Әмударияның аралығы екендігін бірден таба алады. Сонымен бірге, оқушы тек Қазақстан ғана емес, дүниежүзі тарихында болып жатырған оқиғаларды да парраллель көруіне мүмкіндік алды. Мысалы: Ұлы Дала аумағы кезеңінде Түрік қағанатымен байланыс жасаған Византия, Қытай, Эфталит, Иран мемлекеттерінің өзара байланысына Ұлы Жібек жолы әсер еткендігін көре алады.

5) Қазіргі уақытта картадағы және кестедегі мемлекеттіліктің тарихи кезеңдерін қысқаша түсіндіру үшін ұзақтығы 10 минуттан аспайтын видеолар түсірілуде. Олар оқушыға қолдануға ыңғайлы болуы үшін, картаның немесе кестенің бұрышындағы QR-кодты сканерлеу арқылы ұялы телефоннан кез-келген уақытта көріп, тақырыпты түсініп алуға жағдай жасайды.

6) Оқушылардың дайындалуындағы тиімді әдістердің бірі – ұқсастығына қарай есте сақтау екен. Сондықтан, тарихи терминдер ұқсастығына қарай кестеге жинақталып берілді. Мысалы: жер иелену түрлері ақта, сойырғал, інжу, вакф терминдері анықтамасымен бір кестеде орналастырылды.

7) Алған білімдерін бекіту мақсатында тақырыптық тестер және ҰБТ-ге арналған байқау сынақтарын GOOGLE форма арқылы ұялы телефоннан орындауға мүмкіндік берілген. Тесттердің өзіндік ерекшеліктері бар. Тақырыптық бекіту тесттерінде «ақиқат» немесе «жалған», бірнеше жауаптық нұсқаны белгілеу, сәйкестендіру тест үлгілері бар. Ал, байқау сынақ тесттерінде тарихи тұлғалардың фотосуреттері, карталар, мәтінмен жұмыс түрлері, реттілікті анықтау т.б. тест үлгілерін орындауға болады. Тест аяқталған кезде оқушы өзінің алған баллын, қате жіберген сұрақтарын көруіне болады. Сонымен бірге, түзету жұмыстары ретінде әрбір сұрақтың астына қысқаша тарихи мәлімет ретінде коментарийлер жазылған. (4-сурет)

Жұмысымның нәтижесі:

✓ Ауыл оқушылары ақылы оқу орталықтарына бармай-ақ, Қазақстан тарихынан қысқа уақыт ішінде үйден немесе мектептен дайындалуына мүмкіндік алды;

✓ Оқушылар кестелер мен карталарды күнделікті сабаққа, мемлекеттік емтиханға және ҰБТ-ге дайындыққа әзірлікке қолданатын болды. Тіпті, ЖОО-на түскен студенттерім де кестелерді Қазақстан тарихы сабағы қолдануға алып кетіп жатыр.

✓ Мұғалім ретінде барлық жұмыстарым жеңілдеді. Оқушыларды сабаққа әзірлеуде, білімдерін бақылау, қатемен жұмыс кезіндегі статисткикалық мәліметтердің барлығы автоматтандырылған жүйеге айналды.

Мұғалім өзінің ізденуін қашан тоқтатқан кезде, оның мұғалімдігі де тоқтайды. Ұстаз үнемі үздіксіз білім алуы қажет. «Білім алу – батылдылық, оны толықтыру – даналық, ал шебер қолдана білу – өнер». Осы құнды пікірмен сіздер де келісетін боларсыздар.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Арыстанов М.Қ. Қазақстан тарихы (оқушылар мен талапкерлерге арналған ҰБТ бойынша тест, кесте, карталар жинағы) – 1,2 бөлім Орал, 2020.

БІЛІМ АЛУШЫЛАРДЫҢ МАТЕМАТИКА ПӘНІНЕ, ҒЫЛЫМҒА ДЕГЕН ҚЫЗЫҒУШЫЛЫҒЫН ИННОВАЦИЯЛЫҚ ӘДІСТЕР МЕН ОҚЫТУДЫҢ ТЕХНОЛОГИЯЛАРЫ АРҚЫЛЫ АРТТЫРУ

ПОВЫШЕНИЕ ИНТЕРЕСА УЧАЩИХСЯ К МАТЕМАТИКЕ И ЕСТЕСТВЕННЫМ НАУКАМ ЧЕРЕЗ ИННОВАЦИОННЫЕ МЕТОДЫ И ТЕХНОЛОГИИ ОБУЧЕНИЯ

INCREASING LEARNERS` INTEREST IN MATHEMATICS AND SCIENCE THROUGH INNOVATIVE METHODS AND TEACHING TECHNOLOGIES

Гульнар Чакирбековна Мухамадьярова
«Жетісу облысы білім басқармасының Сарқан ауданы бойынша білім бөлімі» мемлекеттік мекемесінің «Жетісу орта мектебі мектепке дейінгі шағын орталығымен» КММ
mukhamadyarova78@mail.ru

Аннотация Баяндамада қазіргі білім беру саласындағы өзекті мәселелердің бірі-жаңа технологияларды қолданудың әдіс-тәсілдері арқылы білім алушылардың математика пәніне, ғылымға деген қызығушылын ояту жайлы жазылған. Білім алушылардың шығармашылық, теориялық негіздерін, эстетикалық көзқарастарын пайымдауын, баға беруін, танымдық белсенділігін дамытуға бағытталған.
Согласно докладу, одним из наиболее актуальных вопросов в сфере образования является интерес учащихся к математике, естественным наукам через методы использования новых технологий. Он направлен на развитие творческих, теоретических основ, эстетического видения, оценки, познавательной активности учащихся.
Abstract: In the report, one of the actual problems in the field of modern education is about awakening students' interest in mathematics and science through the methods of using technologies. It is aimed at developing students' creative, theoretical bases, judgement, evaluation, and cognitive activity of aesthetic views.
Түйін сөз: инновациялық әдістер, оқыту технологиялары, «Жас ғалым» клубы, ауыл мектебі, нәтиже.

«Ұлттың бәсекеге қабілеттілігі бірінші кезекте білім деңгейімен айқындалады» - деген Елбасымыздың байламы жеке адамның құндылығын арттыру, оны дайындайтын мұғалімнің жауапкершілігінің өсуі, тынымсыз-қажырлы еңбек, саналы тәрбие мен сапалы нәтиже деген ұғыммен егіз екені бәріне аян. Тәуелсіз ел тірегі – ол білімді ұрпақ жаңа дәуірдің күн тәртібінде тұрған мәселе білім беру, ғылымды дамыту. Бүгінгі қоғамның мұғалімдер алдына қойып отырған басты міндеті, артар жүгі - сапалы білім берумен қатар жан-жақты дамыған, өзіндік ой-пікірі қалыптасқан тұлға қалыптастыру. Тұлға қалыптастыруда - оның тәні мен жанын қатар дамыту, танымдық қызығушылығын дамытудың әдіс-тәсілдерін іздеу, анықтау, жүйелеу, синтездеу, қолдану. Мемлекеттік білім стандарты жаңа педагогикалық технологияны ендіруді міндеттейді. Сондықтан оқу-тәрбие үрдісіне жаңа инновациялық әдіс-тәсілдерді енгізу – білім алушылардың білімге деген қызығушылығын, ғылымға деген талпынысын арттырып, өз бетімен ізденуге, зерттеу жұмыстарын жүргізіп, шығармашылықпен айналысуға жол салары анық[1].

Қазіргі таңда оқу орындарында педагогикалық тәжірибені зерттеу, жинақтау ісі күрделі мәселелердің бірі болып табылады. Педагогикалық тәжірибе – оқыту, білім беру және нәтижесі білім алушының жеке тұлғалық сапаларынан көрінетін, белгілі бір мақсатпен ұйымдастырылатын педагогикалық процесс. Казіргі заман талабына сай, жеке тұлға қалыптастыру үшін жаңа технологияны меңгерген ұстаздар дайын дүниені бере салмай, шәкіртінің өзіне қажет мағлұмат алуына жол көрсетіп, бағыт – бағдар беруші болып табылады. Өз бетінше қызыға, іздене бір нәрсені немесе бір әрекетті әр қырынан қарап, талдау жасауына, қорытынды шығаруына көмектеседі. Ұстаз шәкіртін үнемі қадағалаушы,

бос уақытын пайдалы іспен өткізуін қадағалаумен қатар, баланың жан дүниесіне үңіліп, ішкі сырын, ойын, өмірге көзқарасын байқап, бақылап отырады. Шәкәрім Құдайбердіұлы «Адамның жақсы өмір сүруіне үш сапа негіз бола алады, олар барлығынан басым болатын адал еңбек, мінсіз ақыл, таза жүрек. Бұл сапалар адамды дүниеге келген күннен бастап тәрбиелейді» деп есептеген. Ұрпақ тәрбиесі - бұл болашақ тірегі. Сондықтан, ұстаз - мұғалімдер қауымының алдына өте үлкен міндет жүктелді. Бүгінгі таңда жас ұрпаққа пәнді тиімді ұғындырудың бірі - жаңа технология негіздері болып табылады.

Қазіргі таңдағы ең тиімді жаңа технологиялар:

1. Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар;
2. СТО дамыту технологиясы;
3. Жоба технологиясы;
4. Дамыта оқыту технологиясы;
5. Проблемалық оқыту технологиясы;
7. Ойын технологиялары;
8. Семинарлық технология;
9. Интегралды оқыту технологиясы;
10.Деңгейлеп саралау технологиялары;
11. Топтық технологиялар [2].

Қазіргі мектеп мұғалімдерінің алдында тұрған басты міндет - оқушылардың шығармашылық білім дағдыларын қалыптастыру. Сондай-ақ, мен өзім дәріс беріп жүрген білім алушылардан түрлі сауалнамалар алып, математика пәніне деген қызығушылықтарын анықтап, дарынды оқушылардан «Жас ғалым» клубы 2016-2017 оқу жылынан бастап құрдым. Әрбір сыныптан қызығушылығы оянған 5-6 білім алушыдан жинақталып, әр оқушы өзін қызықтырған ақпараттармен бөлісіп, мазалап жүрген сұрақтарына жауап ала алды. Белгілі бір тақырып аясында зерттеу жұмыстарын жүргізіп, клуб мүшелерімен бөлісетін болды. Жеке дара, жұптасып, топтасып та бірлескен жұмыстарын көрсете бастады. 1-1,5 жыл өткен соң, белгілі бір тақырып аясында зерттеген ізденіс жұмыстарымен бөліседі.

Жұмыс барысында клуб мүшелерінің бойынан педагогикалық технологияның тиімді тұстары байқалады:

1. Оқушы өз бетінше жұмыс жасауға мүмкіндік алады, соған үйренеді;
2. Оқушының жеке қабілеті анықталады;
3. Іштей бір - бірінен қалмауға тырысып, талпынады;
4. Тапсырмалық күрделену деңгейіне сәйкес оқушының ойлау, орындау қабілеті артады;
5. Өзін - өзі тексеруге дағдыланады;
6. Мұғалім жекелеген оқушыларға көмектесуге мүмкіндік алады;
7. Орындау қабілетіне қарай бағаланады.

Мұғалім мектепте оқуға, ізденуге, жан-жақты дамуға дайындықтың әр түрлі деңгейлерін ескеретін тұлғалық - бағдарлы, дамытушылық білім беру технологияларына ие болуы керек. Оқушылардың қазіргі тұлғалық дамуы жаңа білімді «ашуға» бағытталған өзіндік іс-әрекет процесінде жүзеге асырылады. Заманауи білім беру технологияларының ішінде мен білім алушыларымен жұмыс жасауда қолдануға болатын технологияларды таңдадым. Мысалы: тұлғаға бағытталған, дамытушылық, проблемалық оқыту технологиялары, сонымен қатар ойын, жоба, ақпараттық-коммуникациялық технологиялар. Мен өз жұмысымда проблемалық оқыту технологияларын, жобалық жұмыстарды, ойындарды, АКТ, белсенділік әдісін, Л.Г.Петерсоннің әдісін жиі қолданамын[3]. Білім алушылар проблемаларды көру, сұрақтар қою, гипотезалар қою, тұжырымдамаларды анықтау, бақылаулар мен эксперименттер жүргізу, қорытындылар мен нәтиже жасау, қызықты ақпаратпен жұмыс жасау, өз идеяларын дәлелдеу және қорғау қабілеттері білім берудің тәуелсіз нәтижелері сияқты білім нәтижелеріне қол жеткізуге әкеледі. Клубта проблемалық жағдаяттар жасау – білім алушыларының шығармашылық ойлауын дамыту

тәсілдерінің бірі. Оқушылар үшін ақпараттық технологияларды қолдану арқылы сабақ өткізу қызықты болады. Нәтижесінде білімді тиімді игеру пайда болады; сабақта анықтық деңгейі жақсарады. Әрине, бұған басқа әдістермен қол жеткізуге де болады (плакаттар, карталар, кестелер, жазу), бірақ компьютерлік технологиялар көрнекіліктің анағұрлым жоғары деңгейін жасайды. Сыныптағы және сабақтан кейін оқушылардың көкжиегін кеңейту үшін жаңа ақпарат алу және интернет ресурстарынан алынған материалдардың көмегімен өзім жасаған презентацияларды қолданамын. Балалар слайдтарды қуана-қуана көреді, көргендерін талқылауға белсенді қатысады.

Ойын технологиясы кезінде, ойын - бұл өмірдегі керемет құбылыстардың бірі болғандықтан, қазіргі педагогикада ойын, дидактикалық ойын тақырып тұжырымдамасын, тіпті тақырыптың бөлігін, сонымен қатар жалпы технологияның элементін игеру үшін тәуелсіз технология ретінде қолданылады. Ойын - баланы әлеуметтендірудің ең күшті құралы, өмірдегі әртүрлі жағдайларды модельдеуге, одан шығудың жолын іздеуге мүмкіндік береді. Ойын адам ретінде өзін-өзі тану саласы ретінде өте маңызды. Клуб мүшелері тек зерттеу жұмысынан да бөлек арасында ойын элементтерін кіргізіп, сергіту сәттерін ұйымдастырамыз. Төмендегі кестедегі оқушылар «Жас ғалым» клубының мүшелер. Олар осы клубта бірлесіп жұмыс жасап, бір-біріне қолдау көрсете отырып, түрлі жетістіктерге жетіп келеді.

/с	Оқушының аты-жөні	Оқу жылы	Байқау атауы	Аудан-дық кезең	Облыс-тық кезең	Республ ика-лық кезең	Халықа ра-лық кезең
	Шаяхмет Сұлтан	2016-2017	«Дарын» ғыл.жобасы	1-орын	2-орын; 3-орын		
	Тілеуов Олжас	2017-2018	«Экспо 2017» республикал ғыл.жобалар байқауы	1-орын		1-орын	3-орын
	Нұртілеу Құндыз	2018-2019	«IQanat» ауыл мект-нің пән олимпиадасы	1-орын	1-орын	Серт., бағалы сыйлық	
	Шаяхмет Алихан	2019-2020	Республик. «Зерде»жобас	1-орын	3-орын		
	Оралбекқызы Қарақат	2020-2021	«IQanat» ауыл мект-нің пән олимпиадасы	1-орын	1-орын	Сертификат бағалы сыйлық	
	Ибрагимов Әділ			1-орын	1-орын		
	Қаният Марлен	021-2022	«IQanat» ауыл мект-нің пән олимпиадасы	1-орын	1-орын	Сертификат	
	Шаяхмет Алихан	021-2022		1-орын	1-орын	Сертификат	

	Толқынқызы Нұрсара	2021-2022		1-орын	1-орын	Сертификат	
0	Амангелді Сұлтан	2022-2023	«IQanat» ауыл мект-нің пән олимпиадасы	1-орын	1-орын		
1	Көпжасар Гүлім	2022-2023		1-орын	1-орын		
2	Сапиева Дильяра	2022-2023		1-орын	1-орын		
3	Бекұзақ Мұхаметжан	2022-2023		1-орын	1-орын	Грант иегері	
4	Шаяхмет Іңкәр	2022-2023	Респуб-лық ғылыми жобасы	1-орын	2-орын	3-орын «Матем. және жобалау» Москва	

Жаңа идея Инновацияны алдын ала мөлшерлеу қиын. Бірақ күнібұрын жоспарлап, ұйымдастырып, бейімдеп, белгілі бір саладан жаңалық ашуға жұмылдыруға болады. Әрине, кім қандай жаңалық ашады, қалай ашылады, ол көбінесе белгісіз болады. Ғылым-техникалық жаңалық көбінесе ғалымдардың жаңа ойлар мен мүмкіндіктерді өзара тоғыстырып, күрделі талдау жасау және синтездеу жұмыстары арқылы ашылады. Ғылым дамыса техникалық жаңалықты әлеуеттендіреді, техника дамыса ғылыми жаңалыққа алғышарт әзірлейді емес пе? Ол ізденіс пен қолданудың байланысына қатысты, көп түрлі мүмкіндікті тоғыстыра қолданудың жемісі. Көптеген жаңалықтар кездейсоқ пайда болғаны белгілі. Бірақ заман дамыған сайын инновацияны арнайы жоспарлау, мол қаржыландыру, жүйелі ұйымдастыру күнтәртіпке еніп келе жатқан секілді. Инновацияда үлкен тәуекелшілдік болады. Егер кәсіпорын, немесе кез келген мекеме, тіпті кез келген адам бір деңгейде тұрып қалса, бір түрлі әдіспен қайталанудан жазбаса, онда ол көбінесе күйреуге беттейді. Өйткені бәсекелестер жаңа мүмкіндік, арзан тауар жасап шығарып, пайдалы орайларды өздеріне қарай бұрып әкетеді[6]. Дәл сол сияқты клубтағы білім алушылар арасында да бәсекелестік туындап жатқан да клубтың әрбір мүшесі қарқынды ізденіс жұмыстарын жүргізеді. Әрине, ашып жатқан жаңалықтарымен клуб жеьтекшісімен бөлісіп, өз ұсыныстарын айтса, жетекші ақпаратын толықтырып, бағыт-бағдар беруден жалықпас.

Қазіргі кезде егемен елімізде білім берудің жаңа жүйесі жасалып, әлемдік білім беру кеңістігіне енуге бағыт алуда. Бұл оқу-тәрбие үрдісіндегі елеулі өзгерістерге байланысты болып отыр. Себебі, білім беру парадигмасы өзгерді, білім берудің мазмұны жаңарып, жаңа көзқарас, жаңаша қарым-қатынас пайда болуда. Келер ұрпаққа қоғам талабына сай саналы тәрбие мен сапалы білім беруде мұғалімдердің инновациялық іс-әрекетінің ғылыми-педагогикалық негіздерін меңгеруі маңызды мәселелердің бірі. Ғылым мен техниканың жедел дамыған, ақпараттық мәліметтер ағыны күшейген заманда ақыл-ой мүмкіндігін қалыптастырып, адамның қабілетін, талантын дамыту білім беру мекемелерінің басты міндеті болып отыр[5]. Біздің де «Жас ғалым» клубының басты міндеті, жас ғалымдарды тәрбиелеп, Қазақстанның көркейіп, дамуына өз үлестерін қоса алатын жеке тұға қалыптастыру. Ол бүгінгі білім беру кеңістігіндегі ауадай қажет жаңару оқытушының қажымас ізденімпаздығы мен шығармашылық жемісімен келмек. Сондықтан да әрбір оқушының қабілетіне қарай білім беруді, оны дербестікке, ізденімпаздыққа, шығармашылыққа тәрбиелеуді жүзеге асыратын жаңартылған педагогикалық технологияны меңгеруге үлкен бетбұрыс жасалуы қажет. Өйткені мемлекеттік білім стандарты деңгейінде оқу үрдісін ұйымдастыру жаңа педагогикалық технологияны ендіруді міндеттейді. Біздің шағын жинақты Жетісу орта мектебінің қызметкерлерінің алдына қойылып отырған міндеттердің бірі — оқытудың әдіс тәсілдерін үнемі жетілдіріп отыру және қазіргі заманғы педагогикалық технологияларды меңгеру. Бүгінгі күнге мектебіміздің 23 ұстазының біреу шебер-ұстаз, 4-еуі зерттеуші-педагог, ал 5-еуі сарапшы-педагог, қалғандары педагог-модератор болса да, жылдан жылға өз



біліктіліктерін көтеріп, білім алушылардың білім сапасын арттырып, түрлі байқауларға қатыстырып, дарынды оқушылар қатарын арттыруда. Қазіргі таңда пән мұғалімдері инновациялық және интерактивтік әдістемелерін сабақ барысында пайдалана отырып сабақтың сапалы әрі қызықты өтуіне ықпалын тигізуде. Әрине, шағын ғана мектебіміздің материалдық базасы керемет болмаса да, ешбір қаланың мектеп-лицей, гимназия мектептерінен білім жағынан қалысып отырған жоқ. Әр мұғалім өз міндетіне жауапкершілікпен қарап, үнемі ізденіс үстінде болады. «Мұғалім өз ісіне деген сүйіспеншілікті оқушыға деген сүйіспеншілікпен ұштастыра алғанда ғана шын мәніндегі мұғалім болмақ... Егер мұғалім өз ісін ұната білсе, ол жақсы мұғалім болады» деген ұлы орыс жазушысы Л.Н.Толстой тауып айтқан екен. Міне осындай қасиеттерді бойына жиған ұстаз ғана білімді ұрпақты қалыптастырады!

Қазақстанда ең алғаш «Инновация» ұғымына қазақ тілінде анықтама берген ғалым Немеребай Нұрахметов. Ол «Инновация, инновациялық үрдіс деп отырғанымыз-білім беру мекемелерінің жаңалықтарды жасау, меңгеру, қолдану және таратуға байланысты бір бөлек қызметі» деген анықтаманы ұсынған еді. Дәл осы ұсынылған анықтама біздің шағын ғана мектебімізде орын алуда. Өйткені 100 оқушыға толар-толмас мектептен спортқа, өнерге, ғылымға, көркем сөзге қызығушылығы оянған білім алушыларымыз аз емес. Әр оқу жылында аудан-облыс-республика-халықаралық деңгей көлемінде өткізіліп жатқан олимпиадалар, оқулар мен жарыстар, байқаулар мен дебаттарға қатысып, өз өнерлерін көрсетіп, жеңіс тұғырынан көрініп жүрген дарынды оқушыларымыз бірталай. Мектебіміздің мақтаныштары жылдан-жылға артып келеді. Әдеттегідей оқу жылының қорытындысы, Тамыз конференциясында ауданда шығарылып, мараптқа ие болудамыз. Соңғы үш оқу жылын салыстырмалы түрде алатын болсақ, біздің мектептің білім сапасының артуы, оқушыларымыз пен мұғалімдеріміздің жетістері төмендегі диаграммада көрсетілген:

2022-2023 оқу жылының рейтинг қорытындысы бойынша «Шағын жинақталған мектептер арасында» жүлделі 1-орынды иеленіп, ҚР Оқу-ағарту министрлігінің «Алғыс хатымен» марапатталдық. Мектебіміздің жетістіктері өте көп. Бәрін тізіп жазу мүмкін емес. Осы өткен оқу жылында 1-халықаралық, 5-республикалық, 6-обыстық, 15-аудандық көрсеткіштеріміз бар. Аядай шағын мектебіміздің марапаттары баршылық.

Әдіскер С.Көшімбетова өзінің зерттеуінде оқу-тәрбие үрдісінде оқытудың инновациялық әдіс-тәсілдерін қолданудың мынадай ерекшеліктерін атап көрсеткен:

- дербес оқыту технологиясы оқу-тәрбие үрдісінде ғылымның негіздерін игерту үшін ізгілік, адамгершілік қасиеттерді қалыптастыра отырып, жеке тұлғаның әлеуметтік-психологиялық жауапкершілін арттырады;
- оқытушы білмейтін шығармашылық ізденіс негізінде өмірге келген жаңа қабілет;
- саралап деңгейлел оқыту технологиясында оқытудың мазмұнын әдістері шығармашылық ізденіс іс-әрекет жасау негізінде адамның инновациялық қабілеттерінің қалыптасуына бағытталады;
- ақпараттық бағдарламалап оқыту;
- оқытудың мазмұнын пәнаралық байланыс тұрғысынан ұйымдастыру;

Қазіргі жас ұрпақтың саналы да сапалы білім алуының бірден-бір шарты — оқу орындарындағы білім беру процесіне жаңа инновациялық технологияларды енгізу екендігі сөзсіз түсінікті. Қорыта айтқанда, жаңа технологиялардың көмегімен оқушылардың білімін жетілдіру мен оқу сапасын жоғарылатуға, математика пәніне қызығушылығын артыра отырып, ғылыммен айналлысуға болады[7]. Қай халықтың, қай ұлттың болсын толығып өсуіне, рухани әрі мәдени дамуына басты ықпал жасайтын тірегі де, түп қазығы да – мектеп. Қазақ мектептерінің білім деңгейін көтеру және онда жаңа ақпараттық технологияларды пайдалану арқылы оқу-тәрбие үрдісін тиісті деңгейге көтеру, педагогикалық ұжымның жүйелі жұмыстарының нәтижесінде ғана жүзеге аспақ.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. С.Әлкен. Жаңа технологиялар арқылы шығармашылыққа баулу.
2. Инновациялық педагогикалық технологиялар.Қ.Сарбасова.(2006 ж)
3. Әлемдік педагогикалық ой-сана.(2010 ж)
4. Бейсенбаева А.А. Пәнаралық байланыс негізінде оқу процесін ұйымдастыру.-Алматы,РБК,1995.54-55 б.
5. Нағымжанова Қ.М. Оқу процесінде инновациялық іс-әрекеті. Өскемен: МедиаАльянс,2004.
6. Инновационное обучение: стратегия и практика. Под.ред. В.Я.Ляудис.-М.: Изд-во МГУ,1994.
7. Жүнісбек Ә. Жаңа технология негізі – сапалы білім. — //Қазақстан мектебі, №4, 2008

ЦИФРОВЫЕ ТЕХНОЛОГИЙ В ОБРАЗОВАТЕЛЬНОМ ПРОСТРАНСТВЕ

Асылханова Ардақ Жеңісқызы
бакалавр филологии
педагог – исследователь русского языка и литературы
КГУ «Средняя школа имени М.В.Ломоносова»
г.Зайсан, Республика Казахстан
ms.a.ardak72@mail.ru

Аннотация на русском:

Статья посвящена обсуждению вопросов, связанных с целесообразностью применения инновационных цифровых технологий на уроках русского языка и литературы в образовательных учреждениях. Описан инструментарий формирования информационно-цифровой компетентности на современном этапе преподавания русского языка и литературы. Автор отмечает, что активное использование современных педагогических технологий, интерактивных форм работы увеличивают познавательную самостоятельность учителей и учащихся, мотивируют потребность в развитии их инновационной культуры. В ней говорится о том ,что современный педагог должен стать модератором, разработчиком образовательных траекторий, тьютором, организатором проектного обучения, координатором образовательной онлайн-платформы, ментором стартапов, игромастером, что невозможно без повышения собственной цифровой грамотности и овладения новыми цифровыми навыками.

Аннотация на казахском:

Мақала оқу орындарында орыс тілі мен әдебиеті сабақтарында инновациялық цифрлық технологияларды қолданудың орындылығына қатысты мәселелерді талқылауға арналған. Орыс тілі мен әдебиетін оқытудың қазіргі кезеңінде ақпараттық-цифрлық құзыреттілікті қалыптастыру құралдары сипатталған. Автор заманауи педагогикалық технологияларды, интерактивті жұмыс формаларын белсенді пайдалану мұғалімдер мен

оқушылардың танымдық дербестігін арттыратынын, олардың инновациялық мәдениетін дамыту қажеттілігін ынталандыратынын атап көрсетеді. Онда заманауи мұғалім модератор, білім беру траекториясын әзірлеуші, репетитор, жобалық оқытуды ұйымдастырушы, білім беру онлайн платформасының үйлестірушісі, стартап-тәлімгер, ойын шебері болуы керек, бұл өз деңгейін арттырмайынша мүмкін емес. жеке цифрлық сауаттылық және жаңа цифрлық дағдыларды меңгеру.

Аннотация на английском:

The article is devoted to the discussion of issues related to the appropriateness of the use of innovative digital technologies in the lessons of the Russian language and literature in educational institutions. The tools for the formation of information and digital competence at the present stage of teaching the Russian language and literature are described. The author notes that the active use of modern pedagogical technologies, interactive forms of work increase the cognitive independence of teachers and students, motivate the need to develop their innovative culture. It says that a modern teacher should become a moderator, a developer of educational trajectories, a tutor, an organizer of project-based learning, a coordinator of an educational online platform, a startup mentor, a game master, which is impossible without increasing one's own digital literacy and mastering new digital skills.

Цифровая образовательная платформа — информационное пространство, объединяющее участников процесса обучения, которое дает возможность для удаленного образования, обеспечивает доступ к методическим материалам и информации, а также позволяет осуществлять тестирование уровня знаний обучающихся.

Образовательная платформа – система управления обучением. Это прикладное программное обучение, которое могут использовать все участники образовательного процесса.

Образовательная платформа – интернет–ресурс, обязательно содержащий банк учебных материалов, которые предоставляются пользователям на определенных условиях.

Целью данных платформ является обеспечение высокого качества образования с помощью цифровых технологий.

Данные платформы являются актуальными для детей школьного возраста, так как наглядность и качественная визуализация позволяют школьникам облегчить процесс запоминания информации.

Современное понятие «образовательная платформа» интегрирует в себе широкий диапазон самых разных возможностей. Своим названием это понятие обязано тем, что на образовательную платформу «устанавливаются» самые разнообразные программные продукты, системы и комплексы. Поэтому образовательная платформа является интегрированным понятием, так называют многофункциональные системы для автоматизации управления учебным заведением, виртуальные и управляемые образовательные среды.

Практическое применение образовательных онлайн-платформ в образовательной организации позволяет:

разработать новые педагогические подходы к организации учебного процесса;

упростить процесс разработки и адаптации педагогических приложений (за счет имеющейся на платформе базы знаний, электронных средств учебного назначения со ссылками на образовательные порталы и сайты, а также встроенных инструментальных систем),

применять в процессе обучения тестирующие и диагностирующие системы, которые включают банк вопросов, заданий и упражнений по всем предметам школьного цикла с возможностью внесения изменений и дополнений в вопросы и задания;

отслеживать динамику развития творческих способностей ребенка и профессионализма учителей.

Популярность электронных образовательных платформ с интерактивными возможностями обучения растет, особенно в условиях, продиктованных современной

реальностью. Переход на удаленное обучение требует внедрения в процесс современных методов обучения с использованием не только компьютеров, но и другой современной техники.

Преимущества цифровых образовательных платформ:

обучающийся может получать информацию в удобное время независимо от места нахождения;

использование современных технологий и мультимедийных средств

учебный материал может быть наглядным, интересным и доступным для понимания и освоения;

все необходимые учебные материалы доступны проходящему обучение;

самостоятельная работа развивает самоорганизацию, дисциплину, инициативность;

возможность дистанционного обучения людей с ограниченными возможностями;

возможно формирование курсов с использованием новейших методик обучения;

Недостатки использования цифровых образовательных платформ:

недостаток общения и социальных аспектов обучения — обмена информацией и эмоциональная вовлеченности в процесс;

недостаточный уровень контроля с точки зрения дисциплины, но данный аспект важен лишь в процессе обучения детей и подростков.

Существует огромное количество различных онлайн-ресурсов, в которых учитель может планировать свою деятельность. В современных условиях применение именно онлайн-платформ в образовательной среде набирает обороты.

Опробовав различные сервисы, я остановилась на некоторых.

Сетевой сервис Padlet.

Сетевой сервис Padlet - интересный ресурс, который может пригодиться в работе любого учителя или классного руководителя. Padlet – это интерактивная виртуальная доска. Она всегда имеет определённую тему, согласно которой происходит наполнение доски.

Платформа Plickers.

Платформа Plickers позволяет реализовать быструю обратную связь от класса (аудитории родителей, слушателей), мобильные голосования и фронтальные опросы во время учебного занятия по пройденному или текущему материалу. Получение результатов опроса происходит на занятии без длительной проверки. Работает приложение с применением QR-кодов. Plickers используется в связке с планшетом или смартфоном и ПК (ноутбуком). Камерой планшета (телефона) учитель сканирует поднятые учениками карточки с QR-кодами.

Цифровая платформа - MindMeister.

Другая, не менее важная в моей работе цифровая платформа, это MindMeister. Это инструмент визуального отображения информации, позволяющий эффективно структурировать и обрабатывать ее. В переводе с английского языка означает «карта ума» встречаются и другие варианты перевода этого понятия: ментальная карта, карта мыслей, диаграмма связей или ассоциативная карта. Выглядеть карты могут по-разному, но принцип их построения - один: в центре картинкой или одним-двумя словами обозначается основная идея или проблема – ядро, от которого отходят ветви – связанные с ним понятия, свойства, ассоциации. Каждая ветвь, в свою очередь, может делиться на другие ветви – так происходит детализация свойств, углубляются ассоциации.

Конструктор интерактивных рабочих листов – Teacher made

Teacher Made - это новый инструмент-сервис для создания интерактивного рабочего листа. С помощью данного инструмента быстро

и легко оживить обычные бумажные рабочие листы и тетради, дать им новую цифровую жизнь.

Мультимедийные интерактивные упражнения LearningApps.org.

Что такое LearningApps.org?

LearningApps.org является приложением Web 2.0 для поддержки обучения и процесса преподавания с помощью интерактивных модулей. LearningApps.org позволяет удобно и легко создавать электронные интерактивные упражнения. Широта возможностей, удобство навигации, простота в использовании. При желании любой преподаватель, имеющий самые минимальные навыки работы с ИКТ, может создать свой ресурс – небольшое упражнение для объяснения нового материала, для закрепления, тренинга, контроля.

Сервис LearningApps - это конструктор интерактивных заданий для учебно-воспитательного процесса в разных режимах – «Пазлы», «Найди пару», «Найди соответствия», «Установи последовательность», «Викторина с выбором правильного ответа», «Кроссворд» и другие.

Использование сервиса Google в процессе обучения.

В своей практической деятельности я использую для повышения мотивации к обучению Google – сервисы для подготовки материалов к урокам и заданий для учащихся.

В процессе организации и осуществления образовательного процесса использую следующие возможности сервисов Google:

- Google-Документы. Сервис позволяет работать с текстовыми, табличными, графическими документами в браузере, создавать и проводить опросы и тесты, совместно использовать и редактировать документ.

- Google-Презентации. Предназначен для создания и редактирования совместной презентации, позволяет учителю или учащемуся создавать, редактировать файлы в режиме реального времени не только со школьных компьютеров в кабинете, но и со своих домашних компьютеров, ноутбуков, планшетов, смартфонов. С помощью Google-презентации создаем групповые проекты. Такая коллективная работа делает процесс обучения открытым для учителей, учеников и их родителей.

- Google-Форма. Цель создания формы – провести тестирование по пройденной теме.

ChatGPT

ChatGPT - это чат-бот, предназначенный для взаимодействия с пользователями через текстовый чат. Он может использоваться для консультаций, обучения, развлечения, помощи в планировании и создания контента. Также его можно применять для тестирования и обучения в области искусственного интеллекта.

Kahoot

Kahoot – платформа для проведения викторин и тестов в игровой форме. Учителя могут создавать собственные викторины либо использовать готовые тесты от коллег по всему миру. Для игры ученикам нужны будут сотовые телефоны, интерактивная доска и доступ к интернету.

ZipGrade

ZipGrade – приложение, которое позволит проверять тесты за одну секунду. Для этого учителю нужно распечатать бланки ответов, дать заполнить ученикам и просканировать их листы ответов со своего смартфона. Результаты автоматически пересчитываются в проценты и сохраняются в памяти приложения, можно проводить последующий анализ.

Quizlet

Quizlet – замечательная платформа для запоминания новых слов. Можно использовать готовые сеты карточек, либо создавать свою базу слов. Также платформа предлагает различные тесты, игры и дополнительные функции. Можно работать всем классом по интерактивной доске, либо давать индивидуальные задания каждому ученику в своем виртуальном классе по ссылке.

Pinterest

Pinterest – собрание идей по украшению кабинета, дизайну, профессиональные находки, игры и техники, не только для учителей.

Выводы:

Подводя итог моей работы, я с уверенностью могу сказать, что цифровые образовательный платформы — это современный инструмент формирования цифровой грамотности участников образовательного процесса. Их применение позволяет сделать учебный процесс более эффективным, привлекательным и запоминающимся для учащихся. Кроме того, повышается интерес к обучению, формируется самостоятельность, ответственность, происходит всестороннее развитие учащихся. Благодаря сетевым платформам формируются навыки безопасной работы в сети Интернет, повышается ИКТ-компетентность, компьютерная и цифровая грамотность, и сетевой этикет.

А главное, с помощью онлайн-платформ учащиеся стали эффективнее реализовывать себя социально, участвовать в конкурсах, олимпиадах разных уровней, стали креативнее мыслить, меньше бояться ошибок, больше узнавать друг о друге. Они учатся учиться, раскрывают свою личность, становятся более мотивированными.

(Из моего опыта применения ЦОР на областном семинаре)

И, как говорила Марина Цветаева, «Успех-это успеть». Важно быть в «теме», ориентироваться в цифровом мире и постоянно укреплять веру в себя, в своих учеников и свою работу.

ЛИТЕРАТУРА

1. Акиф Л. М. Проблема формирования познавательной активности учащихся // Вестник ТГПУ, 2012. – №5. – С.197-202..
2. Анянова И.В. Современная технология учебного занятия. – Н.Тагил: НТФ ИРРО, 2008. – 253 с.
3. Бахтиярова Е.М. Метод проектов и индивидуальные программы в продуктивном обучении //Школьные технологии. – 2001. – №2. – С.7-
4. Бесшапошников Н.О. Цифровизация образования – новые возможности управления образовательными треками / Н.О. Бесшапошников, А. Г. Леонов, А. А. Прилипко // Вестник кибернетики. – 2018. – № 2. – С. 154–160.

5. Панюкова С.В. Цифровые инструменты и сервисы в работе педагога. Учебно-методическое пособие. – М,: Изд-во «Про-Пресс», 2020. – 33 с.
6. Сетевой сервис "Padlet" . Электронный ресурс https://ru.padlet.com/dashboard
7. Платформа Plickers. Электронный ресурс https://get.plickers.com/.
8. Цифровая платформа Mind Maps. Электронный ресурс https://mind-map-online.ru/
9. Сайт «LearningApps.org». Электронный ресурс https://learningapps.org/
10. Google формы. Электронный ресурс https://docs.google.com/forms/u/0/?pli=1

ПЕДАГОГТІҢ КӘСІБИ ДАМУ ЗЕРТХАНАСЫ ЖӘНЕ ЖЕЛІЛІК ӨЗАРА ІС-ҚИМЫЛ

Жумангалиева Айгерим Бегендыковна
«Павлодар облысы білім беру басқармасы, Шарбақты ауданы білім беру бөлімі, «Абай Құнанбаев атындағы жалпы орта білім беру мектебі» КММ, Шарбақты, Павлодар
@aigera45069889@gmail.com

Аңдатпа: Мұғалімнің кәсіби даму зертханасы және желілік өзара әрекеттесу білім беру ортасындағы маңызды компоненттер болып табылады. Олар мұғалімдердің өсуіне және өзін-өзі тануына ықпал етеді, тәжірибе алмасуға, сонымен қатар білім сапасын арттырады.
Түйін сөздер: кәсіби даму зертханасы, педагогтың желілік өзара іс-қимылы, командалық өзара әрекеттесу, бірлескен оқыту, педагогтердің ынтымақтастығы, желілік ресурстар, кәсіби қоғамдастық.

Мұғалімнің кәсіби даму зертханасы (МКДЗ) — бұл мұғалімдердің кәсіби дамуына мүмкіндік беретін мамандандырылған оқу орны немесе ұйым. МКДЗ мұғалімдерге білім беру саласындағы дағдыларын, білімі мен практикалық тәжірибесін жақсартуға көмектесу үшін құрылған.[1.]

МКДЗ мақсаты педагогтердің кәсіби құзыреттілігін арттыру және сапалы білім беруді қамтамасыз ету болып табылады. Зертханада мұғалімдер әртүрлі тренингтерге, семинарларға, дөңгелек үстелдерге және оқытудың басқа түрлеріне қатыса алады. Олар білім берудің өзекті мәселелерін талқылауға, әріптестерімен тәжірибе алмасуға, білім беру үдерісіндегі жаңа тәсілдер мен әдістемелерді зерделеуге мүмкіндік алады.

Мұғалімнің кәсіби даму зертханалары әдетте мұғалімдерге білім беруде ақпараттық және коммуникациялық технологияларды қолдану, оқу жетістіктерін бағалау әдістері, оқу жоспарлары мен бағдарламаларын әзірлеу, инновацияларды енгізу және кәсіби қызметтің басқа аспектілері сияқты өз дағдыларын дамытуға көмектесетін заманауи жабдықтар мен технологиялармен жабдықталған.

МКДЗ-ның маңызды аспектілерінің бірі оқыту практикасына жаңа тиімді әдістер мен тәсілдерді әзірлеу және енгізу мақсатында білім беру саласында зерттеулерді үйлестіру және жүргізу болып табылады. Бұл зерттеулер әдетте басқа оқу және ғылыми мекемелермен бірлесіп жүргізіледі.

Мұғалімнің кәсіби даму зертханасы мұғалімдердің педагогикалық өсуі мен дамуын қамтамасыз етіп қана қоймай, сонымен қатар оқушылар үшін білім беру сапасын арттыруға ықпал ететіндігін атап өту маңызды, өйткені жақсы педагогикалық кәсібилік білім беру жүйесінің сәттілігінің негізгі факторы болып табылады.

Мұғалімнің кәсіби даму зертханасының мақсаттары мен міндеттері осы зертхананың алдына қойылған нақты контекстік жағдайлар мен міндеттерге байланысты өзгеруі мүмкін. Алайда, жалпы мағынада, мұғалімнің кәсіби даму зертханасы-бұл мұғалімдердің тәжірибе алмасуға, кәсіби дағдыларын дамытуға және білім берудің жаңа әдістері мен тәсілдерін үйренуге мүмкіндігі бар орын. [2.]

Мұғалімнің кәсіби даму зертханасының ұйымдастырылуы мен жұмыс істеуі нақты мақсаттар мен міндеттерге байланысты. Алайда, жалпы жағдайда мұғалімнің кәсіби даму зертханасы-бұл мұғалімдер тәжірибе алмасатын, оқытудың жаңа әдістері мен тәсілдерін зерттейтін, білім берудің инновациялық тәсілдерін дамытатын және сынайтын орын.

Мұғалімнің кәсіби даму зертханасын ұйымдастыру мен жұмыс істеуінің кейбір негізгі аспектілері:

Мақсаттары мен міндеттері: мұғалімнің кәсіби даму зертханасында қол жеткізуге болатын мақсаттарды анықтаңыз. Мысалы, бұл мұғалімдердің кәсіби шеберлігін жетілдіру, оқу процесіне инновацияларды енгізу, жаңа оқу бағдарламаларын әзірлеу және т.б. болуы мүмкін.

Жабдықтар мен ресурстар: зертхананы қажетті жабдықтармен, бағдарламалық жасақтамамен және зерттеу жүргізу, материалдарды әзірлеу және оқу іс-шараларын жүргізу үшін қажетті басқа ресурстармен қамтамасыз етіңіз. Компьютерлік техника, интернетке қол жетімділік, білім беру платформалары және т. б. қажет болуы мүмкін.

Мұғалімдерді оқыту және дамыту: мұғалімдерге арналған оқыту іс-шараларын, семинарларды, тренингтерді және кәсіби дамудың басқа түрлерін ұйымдастырыңыз. Әр түрлі саладағы сарапшыларды шақыруға, шеберлік сабақтарын, дөңгелек үстелдер, пікірталастар мен тәжірибе алмасуға болады. Бұл іс-шаралар зертхана үшін анықталған міндеттер мен мақсаттарға байланысты болуы керек.

Зерттеулер және практикалық жұмыс: мұғалімдерге зерттеу жүргізуге, жаңа әдістемелерді сынауға және оқу процесінде инновациялық тәсілдерді әзірлеуге мүмкіндік беріңіз. Педагогикалық зерттеулерге қолдау көрсетіңіз, ғылыми журналдарға, әдебиеттерге және басқа ақпарат көздеріне қол жеткізіңіз. [3.]

Ынтымақтастық және тәжірибе алмасу: мұғалімдерді ынтымақтастық пен тәжірибе алмасуға шақырыңыз. Педагогтар арасында идеялармен алмасу және озық тәжірибені жеткізу тетіктерін жасаңыз. Бұған тұрақты жиналыстар, ақпарат алмасуға арналған желілік алаңдар, тәжірибешілер қауымдастығы және т. б. кіруі мүмкін.

Нәтижелерді бағалау: зертхананың нәтижелерін бағалау жүйесін ұйымдастырыңыз. Бұл оқу процесіне жаңа әдістемелерді енгізу, ғылыми басылымдарда зерттеулер жариялау, мұғалімдердің кәсіби дағдыларын арттыру және т.б. нәтижелерді бағалау зертхана жұмысының тиімділігін анықтауға және оның қызметіне қажетті түзетулер енгізуге көмектеседі.

Мұғалімнің кәсіби даму зертханасының ұйымдастырылуы мен жұмыс істеуі икемді және мұғалімдердің қажеттіліктері мен сұраныстарына бейімделуі керек екенін есте ұстаған жөн.

Педагогтің кәсіби даму зертханасы педагогтердің кәсіби шеберлігін арттыруға ықпал ететін ұйымдастырушылық формат болып табылады. Оған әр түрлі қатысушылар қатысады, олардың әрқайсысы өз рөлі мен міндеттерін орындайды. Төменде мұғалімнің кәсіби даму зертханасына қатысушылардың рөлдері мен міндеттерінің жалпы тізімі берілген:

Зертхана жетекшісі: бұл зертхананың жұмысын ұйымдастыруды және үйлестіруді жүзеге асыратын тәжірибелі педагог немесе маман. Ол кәсіби даму бағдарламасын әзірлеу мен жоспарлауды қамтамасыз етеді, жұмыс нәтижелерін бақылау мен бағалауды жүзеге асырады және басқа қатысушылармен және ұйымдармен өзара әрекеттесуді үйлестіреді.

Сарапшылар: бұл педагогика және әдіснама саласындағы мамандар, олар өз тәжірибелерімен және білімдерімен зертханаға қатысушы педагогтармен бөліседі. Олар кәсіби дағдыларын арттыру үшін оқытушылармен дәрістер, семинарлар, мастер-класстар, кеңестер және басқа да жұмыс түрлерін өткізе алады.

Қатысушы мұғалімдер: бұл зертханаға кәсіби дамуы үшін қатысатын педагогикалық қызметкерлер. Олар іс-шараларға белсенді қатысады, өз идеялары мен жобаларын ұсынады, алған білімдері мен дағдыларын өз тәжірибелеріне қолданады, сонымен қатар әріптестерімен тәжірибе бөліседі.

Модераторлар: бұл пікірталастарды ұйымдастыруға және өткізуге, педагогикалық практиканы талдауға, сондай-ақ қатысушы мұғалімдерді қолдау мен ынталандыруға жауапты мамандар. Олар тәжірибе алмасуды құрылымдауға, медиация жүргізуге және зертханаға қатысушылар арасындағы өзара әрекеттесуді жеңілдетуге көмектеседі.

Әкімшілер: бұл қатысушыларды тіркеу, презентациялар мен материалдарды дайындау, байланыс пен кері байланысты қамтамасыз ету сияқты зертхана жұмысының ұйымдастырушылық аспектілеріне жауап беретін қызметкерлер.

ИСПОЛЬЗОВАНИЕ ПЛАТФОРМЫ «GOOGLE DRIVE» ДЛЯ ОБУЧЕНИЯ ШКОЛЬНИКА ЧТЕНИЮ ХУДОЖЕСТВЕННОГО ПРОИЗВЕДЕНИЯ
USING THE GOOGLE DRIVE PLATFORM TO TEACH A STUDENT TO READ A WORK OF FICTION

Мырзабекова Дана Мухаммеджановна
Ұлытау облысы, Ұлытау ауданы Ұлытау облысы білім басқармасының Ұлытау ауданы білім бөлімінің «Жезді мектеп-интернаты» коммуналдық мемлекеттік мекемесі
dana_ajarik@mail.ru

Аннотация**:** Бұл мақалада көркем шығарманы оқытуда оқушыны баулуға арналған «Google Drive»платформасын қолданудың ерекшеліктері, іс- әрекеттегі дәлелдері, мұғалімнің осы платформаны қолдану шеберлігі, тиімділіг мен күтілетін нәтижелері туралы көрсетілген
В данной статье описаны особенности использования платформы «Google Drive» для вовлечения учащихся в чтению художественного произведения, практические доказательства, а также возможности мастерство преподавателя в использовании данной платформы, ее эффективность и ожидаемые результаты.
This article describes the features of using the Google Drive platform to engage students in reading a work of fiction, practical evidence, as well as the teacher's skill in using this platform, its effectiveness and expected results.
Түйін сөздер**:** «Google Drive»платформасы, инновация, шеберлік, іс- әрекет, ақпараттық орта, интерактивті бағдарламалау

XXI ғасыр ақпараттық технология ғасырына айналды, ғылыми-техникалық прогрестің қарқыны ұдайы артып келеді. Ақпараттық технологиялар білім беру жүйесінде жаңа мүмкіндіктер ашады. Көптеген оқушылар интернетті күнделікті өмірде пайдалы емес жұмыстарға жұмсайды, тек аз бөлігі оқу үдерісінде ақпаратты іздеу үшін де белсенді пайдаланады [3].

Бүгінгі таңда альфа ұрпақтарының психологтардың айтуынша ақпаратты қабылдау есте сақтау ұзақтығы аз 3-7 минутқа дейін ғана екендігін айтады. Яғни қазіргі ұрпақ, біздің алдымыздағы оқушылар сабаққа дайындалу үшін көркем әдебиеттерді оқуы керек. Алайда үлкен бөлім мен томдарға бөлінген әдебиеттерді, тарихи шығармаларды оқуы қиындық туғызады. Сондықтан тарихи шығармаларды оқу қиындық туғызбауы үшін мұғалімнің шеберлігі қажет. Яғни бүгінгі таңда мұғалім ретінде Google Drive платформасын оқыту процесінде шебер пайдаланып келемін [4].

Google Drive файлдарды сақтауға және ортақ пайдалануға арналған, қосымша мүмкіндіктері бар көптеген файлдарды сақтап қоюға мүмкіндігі бар.

Тарихи, көркем шығармаларды оқытуда оқушыны баулуға арналған «Google drive» платформасын қолдану және инновациялық дидактикалық материалдарды іс – тәжірибе барысында қолдану көп нәтиже жеткізетіні анық болды. Ұжымдағы озық контент ретінде «Google drive» платформасындағы тапсырма жинақтары бойынша рухани құндылыққа негізделген озық тәжірибемен бөлісу жұмыстары жүргізілді.

Сабақ барысында «Google drive» платформасында функционалдық сауаттылықты дамытуға арналған тапсырмалар ұсынылды. Оқушылар жоғары қызығушылықпен орындап шықты [5].

«Google Drive» платформасында жұмыс жасаудың тиімділігі оқушының танымдық қабілеттерін дамытты, берілген ақпаратты қолдану арқылы шығармада көрсетілмеген жақтарды анықтауды үйренді, оқушылардың шығармашылық қабілеттерін шыңдау арқылы өмірмен байланысын күшейтті. Ақпаратқа жаңаша көзқараспен қарап, әр түрлі шешімдер қабылдай алуға бейімдеп, мәтінмен жұмыс істеу, көркем шығармаларды әдеби талдау дағдылары дамытуға, оқушының әдеби шығармаға қызығушылығы арттыруға үлес қосудамыз. Бұл оқушылардың өз бетінше іздену арқылы ғылыми жұмысқа бейімделуін дамытады [1].

«Google Drive» платформасында функционалдық сауаттылықты дамытуға арналған тапсырмаларды ұсынуда, қызығушылықты ояту үшін фильмнен үзінді қою арқылы жасадым, сол фильмді көру арқылы оқушылар ол, атақты жазушы Әбдіжамал Нұрпеисовтың «Қан мен тер» трилогиясы негізінде құрылған екен деп, сол үзінді ккрген соң олардың сол шығарманы оқуға деген құштарлықтары оянды.



Қазіргі таңда оқушылар жасанды интеллект арқылы автордың өз шығармасын бейнефильм жасауды да үйренді. Ұжымдағы озық контент ретінде «Google drive» платформасындағы тапсырма жинақтары бойынша рухани құндылыққа негізделген озық тәжірибемен бөлісудеміз. «Google drive» платформасында функционалдық сауаттылықты дамытуға арналған тапсырмаларды жиі ұсынылады.

Инновациялық педагогикалық тәжірибелер – оқу процесін жақсарту және сапалы нәтижелерге жету үшін, қажетті ақпарат алмасуға мүмкіндік беретін ақпараттық кеңістік.

Осыған байланысты Google Drive платформа ретіндегі мүмкіндіктерін, сондай-ақ топтық жұмысты ұйымдастыру, бірлесіп жұмыс істеуге арналған, кез келген уақытта интернетке кіру мүмкіндігі бар кез келген құрылғыдан Google Drive-қа кіру оңай болғандықтан оқыту процесінде қолдану тиімділігін байқаймыз; [6].

Мұғалімнің Google Drive-та жұмысты тексеруі мен қарауы, бағалау мүмкіндігі бар. Google Forms көмегімен мұғалім онлайн сауалнамалар мен сынақтар жасай алады. Google Forms көмегімен тест құру кезінде ашық немесе жабық түрдегі сұрақтарды қолдануға болады, әр сұраққа дұрыс жауап үшін алған ұпайлардың белгілі бір санын беруге болады. Ақпарат автоматты түрде жасалатын Google парағында сақталады. Алынған деректерді MS Excel электрондық кесте жасауда да ұстаздарға өз тәжірибемізбен бөлісе отырып, қолданып жүрген озық тәжірибені өз ұжымдары арасында және мектептерде қолдану, сол арқылы оқушылардың бойында құндылықтарды қалыптастыру, функционалдық сауаттылыққа баулу, көркем әдебиетті оқуға құштарлықтарын арттырып, оңай оқып түсінуге жол ашылсын!

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Орта білім сапасын арттырудың негізгі құрауыштары (салыстырмалы талдау) // Қазақстанның ғылымы мен өмірі (Алматы, 2020. - №6 – Б. 91-96).
2. Қазақстан мен әлемнің тәрбие дәстүрлеріне салыстырмалы талдау // Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ Хабаршы. «Педагогикалық ғылымдар» сериясы. – 2021. – №4(69). – Б. 130-136.
3. Электрондық оқыту жүйесін қолдану бойынша білім алушыларға арналған практикалық ұсынымдар/Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы /АстанаҰБА-2018
4. Оқытудың педагогикалық технологиялары: тәжірибе, инновациялар, енгізу /Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы/АстанаҰБА-2016
5. Сандық білім беру ресурстарының оқу үдерісінде қолдану бойынша әдістемелік ұсынымдар/Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы/АстанаҰБА-2018
6. «Сапа», «білім беру сапасы», «білім беру сапасын басқару» ұғымдарының философиялық және педагогикалық алғышарттары // Қазақстанның ғылымы мен өмірі (Алматы, 2020. - №11(144) – Б. 165-171).

ҚАЗАҚ ТІЛІ МЕН ӘДЕБИЕТІ САБАҒЫНДА БЕЛСЕНДІ ОҚЫТУ СТРАТЕГИЯЛАРЫН ҚОЛДАНУДЫҢ ТИІМДІЛІГІ
ЭФФЕКТИВНОЕ ИСПОЛЬЗОВАНИЕ СТРАТЕГИИ АКТИВНОГО ОБУЧЕНИЯ НА УРОКАХ КАЗАХСКОГО ЯЗЫКА И ЛИТЕРАТУРЫ
EFFECTIVE APPLYING ACTIVE TEACHING STRATEGIES IN KAZAKH AND LITERATURE

Ахмерова Е.Т.
Шығыс Қазақстан облысы Қатонқарағай ауданы «Өрел орта мектебі» КММ
skh_uryl@mail.ru

Аннотация: Білім беру процесінің сапасын арттырудың негізгі шарты жалпы білім беру ұйымдарында оқытудың тиімділігін арттыру. Белсенді оқудың тиімділігі - оқушы өзінің ой-пікірін еш бүкпесіз айтуға, сонымен қатар басқа адамның айтқан пікіріне құрметпен қарауды үйренеді.
Түйін сөздер: дағдылар, білім, белсенді оқу, оқу мақсаттары;
Аннотация.: Основным условием повышения качества образовательного процесса является повышение эффективности обучения в общеобразовательных организациях. Эффективность активного обучения заключается в том, что учащийся учится свободно высказывать свое мнение, а также уважительно относиться к мнению другого человека.
Ключевые слова: навыки, знания, активное обучение, цели обучения
Annotation: Tha main condition of promoting teaching process is increasing teaching efficiency in general education organizations. The efficiency of active teaching is learning students to express own opinion freely, and listening others' opinion respectfully.
Key words: skills, knowledge, active learning, learning objectives.

Қазіргі заманғы мектептің маңызды мақсаттарының бірі - білім алушыларды білім алу қабілетін оқыту ғана емес, сонымен қатар оқыту барысында алған білім дағдыларын өмірде пайдалана білуді қалыптастыру болып табылады. Заманауи білім берудің мақсаты, оның ұйымдастырушылық құрылымы, ақпараттық коммуникативтік технологиямен қамтамасыз етілуін, білім беру үрдісіндегі оқыту әдістемесі қоғамның әлеуметтік сұранысынан туындайды. Осы уақытқа дейін білім беру үрдісінің негізгі бөліктері: мақсат —> мазмұн —> форма —> әдіс —> оқыту көрнекілігі болса, ал қазір заман ағымына сай оқып үйрену —> меңгеру —> өмірге ендіру —> дамыту болып өзгеріп отыр.

Мұғалім оқу үрдісінде белсенді оқу стратегияларын тиімді қолдану оқушының кез - келген материалды жақсы меңгеруіне ықпал етеді. Қай сыныпта болмасын білімді меңгеру оқушының оқу мақсатын түсінуіне байланысты. Білім беру жүйесінің жаңартылған бағдарламасына сәйкес күнделікті сабақ барысында оқу мақсатын түсінген оқушы тақырыпқа байланысты тапсырманы орындай алады. Бұл үшін жаңа тақырыппен жұмыста ең алдымен мұғалімнің дұрыс нұсқау беруі маңызды орын алады. Яғни оқушы ерекше назар аударатын мәселелерді назардан тыс қалдырмайды.

Белсенді оқу құрылымы оқудың уәжінен, мақсаты мен шартынан және нәтижесінен құрылады. Белсенді оқыту мен оқу үрдісінің қажеттілігінен және оқушының білімге қызығуынан туындайды. Ал белсенді оқуға ұмтылу үшін ықылас, уәж қажет. Уәж белсенді оқу үрдісін дұрыс меңгеруге бағыттайтын күш. Баланың ішкі уәжін қалыптастыруда мұғалімнің ролі өте жоғары.Шебер педагог баланың өзіне деген сенімділігін қалыптастырып, білімге құштарлығын арттыруда мұғалім атақаратын міндет –ұшан –теңіз.Ол үшін баланың жас ерекшелігі мен қажеттелігіне қара й белсенді технологияларды таңдап алудың маңызы ерекше.Оқушы мақсаты – алда орындалатын іс-қимыл әрекеттің нақты көрінісін көрген соң нәтижеге жету. Мұғалімнің мақсаты – тақырып бойынша сұрақтар бере отырып оларды қызықтыратын ақпарат алуға жетелей білу арқылы нәтижеге жетуге ықпал жасау.

Тілдік дағдыларды қалыптастыруда, яғни айтылым, тыңдалым, жазылым, оқылымға үйрету барысында алдымен көрсету және модельдеу өте тиімді. Сөздерді дұрыс айту, ақпаратты дұрыс қабылдау үшін қалай айту жөнінде мұғалім үлгісін көрсеткен жағдайда оқушы орындай алады. Сонымен қатар дүниетану, жаратылыстану сабақтарында оқушы қарапайым түсініктерді нақты ұғыну үшін өзінің тәжірибесі арқылы үйренуі өте маңызды. Яғни зерделеу және зерттеу арқылы мәселе көтеру, зерттеу бағытын болжамдаумен сұрау оқушыны ынталандырады. Бұл оқушылардың тәжірибе жасауы арқылы түсінігінің қалыптасуына жол ашады. Оқушының жаңа білім алумен қатар бұрынғы білімі тереңдейді. Белсенді оқу стратегияларын қолдануда оқушының түсіну, тереңдік деңгейі оның алдына қойған мақсатына байланысты. Яғни, мәтін негізінен не туралы екендігін, оның негізгі мағынасын егжей-тегжейіне жете түсіну.

Белсенді оқу әрекетінің тиімділігі мақсаты мен уәжінде, яғни қиындық-кедергілерді жеңе отырып, белгілі бір нәтижеге қол жеткізу. Ал белсенді оқу үрдісіндегі нәтиже дегеніміз ақпаратты нақты әрі терең түсіну және мазмұнын айта білу

Көптеген белсенді тәсілдер әр мұғалімнің практикасына күнделікті сабақ арқылы белгілі нәтижесін беріп келеді .Солардың ішінде өзім жиі қолданатын әдіс –тәсілдердің кейбіреуіне тоқтала кетейін. «Пирамида тарихы» тәсілі оқушының қазақ тілінен мәтінді, қазақ әдебиетінен көркем шығарманы түсініп оқуға,оны жан –жақты меңгеруге әсер етелі.Бұл тәсілдің ерекшелігі төмендегідей:

1).басты кейіпкердің аты;

2)мінезлеме немесе сипаттама;

3)әрекеттің өтетін орны;

4)проблема;

5)жағдайдың өрісін сипаттау;

6)проблеманы шешу үшін қолданылды;

7;проблеманы шешу және ары қарай не болатынын болжау;

«Ашық» және «Жабық» сұрақ тәсілдері арқылы оқушының зейіні шоғырланады,белсенділіктері артады,білуге деген талпыныс пайда болады.

Мысалы, «Ер Төстік » ертегісінің мазмұнын жоспар бойынша баяндау үшін оқиға карта құрастыру немесе ашық сұрақтар қою арқылы ойландыруға бағыттау. Негізгі мақсат ертегіден басты ойды анықтай алу.Тек ертегілерді өткенде ғана емес мұндай тәсілді әдебиет сабағының кезкелген тақырыбын өткенде пайдалану тиімді.

«Болжам картасы» тәсілі де - мәтіндермен және әдеби шығармаларды өту кезінде жиі қолданылатын тәсілдің бірі. Мұндай жағдайда оқушы мәтіннің немесе көркем шығарманың тақырыбына қарап,ондағы айтылатын ойға болжам жасайды.Бұл арқылы баланың ойын, қиялын дамытамыз.Мысалы,оқылатын көрем шығарма О.Бөкейдің «Атау Кере » шығармасы болса ,оқушы бірден оның атауына назар аударып,шығарма не жайлы екеніне өз болжамын айтады.Белгілі тараулармен таныса келе ,сюжеттің әрі қарай дамуына,кейіпкерлердің тағдырына ,оқиғаның аяқталуына да болжам жасатып, балардың шығармашылық ойларының ұшқырлығын тануға болады.

Оқушылар мәтінді оқи отырып, терең зерделеуге үйренеді және ойын жинақтай отырып, негізгі проблемасын табады да, шешімін айтады.» Бұл қысқа да нұсқа жұмыс болғанымен оқушының өз ойын жинақтай білуге үйртеді. «Еркін микрофон» тәсілі оқушының мәтінде көтерілген мәселені анықтауына,оны шешудің жолдарын ұсынуына мүмкіндік жасап,сабақты ашық ой алаңына айналдыруға ықпал ете алатын тәсілдердің бірі.Сонымен қатар, белсенді стратегияларды қолдануда бірлескен оқудың да маңызы зор.Бұл стратегиялар топтық жұмыс пен жұптық жұмыс кезінде жүзеге асады.Тек жұптағы немесе топтағы әр оқушының міндеті немесе орындайтын тапсырмасы ,бірлескен жұмыс кезіндегі ролі айқын болу.а тиіс. Бұл стратегияны тиімді пайдалану оқушылардың тақырыпқа сай ақпарат алуымен қатар олардың белгілі бір тақырыпқа байланысты ойлау деңгейлерін жетілдіреді де, бір-бірімен өзара жақсы қатынас орнатуды жақсартады.

Белсенді оқытудың алғашқы кезеңінде кесте бойынша моделін: бірінші тыңдау – ауызша сөйлеу, содан кейін оқуға үйрету деп айтуға болады.

Белсенді оқудың тиімділігі - оқушы өзінің ой-пікірін еш бүкпесіз айтуға, сонымен қатар басқа адамның айтқан пікіріне құрметпен қарауды үйренеді. Бірлесіп оқу технологиясы оқушыларды тың идеяларды ұсынумен қатар олардың жаңа мүмкіндіктерді қолдануға бағыттап отырады. Белсенді оқудың тиімділігі білім алу үрдісінде оқушының жеке көзқарасы мен басқалардың пікірімен санаса білу мәдениеті қалыптасады. Оқушылардың бірлесіп жұмыс істеу барысындағы негізгі мақсаты – қиын тапсырмаларды орындауда, топтық жұмыстарда, ортақ тіл табысу кезінде, өзін-өзі басқара білуде қажет болатын дағдыларды қалыптастыру. Тыңдалым – айтылым дағдысын қалыптастыруда белсенді оқудың тиімділігі адамның ойлау қабілетін дамытады. Өйткені, оқушы айтылғанды тыңдап, қабылдап және оны түсінуге үйренбейінше, басқа дағдыларды жеткілікті деңгейде меңгере алмайды.

Оқу үдерісінде жүйелі жүргізілетін белсенді әдістерді қолдану барысында оқушылардың сөздік қорлары толығады. Оқу үдерісінде мұғалім оқушының неғұрлым белсенді болғанына назар аудара отырып, оқу материалын дайын күйінде бермеуі, оларға ашық сұрақ қою арқылы назарларын шоғырландырып оқу, шолу жасауы, тәжірибе және зерттеу жасауға бағыттауының нәтижесінде нәтижеге жетеді.

Бекіту және қолданысқа енгізудің де тиімділігі мол. Бұл -жаңадан меңгерілген дағдыларды тәжірибеде қолдану және дамыту үшін сыныпта және үйде орындауға арналған әртүрлі жаттығулардың көмегімен түрлі мүмкіндік ұсыну. Сонымен қатар, коммуникативтік дағдыларды дамытуға негізделген сабақтарды құрылымды етіп құру оқушыларды сын тұрғысынан ойлауға жетелейді, яғни олардың қызығушылықтарын оятады. Әр кезеңде белгілі бір оқыту мақсатын қою арқылы мұғалім оқушыларға мақсатқа жетуге, мәселені анықтауға, жауаптарды іздеуге, мәселені талқылауға, қорытынды жасай отырып, өз ойын білдіруге және ашық қоғамның азаматы болуға үйретеді. Шынында да оқушылардың интелектісін дамыту мақсатында интерактивті оқыту амалдарын қолдану – ақпараттың мұғалімнен оқушыға, оқушыдан мұғалімге ауысып отыруына мүмкіндік береді. Сұрақ қою және талқылау әдісі де сабақтың бағытына және қарқынына сәйкес тақырыпты қаншалықты меңгергендігін білу үшін қажет. Әр оқушының оқудағы қажеттіліктерін қанағаттандыру үшін оқушыны сөйлете алу мен пікірталас, қажетті ақпаратты іздестіру, жеке жұмыс жасау да орынды.

Қорыта айтқанда, белсенді оқудың тиімділігі оқушылардың сыни тұрғыдан және ойлау дағдыларын қалыптастырады, олардың кез келген ортада тілдік шектеуді сезінбей, өзін еркін ұстауына мүмкіндік туғызады.

Белсенді оқу арқылы оқушылардың танымдық дағдылары дамып артады. Кез келген материалмен жұмыс жасауда қорытынды шығару және есте сақтауға оқушылардың сабақ мақсатына сай не үйренгенін түйіндеу мен түсінгенін анықтау мен қате түсінген жағдайда түзету; оқушыларды өз жұмыстарымен таныстырып, өз идеяларын ұсынуға шақыруға көмектеседі.

Білім беру мазмұнын жаңарту білім берудің қазіргі заманғы үрдістерін және қазақстандық білім берудің үздік практикасын кіріктіруге бағытталған. Білім беру мазмұнын жаңарту шеңберінде оқу бағдарламаларын әзірлеу кезінде қазақстандық педагог-практиктердің және ғалымдардың ұсыныстары ескеріліп жасалды.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Оқыту мен оқудың белсенді әдістері.«Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ Педагогикалық шеберлік орталығы,2015
2. Мұғалімге арналған нұсқаулық. «Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ Педагогикалық шеберлік орталығы, 2016

ТІРЕК МЕКТЕБІНІҢ ТИІМДІ ТӘЖІРИБЕСІ
ЭФФЕКТИВНЫЙ ОПЫТ РЕСУРСНОЙ ШКОЛЫ
THE EFFECTIVE EXPIRIENCE RECOUFCE SCHOOL

Абильдаева Гульнара Жаксылыковна
Жамбыл облысы Жуалы ауданы
№25 Ақтөбе тірек мектебі (ресурстық орталығы)
abildaeva_78@mail.ru

АННОТАЦИЯ: Тірек мектептерінің жұмысы шағын жинақты мектептердің проблемасын шешуге, шағын жинақты мектеп оқушыларының сапалы білім алуына қолжетімділігін қамтамасыз ету мақсатына негізделген. Жақын орналасқан шағын жинақты мектептерді біріктіретін тірек мектептер (ресурстық орталықтар) оқушылардың сапалы білімге қол жеткізуіне, әлеуметтік құзыреттілік сапаларын қалыптастыруына, педагогикалық ұжымның кәсіби деңгейінің артуына жағдай туғызады.
АННОТАЦИЯ: Работа опорных школ основана на решении проблем малокомплектных школ, в цели обеспечении доступности качественного образования детей малокомплектных школ. Опорные школы (ресурсные центры) являются объединяющими ближайшие малокомплектные школы, будут способствовать достижению учащимися качественного образования, формированию качеств социальной компетенции, повышению профессионального уровня педагогического коллектива.
ANNOTATION: The work of resource schools is based on the goal of solving the problem of small schools, providing access to quality education for students of small .Resource schools and (resource centers), which unite small schools located nearby, create conditions for students to get a good education, to form social competence qualities, and to increase the professional level of the teaching staff.

Қазақстан Республикасының білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасына сәйкес шағын жинақты мектептердің проблемасын шешуде тірек мектептер (ресурстық орталықтар) жұмысының моделі негізге алынды. Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңында «Тірек мектеп (ресурстық орталық) – шағын жинақталған мектеп оқушыларының сапалы білім алуына қолжетімділігін қамтамасыз ету мақсатында қысқа мерзімді сессиялық сабақтарды және аралық әрі қорытынды аттестаттауды өткізу үшін базасында таяу маңдағы шағын жинақталған мектептердің білім беру ресурстары шоғырланатын жалпы орта білім беру ұйымы» деп белгіленген.

2010-2015 жылдары облыста кезең-кезеңімен ашылған тірек мектептердің бірі Жуалы ауданындағы №25 Ақтөбе тірек мектебі (ресурстық орталық). «Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын» басшылыққа ала отырып, 2012 жылдан бастап облысымызда шағын жинақталған мектептің қызметін жандандыру үшін құрылған тірек мектептерінің бірі – Жуалы ауданы Түктібай ауылындағы №12 М.Әуезов атындағы тірек мектебі (ресурстық орталығы) жұмысын бастаған. 2014 жылдан бастап Жамбыл облысы әкімдігінің білім басқармасының №583 бұйрығына сәйкес, №25 Ақтөбе тірек мектебіне (РО) ауыстырылды. Тірек мектепке №26 Жаңаталап ОМ және №23 Алатау ОМ магниттік мектеп ретінде кіріктірілді. Жақын орналасқан шағын жинақты мектептерді біріктіретін тірек мектептер (ресурстық орталықтар) оқушылардың сапалы білімге қол жеткізуіне, әлеуметтік құзыреттілік сапаларын қалыптастыруына, педагогикалық ұжымның кәсіби деңгейінің артуына жағдай туғызады.

Тірек мектебінің (РО) жұмысы 10 күндік күзгі, қысқы, көктемгі сессиялар арқылы жүзеге асырылады. 2021-2022 оқу жылында ресурстық орталықта 2 магниттік мектептердің 8-11 сыныптардан 155 оқушы, 2022-2023 оқу жылында 166 оқушы

қамтылып, білімдерін жетілдіруде. Оқушылардың біліктілік талаптарына сай тірек мектебі мен магниттік мектептерде жыл басында жұмыстық оқу жоспары келісіліп отырып жасалды. Жыл бойына сессияаралық және сессия кезіндегі біліктілік талаптарына сай кестеде қойылған сабақтар мен оқушылардың әлеуметтенуіне байланысты дамыту блогындағы әр түрлі тақырыптарда ұйымдастырылған іс-шаралар, оқушылардың мамандық таңдауына байланысты үйірме жұмыстары, қолданбалы, таңдау курстары жоспарға сай жүргізілді. Тірек мектептің оқу-тәрбие процесі магнитті мектеп оқушыларының білім сапасын арттырумен қатар қосымша білім беру арқылы тәрбие мен шығармашылық қабілетін дамытуға жағдай жасайды. Оның түпкі мақсаты оқушылардың қоғам өзгерісіне дұрыс әлеуметтенуі. Бұл ретте жалпы білім беру жүйесінің құрамдас бөлігі қосымша білім беру жүйесін ұйымдастырудың жан-жақтылығының маңыздылығы жоғары. Өйткені, қосымша білім беру қызметі оқушылардың алған білімін қабілеттеріне сәйкес іске асыруына көмектеседі, мамандыққа бағдарлануы мен болашақ кәсібін таңдауы саналы түрде қалыптасады.

Тірек мектебінің жұмысының жоспарына сәйкес, төмендегідей жұмыстар атқарылды:

1. 2014-2015 оқу жылының қаңтар айынан бастап іске қосылған мектептің ресми сайты өз жұмысын жалғастыруда.(http://aktobe-zhualy.mektebi.kz/).

2. Мектептің тыныс-тіршілігін, оқушылардың шығармашылық жұмыстары мен ғылыми зерттеулерін, түрлі деңгейдегі байқауларға қатысуы мен нәтижесін көпшілікке хабардар ету мақсатында, тоқсан сайын мектепішілік «Жас тілші» газеті жарияланып тұрады.

3. 2021-2022 оқу жылында М.Х.Дулати атындағы Тараз өңірлік университеті коммерциялық емес акционерлік қоғамы мен «Жамбыл облысы әкімдігінің білім басқармасы Жуалы ауданының білім бөлімінің № 25 Ақтөбе тірек мектебі (РО) коммуналдық мемлекеттік мекемесі арасындағы ынтымақтастық туралы меморандумға қол қойылып, 2021-2024 жылдарға арналған ұзақ мерзімді шарт жасалды.

4. ҚР Тұңғыш Президенті, Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» стратегиялық мақаласындағы «Туған жер» бағдарламасын негізге ала отырып, өлкетану жұмыстарын жас ұрпақ арасында насихаттау, қоғамдық санасын жаңғырту мақсатында Жамбыл облыстық тарихи-өлкетану музейімен меморондум жасалды.

Тірек мектеп базасында ауқымды ЖОО мен басқа да білім беру мекемелерімен ғылыми-практикалық конференциялар, әдістемелік семинарлар, кездесулер, ашық есік күндері, танымдық іс-шаралар өткізіледі. Мәселен, 2017 жылы «Тірек мектебі жағдайында (РО) ШЖМ оқушыларын әлеуметтендіру» тақырыбында облыстық ғылыми-тәжірибелік семинар, 2018 жылы «Тірек мектебі (ресурстық орталық) жағдайында оқушыларды әлеуметтендірудің ұйымдастыру-педагогикалық шарттары» тақырыбында республикалық ғылыми-тәжірибелік семинар өткізді. Шағын жинақты мектеп оқушысының білім сапасын арттыру мен қоғамға әлеуметтендіру мақсатында жан-жақты бағыттағы ұйымдастырылған іс-шаралар мен тәжірибелер , сонымен қатар жаңартылған білім беру мазмұнын енгізу жағдайындағы үздік тәжірибе үлгілерін тарату аясында №25 Ақтөбе тірек мектебі (РО) 2018 жылы «Үздік тірек мектебі» республикалық байқауында жүлделі III орынға ие болды. Сонымен қатар, мектеп ұжымы Ы.Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясының Алғыс хатымен марапатталды. 2020-2021 оқу жылында «Ең үздік шағын жинақталған мектеп» номинациясын жеңіп алып, облыс әкімінің 1 млн тг. сертификатын иеленді.

Тірек мектепте (РО) оқушы тұлғасын әлеуметтендіруге бағытталған 14 үйірме, 1 клуб жұмыс жасайды. Аталған үйірмелер мен клубқа қатысатын оқушылар шығармашылық қабілеттерін шыңдап, түрлі жарыстарда, байқауларда оза шауып жүр. 2021-2022, 2022-2023 оқу жылының қорытындысы бойынша жалпы аудандық пән олимпиадаларында -26 оқушы, облыстық пән олимпиадаларында-5 оқушы, республикалық қашықтық олимпиадаларда - 57 оқушы, халықаралық қашықтық

олимпиадада-10 оқушы жүлделі орындарды иеленді. Аудандық ғылыми жарыстарда-32 оқушы, облыстық ғылыми жарыстарда-22 оқушы, республикалық ғылыми жарыстарда -4 оқушы жүлделі орындарды иеленді.

Оқу-тәрбие процесінің жүзеге асырылуы:

Магниттік мектептер (№26 Жаңаталап ОМ, №23 Алатау ОМ) мен ресурстық орталықтың бірыңғай оқу кестесі жасалды. Магниттік мектеп оқушылары мен мұғалімдердің өзіндік дамуын қалыптастыруға жағдай жасау үшін дамыту блогында жүргізілетін жұмыстардың да бірыңғай кестесі жасалынды. Атқарылған жұмыстар нәтижесінде магниттік мектеп оқушыларының білім сапасында салыстырмалы өзгеру бар екендігі анықталды. Мысалы 2021-2022 оқу жылында:

№ 26 Жаңаталап орта мектебінің білім сапасы 8 сыныпта 62%-дан 68%-ға, 9 сыныпта 64%-дан 68%-ға, 10 сыныпта 61%-дан 68%-ға, 11 сыныпта 63%-дан 65%-ға өсу динамикасы бар;

№ 23 Алатау орта мектебінің білім сапасы 8 сыныпта 65%-дан 68%-ға, 9 сыныпта 66%-дан 68%-ға, 10 сыныпта 60%-дан 65%-ға, 11 сыныпта 60%-дан 65%-ға өсу динамикасы бар. Сессия басында, яғни тағайындаушы кезеңде оқушылардан кіру тесті және сессия аяқталарда шығу тесті алынып, білім сапасының қорытындысы жасалынып отырады.

Тәрбие үдерісі - бұл тұлғаның тәрбиелік деңгейі, ол оқушының қоршаған әлеуметтік ортамен және жалпы қоғаммен әрекеттестікке дайындығымен сипатталады. Осы дайындықты анықтау және айқындау үшін диагностика-оқушының даму үдерісі мен нәтижелеріне талдау жүргіземіз. Ұрпағымызды парасатты да білікті, мәдениетті де білімді етіп тәрбиелеу мақсатында сынып жетекшілер оқушының тәрбиелік деңгейін бақылайды. Соңғы екі жылда мектепте төмендегідей тақырыптарды қамтитын желілік 2 семинар өткізілді:

1. Жасөспірімдер арасында ұшырасатын суицид көріністерінің алдын алу;
2. Тәрбие жұмыстарының тиімділігін арттырудағы ата-аналар жиналысының рөлі;

Жыл бойына атқарылып жатқан түрлі бағыттағы сессия жұмыстарының нәтижесі әлеуметтік педагогтар мен психологтардың «Мұғалім – оқушы көзімен», « Тірек мектебіндегі бір күнім» т.б тақырыптарында алынған сауалнаманың қорытындысы негізінде анықталды.

Сауалнама қорытындысы негізінде:

- Сессия кезіндегі сабақтардың ерекшелігін байқағандары;
- Қарым-қатынас мәдениетінің дамығаны;
- Көпшілікпен тіл табысуды үйренгендері анықталды.

Мемлекетіміздің білім беру үдерісіне енген жаңартылған білім беру бағдарламасы - заман талабына сай келешек ұрпақтың сұранысын қанағаттандыратын тың бағдарлама. Ол гуманистік негізде болып, тұлғаның әлеуметтік – мәдени (өмір және әрекет – қылық кейпін таңдау және іске асыру), даралықты (тұлғаның өзіндік қалыптасуы), жауапкершілікті қатынас (құндылықтар таңдау) бағыттарында дамуына орайласады. Мұндай оқу-тәрбие процесі ақпараттық-технологияның қарқынды дамуымен (адамның қабылдау және психологиялық даму заңдылықтарына сай орындалады), көңіл-күйге сәйкестігімен (эмоцияны басқару, көңіл -күй тәжірибесін қалыптастырады), қарым-қатынас мәдениетімен (конфликтіні алдын алу, екінші біреуге ұсыну үшін емес, өз меншікті тәжірибесін құрастыру үшін), жағдайға қарай орындалуымен (негізгі құралы – тәрбиелік жағдай), әлеуметтенуі және болашаққа бағытталуымен (дамудағы тұлғаға арналады) ерекшеленеді.

Тірек мектеп (ро) жағдайында ШЖМ оқушыларын оқыту мен тәрбиелеу мақсатындағы жұмыстардың нәтижесінде бірқатар тиімді көрсеткіштер анықталды:

- оқушылардың әлеуметтенуін ұйымдастыру іс-әрекетін қамтамасыз ететін қосымша білім беру мен тәрбие кеңістігі құрылды;

- тірек мектептің материалдық-техникалық базасы толықтырылды және жаңартылды;

- мұғалімдерге қажетті әдістемелік көмек көрсетілді;

- әлеуметтік педагог пен психологтың іс-әрекетін жүйелендіру жұмысына арналған арнайы кешен құрастырылды;

- тірек мектепте (РО) желілік байланыс орнады, кәсіби-педагогикалық тәжірибе таратылды.

Атқарылған іс-шаралардың, қол жеткізген жетістіктеріміз бен жұмыстарымыздың нәтижелері:

Тірек мектеп (РО) және ШМЖ оқушыларының жетістіктері мен өзгерістері:

- Оқушылардың білім алуға деген мотивациясы жоғарылады;

- Білемін, үйренемін, қолымнан келеді деген ұстанымдары қалыптасты;

- Өзіне және өзгелерге позитивті көзқараспен қарау қабілеті дамыды;

- Қарым-қатынас мәдениеті қалыптасты;

- Рухани-адамгершілік қасиеттері дамыды және қалыптасты;

- Қоғамдағы өзгерістердің жаңалықтар қабылдау мен меңгеру мүмкіндігіне ие болды;

- Республикалық және Жамбыл өңіріндегі мәдени-мұралармен жақын танысуға мүмкіндік алды;

- «Өмір мектебінің» баспалдағымен біртіндеп таныса бастады;

Тірек мектеп (РО) және ШМЖ мұғалімдерінің жетістіктері мен өзгерісі:

– сабақтағы мұғалімнің позициясы өзгереді. Оқушылардың субьектілігін дамыту үшін мұғалім олардың әрекетін ұйымдастырушы, бағыт беруші, дер кезінде көмектесуші ролінде болуына қарай нақты қадамдар жасалды

- сабақты өткізу әдістері мен формаларының жаңашылдығы. Сабақта парталардың басқаша қойылуынан бастап, сабақтың дидактикалық элементтерінің тұтастай жаңаруы, соған сай оқушылардың танымдық белсенділігінің артуы, сабаққа деген қызығушылықтарының, коммуникативті мәдениеттері мен сыни ойлауының жоғарылауы орын алады.

- олардың әдіснамалық мәдениетінің деңгейлерінің жоғарылауы. Оны біз мұғалімдердің зерттеушілік әрекеттердегі сауаттылықтарының артқандарынан байқадық. Оқыту технологияларын енгізу барысында оқушыларды зерттеу, өз тәжірибесінің жетістіктері мен кемшілік тұстарын, өзінің болашақтағы жұмыс бағыттарын айқындай алуы, соған сәйкес түзету әрекеттерін таңдай білуі, жұмысының нәтижелерін жинақтай алуы сияқты сапаларынының өскені анықталды.

- оқушылардың білімдерін жаңаша бағалауға қол жетті.

Ата-аналардағы өзгеріс:

- Мектептің қызметін тұтынушыларды, сұраныс беруші ата-аналардың білім беру мекемесіне деген жағымды көзқарастары қалыптасты;

- Баласының болашаға үшін тірек мектептің (РО) саясатына қолдау көрсету;

- Баласының жеке даралық ерекшелігі мен қабілетіне ерекше мән беруі.

Кемшіліктер:

- кәсіби білікті мұғалімдердің жетіспеуі;

- магнитті мектептердің желілік байланыста белсенділігінің төмендігі;

Ұсыныстар:

- Тірек мектепте (РО) оқушыларды әлеуметтендіру жұмысын жалғастыру;

- Тірек мектептің (РО) материалдық базасын кеңейту;

- Тірек мектепте (РО) оқушылардың тұлғалық дамуы мен әлеуметтенуіне қолдау көрсету мақсатындағы қосымша білім беру үдерісін жетілдіру;

- Желілік қауымдастық байланысын кеңейту мен мұғалімдердің озық іс-тәжірибесін тарату.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Әлімбекова Ә.С., Әбілдаева Г.Ж., Тұрдалиева Ш.Т. Тірек мектеп (ресурстық орталық) жағдайында оқушыларды әлеуметтендіру: әдіснама, технология, тәжірибе. Оқу-әдістемелік құрал. – Тараз. 2018. – 71 бет.

МАТЕМАТИКА ПӘНІН ОҚЫТУДАҒЫ АҚПАРАТТЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫ ҚОЛДАНУДЫҢ ТИІМДІЛІГІ
ЭФФЕКТИВНОСТЬ ИСПОЛЬЗОВАНИЯ ИНФОРМАЦИОННЫХ ТЕХНОЛОГИЙ В ОБУЧЕНИИ МАТЕМАТИКЕ
THE EFFECTIVENESS OF THE USE OF INFORMATION TECHNOLOGIES IN TEACHING MATHEMATICS

Аяпбергенова Айсулу
«№ 14 жалпы орта білім беретін мектебі» КММ
Екібастұз қаласы, Қазақстан
amakhankyzy@mail.ru

Аңдатпа.Бұл баяндама математиканы оқытудағы ақпараттық технологиялардың рөлін және олардың білім беру процесінің тиімділігіне әсерін зерттейді. Білім алушылардың пәнге деген қызығушылығын арттыруда интерактивті технологияның техникалық құрал жабдықтарын қолдана оқыту әдісінде «Prezi.com», «LearningAPP», «Bilimland», «Quizlet.live», «Kahoot.com» «Quizziz.com» бағдарламаларымен жұмыс істеу өте тиімді. Оқу материалдарының қолжетімділігін жақсарту, интерактивті оқыту және оқытуды даралау сияқты артықшылықтар талданады.

Аннотация.Данный доклад исследует роль информационных технологий в обучении математике и их влияние на эффективность образовательного процесса. В методе обучения с использованием технических средств интерактивной технологии повышения интереса обучающихся к предмету Prezi.com, "LearningAPP», «Bilimland», «Quizlet.live», «Kahoot.com», «Quizziz.com» очень эффективно работать с программами. Анализируются преимущества, включая улучшение доступности учебных материалов, интерактивное обучение и индивидуализацию обучения..

Annotation.This paper explores the role of information technologies in teaching mathematics and their impact on the effectiveness of the educational process. To increase students ' interest in the subject in the method of teaching using technical means of interactive technology Prezi.com," LearningAPP", "Bilimland", "Quizlet.live", "Kahoot.com", "Quizziz.com" it is very effective to work with programs. Education is the pinnacle that every student can conquer. The benefits are analyzed, including improved accessibility of educational materials, interactive learning and individualization of learning.

Ақпараттық технологиялар (АТ) - ақпаратты жинау, сақтау, өңдеу, беру және талдау үшін қолданылатын құралдар мен әдістердің жиынтығы. Олар компьютерлер, бағдарламалық қамтамасыз ету, желілер, мобильді құрылғылар және басқа да заманауи техникалық инновацияларды қоса алғанда, көптеген құралдарды қамтиды. Ақпараттық технологияларды оқытудың қолжетімділігін, тиімділігін және сапасын жақсарту үшін өмірдің әртүрлі салаларында, соның ішінде білім беруде қолдануға болады.

Ақпараттық технологиялар қазіргі білім беру жүйесінде шешуші рөл атқарады. Олар оқу процесін байытуға және оны интерактивті және қолжетімді етуге мүмкіндік береді. Ақпараттық технологиялар студенттер мен оқытушыларға оқыту мен оқудың көптеген құралдары мен ресурстарын ұсынады. Білім берудегі АТ рөлінің маңызды бөлігі мұғалімдерге оқу процесін әр оқушының қажеттіліктеріне бейімдеуге көмектесетін жеке

оқытуды қолдау болып табылады. Сонымен қатар, ақпараттық технологиялар заманауи цифрлық ортаға және еңбек нарығына сәтті бейімделу үшін қажетті дағдыларды дамытуға ықпал етеді.

Білім беруде ақпараттық технологияларды қолдану тереңірек және нәтижелі оқытуға ықпал ететін интерактивті оқу орталарын құруға мүмкіндік береді. АТ көмегімен студенттер материалдарды зерттей алады, жобалар жасай алады, мәселелерді шеше алады және нақты уақыт режимінде кері байланыс ала алады. Бұл оқу материалын түсінуді жақсартып қана қоймайды, сонымен қатар сыни ойлау, проблемаларды шешу және ынтымақтастық дағдыларын дамытады. Ақпараттық технологиялар сонымен қатар білімге қол жетімділікті кеңейтуге мүмкіндік береді, бұл әсіресе шалғай немесе қол жетімді емес аймақтардағы адамдар үшін және өмір бойы білім алу үшін өте маңызды.

Ақпараттық технологиялардың дамуымен математика бойынша электронды оқулықтар мен онлайн курстар қол жетімді болды. Бұл ресурстар студенттерге ыңғайлы уақытта және кез келген жерде оқуға болатын сапалы материалдарға қол жеткізуге мүмкіндік береді. Электрондық оқулықтар мен курстар көбінесе интерактивті тапсырмаларды, тестілерді және бейне дәрістерді қамтиды, бұл оқуды тартымды және тиімді етеді.

Технологияның басты міндеті - білімнің жаңа мазмұнын жүзеге асыру. Сын тұрғысынан ойлау бағдарламасы бойынша математика пәнінен сабақ жүргізу кезінде басты кезеңдерге ерекше ескеру керек. Оқу мен жазу арқылы сын тұрғысынан 84 ойлау бағдарламасын жүзеге асыру стратегиясы бар екені белгілі, демек сол әдіс тәсілдерді жақсы меңгеріп, керектілерді таңдап алу әр сабақтың мақсатын жүзеге асыруға мүмкіндік береді. Сын тұрғысынан ойлау технологиясының көптеген стратегияларын сабақ барысында қолданамын. Солардің бірі: «Мозайка». Бұл әдісті математика пәнінің терминдерін жетік меңгеруге негізделген. Сабақтың басында, соңында қолданылады. «Мозайканы» білім алушылардың топтық, жұптық, жеке жұмыс ретінде пайдалануға болады. Математиканы оқытуды ақпараттық технологияларды қолдану пәнді оқытуда дүниенің заңдарын терең меңгертіп, керек мәліметтерді интернет көзінен таңдап, өз бетінше ойланып, шешім қабылдауға дағдыландырады.

Математика бойынша онлайн курстар мен вебинарлар студенттерге шалғай аймақтарда болса да, тәжірибелі математика оқытушылары мен сарапшыларынан үйренуге мүмкіндік береді. Оқу бағдарламалары негізгі ұғымдардан бастап математиканың мамандандырылған салаларына дейінгі күрделілік деңгейлері мен тақырыптарының кең ауқымын қамтуы мүмкін. Онлайн курстар сонымен қатар оқушыларға форумдар мен чаттар арқылы оқытушылармен және басқа оқушылармен өзара әрекеттесу мүмкіндігін береді.

Математикалық есептер мен жаттығуларды шешуге мүмкіндік беретін көптеген онлайн платформалар мен қосымшалар бар. Бұл платформалар әдетте студенттерге қиындықтардың әртүрлі деңгейлерінде тапсырмаларды шешу және лезде кері байланыс алу арқылы өз дағдыларын үйретуге мүмкіндік береді. Тапсырмалар мен ресурстарға қол жетімділіктің бұл түрі студенттерге математикада өз дағдыларын тиімді үйренуге және жетілдіруге көмектеседі..

Ақпараттық технологиялар математикалық ұғымдарды көрнекі түрде зерттеу үшін интерактивті бағдарламалар мен визуализациялар жасауға мүмкіндік береді. Осындай құралдардың көмегімен студенттер функция графиктерін, геометриялық фигураларды және басқа математикалық объектілерді зерттей алады. Бұл материалды тереңірек түсінуге ықпал етеді және дерексіз ұғымдарды елестетуге көмектеседі.

Интерактивті тақта - студенттердің барлығын оқыту үшін құнды құрал. Бұл оқытушыға сабақта жаңа материалды өте қызықты және қарқынды етіп түсіндіруге көмектесетін визуалды ресурс. Оның ақпаратты түрлі мультимедиялық ресурстар көмегі арқылы таныстыруға мүмкіндігі зор. Оқытушылар мен студенттер материалды барынша жетік түсініп оқи алады. Ол сызбаларды түсіндіруді жеңілдетіп, қиын мәселелерді шешуге

көмектесе алады. Осы тұрғыдан қазіргі таңда қолданылып жүрген Prezi веб-сервисінің атқаратын қызметі аса зор. Қазіргі таңда презентацияның негізгі мақсаты болып аудиторияға қарапайым және түсінікті мультимедиялық үлгіде мәліметті, ақпаратты жеткізу. Негізгі құраушылары болып – суреттер, мәтіндер, анимациялар, әртүрлі графиктер, видео файлдар, дыбыстық файлдар табылады. Сонымен қатар мультимедиялық материалды басқару да негізгі бөлік болып табылады. Әдетте мультимедиялық материалды құрастыру үшін PowerPoint, SoftMaker 85 Presentations және Multimedia Builder, Prezi веб-сервистері қолданылады. Осылардың ішінде көп қолданылатыны

Prezi.com веб-сервисі. Prezi.com — бұл веб-сервис, осы веб сервистің көмегімен сызықтық емес құрылыммен мультимедиялық интерактивті презентацияларды құруға болады. Prezi.com бағдарламасын меңгеріп, тәжірибелік тұрғыда өз сабағымда қолданып жүрмін. Соның ішіндегілердің біреуіне тоқталатын болсам, пәндік әдістемеліктің онкүндігінде өткен ашық сабағымды осы аталған бағдарлама негізінде құрып, сабақта тиімді қолдана алдым. Сабақтың әр кезеңіне қажетті мәліметтер, формулалар, есептер, суреттер, бейнежазба, сілтемелер осы бағдарлама аясында жинақталып уақытты тиімді пайдалануға мүмкіндік берді. Әрі бұл көрнекілік білім алушылардың сабаққа қызығушылықтарын оята алды.

Сабақта «Bilimland» сайтынан сабақ материалдарын, көрнекіліктер, видео материалдар, тапсырмалар, ақпараттардың берер көмегі мол. «LearningAPP» сайты математика пәнінде әртүрлі интерактивті тапсырмаларды жасауға, жаңарту мақсатында қолдануға болады.Яғни тапсырмаларды сәйкестендіру, теңестіру, миллион кімге бұйырады, викторина, топтастыру, уақытша таспа және т.б. түрінде құруға болады.

Сондай-ақ оқу материалдарын қаншалықты меңгергендерін бағалау мақсатында «Quizlet.live», «Kahoot.com» «Quizziz.com» бағдарламаларымен жұмыс істеу өте тиімді. «Quizlet.live» тоқтала кетсем, бұл бағдарлама білім алушылармен топтық немесе жекелеме жұмыстарда қолдануға болады. Тағы бір тиімділігі білім алушыларды сабақ барысында топқа бөліп, үй тапсырмасын тексеруде, жаңа тақырыпты меңгеруде, бекіту масатында қолдуға болады.

Математикалық есептер мен жаттығуларды шешуге арналған көптеген бағдарламалар мен мобильді қосымшалар бар. Бұл құралдар студенттерге әртүрлі қиындық деңгейлерінде әртүрлі тапсырмаларды шешу арқылы өз дағдыларын үйретуге мүмкіндік береді. Олар сонымен қатар қателерді түзетуге және өнімділікті жақсартуға көмектесетін жедел кері байланыс береді.

Қазіргі сыныптарда электронды тақталар мен интерактивті проекторлар жиі қолданылады, бұл мұғалімдерге математикалық операциялар мен тұжырымдамаларды интерактивті форматта көрсетуге мүмкіндік береді. Бұл көрнекі және динамикалық оқытуға ықпал етеді, сонымен қатар мұғалімдерге оқушылардың назарын оңай аударуға мүмкіндік береді.

Виртуалды зертханалар мен модельдеу студенттерге физикалық жабдықты қажет етпестен математика саласында эксперименттер мен зерттеулер жүргізуге мүмкіндік береді. Бұл әсіресе күрделі математикалық ұғымдар мен модельдерді зерттеуде пайдалы.

Оқушылар нақты уақыттағы өзгерістерді байқай алады және параметрлермен тәжірибе жасай алады, бұл материалды жақсы түсінуге ықпал етеді.

Математиканы оқытудағы ақпараттық технологиялар оқушылар оқу процесіне белсенді қатысатын интерактивті оқу орталарын құруды қамтамасыз етеді. Бұл орталар оқушыларға есептерді шешуге, визуализацияларды басқаруға және математикалық ұғымдармен тәжірибе жасауға мүмкіндік береді. Интерактивті оқыту математиканы оқуды қызықты етеді және оқушыларға пән туралы түсініктерін тереңдетуге көмектеседі.

Ақпараттық технологиялар оқушыларға олардың белсенділігі мен тапсырмалары бойынша жедел кері байланыс беруге мүмкіндік береді. Бұл тапсырмаларға жауаптарды автоматты түрде тексеруді, нәтижелерді тікелей көрсетуді және қателерді түсіндіруді қамтуы мүмкін. Лезде кері байланыс студенттерге өз қателіктерін жақсы түсінуге және есептерді шешу әдістерін түзетуге көмектеседі, нәтижесінде олардың математика дағдылары жақсарады.

Ақпараттық технологиялар математиканы оқытуда бірлесіп жұмыс істеуге және идеялармен бөлісуге арналған интерактивті құралдарды ұсынады. Студенттер онлайн-ынтымақтастық орталарында жобалармен жұмыс істей алады, математикалық тұжырымдамаларды талқылай алады және есептерді бірге шеше алады. Бұл топтық жұмыс дағдыларын дамытады және студенттерге бір-бірінен үйренуге мүмкіндік береді.

Ақпараттық технологиялармен қамтамасыз етілген интерактивті оқыту және жедел кері байланыс математиканы тиімдірек және қызықты оқытуға ықпал етеді. Бұл құралдар студенттерге оқу процесіне белсенді қатысуға және қолдау мен кері байланыс алуға мүмкіндік береді, бұл олардың математикалық дағдыларына деген табысы мен сенімділігіне ықпал етеді.

Ақпараттық технологиялар әр студент үшін жеке оқу жоспарларын құруға мүмкіндік береді. Адаптивті жүйелер әр оқушының білім деңгейі мен дағдыларын талдай алады және олардың қажеттіліктеріне сәйкес оқу материалдарын, тапсырмалар мен тестілерді ұсына алады. Бұл студенттерге өз қарқынымен үйренуге және математиканың ең қажет аспектілеріне назар аударуға мүмкіндік береді.

Ақпараттық технологиялар сонымен қатар студенттердің үлгерімін үздіксіз бақылауға және талдауға мүмкіндік береді. Адаптивті жүйелер студенттің қандай математикалық тұжырымдамаларды сәтті игергенін және қайсысы әлі де жұмыс істеуі керек екенін бақылай алады. Бұл мұғалімдер мен оқушыларға қосымша назар аударуды қажет ететін бағыттарды анықтауға және талдау нәтижелеріне сәйкес оқу жоспарларын бейімдеуге мүмкіндік береді.

Жас ұрпақты саналы, сапалы білім алуының бір шарты - инновациялық технологияларды білім процесіне енгізу. Сондықтан оны әр сабағында тиімді пайдалану оқытушының негізгі міндетінің бірі. Ақпараттық технологияның келешек ұрпақтың жан жақты білім алуына, іскер әрі талантты, шығармашылығы мол, еркін дамуына жол ашатын педагогикалық, психологиялық жағдай жасау үшін де тигізер пайдасы аса мол.Математиканы оқытуда ақпараттық технологияларды қолданудың көптеген артықшылықтары бар. Олар білім беруді қол жетімді, интерактивті және жеке етеді. Олар сондай-ақ тез өзгеретін әлемге сәтті бейімделу үшін қажетті дағдыларды дамытады. Дегенмен, цифрлық дәуірде технологиялар мен оқытудың қолжетімділігін қамтамасыз ету қажеттілігін, сондай-ақ ақпараттық технологиялар панацея емес және құзыретті пайдалану мен қолдауды қажет ететінін есте ұстаған жөн. Ол үшін оларға білім беретін ұстаздар өз пәнін жетік меңгерген, теория мен практиканы осындай бағдарламаларды қолдана отырып, білім алушылар бойына сіңіре алатын шығармашыл, ізденімпаз, ең бастысы еңбекқор болуы қажет.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. https://moluch.ru/archive/409/90054/
2. https://www.tarbie.kz/15484

3. https://ust.kz/word/matematika_panin_oqytyda_janga_aqparattyq_tehnologiyalardy_qoldany__sapaly_bilim_negizi-307736.html
4. https://cyberleninka.ru/article/n/ob-effektivnosti-ispolzovaniya-novyh-informatsionnyh-tehnologiy-v-obuchenii-matematike
5. https://saveleva-estalsch15.edumsko.ru/articles/post/1448471

АУЫЛ МЕКТЕБІНДЕГІ БАСТАУЫШ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ ТАБЫСҚА ЖЕТУ МҮМКІНДІГІН АРТТЫРУ ЖӘНЕ САПАЛЫ ОҚЫТУДЫ ЖҮЗЕГЕ АСЫРУ ЖОЛДАРЫ

Чинбаева Райгуль Абдрашитовна
Бастауыш сынып мұғалімі , «Педагог-зерттеуші»
«№1 Ақшәулі жалпы орта білім беретін мектеп»коммуналдық мемлекеттік мекемесі
Абай облысы Аягөз ауданы, Қазақстан
raika70@bk.ru

Аннотация: Бұл баяндамада заман талабына сай оқыту үшін сабақта жаңа әдістерді қолданып, алған білімдерін қажеттілікке жарата білетін ауыл мектебіндегі бастауыш сынып оқушыларының табысқа жету мүмкіндіктерін арттыру және сапалы оқытуды жүзеге асыру жолдары қарастырылған.
Түйінді сөз: бастауыш сынып,ауыл мектебі,оқыту,жаңа әдіс-тәсілдер, сапалы білім,функционалдық сауаттылық.

Мен үшін жақсы мұғалім
бәрінен де қымбат,өйткені
мұғалім-мектептің жүрегі.
Ы.Алтынсарин

Қазіргі жылдам өзгеріп жатқан заманда біздің алдымызда жас ұрпақты болашақ өмірге және еңбек етуге тиісті деңгейде даярлап,оқушылардың бойында XXI ғасыр дағдылары деген жалпылама атауға ие болған дағдыларды қалыптастыру міндеті тұр.Бұл дағдылар пән бойынша білім,нақты дағдылар,сауаттылық пен тәжірибені қамтиды./1/ Болашақта еліміздің сан-саласы өміріне белсене араласатын жас ұрапты тәрбиелеу білім саласында қызмет етіп жүрген жандарға зор міндет жүктейді.Осыған байланысты еліміз білім беру ісінде білім беру мазмұнын жетілдіру,жаңа базистік оқу жоспарына көшу, жаңа технологияларды енгізу сияқты жетістіктерге қол жеткізді.Бұл педагогика теориясы мен оқу – тәрбие үрдісіндегі елеулі өзгерістерге байланысты болып отыр:

- ақпараттың дәстүрлі әдістері – ауызша және жазбаша-қазіргі заманғы компьютерлік құралдарға ығысып орын беруде;
- баланың жеке басын тәрбиелеуде,оның жан дүниесінің рухани баюына,азамат,тұлға ретінде қалыптасуына көңіл бөлінуде;
- оқушыға орташа деңгейде білім беретін бағдарламадан жекелеп,саралап оқыту бағдарламасына көшу:
- есте сақтауға негізделген оқып білім алудан,бұрынғы меңгергендерді пайдалана отырып,ақыл-ойды дамытатын оқуға көшу;

Әр түрлі оқыту технологияларын оқу мазмұны мен оқушылардың жас және психологиялық ерекшеліктеріне орай таңдап,тәжірибеде сынап қараудың маңызы зор.Қазіргі білім беру саласындағы оқытудың озық технологияларын меңгермейінше,жан – жақты маман болу мүмкін емес.Тәуелсіз Қазақстанда өркениетке бастар жолдың

бастауы – мектеп десек, мектептің басты тұлғасы, жүрегі – мұғалім. Мектеп жұмысы мен оқушы жетістіктерін өрістетудегі негізгі тұлға – ұстаз болғандықтан, ал сол ұстаз заман талабына сай болуы үшін - әрқашан ізденуді, білімдерін жетілдіруді, жан-жақты, білікті болуды талап етеді. Ұлы ағылшын ағартушысы Уильям Уарт жай мұғалім хабарлайды, жақсы мұғалім түсіндіреді, керемет мұғалім көрсетеді, ұлы мұғалім шабыттандырады деген екен./2/ Қазіргі таңда мұғалімдер алдында білім жүйесін, заман талабына сай үйлестіре, жаңа үлгіде жүргізу міндеті туындап талаптар қойылуда. Мен өзімнің сабағымда жеті модулді басшылыққа алып жоспар жасадым.Себебі оқушыларға берілетін тапсырмаларға модулді енгізу арқылы оқу үдерісінің айырмашылығын және оқушының білім-білік дағдыларына,ойлау қабілеттеріне,мысалдарды қандай деңгейде меңгере алатындығын,сабаққа деген қызығушылығы қалай болады деп, оқудағы жаңа тиімді әдіс-тәсілдерді қолдануда жақсы жақтарын,жетістіктерін зерттеу,байқау мақсатында болды. Ол үшін мұғалімге іскерлік , ізденіс , шығармашылық қажет етедіндігін түсіндім. Ал енді осы жеті модульді 2-сыныпта жаратылыстану пәні бойынша қолданған жұмыстарыма тоқталсам деймін.

1-сабақ 1- әрекет. Мұғалім оқушыларды үш топқа бөледі.Үш топқа бірдей тапсырма АКТ-ны пайдалану арқылы үй тапсырмасы: Жануарлар дүниесі несімен ерекшеленетінін әңгімелей отырып,тақырыпты жапырақпен жапсырмалаған жануарлары неліктен әр түрлі екенін сөзбен түйіндейді.

2-әрекет. Оқушылар:Мағынаны тануда «Аквариум» әдісі /1-сурет/ арқылы жаңа сабақтың тақырыбын суда жүзіп жүрген балықта жазылған сөзден оқып танысады.

1-сурет

3-әрекет.Мәтін бойынша жұмыс жасалып,адам денесінің құрылымын «Дұрыс құрастыра білейік» ойыны / 2-сурет/арқылы топпен құрастырады.

2-сурет

4-әрекет. Оқулықпен жұмыс «Теріс шеңберде» әдісі/3-сурет/ бойынша қозғала отырып оқып шығады.

3-сурет

5-әрекет «Радиоға қоңырау шалу» ойыны арқылы сұрақ жауап жүргізіліп,сыни тұрғыда пікілерін айту арқылы сабақты қорытындылап, өз-өзін бағалау жүргізіледі.

6- әрекет. Үй тапсырмасы «Менің дене құрылымым»шағын әңгіме жазу немесе сурет салу.

2-сабақ. 1- әрекет.Оқушылар спорттық құралдарды таңдау арқылы топқа бөлінеді және сол бойынша оқушылардың сабаққа дайындығы тексеріледі.

Оқушылар:Үй тапсырмасын «Кім жылдам?» ойыны/4-сурет/ сұрақ-жауап арқылы сұралып, дене мүшелері аталынып,суретте көрсетіледі.

4-сурет

2-әрекет.Жаңа сабақ.Оқушылар: Адамның денесі сымбатты болу үшін немен шұғылдану керек?- деген ой қозғалады.Оқушылар допты ұрып,секіртпемен секіріп қимыл қозғалыс жасайды.

3-әрекет. Оқушылар жағдаят шешу арқылы жаңа сабақтың тақырыбын ашады.

4-әрекет. АКТ-ны қолдану арқылы суретпен жұмыс жүргізеді.

5-әрекет.Оқушылар: Адамның қозғалуына не көмектеседі? Постермен қорғайды.

- Оқушыны өз бетінше зерттеу арқылы осы проблемалық жағдайда белгісізді іздеу.

Мен сабақтың әртүрлі кезеңдерінде проблемалық жағдайларды жасаймын. Сабақтың басында практикалық жұмыстарда мен проблеманы қойып, оны оқулық, атлас және статистикалық мәліметтер арқылы шешуді ұсынамын. Проблемалық оқыту технологиясын қолдану оқушылардың ауызша сөйлеу және шығармашылық тәуелсіз іс-әрекетін жандандыруға қолайлы жағдай жасайды, бұл оқушының жеке құзыреттілігін дамытуға ықпал етеді.

Инновациялық педагогикалық технологиялар өзара байланысты, өзара тәуелді және ашықтық, адалдық, ізгілік, жанашырлық, өзара көмек сияқты құндылықтарды тәрбиелеуге бағытталған және әр оқушының жеке ерекшеліктеріне сәйкес білім беру қажеттіліктерін қамтамасыз ететін белгілі бір дидактикалық жүйені құрайды. Технологияны, сабақ әдістемесін таңдау мәселесін мұғалім сабақтың тиімділігін арттыру үшін көптеген сыртқы және ішкі факторларды ескере отырып шешуі керек.

Зерттеу жұмысы Солтүстік Қазақстан облысы, Қызылжар апуданы, «Парасат» мектеп-лицейі» КММ өткізілді. [3

Зерттеу нәтижелері мен талқылау

Зерттеу нәтижесі бойынша интерактивті әдістердің тиімділігін іс жүзінде бақылап, ойын сабақтарының білім сапасында алатын орны айқындалды. Бірлестіктің отырысында сабақ талқыланып, әріптестер тарапынан оң пікір туындады.

Қорытынды

Қорыта айтқанда, интерактивті оқыту әдісі оқушы әрекетін белсендіру, оқу материалын, оқыту әдістері мен тәсілдерін жетілдіру сияқты негізгі педагогикалық мәселелерді іске асырады. Яғни, интерактивті оқыту әдісі дегеніміз – ұжымдық іс-әрекет жүйесі арқылы жеке тұлға белсенділігін арттыруға негізделген, берілген материалды жылдам әрі сапалы меңгертуге бағытталған ерекше үлгіде ұйымдастырылған тілдік қатынас болып табылады.

ӘДЕБИЕТ

1. Каирова Д.Т. «Қалыптастырушы танымдық кері байланыс түрлерін ұйымдастырудың тиімді жолдары» әдістемелік құрал, «Назарбаев зияткерлік мектептері» ДБҰҰ ПШО, Петропавл қ. , 2016. -Б. 23-25

2. А.А. Есекеева Оқытудың интерактивті әдістерін қолданудың ерекшеліктері Алматы 2012 [Электронды ресурс] (articlekz.com) Дата обращения

3. Трансформация образования: инновационные механизмы достижения качества знаний. Материалы IV Международной научно-практической конференции.. Том 2 / авторы-составители Р. Сәркен, А. Бектемиров, К. Жапенова, Л. Ельцова, А. Мукашева, А. Есимсеитова, К.Сарсенова. - Петропавловск: ЦМРиИТО, 2022 –.443 с

КЕРІ БАЙЛАНЫС-ОҚУШЫ ЖЕТІСТІГІНІҢ КЕПІЛІ
ОБРАТНАЯ СВЯЗЬ – ДОСТИЖЕНИЕ УЧИНИКА
FEEDBACK – PUPILS ACHIEVEMENT

Мендигалиева Гульвира Светкалиевна
Педагог-зерттеуші, бастауыш сынып мұғалімі

Атырау облысы Махамбет ауданы «Есбол орта мектебі» коммуналдық қазыналық мекемесі, Атырау, gulvira-75@mail.ru

Аннотация Бастауыш сынып оқушыларын кері байланыс арқылы танымдық қабілеттерін ашу дағдыларын қалыптастыру
Формирование у начальных школьников навыков раскрытия познавательных способностей посредством обратной связи
Formation of the skills of disclosure of cognitive abilities in primary school children through feedback
Мақсаты: Кері байланыс арқылы оқушының танымдық қабілеттерін, сөздік қорларын арттыру жолдарына тоқталу. Оқу материалдарына қалай рефлексия жасау керектігін түсіндіру
Күтілетін нәтиже: Кері байланыс жасау, оның классификациясы, әдістері жайлы мәліметтермен таныс болады.

«Егер де есті кісілердің қатарында болғың
келсе, күніне бір мәрте болмаса жұмасында
бір, ең болмаса айына бір, өзіңнен өзің есеп ал!»
А.Құнанбаев

«Мектептегі білім мұғалімді де, оқушыны да ойлануға үйретуі тиіс. Ойлануға үйретуді, сұрақтарды дұрыс қоя білу және құрастыра білу қабілетін дамытудан, қарама-қайшылықтарды байқауға машықтандырудан бастау керек. Бұл дегеніміз – ең алдымен, педагогтің өзі ойланып үйренуі тиіс» деп айтқандай, оқушылардың ойлау қабілетін арттыру барысында мұғалімнің кәсіби міндеттерін адал орындауда өзіндік рефлексиялау дағдыларын қалыптастыру маңызды. Ұстаздар қауымы білім саласына енгізіліп жатқан өзгерістерді іске асырушы көшбасшы рөлін түсініп, реформаларға белсенді түрткі болуға, жаңа идеяларды алға жылжытуға қабілетті, өз ісінің шебері екенін саналы түрде сезінуі керек. Рефлексиялық дағдыны арттырудың маңыздылығына тоқталсақ, білім саласына қаншалықты инновация енгізілгенімен оның түпкі мәні мен қажеттілігін терең түйсіну қажет. Осыған орай, Дж.Дьюидің «рефлексиялық емес мұғалім – көп жағдайда өзінің әдеттегі жұмыс стилінен ауытқымайды, нақты талаптарды ескерместен, оқыту жұмысының сол бір ғана әдістері мен тәсілдерін қолданады, дәстүр ықпалында не болмаса беделге бағынышты болғандықтан жұмысы мен өміріндегі өзгерістерді жақтырмайды» - деуге болады. Әр адам өз әрекетіне талдау жасай алуы маңызды. Рефлексия тереңдігі бұл жерде адамның білімдігіне, моральдық сезіміне және өзін-өзі бақылау деңгейіне тікелей байланысты. Рефлексияны қарапайым тілмен «өзіңмен-өзің тілдесу» деп түсіндіруге болады. «Рефлексия» сөзінің өзі көне латынның «reflexio», яғни, «Кейінге, артқа бұрылу» дегенді білдіреді.

Рефлексияның қай түрі немесе қай тәсілі болмасын, жаңа идеялар ағынын тудыртатын үдеріс екені анық. Нақтылай айтсақ, рефлексия айқын емес идеяларды нақтылап, жаңа ойлармен толықтыратын, алдыңғы білімді тереңдетуге көмектесетін механизм.

Қытай философы Конфуций рефлексияның маңыздылығын мойындай келе, оны даналықты зерттеудің «асыл тәсілі» деп сипаттайды[2] [Педагогикалық диалог, №4. 2014, 140 бет]. Демек, философиялық тұрғыдан алсақ та, рефлексия белгілі бір сала бойынша ойымызды жүйелеп, оның мән-мағынасын түсінуге жетелейді. Адамға өзінің ішкі жан-дүниесімен үйлесімділікті табуға баулиды. Ал, ұлы ойшыл, көрнекті ақын Абай Құнанбайұлының «Егер де есті кісілердің қатарында болғың келсе, күніне бір мәрте болмаса жұмасында бір, ең болмаса айына бір, өзіңнен өзің есеп ал!» деген сөзі әрбір адамның өмірлік ұстанымы болуы керек.

Өз тәжірибемде рефлексиялық дағдыны қалыптастыруда қолданылатын іс-әрекеттер модельдерге тоқталсам: Ең бірінші оқушы күнделігіне рефлексияны қалай жүргіземін? Оқушы күнделігі не үшін қажет?

Күнделік–оқушының басты құжаты. Күнделікке оқушының тәртібі мен күнделікті жүргізуіне сын жазылады. Оқушының тәртібіне, ынтасына оң ықпал етіп, тиянақтылыққа тәрбиелейді. Ата-анамен байланыс жасау құралы ретінде қолданылады. Оқушының білім жетістігін, тәртібінің нәтижесін көрсететін және ата-анамен байланыс жасауға көмектесетін осы күнделік. Күнделік толтыруда алдымен оқушылар жауапкершілікке үйренеді.

Мен қазіргі таңдағы қолданыстағы оқушыларымның күнделігіне жазылып отырған рефлексиялық талдаулары апталық оқу-нәтижелері бойынша айтылым, жазылым, айтылым, математикалық білім-біліктері сараланып, жазылады.

Осы аптадағы оқушының білім-білігі:

Оқылым_____

_____

Жазылым_____

_____Айтылым_____

_____

_____

Математикалық білім_____

_____

Оқу техникасы:

Ұсыныс:

Бұл талдаулар мұғалім үшін де, оқушы үшін де тиімді. Мұғалім үшін тиімділігі – олар уақыт жоғалтпайды. Дайын шаблонға оқушының апталық, тоқсандық білім-біліктерін жазып, саралайды. Оқушы үшін тиімділігі- олар жауапкершілікке тәрбиелене отырыпғ , күнделікті толтыру әдебін меңгереді.

Келесі мұғалімнің тұрақты түрде өзін-өзі дамытуына, өзін-өзі ұғуға, өзінің кәсіби деңгейін анықтауға таптырмас құрал әр ұстаздың рефлексиялық күнделігі болуы да маңызды. Теория мен практиканы байланыстырып, рефлексия жасауға мұғалімнің рефлексиялық күнделігінің маңызы қандай? Осы сұраққа жауап іздеу барысында әлемдік озат тәжірибені зерделеуде педагог мамандар үшін өзінің тәжірибесін рефлексиялық талдау ғана кәсіби біліктілікті шыңдауға мүмкіндік беретіндігін көрсетті. Мұғалімнің рефлексиялық күнделігі белгілі бір оқиға жайлы өзіндік жеке ойтолғаулар, сезімдер мен әсерлер жазылатын жеке адамның күнделігі іспеттес жүргізіледі. Ерекшелігі мұнда

мұғалімге тән кәсіби мәселелер жазылады. Сыныпта орын алған оқиғалар жайлы рефлексия жасап, олардың туындау себебін анықтауға тиімділігі көп. Күнделік жүргізуді туындаған қиындықты шешуге бағытталған идеялар қоржыны деп атасақ та болады. Себебі, мұғалім болған оқиғаға талдау арқылы болашаққа нақты қадамдар жасай алады, сонымен қатар әріптестерімен ұқсас мәселелерді шешуге кеңестер ұсынуға құзыретті болады. Мұғалім күнделікке ақпараттар ағынын ғана түсірмейді, сол ақпараттардан түйген ойларын түсіреді. Сол арқылы алдыңғы тәжірибе мен соңғы ақпараттан алған білімін тұжырымдайды. Күнделік алдыңғы жасалатын жұмыстарға болжам жасауға ықпал етеді. Сол болжамды шынайы сыныптағы жағдайда сынап көру арқылы туындаған ойлар көрініс табады. Рефлексиялық күнделікте тағы бір қарастыруға болатын мәселе, өзіңіздің әріптестеріңіздің сабақтарына жүргізген бақылауларыңыз, олардың сабақ өту стилі, әріптестерден алған идеялар. ектепте өткізілген әрбір коучингтерден алған тың тәжірибелер де осы рефлексиялық күнделіктерде жазылады. Өз ісінің шебер маманы аналитикалық модельдерді өз ойларын құрылымдау мақсатында пайдаланады. Кең тараған белгілі аналитикалық модельдердің бірі – Гиббс циклі [5] арқылы мен де өз рефлексиялық күнделігімді бастап, оған өз әрекеттерім мен сабақ барысындағы, коучингтерден алған тәжірибелерді ой елегінен өткізіп, кең көлемде талдауға мән бердім. Бұл күнделіктің мен үшін маңыздылығы, біріншіден, қатысып отырған мұғалімнің жұмысына еркін талдау жасай аламын, екіншіден, өзімді сол мұғаліммен салыстыра отырып, өз деңгейімнің қандай сатыда екеніне рефлексиялық талдау жасау арқылы көз жеткізе аламын. Өз-өзіне рефлексия жүргізе білетін мұғалім ғана басқалардың жұмысын сондай дәрежеде талдай алады.

Осы талдау циклын кестеге айналдырып, өз талдауыңызды жаза беруге болады

Күні: Өткізген мұғалім: Пәні: Мақсаты:	
Әрекеттер жоспары:	
Сипаттама: Не болды?	
Сезімдер: Не туралы ойландыңыз және не сезіндіңіз?	
Бағалау: Осы тәжірибеде не жақсы/не жаман болды?	
Талдау: Сіздің ой-пікіріңіз	
Қорытынды: Осы тәжірибе арқасында Сіз не үйрендіңіз?	

Сонымен бірге сыни ойлау арқылы тұлға бойында рефлексиялық сапаларды қалыптастыру да маңызды. Рефлексиялық сапа дегеніміз білім мен тәрбиені өзіндік сана арқылы қабылдап, тұлғаның рухани дамуы, ғылыми ақпараттарды игеруі болып табылады.

Оқушы бойында рефлексиялық сапалардың қалыптасуы білім беруді ізгілендірудің нәтижесі болып табылады. Оқушының өзін тану үшін және өмірлік проблемаларын шешудің бірден-бір тәсілі - рефлексиялық басқаруды жүргізе алуы. Ол үшін төмендегі басты ерекшеліктерді дағдыға айналдыруың маңызы зор:

Рефлексиялық әрекеттер барысында оқытудың жолдары талданады, өзіндік шешім қабылдауға жағдай туғызылады. Сөйтіп, бала өзін-өзі дамыту, тәрбиелеу, өз әрекеттерін ұйымдастыру мүмкіндігін алады.

Оқушы үшін рефлексиялық күнделік жүргізудің маңызы қандай?

«Рефлексиялық күнделік –оқушының өз істерінің мәнін түсіну үшін , олар туралы ойлану барысында өзіне өзінің нені, қалай жасағаны туралы толық және анық есеп беруі үшін қажет. Рефлексиялық күнделік балаға байыппен ойлануға мүмкіндік беретіндей ұйымдастырылуы қажет, оны асығыстықпен қолдануға болмайды. Мектептегі сабақ барысындағы жүргізілген рефлексия мен үйден асықпай отырып талданған рефлексия жер мен көктей. Себебі бала оқу барысында ойланып талдау жасай алмайды. Тек не жақсы болды соған ғана жауап бере алады. Ал енді оқушыға үйден ойланып өзіңе ұнаған сабағыңды мына кестеге салып талдау жасап кел деп тапсырма берсеңіз, оқушы одан әрі сол талдау жасауға өзі қалыптасады. Өзіне талдау жасаған оқушы мұғаліммен еркін диалогке түсіп, әрекет етуші кейіпкерге айналады.

Оқушы рефлексиясы

Кері байланыс оқушыға өткенді түсініп қоюмен ғана шектелмей, өткен әрекеттер арасында логикалық байланыс орнатып, алынған тәжірибені жүйелеп, өзінің оқу жетістіктерін басқа оқушылардың жетістігімен салыстырып көруге көмектеседі. Сабақтың құрылымында рефлексия – ең маңызды кезеңі болып саналады. Сабақ соңында қолданылатын іс-әрекеттер рефлексиясына аса мән берілуі керек. Бұл жерде мұғалім басты ұйымдастырушы болып, негізгі кейіпкерлер оқушылар болады. Өткенге көз жүгіртіп, әрбір оқушының түсініп, меңгергенін ортақ қоржынға жинақтау өте маңызды рөл атқарады. Сабақтың кезеңі ретінде рефлексия бірнеше түрге жіктеледі. Оларды дұрыс жіктей білу арқылы мұғалім рефлексияны сабақ жоспарына енгізіп, стратегияларды дұрыс таңдап, тиімді сұрыптай алады.

Кері байланыс сабақтың әрбір кезеңінде әртүрлі қызметтер орындай отырып, оқу үдерісінің өн бойында жүзеге асады. Бұл жерде рефлексия үдерісіне мұғалім де, оқушы да белсенді қатысуы маңызды екенін ұмытпаған жөн. Тәжірибе көрсетіп отырғандай, қатысушылардың бірі рефлексия үдерісіне қатыспаған жағдайда, рефлексия механизмі тиімсіз болады. Кері байланыс ауызша және жазбаша формада жүзеге асуы мүмкін. Әрқайсысының өзіндік қызметі бар.

Қазіргі білім мазмұнына сәйкес қысқа мерзімді сабақ жоспарына мұғалім рефлексиялық талдау жүргізіп отыруы тиіс. Оның себебі, әр мұғалім өзінің өткен сабағына толық талдау жасау арқылы жеткен нәтижені, табысты болған әдіс-тәсілдерді жіктей алады.

Кей жағдайда мұғалімдеріміз сабақ жоспарларына рефлексиялық есеп жаза алмай жатады. Сол себепті де мен өз мектебімдегі жас мамандарға өз сабақтарына рефлексиялық талдау кестесін ұсынған болатынмын. Бұл кестеде мұғалімдер сұрақтар бойынша жұмыс жасап, сабақтарына талдау жасайды. Одан әрі олардың өздері де жазуға төселіп кетері сөзсіз.

Сабақ оқу мақсатына жетті ме?	
Оқушылардың барлығы оқу мақсатына қол жеткізді ме?	
Оқу мақсатына қол жеткізуде оқушыларыңыз неден қиналды?	
Сабақта қолданылған әдіс-тәсілдеріңіз?	
Қай әдісіңіз тиімді болды? Оқушылар өте белсенді қатынасқан әдісіңізді жазыңыз? Сабақтың қай кезеңінде?	
Саралауды қалай жоспарладыңыз?	

Қабілетті оқушыларды қандай жұмыс түрі арқылы анықтадыңыз?	
Оқушыларды қалай бағаладыңыз? Оқуды бағалау, оқытуды бағалау қалай жүзеге асты?	
Рефлексияны қалай ұйымдастырдыңыз?	
Уақытты тиімді пайдалана алдыңыз ба?	
Алдағы уақытта неге көңіл бөлуің керек деп ойлайсың?	
Сабақ жоспарынан ауытқу болды ма? Болса неліктен?	
Өзіңіздің сабағыңызды қалай бағалайсыз? Көңіліңіз толмаған жерлері болды ма?	

Өзіңізге ғана жүгіне бермей, өз әріптесіңіздің, өзіңізге ұқсамайтын адамдардың да пікірін білу өте маңызды. Өзгелердің пікірі сізде сынилықты дамытады. Тағы да бір рефлексиялық көзқарас, жаңаша бағыт беруі мүмкін. Кері байланыс беру дағдыны жетілдіру арқылы алдағы қадамдарды болжау, өзіңізде кәсіби дамуда күш-қуат пен ынтаның артуын байқауға болады. Сонымен бірге, рефлексияны тек кәсіби даму үшін де емес, өмірдің кез-келген саласында қолдануға болады. Демек, кері байланыс - жақсы өмір сүрудің, өзіңізді танудың және оқушылардың жан-жақты дамып, нәтижеге қол жеткізе алатын тұлға қалыптасауы үшін өмірге дайындық деп түсіну керек.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Бейн Дж., Балантин Р., Миллс С. және Лестер Н.С. Тәжірибе жөнінде ой қозғау: мұғалімдердің көзқарасы.
2. Бизяева А.А. Мұғалім неліктен рефлексиялық болу керек? // Педагогикалық диалог. – Астана: «Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ Педагогикалық шеберлік орталығы, 2014. – №4(10).
3. Дьюи Дж. Біз қалай ойлаймыз.
4. Асхат Алимов –Интербелсенді әдістемені мектепте қолдану

ИНФОРМАТИКА ПӘНІНЕН ИННОВАЦИЯЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫ ҚОЛДАНУ
ПРИМЕНЕНИЕ ИННОВАЦИОННЫХ ТЕХНОЛОГИЙ В ИНФОРМАТИКЕ
APPLICATION OF INNOVATIVE TECHNOLOGIES IN COMPUTER SCIENCE

Сиражева Айбану Сырымовна
«Сәулет» мектеп-лицейі,
Тасқала ауданы, Орал, Қазақстан
aibanu_1506@mail.ru

Аннотация: Информатика сабағында инновациялық технологияларды пайдалану арқылы оқушылардың ақпараттық құзіреттілігін қалыптастырып, қазіргі заман талабына сай ақпараттық технологияларды, электрондық оқулықтарды және Интернет ресурстарды пайдалану оқушының білім беру үрдісінде шығармашылық қабілетін дамытады.

Аннотация: Путем использования инновационных технологий на уроке информатики формируется информационная компетентность учащихся, а использование информационных технологий, электронных учебников и интернет-ресурсов в соответствии с современными требованиями развивает творческие способности учащихся в образовательном процессе.

Abstract: Through the use of innovative technologies in the computer science lesson, students' information competence is formed, and the use of information technologies, electronic textbooks and Internet resources in accordance with modern requirements develops students' creative abilities in the educational process.

Түйін сөздер: ақпараттық – коммуникациялық технологиялар, компьютер, интерактивті тақта, сабақ бағдарламалары, онлайн-платформалар, электронды оқулық

Білімді әрі сауатты адамдар ─ бұл XXI ғасырда адамзат дамуының негізгі қозғаушы күші. Ал баланың жеке тұлға ретіндегі дамуы, өзіндік көзқарасының қалыптасуы, ой-өрісінің кеңеюі мектеп қабырғасында басталады. Қазіргі мектептердегі оқу үрдісін ұйымдастыру жаңа әдіс- тәсілдерден, технологиялардан құралады. Демек, баланың білімі ерекше болуы, ол білімнің нәтижелі болуы пән мұғалімінен жауапкершілікті талап етеді. Бүгінгі таңда адамзаттың ақпараттық мәдениетінің дамуы білім алуда өте маңызды рөл атқарады, оның себебі – ғылыми-техникалық ақпараттың көлемі екпінді өсуіне байланысты. «Қазіргі заманда жастарға ақпараттық технологиямен байланысты әлемдік стандартқа сай мүдделі жаңа білім беру өте қажет» деп Елбасымыз атап өткендей, жас ұрпаққа білім беру жолында ақпараттық технологияны оқу үрдісіне қолдану мен оның тиімділігін арттырудың маңызы аса зор. Себебі ақпараттық технология ғана жаңа педагогикалық технологиялардың мүмкіндіктерін іске асыра алады. Оқушы–оқу үрдісінің басты субъектісі, сондықтан баланың дамуына, оның ойлау қабілетін дамытуға оқушы мен оқытушының өзара ынтымақтастығы оқу процесіне қалыптастыру мен әр түрлі оқу іс-әрекетін қамтитын оқыту әдістерінің үйлесімдігі нәтижесінде жүзеге асырылуы тиіс. Егер жаңа ақпараттық технологияны сабақта тиімді пайдаланса, оқушылардың пәнге деген қызығушылығы, танымдық белсенділігі, зерттеушілік іскерлігі, шығармашылығы артады.

Инновациялық мектеп - бұл өзіндік идеялар мен технологияларға негізделген және жаңа білім беру тәжірибесін ұсынатын білім беру мекемесі. Оқу үрдісінде жаңа технологияларды қолдану арқылы дәстүрлі сабақты өткізбеу білім беру ортасының біркелкілігін және оқу процесінің монотондылығын жояды, оқушылардың іс-әрекет түрлерінің өзгеруіне жағдай жасайды және денсаулықты сақтау қағидаларын жүзеге асыруға мүмкіндік береді. Оқыту технологиясын таңдау пән мазмұнына, сабақтың мақсаттарына, оқушылардың дайындық деңгейіне, олардың оқу қажеттіліктерін қанағаттандыру қабілетіне, оқушылардың жас категориясына және бірқатар нақты сипаттамаларына байланысты.

Біздің практикамызда қазіргі қоғамдағы оқушылардың жетістіктеріне ықпал ететін балалардың негізгі құзіреттіліктерін қалыптастыруға ықпал ететін инновациялық технологияларды енгізу қажет.

Кәдімгі сабақты қалай ерекше ету керек, қызықты емес материалды қалай таныстыру керек, қазіргі балалармен заманауи тілде қалай сөйлесу керек? Бүгінгі сабаққа келгенде өзімізге осы және басқа да көптеген сұрақтар қоямыз.

Қазіргі білім берудің басты мақсаты да жан – жақты дамыған, рухани бай жеке тұлға қалыптастыру болып табылады. Сондықтан заман талабына сай оқыту үрдісін жетілдіре отырып, қоғам сұранысына сай жеке тұлға қалыптастыру мәселесі бойынша оқушыларға ақпараттық - коммуникациялық технологияларды сабақта көптеп қолдану тиімділігі артып отыр.

Оқу үрдісінің тиімділігін қамтамасыз ету үшін қажет:

✓ Бір қалыптылықты пайдаланбау, деңгейлер бойынша (білу, пайдалану, қолдану) оқушылар әрекетін ауыстырып отыру;

✓ Баланың ойлау (зерделеу) қабілетін дамытуға бағытталу, яғни елестету, салыстыру, байқағыштық жалпыдан негізгіні айыра алу, ұқсастықты табу қасиеттерін дамыту;

✓ Компьютерлік технологияны пайдалана отырып дарынды, орташа және үлгерімі төмен оқушыға сабақты ойдағыдай меңгеруіне мүмкіндік туғызу.

Оқушының есте сақтау қабілетін ескеру (жедел, қысқа мерзімді және ұзақ уақыттық есте сақтау).Оң мотивацияларды қалыптастыру – мұғалімнің кәсіби міндеті. Мотив оқушының танымдық қызығушылықтары, жаңа білім, іскерлік, дағдыны

меңгерудегі қажеттіліктерімен тығыз байланысты. Жағымды жағдай туғызу үшін оқушыны коммуникативтілікке бағыттап, сабақта оқушы іс - әрекетін ынталандыратын ерекше сабақ формаларын таңдау керек. Мұғалімдердің тәжірибесі көрсеткендей, дәстүрлі емес сабақтарды ұйымдастыру оқушылардың сабаққа деген ынтасын арттырады. Бүгінгі күнде мұғалімдер оқушылардың жемісті және тиімді іс - әрекетін ұйымдастыру үшін белсенді түрде дәстүрлі емес сабақтарды пайдалануда. Дәстүрлі емес сабақ түрлеріне видеосабақтар, интернет платформалар, интернет сабақ және т. б. жатқызуға болады.

Информатика сабақтарында ақпараттық – коммуникациялық технологияларды пайдаланудың тиімділігі:

· оқушының өз бетімен жұмыс жасауы;
· аз уақытта көп білім алып, уақытты үнемдеу;
· білім-білік дағдыларын тест тапсырмалары арқылы тексеру;
· шығармашылық есептер шығару кезінде ақпараттық процестерді түсіндіру арқылы жүзеге асыру;
· қашықтықтан білім алу мүмкіндігінің туындауы;
· қажетті ақпаратты жедел түрде алу мүмкіндігі;
· экономикалық тиімділігі;
· іс-әрекет, қимылды қажет ететін пәндер мен тапсырмаларды оқып үйрену;
· оқушының ой-өрісін дүниетанымын кеңейтуге де ықпалы зор.

Осы айырмашылықтар оқушылардың қабілетінің әртүрлілігіне қарамастан, олардың оқу материалын терең ұғынуына, түсінуге мүмкіндік береді және ықпал етеді. Электронды оқулықтың тиімділігі: мұғалімнің ғылыми-әдістемелік әлеуетін дамытып, оның сабақ үстіндегі еңбегін жеңілдетеді; әр пәннен өтетін емтихандарға дайындығын жеңілдетеді.

Сабақтарыңызды қызықты және қызықты ету үшін, ең бастысы, сабақтың мақсаттарына жету үшін мұғалім белгілі бір өлшемдерге сәйкес интернеттегі ресурстарды мұқият таңдайды. Оқу материалын таңдағанда, оқытушының басты міндеті - оқу деңгейіне сәйкес ұсынылған оқушылардан қандай ақпаратты таңдау, қабілеттері мен жас ерекшеліктерін таңдау үшін қандай ақпаратты таңдау керек екенін анықтау. Қазіргі таңда бүкіләлемдік ғаламтор мұғалімдердің қажеттіліктерін қанағаттандыруға ықпал ететін түрлі білім беру платформалары мен ресурстарды таңдауға бай.

Заманауи АКТ құралдары (компьютер, интерактивті тақта, сабақ бағдарламалары, интернет және т.б.) дыбыстық эффектілер, анимациялар, фотосуреттер, жарқын иллюстрациялар сабақты қызықты әрі ашық қылып өткізуге көмектеседі. Интерактивті тақта-бұл оқушы үшін жаңа, қызықты, жиі танымдық әлемге терезе.Оқушылардың бейімділіктерін, қызығушылықтарын біле отырып, кейде көп уақытты қажет ететін мультимедиялық презентациялар жасалынады. Бірақ мұғалім баланың ынталы көздерін, жаңа білімге деген қызығушылығын және ең бастысы оларды игерудің нәтижесін көргенде, барлық қиындықтар бірден ұмытылады. Бұл оқушы үшін жаңа, зерттелмеген, кейде ертегі білім әлемін құра алатын және сонымен бірге ол үшін жаңа технологиялар еліне жолсерік бола алатын, оған уақытты сақтауға көмектесетін, баланың ақпараттық мәдениетінің негіздерін қалыптастыратын көмекшісі секілді. Жобалық іс-әрекет оқушының танымдық қызығушылығын дамытады, көкжиегін кеңейтеді, коммуникативті, оқу және танымдық құзіреттіліктерін қалыптастырады. Қазіргі таңда мектептер мен университеттердегі білім беру инновациялық тәсілдері өз нәтижелерін көрсетуде. Инновациялық технологиялар мен әдістерді шебер қолдану жалпы білім беру процесінің тиімділігі мен сапасын арттырудың қуатты факторына айналуда.

Педагогикалық қызметімізде біз WordWall, Padlet, Miro, Slido, Mentimetr, Liveworksheets, Flippyty, Linoit және т.б. сияқты онлайн-платформаларды белсенді қолданамыз.

Слидо платформасы семинарлар, конференциялар, тыңдаушылар үшін қызықты және интерактивті конференциялар, бұл платформа кері байланыс алуға болады. Мектеп практикасында платформаны педагогикалық кеңестер, консуляциялар, ата-аналар жиналыстары және басқа да шаралар өткізу кезінде пайдалануға болады. Платформа барлық қатысушылар өз пікірлерін білдіріп , сұрақтарына жауап ала алатын шараны өткізуге мүмкіндік береді

Miro (бұрынғы RealtimeBoard) – оқушылармен және әріптестермен қашықтықтан оқуға немесе жұмыс істеуге мүмкіндік беретін интерактивті платформа. Бұл виртуалды тақтаға ұқсайды, классикалық мектеп тақтасына ұқсайды, оған мәтін жазуға, сурет салуға, графиктер мен диаграммаларды салуға, әртүрлі оқу материалдарын жүктеп алуға және жүктеуге болады.

Бұл құрал оқытушы сабақты онлайн жүргізген кезде қашықтан оқыту үшін таптырмас құрал. Сервис оқушыларға бір нәрсені көрнекі түрде көрсетуге, топтық жұмыс жасауға, әртүрлі процестерді визуализациялауға және бейнеконференциялар өткізуге мүмкіндік береді.

Miro интерактивті тақтасы бірлескен жобада жұмыс істегенде, миға шабуыл жасағанда, іс-қимыл жоспарын жоспарлауда немесе цифрлық жазбаларды пайдаланып жұмыс үрдістерін ұйымдастыруда тиімді топтық қарым-қатынасқа мүмкіндік береді. Құрал блоктарға бөлу және жауапкершілік аймақтарына бөлу мүмкіндігімен бір жобаға бір мезгілде қол жеткізуді қамтамасыз етеді, осылайша процеске әрбір қатысушының ортақ мақсатпен өз рөлі болады.

Wordwall интерактивті тапсырма құруға арналған платформа. Ол оқушылардың ақпаратпен жұмыс жасау іскерлігін қалыптастыру арқылы коммуникативтік қабілеттерін, ақыл-ойын, танымдық және шығармашылық қабілеттерін дамытады. Wordwall интерактивті тапсырма құру сервисін пайдалану арқылы оқушылардың пәнге деген қызығушылығы артады. Wordwall бағдарламасының тиімділігі мультимедия, зертханалық тәжірибелер, компьютер, анықтамалық мәліметтер т.б. көрнекі материалды пайдалану үлкен нәтиже береді.
Liveworksheets платформасында интерактивті тапсырмаларды дайындауға арналған бағдарлама. Бұл платформалардың өзге платформалардан артықшылығы сабақ барысында немесе бжб кезінде оқушыға өз жұмысыңызды жібергеннен кейін, оқушы орындап болған соң бірден балын біле аласыз, оқушы бірден қателіктерін біле алады. Сонымен қатар бұл платформаны пайдалану арқылы сіз бір жиынтық жұмысыңызда бірнеше тапсырма түрін қолдана аласыз. Оның ішінде бір дұрыс жауапты тапсырма, бірнеше дұрыс жауапты тапсырма, сәйкестендіру тапсырмасы, бос сөздің орнын толтыру тапсырмасы және де аудиожазба видеожазба қолдануға болады. Тапсырмаңыздың ішіне ютуб желісіндегі дайын видеоларды жүктеу арқылы сіз тапсырмаңызды өте қызықты етіп жасай аласыз. Нәтижесінде сізде дайын әдістемелік кешен дайын тұрады.

Бұдан бөлек сабақта қолдануға болатын ойын түріндегі дидактикалық материалдар:

Online Test Pad - логикалық ойындар, онлайн тесттер, сауалнамалар, сөзжұмбақтар жасау мүмкіндігі.

JeopardyLabs - мектеп оқушыларымен сабақтарға арналған онлайн викториналар жасау.
Flippity - интерактивті тапсырмалар мен ойын жаттығуларын жасауға арналған әртүрлі бланкілердің үлкен жиынтығы. Мұнда GOOGLE құжаттарының мүмкіндіктері қолданылады.

CoboCards - бұл тапсырма карталарын жасау сервисі.

Cross сіздің сөздеріңіздің тізімі бойынша сөзжұмбақ құруға арналған.

CrossGen - сервис арқылы сөзжұмбақтар жасау

Jigzone- пазлдар жасау.

Қорыта келгенде, ақпараттық технологияның тиімділігі – оқушылардың білім олқылықтарына үнемі зерттеу жасап, түзету жұмыстарын жүргізуге пайдасы бар екендігі анықталды. Қазіргі заманның даму қарқыны мұғалімдер шығармашылығын жаңаша, ғылыми-зерттеу бағытында құруды талап етеді. Демек, компьютер оқушылар мен мұғалім жұмысын ұйымдастыруда кең мүмкіндіктерге ие, оқытудың әдістерін кеңінен әрі сапалы қолдануға мүмкіндік береді. Ендеше, ақпараттық технологияны сабақта қолдану оқушының іс-әрекетін, жұмысын түрлендіруге көмектеседі, зейінін белсендіреді, жеке тұлғаның шығармашылық мүмкіндіктерін жоғарылатады деуге болады. Ақпараттық технология арқылы жасалатын тест тапсырмалары уақытты, шығынды үнемдеуге көмектесе отырып оқушылардың өз білімін бағалауға үйретеді. Ең бастысы, оқушылардың өзіндік білім алуын қамтамасыз етіп, әр түрлі білім көздерінен негізгісін бөліп алу, тауып алу дағдыларын дамытады. Әрбір оқушының білім деңгейін талапқа сай көтеру үшін озық әдістемелік технологиялар қажет. Сол жаңа озық әдістемелік технологиялармен қаруланған, заман талабына сай оқытудың жаңа әдістерін, яғни ақпараттық-коммуникациялық технологияларды толық меңгерген педагог қана білім алушының сапалы білім алуына мүмкіндік жасайды.

XXI ғасыр — бұл ақпараттық қоғам дәуірі, технологиялық мәдениет дәуіріне, айналадағы дүниеге, адамның денсаулығына, кәсіби мәдениетіне, мұқият қарайтын дәуір. Бүгінгі білім мазмұны оқытушы мен оқушының арасындағы негізгі бастамалардың барлығы оқытушы арқылы жүзеге асырылады.

Жаңа технологияны меңгеру оқытушының оқу –тәрбие үрдісін жүйелі ұйымдастыруына көмектеседі. Оқытудың озық технологиясын меңгеру оқытушының кәсіптік шеберлігіне байланысты. Бұл әрбір ұстазды ойландырып, жаңаша жұмыс істеуге,жаңа ізденістерге жетелейді. Осы орайда Жүсіпбек Аймауытов «Сабақ беру үйреншікті жәй ғана емес, ол жаңадан жаңаны табатын өнер»,-деп тұжырым жасайды. Сондықтан оқытушы өз пәніне психологиялық тұрғыдан қарап,әдістемелік шеберлікпен келу керек. Сабақ барысында интерактивті технологияларды қолдану оқытушы жұмысын өнімді, нәтижелі, ал оқушылардың білім алу әрекетін мәнді, қызықты, пайдалы етеді.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. [https://melimde.com/liveworksheets-platformasinda-interaktivti-tapsirmalardi-dajin.html]
2. [https://melimde.com/wordwall-interaktivti-tapsirma-ru-servisin-oldanu-tomendegidej.html?page=2]
3. [https://wiserv.ru/blog/web/slido]
4. [https://startpack.ru/application/realtimeboard-whiteboard]
5. [Цифровая трансформация и сценарии развития общего образования / А.Ю. Уваров; Национальный исследовательский университет «Высшая школа экономики», Институт образования. М.: НИУ ВШЭ, 2020. 108 с.]

ШАҒЫН ЖИНАҚТЫ МЕКТЕПТЕГІ ФИЗИКА САБАҒЫНДАҒЫ ӘДІС - ТӘСІЛДЕР.
МЕТОДИКА ПРОВЕДЕНИЯ УРОКОВ ФИЗИКИ В МАЛОКОМПЛЕКТНОЙ ШКОЛЕ .
METHODS OF CONDUCTING PHYSICS LESSONS IN A SMALL SCHOOL.

Хасанова Анар Елеушқызы
Атырау облысы, Махамбет ауданы, «Есбол орта мектебі» коммуналдық қазыналық мекемесі, Атырау, anar-81-79@mail.ru.

Аннотация
Физика сабақтарында оқу мақсаттарына сай өткізудің тиімді әдістері мен тәсілдерін қолданды.
Эффективные методы и навыки проведения уроков физики в соответствии с образовательными целями.
Effective methods and skills of conducting physics lessons in accordance with educational goals.

Мақсаты: Физика пәнінде білім мен біліктіліктерді арттыруда оқу материалын оқу мақсатына сай сұрақтармен біртіндеп кеңейтіп беру, білім алушылардың ойлау дағдыларын жетілдіру.

Міндеті:

- Білім алушылар физика пәні бойынша танымдық белсенділігі артады;
- Физика пәнін Блум таксономиясы ойлау дағдыларына негізделген сұрақтарға жауап бере отырып, құбылысты сипаттайды;
- Ойлау деңгейін қарапайымнан күрделіге дағдыландыру үшін құрастырылған сұрақтар сабақтың оқу мақсатына жеткізеді;
- Дұрыс құрастырылған сұрақтар арқылы диалогты оқыту әдісі, рефлексивті ойлау әдісі және оқытуды бағалау әдісі сабақтың құрлымын айқындайды;
- Ойлау деңгейлеріне сәйкес құрастырылған тапсырмалар нәтижеге жеткізеді;

Сабақтардың басым бөлігінің ең негізгі құралы-сұрақтар. Сұрақтардың ішінде сабақтың оқу мақсатына жету үшін тапсырмаларды нақты құрастырып, білім алушылардың Блум таксономиясы бойынша ойлау дағдыларын жетілдіретін құрал да – сұрақтар. Физика пәні сабағы тәжірибе, формулалармен есептер шығару, практикалық тапсырмаларды, сонымен қатар табиғаттың құбылыстарын сипаттайтын мектепте де, өмірде де қажет пән болып табылады. Сол себепті мұғалім күнделікті сабақтың әр бөлімінде білім алушыны қызықтыру үшін ізденіс пен еңбекқорлық қажет етеді.

Сабақ барысында «баланың өзін еңбектендіріп, бірлестіріп, өз бетімен білім тапқандай қылса», «жұмыстайтын материалдар даяр түрде емес, балалар тәжірибе қылып, зерттеп, өз бетімен шешкендей тұрмыс жұмбақ түрінде берілсе» оқудың анағұрлым тиімді болатынын естен шығармаған дұрыс. (Ж.Аймауытұлы, 1929ж)

Сабақ барысында сұрақтарды нақты құрастырып, белсенді оқу оқушының мұғалімді енжар тыңдап қана қоймай, белсенді жұмысқа тартылуын көздейтін оқыту мен оқу әдістерінің бірі болып табылады. Физика сабақтарында сұрақтар дұрыс қолдану оқушының өзіндік рефлексия жасау дағдыларының дамуына, сыныптағы жалпы жұмысқа үлес қосып, қатысқанын сезінуге, оқу үдерісінің белсенділігі бар мүшесі болуға, құрдастармен қарым-қатынасының дамуына, тынымдық аспектісінің артуына мүмкіндік бере алады. [1]

Әр мұғалімнің сабағын қызықты ұйымдастыруына, оқушыларының танымдық әрекетін күшейтіп, өзінің кәсіби шеберлігін шыңдай білуге ықпал етеді. Білім алушылар физика пәнін сұрақтарға жауап беру арқылы, әлемді басқаша қырынан тануына мүмкіндік береді.

Сабақтың тақырыбы:Қатты денелердің, сұйықтар мен газдардың молекулалық құрылымы. [2]

Оқу мақсаты:7.3.1.1-заттардың молекулалық құрылысы негізінде, газдардың сұйықтар мен қатты денелердің құрылымын сипаттау

Жасыл түс- жеңіл сұрақтар

Есте сақтау Білу	Алғаш рет денелердің барлығы да өте кішкентай бөлшектерден тұрады деген көзқарас ертедегі қай елде қалыптасқан?
Түсіну	Денелер өте кішкентай бөлшектерден тұрады көзқарастың негізін салушы кім?
Қолдану	Графит , алмаз және фуллерен үшеуі қандай атомнан құралған?
Талдау	Екі сутек және бір оттек атомынан тұратын молекула?

Жинақтау	Әлемде не бар болса, соның бәрі не деп аталады?
Бағалау	Шыны қандай денеге жатады?

Қызыл түс –күрделі сұрақтар

Есте сақтау Білу	Заттардың әртүрлі агрегаттық күйін МКТ қағидасында түсіндіре отырып, заттың қай күйін сығуға, созуға қиын деп тұжырымдалды. Ойыңды толық дәлелде?
Түсіну	Бұл құбылыстың зияндылығы ауру таратын микробтар адам организіміне оңай сіңіп, зиян шектіреді? Ол қандай құбылыс, тағы қандай пайдасы мен зиянын білесің?
Қолдану	Сұйықтың қандай қасиеттері күрделі пішінді металл бұйымдарын жасауға пайдаланады?
Талдау	Заттың агрегаттық күйлерінің қайсысысында молекулалардың тарбылыс және тебіліс күші елеусіз білінбейді?
Жинақтау	Қатты денелер таза металдар , ас тұзы және судың қатты күйі мұз болып табылады. Неліктен қатты денелерге жатады, қалай аталады?
Бағалау	Табиғатта үш күйде кездесетін заттың агрегаттық күйі?

Сары түс – мағынаны тану сұрақтары

Есте сақтау Білу	Зат құрылымының молекула кинетикалық теориясының үш қағидасы қалай тұжырымдалады?
Түсіну	Заттың үш агрегаттық күйі қалай аталады және олардың бір-бірінен айырмашылығн қалай түсіндіреді?
Қолдану	Заттың қатты күйіне тән қасиеттері қандай? Кристалл және аморф денелер дегеніміз қандай денелер?
Талдау	Диффузия деп қандай құбылысты айтады? Не себепті диффузия туындайды және оның пайдасы мен зияны қандай?
Жинақтау	Қатты ,сұйық және газ күйлерінің молекулаларының орналасуын сызбасын сыз.
Бағалау	Заттың үш күйінен басқа күй түрлері бар болуы мүмкін бе? Қандай?

Көк түс – өткір сұрақтары

Есте сақтау Білу	1 ангстрем неше см-ге тең
Түсіну	Ас тұзының химиялық формуласы
Қолдану	Өзі жұмсақ, бірақ жоғары температуға төзімді зат
Талдау	Нақты көлемі мен пішіні бар нәрсе
Жинақтау	Газдың өздеріне тән пішіні мен көлемі жоқ, газ дене емес, сонда не болып табылады?
Бағалау	Ең қатты зат

Кара түс – кері сұрақтары

Есте сақтау Білу	Диффузия бір заттың молекулаларының арасындағы кеңістікке екінші зат молекулаларының жанасып өтуін атайды
Түсіну	Молекулалар мен атомдар өзара әрекеттеспейды, МКТ негізгі қағидасы болып табылмайды?
Қолдану	Сұйықтың көлемін жеңіл өзгертуге болады?
Талдау	Заттар да, өрістер де яғни, магнит өрісі, электр өрісі, гравитациялық өріс материяға жатпайды?
Жинақтау	Молекулалар мен атомдар тұрақты тыныштықта болады
Бағалау	Сұйық пен газдың молекулалық құрылымы, қатты денеге қарағанда бірдей келеді

Ақ түс – пайымдау сұрақтары

Есте сақтау Білу	Зат құрылысы туралы Демокриттің данышпандық болжамы қандай еді және ол қалай дәлелденді?

Түсіну	Дене, зат, материя ұғымдары арасындағы байланыстар мен айырмашылықтар қандай?
Қолдану	Заттың сұйық күйіне тән қасиеттерді мысалдармен түсіндіріп айтып бер?
Талдау	Заттың қатты күйіне тән қасиеттерді мысалдармен түсіндіріп айтып бер?
Жинақтау	Әлем кеңістігіндегі заттардың басым бөлігі (жұлдыздар және оның атмосферасы, галактикалық тұмандықтар мен жұлдызаралық орта) Плазма күйінде болады осы туралы не ойлайсың?
Бағалау	Заттың газ күйіне тән қасиеттерді мысалдармен түсіндіріп айтып бер?

Тексеру бетшесі төмендегідей QR түрінде білім алушыларға беріледі.

Жасыл түс- жеңіл сұрақтар	Қызыл түс –күрделі сұрақтар
Сары түс – мағынаны тану сұрақтары	Көк түс – өткір сұрақтары
Кара түс – кері сұрақтары	Ақ түс – пайымдау сұрақтары

2022-2023 жылы 7-сынып физика сабағындағы фото суреттер.

Сабақтың тақырыбы: Қатты денелердің қысымы[2]

Оқу мақсаты: 7.3.1.2- қысымның физикалық мағынасын түсіндіру және өзгерту әдістерін сипаттау;

Асықтың алты қыры: Асықтың әр қырына сай, Блум таксономиялылық сұрақтар арқылы, қысымның физикалық мағынасын ашады. Топтарға берілетін тапсырма ретінде қолдануға болады.

1-ші топ

Ойлау деңгейі	Асықтың алты қыры Сұрақтар
Есте сақтау Бүк	Қысым дегеніміз не ?
Түсіну Шік	Қысымға мысал келтіріңіз?
Қолдану Омпы	Егер, жүк машинасының артқы дөңгелегінің қос қостан емес, бір дөңгелек болса ше,онда қалай болар еді?
Талдау Шоңқы	Адам қармен жүргенде омбылайды, яғни жүру қиындайды, ал аяғына шаңғы байлаған адам қар үстінде емін еркін жүреді? Мұның себебін дәлелде?
Жинақтау Тәйкі	Физика оқулығының әр қырынан парта бетіне түсіретін қысымын анықтаңдар? Осы практикалық тапсырмада не маңызды болды?
Бағалау Алшы	Физикалық теория зерттеу саласында қысымға байланысты түрлі заттарды қалай қолданылуы ескерілген бе? Не себепті?

2-ші топ

Ойлау деңгейі	Асықтың алты қыры Сұрақтар
Есте сақтау Бүк	1Па неге тең?
Түсіну Шік	Қатты денелердегі қысымды сипаттама беріңдер?
Қолдану Омпы	Бьерн Эрленн Дели-норвегиялық шаңғышы, шаңғы тарихындағы ең атақты шаңғышы, сегіз дүркін Олимпиада чемпионы және тоғыз дүркін әлем чемпионының салмағы 760Н , оның әр шаңғысының ұзындығы 1,95м, ал ені 6 см. Бьерн Эрленн Делидің қар бетіне түсіретін қысымын тап?
Талдау Шоңқы	Тақтаға шелелер бекітіп, құмға қойсақ, шегелер құмға сіңіп кетеді, ал осы шегелерге қақпақ кигіліп құмға қойсақ, ондай құбылыс байқалмайды. Осының сыры неде?
Жинақтау Тәйкі	Александр Васильевич Суворов шайқаста жеңіске жету үшін өз әскерін батпақ арқылы өткізуге шешім қабылдады. Бірақ құлап қалмас үшін және барлық жүкті көтермеу үшін олар салдар салды. Неге деп ойлайсыз?
Бағалау Алшы	«Қансонарда бүркітші шығады аңға» Сегіз найза қолында, көз аудармай, Батыр да аял қылмай ертең таңға. Қанат құйрық суылдап, ысқырады, Көктен қыран сорғалап құйылғанда. А. Құнанбаев

9-сынып. Сабақтың тақырыбы: Ньютонның бірінші заңы, инерциялық санақ жүйелері.[3]

9.2.2.1-инерция, инерттілік және инерциялық санақ жүйесі ұғымдарының мағынасын түсіндіру; 9.2.2.2-Ньютонның бірінші заңын тұжырымдау және оны есептер шығаруда қолдану;

Құрал – «Бильярд шары» осы сабақтың мән мағынасын аша алады. Оқушылар алдында бильярд шары шашылып жатыр, шарда сұрақтар жабысқан. Оқушылар кезең кезеңмен сұрақтарға жауап беріп, бильяр үшбұрыштығына шарлайды жинайды.

Бұл құрал үй тапсырмасын егжей-тегжей сұрауға, материалды кең көлемде саралауға тиімді. Төменде QR код арқылы түсіндірме бейне жазбасы берілді.

https://youtu.be/88Xe5aH8crs?si=q9Ur9rDbxrJELzap

«Барлық адам ақылды. Бірақ балықты ағашқа өрмелетсек, ол ақымақтық болады» ұлы физик Альберт Эйнштейн айтқандай, біз мұғалім ретінде білім алушыларға тақырыптағы оқу мақсатына сай тапсырмалар берілмесе, яғни біз тығырыққа қалып, нәтижеге жетер алмас едік. Соның ішінде ең маңыздысы сұрақтардың дұрыс қойылуы. Сұрақ білім алушыларды диалогтық әдісі арқылы коммулятивтік әңгімеден, дебат одан әрі зерттеушілік әңгіме жүргізетін бірден-бір құрал. Физика пәнінен ойлау деңгейіне сәйкес құрастырылған сұрақ , яғни қарапайымнан күрделіге өту сұрақтары сабақтың нәтижесіне жеткізе алады.

Білім алушылар нәтижесінде нақты сұрақтардың жауабын іздеп, тапсырманы орындап тексереді, өзін-өзі бағалайды. Ережелер мен формулаларды ұғымдарды қолданып, когнитивті білім және зияткерлік қабілеттерін дамытады. Тапсырмаларды орындауда ойлау деңгейіне сай қадамдық әрекеттер жасап, нәтижеге қол жеткізеді.

ӘДЕБИЕТТЕР

1.Жаңартылған білім мазмұнына сәйкес мұғалімдерге тиімді сабақ жоспарлауға нұсқаулық, ПШО, А.К.Сапарова, Атырау-2017ж.

2.Физика, жалпы білім беретін мектептің 7-сыныбына арналған оқулық, Р.Башарұлы, Алматы, «Атамұра» баспасы -2017 жыл.

3. Физика, жалпы білім беретін мектептің 9-сыныбына арналған оқулық, Д.М.Қазақбаева, Ш.Б.Насохова, Н.Бекбасар,Алматы, «Мектеп» баспасы-2019 жыл

АҒЫЛШЫН ТІЛІ САБАҚТАРЫНДА ОҚЫТУДЫҢ ТИІМДІ ӘДІС-ТӘСІЛДЕРІ АРҚЫЛЫ, ОҚУШЫЛАРДЫ ШЫҒАРМАШЫЛЫҚҚА БАУЛУ.
ПРИОБЩЕНИЕ УЧАЩИХСЯ К ТВОРЧЕСТВУ ЧЕРЕЗ ЭФФЕКТИВНЫЕ МЕТОДЫ И ПРИЕМЫ ОБУЧЕНИЯ НА УРОКАХ АНГЛИЙСКОГО ЯЗЫКА.
INTRODUCING STUDENTS TO CREATIVITY THROUGH EFFECTIVE TEACHING METHODS AND TECHNIQUES IN ENGLISH LESSONS.

Козыкешов Ержан Танатарович
Есбол орта мектебі Атырау облысы Махамбет ауданы
erjan_88k@mail.ru

Аннотация: Оқушыларды ағылшын тілі пәні бойынша ауызша сөйлеу,өзіндік ойлау, функцианалдық сауаттылықты, тақырыптық сөздік қорларын кеңейтуде және шығармашылыққа баулу барысында қолданылатын көрнекіліктердің, әдіс- тәсілдердің, заманауи ақпараттық технологиялардың маңызы зор екендігі баяндалады.
Аннотация: Сообщается, что наглядность, методы и современные информационные технологии имеют большое значение в расширении устной речи учащихся, самостоятельности, функциональной грамотности, тематической лексики и стимулировании творческого подхода к изучению английского языка.
Annotation:It is reported that visibility, methods and modern information technology are of great importance in enhancing students' oral language, independence, functional literacy, topical vocabulary and stimulating creativity in learning English.
Түйінді сөздер: Әдіс, тәсіл, шығармашылық, АКТ, инновация, көрнекілік, ойын

Қай заманда болмасын адамзат алдында тұратын ұлы мұрат міндеттердің ең бастысы өзінің ісіне, өмірін жалғастыратын салауатты, саналы ұрпақ тәрбиелеу. Ұрпақ тәрбиесі келешек қоғам қамын ойлау болып табылады. Сол жас ұрпақты жан –жақты дамыған, ақыл парасаты рухани бай, мәдени-ғылыми өресі озық азамат етіп тәрбиелеу біздің де қоғам алдындағы борышымыз. Оны бүгінгі ұрпақтың санасына Ұстаздық шеберлікпен біртіндеп сіңіру арқылы ғана жүзеге асыруға болады.

Ұлттық болмыстың үлгісі жаңғыру – өткеннен қол үзіп, тек жаңа құндылықтарға жол ашу деген сөз емес. Шын мәнінде, бұл – ұлттық мұраларымызды бүгінгі оң үрдістермен үйлестіре дамытуды көздейтін құбылыс. Бұл ретте, біз Абайды айналып өте алмаймыз. Себебі ұлы ойшыл осыдан бір ғасырдан астам уақыт бұрын ұлтты жаңғыруға, жаңаруға, жаңа өмірге бейім болуға шақырған. Міне біздің егеменді еліміз де жаңаруда, жаңғыруда қарқынды даму жолында. Мемлекетіміздің жаңғыруы мен дамуы, арманы, жарқын болашағы, бүгінгі жас ұрпаққа байланысты. Бұл жөнінде елбасы: «Кез келген ел өзінің келешегін өскелең ұрпағымен байланыстырады. Біздің болашақ – жастар» деген еді. Жастарды біліммен сусындандыратын, тәлім-тәрбие беретін, өмірге бағыттайтын – мектеп. Мектептің тәлім-тәрбие жүйесіндегі басты тұлға – мұғалім. Елбасымыз Қасым Жомарт кемелұлы Тоқаев лайықты азамат –бұл білімді, Отанына адал, елін, жерін сүйетін адам . Бұл әлемде Қазақстаннан басқа |Отанымыз жоқ. Елін шынайы сүйетін азаматтарды тәрбиелеу- ұстаздардың мақсаты.деген болатын. Мұғалім терең білімді, кәсіби іскер, өз ісіне берілген, оқытудың жаңа тәсілін меңгерген, рухы жоғары, жаңашыл болғанда ғана мектеп өзіне жүктелген ұлы істі заман талабына сай шеше алады.Қазақстан Республикасы тәуелсіздік алғалы нарық саясатына жол ашылып, дүние жүзі мемлекеттерімен саяси, мәдени және экономика салаларында жан-жақты байланысқа түсуде.Өркениетті ел болу үшін әлем кеңістігіне бет түзеу қажеттілігі туындап, заман ағымына сай білім беруді

дамыту, білім саласын әлемдік деңгейге көтеру –оқу орындары мен оқытушылардың басты міндеті болып отырғаны баршаңызға мәлім.

Біздің болашағымыз үшін елімізге дені сау, білімді, рухы таза ойы биік адамдар қажет. Ал мұғалімдердің, яғни біздердің, мақсатымыз рухани жан дүниесі бай, жан-жақты дамыған, тілдерді жақсы меңгерген жеке тұлғаны қалыптастыру. Жеке тұлға дегеніміз – әлеуметтік қатынастармен саналы іс-әрекеттің субъектісі ретіндегі индивид деген сипат беруге болды. Жеке тұлғаның ең басты белгісі – оның әлеуметтік мәнінің болуы, әлеуметтік функцияларды атқаруда. Ал, мұғалімдер бұл мақсатқа ұлттық байлығымыз бен салт-дәстүрімізді, білім беру ісіндеге озық үлгілер, тұғырлы ұстамдарымен тығыз байланыстыра отырып дамыту, жас ұрпақтың қабілеті мен мен талантын ашу, шығармашылық ойлау қабілеттерін жетілдіру, осы арқылы өз – өзіне деген сенімін арттыру, яғни өз жолын өзі дұрыс таңдауға дұрыс бағыт беру арқылы жете алады. Бүгінгі оқыту мен тәрбиелеудің негізгі нышаны - жеке тұлғаға бағытталған оқу. Жеке тұлғаға бағытталған оқыту- оқушының барлық мүмкіндіктерімен қабілеттерін ескере отырып, оның жеке ерекшеліктерін, қабілетін дамытуға жағдай туғызу.

Адамның үнемі ізденіске ,жаңалыққа ұмытылуы физиологиялық құбылыс, ал заманауй теннологиялардың біздің қоғамымыздың түрлі салаларына орын алып, дамуы бүгінгі күннің талабы. Кез келген ұлты танып білу үшін сол елдің тілін , тарихын жетік меңгеру қажет. Сондықтан әр оқушының өз ана тілін жетік меңгеруімен бірге халықаралық тіл - ағылшын тілін жетік меңгере білуі ұстаздарға қойылған заман талабы және артылған үлкен жауапкершілік. Білім беру саласында оқытудың мазмұны өзгеріп ,жаңа көзқарастар пайда болып, оқытудың жаңа технологиялары , яғни инновациялық оқыту технологиялары кеңінен қолдануда.

Жаңа технологияны меңгеру әр ұстаздың интеллектуалды, кәсіптік, шеберлік және басқа да қабілеттерінің , біліктіліктерінің қалыптасуына , өзін –өзі дамытып , оқу тәрбие үлгісін тиімді ұйымдастыруына әсерін тигізетіні сөзсіз. Қазақстан Республикасының «Білім туралы» заңының 8 – бап, 7 – тармағында: «Оқытудың жаңа технологияларын ендіру, білім беруді ақпараттандыру, халықаралық ғаламдық коммуникациялық желілерге шығу» міндеті қойылған. Ал орыс педагогі К.Д.Ушинский айтқандай, қазіргі заман талабына сай, әр мұғалім, өз білімін жетілдіріп, ескі бір сарынды сабақтардан гөрі, жаңа талапқа сай инновациялық технологияларды өз сабақтарында күнделікті пайдаланса, сабақ тартымды да, мәнді, қонымды, тиімді болары сөзсіз.

«Сабақ беру- үйреншікті жай ғана шеберлік емес,ол -жаңадан жаңаны табатын өнер. Бала ынтасын ояту үшін бір жаңалық қажет » деген екен ұлы кемеңгер Ж.А .Аймауытов.Оқу үрдісінде бұрыннан қолданылып келе жаткан Ж.Қараевтың Деңгейлі - саралап оқыту, «Модульдік жобалай оқыту» « Оқыту мен жазу арқылы сын тұрғысынан ойлау» стратегиясы , «Миға шабуыл», «Интерактивті әдістер» «Топтастыру» «Инсерт» ,Класстер құру,Семантикалық кесте, Венн диаграмасы, және Ақпараттық технологиясы , Жәндіктерге шабуыл, крестиктер мен ноликтер ,рольдік ойындар т.б жатады.

Оқушыларды ағылшын тілі пәні бойынша ауызша сөйлеу,өзіндік ойлау, функцианалдық сауаттылықты, монологты сөйлеу дағдыларын арттыруда , тақырыптық сөздік қорларын кеңейтуде және граматика-лексикалық білімдерін дамыту барысында қолданылатын көрнекіліктердің және әдіс- тәсілдердің маңызы өте зор.

Сабақ барысындағы бірнеше әдіс-тәсілдерді таныстырып өтсем:

Clean the blackboard!» жаттығуының мақсаты – өткен тақырып бойынша білімдерін тексеру. Мысалы, сабақтың басында тақтаға үй тапсырмасына байланысты сұрақтар ілінеді. Осы тақтаны сұрақтарға жауап бере отырып, тазарту керек. 5 сыныпта “My school” тақырыбында шағын шығарма жазып келу керек. Осы тапсырманы тексермес бұрын, сұрақтарға жауап берсе, оқушылар шығармаларындағы қателері болса түзеп, дұрыс айтуға тырысады. Бұл жерде жазбаша орындамай келген оқушылар да өз үлестерін қосатыны сөзсіз.

«Balloon» жаттығуының мақсаты – оқушылардың лексикалық білімдерін кеңейту, қызығушылықтарын арттыру. Әр топқа бір шардан беріледі. Топтарға тақырыптар беріліп, сол тақырыпқа байланысты сөздер табу керек. Бір минут ойларын жинақтап болғаннан кейін, әр топтан бір оқушы шығып, сөздерді айта отырып, шарды үрлейді. Қай топтың шары үлкен болса, сол топтың сөздік қоры көп деген сөз. Мысалы, бүгін сіздерге төрт топқа төрт тақырып беріледі:

1) Fruits
2) Vegetables
3) Drinks
4) Food

Қалай ойлайсыздар, бұл әдістің жағымды және жағымсыз жақтары қандай?

«Complete the picture» жаттығуының мақсаты – оқушылардың тақырыпқа байланысты сөздік қорларын байыту, қызығушылықтарын арттыру. Жаттығудың атын тақырыптарға байланысты өзгертіп отыруға болады. Бір сурет беріледі сол суретті толықтыру керек. Астында жазылған сөздердің суреттерін тауып алып, толықтырады. Мысалы, бүгінгі төрт топқа келесідей тақырыптар беріледі.

1) “Designer” – адамды киіндіру керек
2) “In the farm” – үй жануарларын табу керек
3) “At the supermarket” – тамақтарды таңдау керек
4) “My room” – үй жиһаздарын табу керек

Қалай ойлайсыздар, бұл әдістің жағымды және жағымсыз жақтары қандай?[2]

«Detective» жаттығуының мақсаты – оқушыларды еркін сөйлеуге баулу. Бір мәтін беріледі, оқып шығып, ішінен негізгі деген 10 сөзді теріп алу керек. Келесі кезекте сол сөздермен мәтіннің түсінігін айтады.

Крестиктер мен ноликтер – оқушылардың ең қызығушылықпен ойнайтын әдісі. Оқушыларға қолдарына ноликтер мен крестиктер беріледі . Оқушыларға сұрақтар қойылып, сол арқылы жакуап беріп отырады.

"Асхана" ойынында балалар "Асхана" тақырыбына байланысты сөздерді қайталау қажет. Ойынның шарты: тақтаға аспазшының суреті және тақырыпқа байланысты сөздер ілінеді. Сынып екі топқа бөлінеді. Қай топ тақырыпқа байланысты көп сөз тапса, сол топ жеңген болып шығады.

Керекті сөздер:

Аспаз----------Балық

Шанышқы-----Тұшпара

Палау----------Ботқа

Тәрелке---------Кесе

Сүт----------Шәйнек

Ет----------Қасық

Дәмді----------Сорпа

Тәтті----------Ас

Бұл ойынды әр - түрлі тақырыптар бойынша жүргізуге болады.

Сонымен қатар «Дүкен» ойыны арқылы ауызша есептеуге қарапайым түрде күнделікті өмірмен байланысты жаттықтыру мақсатында балалардың математикаға деген қызығушылығын арттырамын. Сонымен қатар, ақшаны ұсақтап үйренеді.

Құралдар: Дүкеннің өзіне тән заттар ,(көкөніс, оқу құралдары т.б.)

оның жазылып алынған бағалары, жасалған тиындар мен ақшалар.

таразы, есепшот, әр түрлі бұйымдар.

Мазмұны: Оқушылардың ішінен сатушы, кассир, тексерушілер жеке шығады. Қалған балалар сатып алушылар болады.Бұйымдардың бәрінің бағасын жазып , іліп қояды. Сатып алушылардың қалаған заттарын көрсетіп, чектерін алып келсе, соны есептеп затын беріп тұрады. Бағылаушылар оларды тексеріп тұрады. Осылайша ойын жалғасып отырады. Рольдерін ауыстырып отырса ойын қыза түседі.

Жаратылыстану, дүниетану пәндерінде де оқушылардың табиғатқа деген сүйіспеншілігін арттыру мақсатында түрлі деңгейлі ойындар ұйымдастырып отырамын."Сиқырлы ағаш" ойынының мақсаты оқушыларды сұраққа жауап бере білуге үйрету. Ойынның шарты: Тақтаға қатты қағаздан жасалған алма ағашы ілінеді. Алмалардың сыртында бір сұрақтан жазылады. Тақтаға шыққан оқушы алманы алып, сұраққа жауап береді. Егер оқушы сұраққа дұрыс жауап берсе, алманы өзіне қалдырады. Мұғалім әр оқушының еңбегін бағалайды. Бұл ойынды " Мектеп ", " Үй жануарлары", "Асхана", " Балықтар", және т. б. тақырыптар бойынша өткізуге болады.

Кез - келген ойын түрлерін сабақта ойнатқанда оқушыларда әрекет пайда болады, дүниетанымы кеңейеді, ой - өрісін ойын арқылы дамытады, ойнай отырып білім көрсеткішіне өз үлесін қосады. Артта қалған, жасық мектептен қорқатын, оқуға енжар, күшпен оқитын оқушы болмайды. Керісінше, баланың өмірі, қоршаған ортаны танып білу, еңбекке қатынасы, психологиялық ерекшеліктері ойын үстінде қалыптасады.

В. А. Сухомлинскийдің сөзімен айтқанда: «Ойынсыз ақыл - ойдың қалыпты дамуы да жоқ және болуы да мүмкін емес. Ойын дүниеге қарай ашылған үлкен жарық терезе іспетті, ол арқылы баланың рухани сезімін, өзін қоршаған дүние туралы ұштастырады. Білімге құмарлық пен еліктеудің маздап жанар оты»,- деген екен.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңы 2007ж.
2. «Бастауыш сынып» журналы №1-2009, №2-2005, №2-2006, №2-2009, №3-2004
3. С. Қарапаев. Оқушылардың шығармашылық қабілеттерін тәрбиелеу маңызы. /Бастауыш мектеп. 2006Ж №1/
4. Тұрысбаева. Дамыта оқыту технологиясы.
5. Шығармашылық – басты мақсат. Р. Омарова. / Бастауыш мектеп. 2006 ж №3

ОҚУШЫЛАРДЫҢ ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ҚАБІЛЕТІН ДАМЫТУДА ЖАҢА ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫ ПАЙДАЛАНУДЫҢ ТИІМДІЛІГІ

Кошенова Жанар Кусайновна
Қарағанды облысы Қарқаралы ауданы Қарағайлы кенті
№16 жалпы білім беретін мектебі
jkoshenova@mail.ru

Әдебиетті оқыту әдістемесінің таяу болашақтағы дамуы оқу-тәрбие үрдісін ізгілендіру, оқытуды саралау, пәндердің сондай-ақ жеке әдістемелердің интеграциялануы, оқыту деңгейінің қазіргі ғылым, мәдениеттің даму деңгейіне жақын келуі, вариативті бағдарламалардың, сабақтардың жаңа технологияларын жасау, әдебиетті оқыту әдістерінің жаңа түрлерін іздестіру болып табылады.

Кілт сөздер: Оқу техникасын жетілдіру, мәнерлі, айқын оқу, көркем мәтінмен жұмыс істеуге баулу,ұжымдық оқу,даралап оқыту, оқу техникасы, ұжымдық оқу,көркем мәтін, мәнерлеп оқу.

Сөз өнерін, көркем әдебиеттің өзін әдебиет тарихы мен әдебиеттану ғылымында белгілі дәрежеде оқып үйрену негізінде оқушыларға әдеби білім, адамгершілік, ізгілік ,имандылық, тәрбие беру мен білім-білік дағдыларын қалыптастыру заңдылықтарын ашу- оның қарастыратын басты мәселесі.

Баланың білімді өздігінен алатын жолдарын анықтау- әдістеменің басты міндеті мен қызметі екені сөзсіз. Әдіскер ғалым ретінде А.Байтұрсынұлы бастаған істі әрі қарай дамытушылардың бірі Мағжан Жұмабаев баланы әдебиетпен таныстыруға аса үлкен мән берген. Ол жұмыстың жүзеге асырылуын бастауыш мектептен бастап мұқият дайындау керек деп танып, өзінің «Бастауыш мектептегі ана тілі» атты белгілі әдістемелік еңбегін жазды. Онда М.Жұмабаев әдіскер-ғалым ретінде төрт жылдық бастауыш мектептің әр жылына сәйкес ана тілі бойынша бала тілін дамыту үшін жаттығулар жүйесін жасап ұсынған.

Қоғамымыздың қазіргі даму кезеңіндегі басты мәселелердің бірі - білім беру жүйесінде оқыту үрдісін технологияландыру.

XXI ғасыр – жеке тұлғаны қалыптастыру, ізгілендіру, дамыту ғасыры. Мамандардың алдында тұрған бірден-бір мақсат - оқушылар алған білімдерін пайдаға асырып, оларды өз

бетінше түрлі өмірлік жағдайда қолдана білетін, өмірге өзіндік көзқарасы бар азамат болып жетілуіне көмектесу.

«Әдебиетші мұғалім ең алдымен көркем сөз сипатын ашатын заңдылықтарды білуі керек. Сондай-ақ көркем туындыны талдаудың ғылыми әдістемелерін жетік меңгеруі қажет. Әдеби шығармаларды талдауда мұғалім мен оқушы арасында бірлескен еңбек, бірлескен шығармашылық, өнерпаздық орын алуға тиіс»,-дейді белгілі әдіскер мұғалім Қ.Бітібаева [1].

Сонымен оқытушы және оқушының оқу әрекетіндегі бірлестіктер мен дербестік сипаттарын, ұйымдастыру жолдарын қарастыруға әдістеме ғылымы қолда бар бай тәжірибеге сүйенеді және оның таяу болашақтағы даму бағыттарын айқындайды.

Ол бағыттар:

- әдеби білімді саралауды жүзеге асыру, бағдарламаларды қайта қарап, тұжырымдама негізінде батыл жаңарту;
- әдебиетті оқытудың гуманистік, адамгершілік-эстетикалық сарынын күшейту, сабақ үрдісінде жазушы көтерген ізгілікті тағылымды, өнегені ашуды, ұлттық әдет-ғұрып, салт-дәстүрлерді танытуды, сол арқылы оқушының ұлттық рухани санасын қалыптастыруды нысана тұту;
- оқушының көркемдік-ассоциациялық, образдық ойлануына, әдебиетті өнер табиғатына сай оқи білуіне, шығарманың идеялық-эстетикалық мән-мағынасына терең бойлап, тебірене қабылдауына, кейіпкер тағдырына ортақтасуына жағдай жасап, стандартқа сай білім, біліктілікпен қаруландырып, оқырман ретіндегі мәдениетін көтеру;
- оқытудың шығармашылық сипатын көтеру, оқушылардың оқу еңбегіндегі ой дербестігін, оқу-танымдық қабілеттерін дамытуды қамтамасыз ету, сабақ тиімділігін арттыру нәтижелігіне қол жеткізу;
- оқытуды демократияландыру, сабақта мұғалім мен оқушы арасында бірлескен мақсатты қарым-қатынас, субъект-субъект дәрежесіндегі еркін диалог ахуалын туғызу, нақтылы сынып жағдайында әдеби білім нәтижелігін қамтамасыз ете алатын мұғалім ізденісін қолдау;
- әдебиет пәнінің гуманитарлық циклдегі басқа да пәндермен, білім салаларымен пәнаралық, пәнішілік байланысын тиімді пайдалану, тіл мәдениеті, шешендік өнер, тіл дамыту бойынша тіл мен әдебиетке ортақ бағдарлама жасау;
- әдебиет оқулықтарының,оқу кітаптарының мазмұны, ғылыми-дидактикалық негіздерін түбегейлі жақсарту,оқулықтарға білім берудің жаңа технологиясын ендіру.

Бұл бағыттар жалпы білім беретін қазақ мектебіндегі әдеби-білім тұжырымдамасының негізгі ұстанымдары. Қазақ әдебиетін оқыту әдістемесінің бұл тұжырымдамада көрсетілген негізгі бағыттары әлемдік тәжірибеге де сай келеді деуге болады.

Әдебиетті оқыту әдістемесінің таяу болашақтағы дамуы оқу-тәрбие үрдісін ізгілендіру, оқытуды саралау, пәндердің сондай-ақ жеке әдістемелердің интеграциялануы, оқыту деңгейінің қазіргі ғылым, мәдениеттің даму деңгейіне жақын келуі, вариативті бағдарламалардың, сабақтардың жаңа технологияларын жасау, әдебиетті оқыту әдістерінің жаңа түрлерін іздестіру болып табылады.

Оқушылардың шығармашылық қабілетін дамытуда жаңа ақпараттық технологияны пайдалану бүгінгі күн талабы. Ұстаз жас жеткіншектің жан-жақты дамуына, оның бойында жасырын жатқан шығармашылық қабілетті ашу және белсенді әрекетке келтіру жолында тынымсыз ізденісте болу керек. Қазақ тілі мен әдебиеті сабақтарында оқушылардың шығармашылық қабілеттерін арттыруда мына жолдарды есте ұстанған жөн.

Халық педагогикасының түрлерін сабақта пайдалану - оқушылардың сабаққа қызығушылығын, белсенділігін, шығармашылық қабілетін дамытуда өте тиімді екені мәлім. Сабақты халық педагогикасымен ұштастыра отырып оқыту - тәрбиенің қайнар көзі. Балаларды халықтық салт - дәстүрді, әдет - ғұрыпты қастерлеп құрметтеуге үйреткен, тәрбиелеген абзал.

Өнермен байланыстыра оқыту - көркемөнердің бір саласы болып келетін әдебиет пәнінің басты құралы - сөз өнері. Ендеше "Әдебиет пен өнерді" байланыстыра оқытуды жүйелі түрде сабақ барысында қолдану нәтижесі жоғары жетістіктерге жетелейді.

Мектепте оқытылатын көптеген пәндердің ішінде оқушыларға терең және жан-жақты білім беруде әдебиеттің рөлі өлшеусіз.

Әдебиет адамды рухани тәрбиелейді, жан сұлулығына тәрбиелейді, ізгілікке, адамгершілікке үйретеді. Ол адамды асыл армандарға жетелейді.

Онда адамзаттың ұшқындаған қиялы, жақсы өмір үшін күресі, жолдағы күресі, елдегі қайғылы оқиғалар, халқымыздың ұлттық сипаты, адам өмірінің тағдыры бейнеленген.

Оқушылардың шығармашылық қабілеттерін шыңдау барысында мынадай жұмыстар жүзеге асырылады:

- білім беру мекемелерінде шығармашыл оқушылар үшін арнайы сыныптар мен топтар құрып, оқу бағдарламаларын жеделтетіп оқытуды ұйымдастыруға;
- пән сабақтарында шығармашылық сипаттағы тапсырмаларды іріктеу, орындау, талдау жұмыстарының талдау жұмыстарын жүйелі жүргізуіне;
- сабақтан тыс мезгілде жүргізілетін жұмыстарға - пәндік олимпиада, ғылыми конференцияға, интеллектуалдық турнирлер мен шығармашылық байқауларға дайындық жұмыстарын жыл бойы жоспарлы жүргізуге;
- оқушылардың білім деңгейі мен олардың өз мүмкіндіктерін пайдалану көрсеткішін арнайы әдістемелер бойынша жүйелі түрде тексеріп отыруға;

Оқушы шығармашылығын дамыту - білімдік үрдіс субъектілерінің және білім мазмұны мен жүйелердің өзара әрекеттесу аймағы болып табылады:

1. Төмен деңгейге осы қимыл әрекетке тұрақсыз қызығушылығы бар оқушылар. Тапсырманы олар берілген сұрақтар көмегімен белгілі бір бөлігін ғана орындау арқылы, үлкендердің айтуымен, үлгінің көмегімен іске асырады.
2. Орта деңгейге осы қызметке ден қойған және қызығушылық танытқан оқушылар жатқызылды. Тапсырманы дұрыс орындайды, үлкендердің көмегіне сүйенбегенмен берілген сұрақтар арқылы атқарды. Инициатива мен шығармашылық көп байқала бермейді.
3. Жоғары деңгейде осы қимыл әрекетке ден қойып, қызығушылық танытқан балалар жатқызылды. Тапсырманы олар өздері орындайды, ешкімнің айтуынсыз, инициатива мен шығармашылық танытады [1].

Оқушылардың шығармашылық қабілетін, шығармашылық ойлау мен шығармашылық тұрғыда жұмыс жасауын дамытуда логикалық тапсырмалар орындатудың маңызы зор. Логикалық тапсырмалар оқушыларды белсенділікке тәрбиелеу, өз бетінше жұмыс істеуге дағдыландыру, сондай-ақ, оқушыларды икемділікке, шеберлікке дағдыландырады мысалы:

1. Логикалық ойын дамытатын тапсырмалар (сөзжұмбақ, ребус шешу, жұмбақ, мақал-мәтел, қанатты сөздер құрастыру);
2. Берілен тапсырманы түрлендіру бағытындағы жұмыс түрлері (мәтінді өңдеу, берілген мәтіннен диалог құрастыру);
3. Өз ойынан еркін тақырып құрастыруға берілген жұмыс түрлері (өлең, ертегі, әңгіме, шығарма жазу);

Шығармашылық - тапқырылық пен шеберлікке шыңдалу кезеңі. Бұл кезеңде оқушы белгілі бір шығармаға өзіндік көзқарас білдіріп, пікір жазады, мәтінге әдеби-теориялық толық талдау жүргізеді, кіші ғылыми жұмыстарды қорғайды, әңгіме жазады. Осы үш кезеңнен өткен оқушы нағыз шығармашыл тұлға болып дараланады.

Әр оқушыға өз ойын, пікірін айтуға мүмкіндік беріледі, жауаптар тыңдалады. Оқушы өз тұжырымын дәлелдеуге талпыныс жасайды.

Әдіскер-ғалым Қ.Тасболатов «Проблемалық ситуация тудыру - оқушыларға сұрақ қойып, оны шешу ғана емес, мұндағы сұрақ оқушыға бейтаныс, өздігінен ізденіп, өзінше

қорытынды жасай білетіндей сұрақ болуға тиіс» дейді. Бұл орайда оқушыларға танымдық сұрақтар қоюдың маңызы зор.Оқушылардың дүниетанымын кеңейту, шығармашылық жұмысқа баулу, ізденушілік әрекеттерін жетілдіруде сыныптан тыс жұмыстарды жүргізудің маңызы зор. Үйірме, факультатив сабақтарын, таңдау курстарын, пәндік кештерді, КВН, конференция, дәстүрлі емес сабақтар түрлері, дебат ұйымдастыру шығармашыл тұлғалардың ашылуына көп септігін тигізеді.

Пікірталас түрлерін пайдалана отырып оқыту (пікір алмасу, ойталқы, ойкөкпар, пікірсайыс, т.б) Пікірсайыс сабақтарын өткізу үшін алдымен жақсы жағдаят бола алатын тақырып таңдалғаны жөн. Тақырып сәтті таңдалған уақытта оқушылардың этикалық - эстетикалық талғамын оятып, сезіміне әсер етіп, білім іскерліктерін, шығармашылық мүмкіндіктерін дамыта аламыз [2].

Сыныптан тыс шығармашылық жұмыстарды өткізуде ғылыми - зерттеу жұмысына баулу, бағыттау-оқушыларды ғылыми жұмысқа баулудың басы оларды өз беттерімен орындалады. Оқушыларды шығармашылыққа баулудың, өзіндік іс-әрекетін ұйымдастырудың түрлері өте көп деуге болады.

Әдебиетті оқытуда қолданылатын әдіс-тәсілдер:

Проблемалық оқыту (диспут, дискуссия, оқыта үйрету, баяндама, мені түсін, тірек мәтін, тірек символдары, т.б. қолданылады) Оқушы мұғаліммен еркін сөйлесіп, пікір алмастыра алады, өзін жеке-дара тұлға ретінде тануға жол ашылады, өз ойын ашық еркін айтуға, пікір алмасуға, достарының ойын тыңдап, мәселені шешу жолдарын іздей отырып, қиындықты шешуге көмектесуге, бір-бірінің пікірін тыңдап, шыншылдық, әділдік, өзгенің пікірімен санасуғаүйренеді, ынтымақты қарым-қатынастың негізі қаланады.

Оқушыларды шығармашылыққа баулудың, өзіндік іс-әрекетін ұйымдастырудың түрлері өте көп. Мысалы: тірек сөздер беру арқылы әңгіме құрастыру, өлең құрастыру, мысалдарды, ертегілерді сахналау, шығарма жазу, ертегі мазмұны бойынша сурет салу, т.б.

Жаңа технология жүйесінде проблемалық және іскерлік ойын арқылы оқытудың да маңызы аса зор. Оқушылар әр түрлі проблемаларды талдайды, оның шешу жолдарын іздестіреді. Мұндай сабақтар оқушылардың логикалық ойлау қабілетін дамытады, пәнге қызығуын арттырады, өмірде кездесетін түрлі қиындықтарды женуге тәрбиелейді. Іскерлік ойын сабақтарын өткізу технологиясы 3 кезеңнен тұрады.

1-кезең. Дайындық (рөлдерді бөліп беру, оқушыларды топтарға бөлу, проблемаларын алдын-ала таныстыру, қажетті материалдарды жинау).

2-кезең. Ойын кезеңі (оқушылар жасаған хабарламаларды тыңдау, пікірталас жасау, қабылданатын шешімді талқылау және оны бақылау, талқыланған шешімді қабылдау).

3-кезең. Қорытындылау (проблемаларды шешудің тиімді жолдарын іздестіру).

Соңғы кезде оқу үрдісінде оқытудың әр түрлі педагогикалық технологиялары жасалып, мектеп өміріне енгізіліп жатыр. Олар мыналар:

Лысенкованың алдын ала оқыту, Шаталовтың интенсивті оқыту (тірек сигналдарын пайдалану арқылы), Эрдниевтің ірі блоктап оқыту, мәселелік оқыту, оқытудың белсенді әдісі.

Синквейн әдісі: Оқушылар арасында белсенді шығармашылықты ойлауға, ойларын нақты, қысқа да нұсқа, тұжырымды жеткізе алады.

Кубизм әдісі: пайдалану:

1. Салыстырыңыз.
2. Талқылаңыз.
3. Ажыратыңыз.
4. Мысал келтір.
5. Қолданыңыз. Өлеңге қос не әңгіме жаз.
6. Зерттеңіз.

Сондай-ақ әдебиеті сабақтарында оқытуды ойын түрінде ұйымдастыру және әртүрлі формаларды-топтық, топтық-жеке, жұппен жұмыс, пікірталастар мен пікірсайыстар, дебат әдісін пайдалану уақыт талабына сай әдістердің бірегейі.

Сонымен, шығармашылық іс-әрекет талаптарын, сондай-ақ оларды мектепте ұйымдастыру жолдарын зерттеу - мәселені дамытып, жетілдіру тетігін анықтауға және мынадай тұжырымдар жасауға мүмкіндік береді:

- оқушылардың шығармашылық дербестігін дамыту арқылы оның жеке тұлғасын қалыптастыруға болады;

- танымдық іс-әрекет түрлері төменнен жоғарықарай, кезекті түрде, белгілі бір ретпен, жүйемен жүргізілуі нәтижесінде шығармашылығы дамиды;

- танымдық іс-әрекетті дұрыс ұйымдастыру біліктері мен ізденімпаздықтың қалыптасуы оқушыларды шығармашылыққа баулиды.

Көркем шығарманы оқыту - оқушының сөз қадірін түсінерлік ойлау әрекетін дамыту, рухани дүниесін байыту, эстетикалық талғамын жетілдіру, адамгершілік қасиетін қалыптастыру», - деген болатын әдебиет зерттеуші - ғалым, белгілі жазушы, ұлағатты ұстаз Қажым Жұмалиев [3].

Әдебиет сабағындағы ең басты жұмыстардың біріне оқушылардың көркем шығарманы қабылдауы, одан әсер алуы, көркем туындыны бүкіл бітім - болмысымен түсіне білулері жатады.

Яғни мұғалім осы мақсатпен ізденуі керек, осы мақсатта оны жүзеге асырудың ең тиімді деген әдіс - тәсілдерін сұрыптай отырып пайдалануы керек. Оқушының көркем шығарманы қабылдау белсенділігін, әсерлі сезімін дамытудың жолдарын қарастыруы абзал:

-оқушылардың рухани дүниесін байыта отырып эстетикалық, интеллектуалдық, көркемдік, сезімдік, адамгершілік, азаматтық тәрбие беру;

- оқырмандық тұрақты ынта – ықыласты, биік талғамды қалыптастыру;

- әдеби мұраны және онда бейнеленген құбылысты эстетикалық қабылдауына қажетті білім және біліктілікпен қаруландыру;

- логикалық ойын, ауызекі және жазбаша тіл мәдениетін қалыптастыру. Бір сөзбен айтқанда, жеке тұлғаны дамыту, қалыптастыру болып табылады.

Мектепте әдебиетті оқытудың мән-маңызы көркем туындыны оқыту, талдау, оқырмандық пікір қалыптастырумен ашылмақ. Көркем туындыны оқу бар да, талдау бар. Талдау оқусыз жүзеге аспайды. Оқу баланың өз еңбегімен жүзеге асады, талдау - мұғалім, оның ұйымдастыруы, жобалауы, тиімді жағын ойластыруы арқылы жүзеге асады. Көркем мәтінді оқушы қалай оқып, қабылдайды, қандай ой туады, өз көзқарасын қалай жеткізеді – бұл оқушы мен мұғалімнің бірлескен еңбегінің жемісі болмақ.

Көркем мәтінді оқу түрлерін жіктеп ажыратамыз:

1) көркем мәтіндегі жазушы ойын мұғалім көмегімен аңғара оқу. Оның мән-мағынасын тұшына, түсіне оқу. Қиын, түсініксіз образды, айшықты сөздерді ұғына оқу, яғни лингвистикалық түсіндірмелі оқу;

2) таңдап оқу. Белгілі мақсатпен қойылған сұрақтарға жауап іздеп, тіл көркемдігін дәлелдеу, портрет, пейзаж, образды табу;

3) іштен оқу немесе өздік оқу. Іштен оқудың оқушыны жеке, өз бетімен жұмыс істеуге баулудағы маңызы ерекше зор. Ойлану, өз бетімен іздену, жауап табу, дербес белсенділігін арттырудағы іштен оқудың атқарар рөлінің ерекше екендігі;

4) рөлге бөліп оқу. Рөлге бөліп оқу таным белсенділігі, қызығушылығын арттыруда, қабілеттерін дамытуда, сабақтың эмоциялық, психологиялық мәнін нәрлендіруде пайдалы;

5) хормен оқу. Оқу техникасын жетілдіру, мәнерлі, айқын оқу, көркем мәтінмен жұмыс істеуге баулу бүкіл сынып оқушыларын көркем оқуға ұйымдастыруда тиімді;

6) ұжымдық оқу. Әсіресе, даралап оқытуда тиімді. Оқу техникасына, мәнерлеп оқуына қарай, оқушыларды топқа бөле отырып, мұғалім ұжымдық оқуды тиімді

ұйымдастырса, көркем мәтінді тез меңгертуге ықпал жасайды, мәтінді оқуға деген оқушы ынтасын арттыруға әсер етеді;

7) жұптық оқу. Жұптық оқудың тиімділігі, біріншіден өз беттерімен оқу техникасын жетілдіру дағдыларын дамытады, екіншіден ұқыпты тыңдай білуге, бір-бірінің жұмысына талдау жасай білуге икемдейді;

8) мәнерлеп оқу. Мәнерлеп оқу-әдебиетті оқытудың басты әдістемелерінің бірі. Мәнерлеп оқудың мақсаты:

- оқушыларға көркем туындының эмоциялық-эстетикалық әсерін сезіндіру;
- көркем мәтінге жан беру, әр сөздің мәні мен мағынасын, сөз бояуларының нақышын сезе білу;
- көркем мәтіндегі айтар ой мен поэтикалық көркемдікті өздеріне болжату, түсіндіру, мәтінді талдау дағдыларын дамыту.

Әдебиет сабағының күре тамыры көркем мәтінмен жұмыс істеу ерекшелігі - ол оқушының жүрегіне, сезім қылына әсер етуі.

А. Байтұрсыновтың: «Мұғалім әдісті көп білуге тырысуы керек, оларды өзіне сүйеніш, қолғабыс нәрсе есебінде қолдануы керек,» - деген болатын.

В.М.Шепельдің тұжырымдауы бойынша: «Технология - бұл өнер, шеберлік,ептілік, іскерлік, әдістердің жиынтығы, жағдайдың өзгеруі.

Қазақ тілі мен әдебиеті сабағында жаңа технологияны қолданудың тиімділігі өте зор. «Оқу мен жазу арқылы сын тұрғысынан ойлауды дамыту» әр түрлі стратегиялар: Топтау», «Ойтүрткі», «Инсерт», «5 жолды өлең»,«Венн диаграммасы», «Семантикалық карта», «ЖИКСО», «Еркін жазу» т.б. «Оқу мен жазу арқылы сын тұрғысынан ойлауды дамыту» технологиясын шығармаларды оқи отырып, кейіпкер бойындағы асыл қасиеттерді жинақтап, нені ұққандарын анықтауға тиімді.

Қорыта келе, бүгінде көркем туындыны саналы түрде оқуға деген қызығушылықтың төмендеуі зерттеуші ғалымдар мен әдіскер ұстаздарды, ата-аналарды қатты толғандыруда. Әдебиет мұғалімнің терең білімді болып, әдістемелік шеберлікті жетік меңгеріп, көркем туындыны шығармашылық шабытпен оқыта білуі - бүгінгі заман талабы.

Пайдаланған әдебиеттер:

1. Бітібаева Қ., Құдайбергенова Г., Мұқашева М. Әдебиетті оқытудың инновациялық технологиясы. - Өскемен, 2002.

2.Т.Ақшолақов, Шығарманың көркем айшықтарын таныту, А., «Жазушы», 1998 ж.

3.Сыздық Р. Тіл мәдениеті және оның проблемалары / Р. Сыздық // Тілдік норма және оның қалыптануы.-Астана: Елорда,2001.- 230 б.

4. А. Байтұрсынов, Тіл білімі, А, «Жазушы», 1992 ж.

5. Р. Сыздықова, Б. Шалабаев, Көркем мәтіндерді лингвистикалық талдау, А., «Мектеп», 1989 ж.

7. Сарбасова К.А., Шаушекова Б.К. Педагогика негіздері. Қ., 2004ж. 40-46 б

8. Бейсенова Г. Жаңа ақпараттық технологияның тиімділігі. Қазақстан мектебі. №6. 2006

ЖОҒАРЫ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ ТӨЗІМДІЛІГІН ҚАЛЫПТАСТЫРУ

А.С. Жунисова
магистр аға оқытушы
Академик А.Қуатбеков атындағыХалықтар достығы университеті
Шымкент қ., Қазақстан

Түйіндеме:Жастардың төзімділігін қалыптастыру бүгінгі таңдағы педагогика ғылымының ең көкейкесті мәселесі . Төзімділік – бұл көркем бейненің бірлігі. Бұл тек моральдық міндет қана емес, сонымен қатар саяси және құқықтық қажеттілік Жоғары сынып оқушыларының төзімділігін қалыптастырудың негізгі бағыты – оларды бүгінгі қоғамның ең маңызды құндылығы деп баяндалады.
Кілтсөздер: Төзімділік , білім, білік, дағды, деңгей,жоғары сынып оқушылары.
Аннотация: Формирование терпения и выдержки у молодежи является важнейшей задачей работы педагогической науки. Терпение есть единство образа в этом художественном вступлении. Психодраматика. Это не только моральный долг, но и политический догматизм, и юридическая необходимость. Описано основное общероссийское направление формирования терпения старшеклассников - важнейшей ценности человека в современном обществе.
Ключевые слова: Терпение, знание, религиозное знание, мастерство, уровень, возможность старшеклассников
Annotation: The formation of patience and endurance in youth is the most important task of pedagogical science. Patience is the unity of the image in this artistic introduction. Psychodramatics. This is not only a moral duty, but also political dogmatism and legal necessity. The main all-Russian direction of formation of tolerance of high school students is described - the most important human value in modern society.
Keywords: Patience, knowledge, religious knowledge, skill, level, opportunity high school students

Еліміз өз тәуелсіздігін алғаннан бастап мемлекеттік саясатта келешек ұрпақтың денсаулығы және бала тәрбиесі негізгі мәселе болып жүр. Қазақстан Республикасы Ата заңының 27 бабының, 2-тармағында «Балаларына қамқорлық жасау және оларды тәрбилеу ата-ананың құқығы әрі парызы» делінсе [1].«Бала тәрбиелеу - болашаққа үлкен инвестиция» деуінде үлкен мән жатыр. Сонымен бірге білімді, сауатты адам ғана келешек тізгінін қолына ала алады деген [2]. Қазіргі мектеп алдында қоғамдық бейімділігі бар, өзін-өзі жүзеге асыра алатын, қарым-қатынас жасай білетін жастарды жаңа толеранттылық парадигмасы негізінде қалыптастыруды міндеттейді. Сондықтан жастардың шыдамдылығын, төзімділігін қалыптастыру бүгінгі таңдағы педагогика ғылымының ең көкейкесті мәселесі болып отыр.Қазіргі кезеңде Қазақстан үшін азаматтар бойындағы өзіндік қасиеттерге нұқсан келтірмей жаңа қасиеттерді, дербестікті таңдау мен мобильді шешім қабылдау жағдайындағы жауапкершілікті қарым-қатынас орнатуға, қоғамдағы тиімділікті арттыруға әсер ететін білім, білік, дағдыларды ұлттық мәдениет аясында қалыптастыру өзекті мәселесі тұр. Білім беру жүйесі арқылы ғана оқыту мен тәрбиелеудегі жеке тұлғаға бағытталған жұмыс нәтижесінде жоғары сынып оқушыларының белсенді өмірлік ұстанымын және олардың әлеуметтік міндеттерінің төзімділік деңгейлерін көтеру дағдыларын қалыптастырады. Жоғары сынып оқушыларының төзімділігін қалыптастырудың негізгі бағыты – оларды бүгінгі қоғамның ең маңызды құндылығы ретінде танып, өз еркімен шешім қабылдай алатын жеке тұлға ретінде қалыптастыру. Жоғары сынып оқушыларының төзімділігін қалыптастыру мен дамыту бағытында мектептегі оқу-тәрбие үрдісінің маңызы өте зор. Бұл жағдайда тәрбиені оқушылардың төзімділігін қалыптастыру мақсатына бағыттау

қажеттігі айқындала түседі.Тарихқа көз жіберетін болсақ, жасөспірімдерді әлеуметтендіру мәселесі ғұлама ойшылдардың еңбектеріне арқау болып келгені мәлім. Сондықтан, бұл идеяларды, қазақ педагогикалық ғылымының, халықтық білім берудің, белсенді әрекетінің қалыптасу ерекшеліктерін тәрбиелеу мен білім берудің қазіргі кезеңінде қарастырып өткен өте маңызды. Қазіргі уақытта төзімділікті қалыптастыру мәселесіне ерекше көңіл бөлініп отыр. Ол көптеген себептермен түсіндіріледі: XXI ғасырда адамзат куә болып отырған, бүкіл әлем бойынша ашық төзімсіздіктің санының көбеюі, әлемдік қауымдастық алдында түрған негізгі мәселерердің ішінен алдыңғы қатарға шыдамдылық мәселесін қояды. Төзімділік – бұл көркем бейненің бірлігі. Бұл тек моральдық міндет қана емес, бұл сонымен қатар саяси және құқықтық қажеттілік. Төзімділік бірлікке жетуге мүмкіндік береді және соғыс мәдениетінен бірлік мәдениетіне дейін жетуге мүмкіндік береді. Төзімділік – бұл шындыққа деген белсенді қатынас. Ол адамның жан-жақты құқықтары мен еркіндіктерін қабылдау негізінде қалыптасады» [3].Сонымен қатар декларацияда «төзімділіктің алдын алудың тиімді әдісі – тәрбие» деп көрсетілген. Төзімділік бұл адами көқарастардың, рухани көзқарастардың, идеялық және діни көзқарастардың менің ұстанымдарыма теріс болса да құрметтеймін деген және субъекттер арасында сыйластықты, кішіпейілділікті, мейірбандықта білдіреді. Осы тұста біз толеранттылықтың екі мағыналы ұғым: елдер, этностар, діндер, жеке адамдардың өзара шапағат жасауында деп түсінеміз.Білім беру саласында «төзімділік» пен «менталитет» ұғымдары өзара байланысты, өйткені ол адам мен әлеуметтің ментальдық ерекшеліктерін қалыптастырады.Төзімділіктің анықтамалары бүгінгі таңда ұлтаралық толерантты қарым-қатынас мәдениетіне тәрбиелеудің, адамгершілік тәрбие берудің, жеке тұлғаның адами көзқарастарын қалыптастырудағы қажеттілік екендігіне назар аударады.Төзімділік ұғымының негізгі мазмұны қоғамдық тұрмыстың жан-жақтылығын түйсіну, жеке тұлғаға сыйластықпен қарау, өзге адамдардың көзқарастарына, түсінігі мен сеніміне және т.б.жеке ерекшеліктеріне төзімділікті таныта білу; өрескелдік, жауласу және күш көрсетуді мейілінше болдырмау болып табылады [4]. Сонымен, шыдамдылық (төзімділік) - бұл жекелік, қоғамдық сипаттама, ол арқылы дүние жүзі мен әлеуметтік орта көп жақты екендігі ұғынылады, осыдан келіп, бұл дүниеге көзқарастар да әртүрлі болады және өз пікіріне, көзқарастарына,қылығына сай келмейтіндерге төзімділік, шыдамдылық таныту. Бұл ұғым жоғарыда айтылғандай, ғұлама қазақ ойшылдарының еңбектерінде тікелей мағынада көрсетілмегенімен, гуманизм, мәдени сабақтастық идеялары арқылы көрінеді.Қазіргі уақытта жоғары сынып оқушылары дегеніміз 14,5-17 жас яғни жасөспірімдік кезеңді қамтитын балалар кіреді. Кез келген білім беру жүйесінде білім алушы адам үйренуші болып табылады. Осы түсінікте адамның өзі басқалардың көмегімен оқитыны атап көрсетіледі, яғни ол білім беру процесінің белсенді субъекті бола тұрып, барлық қарастырылған субъектілік сапалармен, қырлармен сипатталады. Сонымен бірге, барлық үйренушілер білім беру жүйесінің белгілі бір сатысында бастапқы жалпы және тек оларға тән ерекшеліктермен, қырлармен сипатталады. Бұл, әр білім беру сатысы, әдетте, адам өмірінің белгілі бір кезеңімен теңестірілуімен түсіндіріледі.

Жоғарғы сынып оқушысы оқу іс-әрекеті субъекті ретінде өзі орналасқан дамудың әлеуметтік ситуациясының ерекшелігіне сай, осы іс-әрекеттің сапалық жаңа мазмұнымен сипатталады. Біріншіден, тұлғалық мәнді құндылықтары бар оқу пәндеріндегі білімдерді игеруге деген ішкі танымдық мотивтермен қатар кең әлеуметтік және сырттық жеке тұлғалық мотивтер де көрінеді, олардың ішінде жетістікке жету мотиві бірінші орын алады. Оқу мотивациясы құрылымы бойынша сапалы өзгереді, өйткені жоғары сынып оқушысы үшін оқу іс-әрекетінің өзі – болашақтағы өмірлік жоспарларды жүзеге асыру құралы. Оқу, білімдерді игеруге бағытталған іс-әрекет ретінде көп нәрселерді сипаттамайды, көптеген үйренушілер үшін негізгі ішкі мотив ретінде нәтижеге бағдарлану болып табылады [5].

Жоғары сынып оқушысының оқу іс-әрекетінің негізгі пәні, яғни ол бағытталған

нәрсе даралық тәжірибені, оны кеңейту, толықтыру, жаңа ақпаратты енгізу есебінен, құрылымдық ұйымдастыру, комлекстеу, жүйелеу болып табылады. Өз бетіншеліктің, шешімдерге деген шығармашылық келістердің дамуы, осындай шешімдерді қабылдай алу іскерлігі, бар нәрселерді талдау жасау және оларды сындарлы конструктивтіұғыну сондай-ақ жоғары сынып оқушысының оқу іс-әрекетінің мазмұнынын құрайды. Жоғары сынып оқушысында оқу іс-әрекетінің ерекше формасы қалыптасады. Ол, саналы түсінілген немесе әлі де түсініліп жатқандар контексінде зерттеулер, талдау элементтерін кәсіби бағыттылыққа, тұлғалық өзін-өзі анықтауға қажетті ретінде жүргізуді қамтиды. Төзімділік , шыдамдылық басқаларға теңдік пен құрмет сезімін танытуды және үстемдік пен зорлық-зомбылықтан бас тартуды қамтиды: бұл ашықтық пен еркін ойлаудың қасиеті, бұл әлем мен әлеуметтік орта көп өлшемді екенін түсінетін жеке немесе әлеуметтік сипат. Әлем басқаша болып табылады және оны біртектілікке немесе біреудің пайдасына шешуге болмайды[6]. Қорыта келгенде біз, жоғары сынып оқушыларының төзімділігі дегеніміз жалпы білім беретін мектеп оқу-тәрбие үдерісінде сенімділік, басқаға құрмет, ынтымақ, шыдамдылық сезімі негізінде мұғалім мен оқушы арасындағы белсенді ізгіліктік қарым-қатынастағы «шебер серіктес» болып табылатын және өзара байланыс үшін жағымды «позитивті» қатынас ұйымдастыра білетін, толерантты мәдениеке ие жеке тұлғаны айтамыз. Шыдамдылық мінез-құлықты ынталандыру нәтижесінде, адамдарға төзімділікпен қарау тұрақты мотивациясы қалыптасып, балалардың агрессиялық әрекеттеріне тосқауыл болуы қажет. Бірақ, ең алдымен, біз балалардың толеранттылық әрекеттерін және толерантты шешімдерін мақулдаумыз туралы айтуымыз керек. Ынталандыру әртүрлі нұсқаларда жүзеге асырылуы мүмкін. Бала өзінің мінез-құлқын оңды түрде өзгерткен кезде қолдайтын көзқарас, қотермелейтін сөздер. Әртүрлі ұлттық және әлеуметтік топтардың өкілдерінің өзара әрекеттесуі және бірлескен жұмыс ұйымдастыруы төзімділік мінез-құлықты ынталандырады. Төзімділік мінез-құлықты ынталандыру әдістерін қолдану балада белсенділікті, өз-өзіне сенімділікті, табандылықты дамытуды, мақсатқа жету үшін қиындықтарды женуді болжайды; өзін ұстай білу қабілетін қалыптастыру (өзін-өзі ұстау, өзін-өзі бақылау); тәуелсіз мінез-құлық дағдыларын жетілдіру және т.б. Төзімділік мінез-құлықты ынталандыру әдістері мыналарды қамтиды: көтермелеу, моральдық санкция, бәсекелестік, қызығушылықты ынталандыру [7]. Шыдамдылық мінез-құлықты жүзеге асыруда мінез-құлықтық саласында моральдық және ерік-жігерге ұмтылу қажет: батылдық, қайсарлық, моральдық мұраларды сақтаудағы ұстамдылық. Бұл жерде жеке тұлғаның мақсат қойғандығы, оны жүзеге асыруы және оның орындалуы үшін тұлға қандай әрекетке баратындығы маңызды.Өзін-өзі реттеу саласында таңдаудың моральдық заңдылығын қалыптастыру қажет: адалдық, өзін-өзі бағалау, өзін-өзі сынау, өз мінез-құлқымен басқалармен сәйкестендіру, тұтастық, өзін-өзі бақылау және т.б.Өзін-өзі реттеу саласына әсер ету әдістері балалардың психикалық және физикалық өзін-өзі реттеу дағдыларын қалыптастыруға, өмір жағдайларын талдау дағдыларын дамытуға, балалардың өз мінез-құлқын және басқа адамдардың жағдай түсіну дағдыларына үйрету, өздеріне және басқаларға адал қарым-қатынас жасау дағдыларын қалыптастыруға бағытталған. Ынталандыру әдісі жасөспірімге басқа адамдарға деген көзқарастарын дұрыс бағалай білуге көмектеседі, яғни өз қажеттіліктерін білуге, өзінің мінез-құлқының мағынасын түсіну, тиісті себептерді және оларға сәйкес мақсаттарды таңдауға көмектеседі.Қазіргі заманғы педагогикалық практикада адамға әсер етудің психологиялық әдістері күнен күнге кеңінен қолданылады. Бұл әдістерге әлеуметтік белсенді оқыту әдістері жатады. Төзімділік мінез-құлықтың эмоционалды және мінез-құлық компоненттерін дамыту құралы ретінде моральдық таңдауларды пайдалану тиімді болып табылады. Әрбір таңдау арқылы адамның төзімсіз қарым-қатынасын анықтауға болады. Кез келген мұғалім таңдауды жасауы мүмкін, әр таңдау: мектеп оқушыларының нақты өміріне қатысты болуы керек; мүмкіндігінше түсіну үшін қарапайым болуы тиіс; аяқсыз болуы керек; моральдық мазмұны мол екі немесе үш сұрақтан тұру керек; «Басты кейіпкер қалай

әрекет етуі керек?» деген негізгі сұраққа оқушылардың зейінін шоғырландырып, жауап таңдауға мүмкіндік беру. Мұндай таңдаулар ұжымда дау тудырады, ол кезде әр кім өзінің дәлелін келтіреді, бұл оларға болашақта өмірде дұрыс таңдау жасауға мүмкіндік береді . Жасөспірім өзінің қажеттіліктерін қанағаттандыру үшін өзін-өзі тану, өзін-өзі жетілдіру, өзін-өзі анықтау, өзін-өзі сәйкестендіру және ойында деген қолайлы жағдайлар іздеуге және табуға тырысады. Ойын ортасы жасөспірім үшін де тартымды болады. Ойын - тәжірибе платформасы, онда бала өз тәжірибесін, өмір туралы, адамдар туралы жиналған ақпараттарын тексереді. Ойынның тәрбие беру үшін бір қатар маңызды ерекшеліктерге ие. Оушының дене, эмоционалдық және ақыл-ойының шаршауын жояды. Ойын алаңы – мұғалімнің әртүрлі әлеуметтік жағдайларды модельдеу мүмкіндігі бар ерекше орын. Және мұны жасөспірімдер де төзімділікті дамыту үшін қолдануға болады. Ойын баланы заманауи әлемдегі мәселелерге үнілуге, этносаралық, конфессияаралық және халықаралық қатынастардың күрделілігін ойындағы ролге кіру арқылы көріп, сезінуге мүмкіндік береді. Ойын баланың жеке басын қалыптастыруға ықпал етеді, өйткені рөлдегі мінез-құлық тек рөлмен ғана емес, сонымен бірге ойыншының жеке қасиеттерімен де байланысты, ал ойында қалыптасқан қарым-қатынас балаға өзінің әдеттегі мінезінен «бір саты» жоғары болуына мүмкіндік береді. Осылайша, ойында оның айналасындағы әлемге қатысты өзінің ұстанымының түбегейлі өзгеруі мүмкін. Онда ұстанымның өзгеру ықтималдылығы және өз көзқарастарын реттеуге арналған механизм бар[8]. Қазіргі әлеуметтік-мәдени жағдайларда педагогикалық өзара қарым-қатынас білім беруші мен оқушы арасындағы ерекше қарым-қатынас түрін қарастырады. Оқушының төзімділік мінез-құлыққа деген қажеттілігін түсінуге қарым-қатынас құралы ретінде оқыту диалогы болып табылады. Жасөспірімдердің толерантты мінез-құлқын қалыптастыру процесінде «тәрбиеші тәрбиеленуші (жасөспірім) - ата-анасы - мұғалімдер» жүйесі ұсынылған. Оқушылармен жұмыс істеудің негізгі түрлері: сабақ, сынып сағаты, тәрбие сағаттары негізінде сабақтан тыс жұмыстар, ұжымдық шығармашылық істер.Тәрбие сағаттары жасөспірімдердің төзімділік мінез-құлқын қалыптастыруға бағытталған үдерісі болып табылады. Оқу үдерісінің элементі ретінде тақырыптық сабақ білім беру, тәрбиелеу және дамыту функцияларын орындайды. Ұжымдық шығармашылық іс-әрекеттер - «шығармашылықпен және қарым-қатынаспен, арман мен өмір қуаныштарға толы жарқын еңбек және ойынды ұйымдастыру тәсілімен қатар негізгі тәрбие әдісі» [9].Педагогикалық әдебиетте «тәрбиелік жұмыс» ұғымы оқушылардың нақты іс-әрекеттерін ұйымдастыру мен жүзеге асырудың нақты түрі болып табылады. Оқу үдерісі үздіксіз білім беру іс-әрекетінің тізбегінен тұрады. Шын мәнінде, оқушылармен жұмыс істеудің барлық түрлері (тренинг, сабақ, тақырыптық сабақтар) тәрбие беру ісінің үздіксіз тізбегі болып табылады. Тәрбие беру ісі ұжымдық және шығармашылық сипатта болады және ұжымдық тәрбие жұмысы немесе ұжымдық шығармашылық іс-әрекеттер деп аталады. Тәрбие беру ісінің негізінде екі тәсіл жатады: іс-әрекеттік және кешенді. Біріншісі - мектеп оқушыларына түрлі іс-шараларын ұйымдастыруды талап етеді: танымдық, еңбек, әлеуметтік, көркемдік, бағдарлық және еркін қарым-қатынас, ал екіншісі- барлық іс-әрекетті біріктіріп, тұтас процесспен олардың әсері. Іс-әрекеттік көзқарас тәрбие бағытын көрсетеді, ал кешенді оның мазмұнын анықтайды [10]. Мақсаты мен қажеттілігіне қарай көптеген тәрбиелік жұмыстар түрі бөлінеді: этикалық, әлеуметтік-бағдарланған, эстетикалық, танымдық, спорттық-физикалық, экологиялық, еңбектік.Тәрбие сағаты - мектеп оқушылары айналасындағы әлеммен қарым-қатынас жүйесін қалыптастыруға ықпал ететін, арнайы ұйымдастырылған құндылық-бағдарлау жұмысы.Тәрбие сағатының үш тәрбие қызметі бар: ағарту, бағдарлау, бағыттау.Тәрбие сағатындағы ағарту қызметі оқушылардың білім деңгейін кеңейту болып табылады.Бағдарлау қызметі оқушыларда шындыққа қатысты белгілі қатынастарды қалыптастырады, оларда материалдық және рухани құндылықтардың белгілі бір иерархиясын дамуын әзірлейді.

Тәрбие сағатының бағыттау қызметі өмір туралы әңгімелесуді оқушылардың іс жүзіндегі тәжірибесі саласына ауыстырады, олардың іс-әрекетін бағыттайды. Бұл қызмет

оқушылар өмірінің практикалық жағына, олардың мінез-құлқына, өмір жолын таңдауға, өмірлік мақсаттарды белгілеуге және осы мақсаттарды іске асыруға нақты әсер етеді.Көбінесе, тәрбие сағаты бір мезгілде барлық үш қызметті атқарады: ағартушылық, бағдар беруші және бағыттаушы.Осындай іс-шаралар негізінде оқушылардың төзімділік мінез-құлқын қалыптастыруға

болады.

ӘДЕБИЕТТЕР

1 Қазақстан Республикасының Конституциясы (Ата Заңы). Астана. 30 тамыз, 1995

2 Соколова Э. Образование- путь к культуре мира и толерантности // Народное образование.- 2002.- №2.- С. 111-113.

3 Сексенбаева Л.И. Педагогические условия формирования культуры межнационального общения учащихся, проживающих вне своей национальной государственности.- Алматы, 2000. – С. 45

4Картбаева Ж.Ж.Психолого-педагогические исследование коммуникативной толерантности у школьников//Вестник Евразийского гуманитарного института.-Астана, 2007.№2-С.206-210.

5 Педагогика:Қазақша және орысша түсіндірме терминологиялық сөздік//Ғыл. жет.жасаған және жалпы ред.басқарған проф. Ш.К.Беркімбаева, проф.А.Қ.Құсайынов.-Алматы;ROND &Абаспасы, 2007.-248б.

6 Абсатова М.А. Поликультурная компетентность старшеклассников: методология, теория, практика формирования- Алматы, -388с.

7Убниязова Ш.А. Оқыту үдерісінде интеграция негізінде оқушылардың толеранттылығын қалыптастыру: Дис. …канд. пед. ғыл. –Алматы, 2013 -56-100 б.

8 Шаяхметова М.Н. Болашақ педагогтардың этникалық толеранттылығын қалыптастыру: Дис. Алматы 2009. -54-65 б.

9 Тұрғынбаева Б.А. Мұғалімнің шығармашылық әлеуетін біліктілікті арттыру жағдайында дамыту.: теория және тәжірибе // Алматы. 2005 -174 б.

10Рожков М.И., Байбородова Л.В., Ковальчук М.А. Воспитание толерантности у школьников - Ярославль: Академия развития: 2003– 192с.

РАЗВИТИЕ ФУНКЦИОНАЛЬНОЙ ГРАМОТНОСТИ СРЕДСТВАМИ ЯЗЫКОВЫХ ДИСЦИПЛИН

Тасжурекова Батима, учитель русского языка и литературы

КГУ «Средняя общеобразовательная школа № 2» отдела образования города Курчатова управления образования области Абай

Во второй половине XX века мир характеризовался как устойчивый, предсказуемый, простой и определенный. Это был мир, в котором все понятно и поддается прогнозу. Модель школьного образования предусматривала массовое образование с одним и тем же наполнением для всех обучающихся и одинаковой продолжительностью обучения для каждого ребенка. Но эта эпоха завершилась, когда технологии стали развиваться быстрее смены одного поколения.

Современные технологии, научные и гуманитарные прорывы поистине вдохновляют, но важно помнить, что в основе всех этих явлений стоит человек – со своими знаниями, ценностями и устремлениями. Тенденция возрастающей роли технологий, Интернета развивается, оказывая влияние на жизнь людей и общества в целом.

Развитие функциональной грамотности обучающихся определяется как одна из приоритетных целей. По мнению экспертов, в ближайшие годы возрастет потребность в

людях, способных участвовать в решении глобальных проблем, выстраивать коммуникацию с представителями разных социальных групп, культур и национальностей, обладающих инициативностью, эмоциональной адаптивностью и устойчивостью, ответственностью и эмпатией.

Будет меняться набор ключевых компетенций, наиболее актуальные из которых: аналитическое мышление и инновативность, проактивный подход к образованию, комплексный характер решения проблем, критическое мышление и анализ, креативность и оригинальность.

Процесс развития функциональной грамотности связан с формированием компетенций, а это следующие:

- управленческие способности (способность к разрешению проблем);
- информационные (способность к самостоятельной познавательной деятельности или умение учиться на протяжении всей жизни);
- коммуникативные (способность к устной, письменной, продуктивной коммуникации на казахском, русском и английском языках);
- социальные (способность к социальному взаимодействию)
- личностные (способность нести ответ за свою родину на основе казахстанского самопознания и культурной идентичности);
- технологические (способность к использованию технологий, в том числе научных, цифровых на уровне эффективного пользователя).

Кроме ключевых компетенций в рамках отдельных областей выделяются предметные компетенции: освоенные специфические знания, умения, навыки в рамках учебного предмета. Функциональная грамотность как результат обучения формируется посредством каждого школьного предмета.

Согласно исследованиям ООН в рамках программы «Образование для всех» грамотность рассматривается как «интегральная характеристика человека, сочетающая в себе функциональную грамотность, профессиональную компетентность, практические и общекультурные «знания и умения».

Основные элементы всех этих компонентов, за исключением профессиональной компетентности, первоначально формируются и развиваются в школе. Процесс развития функциональной грамотности многочислен.

Процесс развития функциональной грамотности органически связан с формированием компетентностной личности ученика, с накоплением по предмету банка контрольно-измерительных материалов, выполняющих в образовании двойственную функцию:

- являются новыми измерителями, определяющими уровень не просто знаний, а интеллектуального развития и творческого мышления личности обучаемого;
- иллюстрируют готовность ученика идти по жизни со знанием предмета и таким образом демонстрируют сформированность- иллюстрируют готовность ученика идти по жизни со знанием предмета и таким образом демонстрируют сформированность функциональной грамотности.

Если же учесть еще 7 факторов, которые влияют на результат в виде функциональной грамотности, то процесс ее формирования является системным, многоаспектным и обеспечивается внедрением в учебные занятия всех новшеств. Её можно свести к требованиям следующего порядка:

-разрабатывать компетентностно-ориентированные задания и цифровые образовательные ресурсы;

- моделировать информацию, прибегая к технологии УДЕ (укрупненных дидактических единиц)
- использовать в учебном процессе диалоговые, дискуссионные формы и методы (учить искать истину в спорах)
- применять современные подходы к оцениванию учебных достижений учащихся с представлением дескрипторов для каждого критерия;
- интегрировать учебный и исследовательский труд, обеспечивая выходы на ШНП

(школьные научные проекты)

- формировать функциональную грамотность, готовя обучающихся к жизненному пути со знанием школьных предметов
- растить самодостаточных, самостоятельных людей, лишенных инфантилизма и иждивенчества, используя в этих целях самостоятельную работу обучаемых и портфолио.

Гуманитарные дисциплины предоставляют для формирования функциональной грамотности обучающихся следующие возможности: обеспечение взаимосвязи образовательной подготовки и культурного развития личности;

1.Обеспечение достижения целей и понимания прикладного значения гуманитарных дисциплин для своей будущей профессии;

2.Обеспечение выработки умений наибольшей степени обобщенности (познавательные, обобщенные, организационные умения), на основе которых формируются профессиональные умения учащихся; обеспечение ориентации на развитие компетентностей, способствующих реализации концепции «образование через всю жизнь».

Анализ возможностей предметов общественно-гуманитарного цикла в формировании социально-личностных компетенций учащихся можно свести к следующим позициям:

обладание важнейшими индивидуальными процессуальными характеристиками (разносторонность знаний и умений, самостоятельность, творческий потенциал, уникальность), которое стимулирует стремление к взаимодействию, сотрудничеству, общению изучение гуманитарных дисциплин в рамках образовательного процесса школы может быть представлено как некая стратегия, которая реализуется на основе специфических для этого процесса принципов.

Наряду с такими общепринятыми принципами, как научность, связь образования с жизнью, воспитания и развития, доступность в их число вошли:

- непрерывность образования, предполагающая единство всех этапов формирования мобильности будущих специалистов при изучении гуманитарных дисциплин;
- системность в формировании мировоззренческих взглядов обучающихся;
- гуманизация, проявляющаяся в гуманистической направленности подготовки будущих специалистов, раскрытии личностного потенциала учащихся;
- динамичность, выражающаяся в постоянном предвидении новых тенденций и изменений в будущей профессиональной деятельности, а также потребностей рынка труда;
- индивидуализация, т.е. учёт интересов, склонностей и способностей учащихся;
- межпредметные связи, предполагающие взаимосвязь предметов гуманитарной подготовки.

Педагогическими условиями формирования функциональной грамотности как платформы развития учебно-познавательной компетентности обучающихся по предметам гуманитарного профиля являются:

